екенін білдіреді. Сонымен қатар, «Геометриялық фигуралар мен өлшемдер» мазмұндық саласының тапсырмалары бойынша дәл осы елдер көш бастады, елдегі орташа балмен салыстырғандағы айырмашылық -5 балдан (Сингапур) 8 балға дейін (Қытайлық Тайпэй, Корея Республикасы және Жапония) жетеді. «Деректер» мазмұндық саласы бойынша ең жоғары нәтижелерді Сингапур оқушылары көрсетті, бірақ елдің орташа балымен салыстырғандағы айырмашылық (-12) балл, ал Қытайлық Тайпэйді (-9) балл болды. Өз кезегінде Жапонияның төртінші сынып оқушылары елдегі орташа көрсеткіштен 13 балл жоғары нәтиже көрсетті.

Зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстанның төртінші сынып оқушыларының математика бойынша орташа нәтижесі 512 балды құрады. Бұл нәтиже TIMSS-2019 қатысушы елдер тізіміндегі 31-ші орынға сәйкес келеді (бұл орын шартты болып табылады, өйткені IEA елдерді ресми түрде орын-орынға жіктемейді, елдердің жетістіктері 500 балға тең шкаланың орташа мәніне қатысты есептеледі). Жалпы, төртінші сынып деңгейінде зерттеуге 58 ел қатысты, оның ішінде 5 ел – ТМД елдерінен (Әзірбайжан, Армения, Грузия, Қазақстан және Ресей). TIMSS зерттеуінің алдыңғы циклдеріндегідей, 2019 жылы үздік 5 ел қатарына Азия елдері кірді. Математикалық сауаттылық бойынша ең жоғары нәтижелерді Сингапур (625 балл), Гонконг (602 балл) және Корея Республикасының (600 балл) оқушылары көрсетті. Олардан кейін Қытайлық Тайпэй (599) және Жапония (593) орналасты. ТМД елдері арасында Ресей Федерациясының 4-сынып оқушылары қорытынды рейтингте алтыншы орынға (567 балл) ие болып, ең жоғары нәтижелер көрсетті. Әзірбайжан оқушылары қазақстандық құрдастары сияқты шкаланың орташа мәнінен жоғары нәтиже көрсетті – 515 балл, бұл рейтингтегі шартты 28-орынға сәйкес келеді. Армениялық оқушылар 498 балл (38-орын), Грузиялық оқушылар 482 балл (42-орын) жинады.

Филиппин оқушылары көрсетті. Бұл ретте, ең жоғары және ең төмен нәтиже көрсеткен елдер арасында елеулі алшақтық бар – 328 балл.

Осылайша Қазақстанның нәтижелері 26 елдің және бенчмаркинг шеңберіндегі 3 қатысушы аймақтың нәтижелерінен статистикалық төмен, 22 ел мен бір аймақтың нәтижелерінен статистикалық тұрғыдан жоғары және 9 ел мен екі аймақтың нәтижелерімен салыстырмалы болып шықты.

Жалпы бастауыш бөлім мониторинг бойынша Қазақстанда білім алушы оқушылардың білім деңгейлері басқа шет мемлекеттерінің оқушыларымен салыстырсақ, білім деңгейлері айтарлықтай жақсы екенін байқауға болады.

Қорыта келгенде, соңғы 2015-2019 жылдар аралығында болған TIMSS және PISA-мен нәтижелерінің салыстырмаларынан байқағанымыз Қазақстан елінің оқушылары жалпы бастауыш сынып бойынша, көрсеткен көрсеткіш деңгейлері айтарлықтай қанағаттарлық.

Соңғы жылдары бастауыш сынып оқушылары калькулятордың көмегінен есеп шығаратын дәрежеге жеткен.

Қазақстанда оқушылардың 62%-ы калькулятордың көмегінен натурал сандармен жұмыс істейтіндерін, 47%-ы жай және ондық бөлшектермен жұмыс істейтіндерін айтқан. Бір қызығы, бізде оқушылар мен мұғалімдердің

жауаптарында өте үлкен айырмашылық байқалады. Мұғалімдердің жауаптары бойынша оқушылардың 97%-ы сабақта натурал сандармен жұмыс істесе, 29%-ы бөлшектермен жұмыс істейді. Орташа есеппен басқа елдерге қарағанда, Қазақстанда ең көп уақыт геометриялық пішіндерді оқытуға, өте аз уақыт сыныппен мектеп маңындағы заттарды өлшеуге бөлінеді екен. Оқушылардың математика есептерін шешу қабілеттерін дамытуға арналған сұрақтардан алынған мәліметтер үлкен қызығушылық тудыруда. Орта есеппен барлық ел бойынша мұғалімдер оқушыларының тек 38%-ы ғана формулалар мен есептеу әдістерін есте сақтау жұмыстарымен айналысады деп жауап берсе, оқушылардың 72%-ы бұл түріне көп уақыт бөлетіндіктерін айтқан. Алайда сабақта өздігімен есеп шығару (76% және 74%) және сабақта өз жауаптарын түсіндіру (61% және 66%) бойынша оқушылар мен мұғалімдердің жауаптары сәйкес келеді.

Жалпы қорыта айтқанда, қазіргі заманың талабына сай бастауыш сынып оқушыларының білім деңгейлерінің сапасы TIMSS нәтижелері бойынша көш алдында деуге болады.

Қорытынды

2019- 2020, 2020 - 2021, 2021- 2022 оқу жылдарында 4-сынып оқушылары арасында білім алушыларының білім жетістіктерін мониторингілеу барысында білім сапасы қанағаттанарлық деңгейді көрсетті. Жалпы білім сапасын салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, білім алушылар ең жоғары нәтижені оқу сауаттылығынан (69 пайыз) алса, математикалық сауаттылық 75 пайыз, ең төменгі көрсеткішті жаратылыстану сауаттылығынан (60,5 пайыз) көрсетіп отыр.

Осы білім алушылардың білім жетістіктерін мониторингілеу жұмысында оқу сауаттылығы бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен (Қостанай, Павлодар және Түркістан облыстарында), математикалық сауаттылық бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен (облысында Шымкент(68,7%), Шығыс Қазақстан облысында (62,0%), Ақтөбе қаласында (65,7%)), жаратылыстану сауаттылығы бойынша төмен көрсеткіш аймақтарға (Шығыс Қазақстан, Қостанай қалаларында) жоспарлы түрде пәндер бойынша олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстарын үздіксіз жүргізіп отыру, тақырыптар бойынша оқу мақсаттарын айқындап, қиындық тудырған тақырыптармен жұмыс жасау ұсынылады.

«Оқу сауаттылығы», 9-сынып

Оқу сауаттылығынан тест білім алушылардың оқу сауаттылығының қалыптасу деңгейін бағалауға бағытталған: ақпаратты түсіну, мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтау және негізгі ойды анықтау, мәтіндердің типтері мен стильдерін анықтау, әртүрлі дереккөздерден ақпарат алу, мәтін мазмұнын салыстырмалы талдау; мәтінді талдау және түсіндіру.

Қазақ тілі бойынша 9-сыныпқа арналған білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (ББЖМ) бірдей үлесі бар екі бөлімнен тұрады.

А бөлімі орфографияны, пунктуацияны, грамматиканы және лексиканы бағалайды. В бөлімі оқу сауаттылығын бағалайды.

Тест компьютерлік форматта өткізіледі. Тестілеудің жалпы уақыты 75 минутты құрайды (1-кесте).

1-кесте – Тест форматы

Бөлімдер	Сипаттама / бағаланатын құзырлықтар	Балл саны	Орындау уақыты
Орфография, пунктуация, грамматика және лексиканы әртүрлі мақсаттарда қолдану	Оқушылардың мәтіндердегі қателерді анықтау және тиісті түзетулер енгізу қабілетін бағалайды	20	75 минут
Оқу сауаттылығы	Оқушылардың <ul style="list-style-type: none"> • мәтіндер құрылымын және мақсатына, стиліне және жанрына байланысты қандай тіл қолданылатынын түсіну • ақпаратты таңдау, түсіну, салыстыру және түсіндіру қабілеттерін бағалайды. 	30	
Жалпы балл саны		50	

Білім алушылардың білім жетістіктері мониторингісінің мазмұны

Тест орфографиялық, лексикалық, грамматикалық және пунктуациялық нормалар мен оқу сауаттылығының сақталуын тексеруге (оқылған ақпаратты түсіну; мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтау және негізгі идеяны айқындау; оқылған мәтінде лексикалық және синтаксистік бірліктерді пайдалануды түсіну; мәтіндердің түрлері мен стильдерін анықтау; әртүрлі дереккөздерден ақпарат алу және мәтіндерді салыстырмалы талдау) бағытталады.

Мазмұны 5-9-сыныптардың оқу мақсаттарына негізделген құзыреттіліктер тұрғысынан құрылымдалған. Әрбір құзыреттілік оқушылардың тиісті оқу мақсаттары шеңберінде өз білімдері мен түсініктерін қолдану қабілетіне бағытталған. 9-сыныпқа арналған қазақ тілі бойынша оқу бағдарламасының бөлімдері мен оқу мақсаттары және құзыреттіліктер арасындағы өзара байланыс келесі кестеде берілген (2-кесте).

2-кесте – Тест мазмұны

			Оқу мақсаттары
--	--	--	----------------

Тест бөлімдері	Бағаланып тұрған құзыреттілік	Оқу бағдарламасының бөлімшелері	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
А бөлімі: Орфография, пунктуация, грамматика және лексиканы әртүрлі мақсаттарда қолдану	A1: Орфографиялық қателерді түзету үшін мәтіндерді өңдеу (редакциялау)	1. Орфографиялық норма	5.4.1.1 қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу	6.4.1.1 тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу	7.4.1.1 жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу	8.4.1.1 тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу	9.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу
	A2: Грамматикалық қателерді түзету үшін мәтіндерді өңдеу (редакциялау)	4. Грамматикалық норма	5.4.4.1 жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану	6.4.4.1 сөйлемдегі есімдіктің қызметін түсіну, есімдікті зат есім, сын есімнің орнына қолдану;	7.4.4.1 етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану;	8.4.4.1 сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді, етістікті сөз тіркестерін ажырату, қолдану;	9.4.4.1 құрмалас сөйлем жасалу жолдарын, түрлерін білу;
			5.4.4.2 зат есімдердің мағыналық түрлерін	6.4.4.2 етістіктің етіс түрлері мен салт-сабақты	7.4.4.2 еліктеуіш сөздердің мәнмәтіндегі	8.4.4.2 тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем	9.4.4.2 салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналы

			мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану;	етістіктердің тіркесімдік мүмкіндігін ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану;	қолданысын түсіну.	мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын, қызметін түсініп қолдану;	қ түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану;
		5.4.4.3	сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есім орнына қолдана білу	6.4.4.3 үстеудің мағыналық түрлерін ажырату, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану	7.4.4.3 шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану;	8.4.4.3 сөйлем ішінде бірыңғай мүшелер мен айқындауыш мүшелерді қолдана білу;	9.4.4.3 сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану;
		5.4.4.4	сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу, сан есімді зат есім орнына қолдана білу		7.4.4.4 одағай түрлерін ажырата білу, қолдану;	8.4.4.4 жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану	9.4.4.4 аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, қолдану
		5.4.4.5	төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу		7.4.4.5 оқшау сөздердің қызметін түсіну,		

			жолдарын, қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдыр у		ажырата білу		
	А3: Пунктуа циялық қателерді түзету үшін мәтіндер ді өңдеу (редакци ялау)	5. Пункту ациялы қ норма	5.4.5.1 төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдану	6.4.5.1 қазақ тіліндегі тыныс белгілерін ің түрлері мен қызметін (даралауш ы) түсіну, дұрыс қолдану	7.4.5.1 сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылаты н тыныс белгілері н (даралау шы және ерекшеле уші) дұрыс қолдану	8.4.5.1 сөйлем соңында қабаттасы п қойылаты н тыныс белгілерін дұрыс қолдану	9.4.5.1 құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралау шы, ерекшелеу ші, ойдың аражігін ажырата тын) ережеге сай қолдану
В бөлімі: Оқу сауатт ылығы	В1: Ақпарат ты түсіну, қорытын ды жасау және негіздеу	1. Ақпара тты түсіну	5.2.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау	6.2.1.1 мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру	7.2.1.1 мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмм а, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпрет ациялау	8.2.1.1 тұтас және аралас мәтіндерде гі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттар ды салыстыру	9.2.1.1 тұтас емес (кесте, диаграмма , сызба, сурет) мәтіндерд егі мәліметте рді салыстыр у, өңдеу
	В2: Мақсат ты, стильді анықтау және тіл мен синтакси	2. Мәтінні ң стильді к	5.2.2.1 лексиканы ң ауызекі сөйлеу және жазба стильдік	6.2.2.1 ауызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің стильдік	7.2.2.1 публицис тика лық және ресми стиль ерекшелік	8.2.2.1 публицист икалық және ғылыми стиль ерекшелікт	9.2.2.1 қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін

	стің мағына әсерін түсіну, түсіндіру	ерекшелігін тану	айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тану	ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану	терін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану	ерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану	қолданылған тілдік құралдар арқылы тану
	В3: Мәтін құрылымы мен жанрын анықтау және түсіндіру	3. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату	5.2.3.1 хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландырудың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату	6. 2.3.1 ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату	7.2.3.1 хроника, хабар, очерктердің және кеңсе құжаттарының, қызметтік жазбалардың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату	8.2.3.1 мақала, аннотация, презентация, құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату	9.2.3.1 мақала, аннотация, презентация, тұжырымдамалар, тезистердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату
	В4: Әртүрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты таңдау, интерпретациялау және релеванттық ақпаратты жинақтау	7. Әртүрлі ресурстардан қажетті ақпарат алу	5.2.7.1 энциклопедиялар, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпаратты ала білу	6.2.7.1 энциклопедия, сөздік, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпараттарды алу, авторына сілтеме жасау	7.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану, авторына сілтеме жасау	8.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау	9.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына

							сілтеме жасау
	В5: Мәтіндерді салыстыру	4. Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау	5.2.4.1 ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру	6.2.4.1 ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыру	7.2.4.1 идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбын, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау	8.2.4.1 тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау	9.2.4.1 әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау

Тыңдалым және айтылым

Тыңдалым және айтылым дағдыларын бағалау дыбыстық және / немесе ауызша өзара әрекеттесуді қажет ететіндіктен, оқу бағдарламасындағы осы бөлімнің оқу мақсаттарының ешқайсысы қолданыстағы тест моделінің бөлігі ретінде бағаланбайды.

Жазылым

«Жазылым» бөлімінің 1-6-бөлімшелері: оқушыдан мәтін жасауды, құрастыруды немесе ұсынуды талап ететін барлық бөлімшелер (1. Жоспар құру; 2. Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру; 3. Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну; 4. Эссе жазу; 5. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін (компрессия) жазу;) ББЖМ мазмұнына енгізілмеген, өйткені қолданылған тест моделі оқушылардың кеңейтілген жазбаша жауаптарын бағалауға арналмаған.

Оқылым

2.5 «Мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу» бөлімшесі ББЖМ мазмұнына енгізілмеген, өйткені ол негізінен сабақ процесінде жүзеге асырылады.

2.6 «Оқылым стратегияларын қолдану» бөлімшесі ББЖМ мазмұнына енгізілген жоқ, өйткені қолданылған тест моделінің бөлігі ретінде оқушы сұраққа жауап беру үшін мәтінмен жұмыс жасауда қандай стратегияны қолданғанын бағалау мүмкін емес.

«Әдеби тіл нормаларын сақтау» бөлімінен 4.4 «Лексикалық нормаларды сақтау» бөлімшесі мазмұнға енгізілмеген, өйткені ол эвфемизмдерді қолдана білу сияқты жазбаша дағдыларды бағалайды, сондықтан тест моделінің бөлігі ретінде жеткілікті сенімділікпен бағаланбайды.

Функционалдық сауаттылықтың қамтылуы

Әрбір сұрақ мүмкіндігінше қазақ тілі бойынша оқушының функционалдық сауаттылығын бағалауы керек, яғни олардың тапсырмаларды орындау арқылы білімі мен түсінігін қолдана білуі, сонымен қатар нақты өмірлік жағдайларға байланысты жоғары деңгейдегі дағдыларды көрсетуі бағаланады. А бөлімі негізінен орфографиялық, пунктуациялық, грамматикалық және лексикалық қателерді түзетуге бағытталуы керек. В бөлімі оқушылардан материалдарды оқып, мәтіннің мақсатын түсіну, қорытынды жасау, мәтіндерді интерпретациялау және салыстыру сияқты құзыреттіліктермен байланысты сұрақтарға жауап беруді талап етеді.

Тапсырмалардың қиындық деңгейі

Барлық тапсырмалар оқушылардың мақсатты тобына (когорта) қолжетімді болуы керектігіне қарамастан, әр тест әртүрлі қиындық деңгейіндегі тапсырмаларды қамтиды. В бөліміндегі мәтіндегі қажетті ақпараттың қолжетімділігі мен күрделілігі сияқты факторларға, сондай-ақ А бөліміндегі лексика немесе орфографиялық ерекшеліктерге байланысты сұрақтарды «базалық», «орта» немесе «жетік» деген санаттарға бөлінген. Сондай-ақ пайымдауда 5, 6, 7, 8 немесе 9-сыныптардың оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары қамтылған. Әр тестілеудегі сұрақтардың шамамен 40%-ы базалық, 40%-ы орта және 20%-ы жетік қиындық деңгейлеріне сәйкес келеді.

Сұрақ түрлері

Әр тест тапсырмалары таңдауды қажет ететін сұрақтар (жабық) мен құрылымдық сұрақтардан (ашық) тұрады.

Таңдауды қажет ететін сұрақтар төмендегілерді қамтуы мүмкін:

- *Көп таңдауды қажет ететін сұрақтар*: оқушылар берілген төрт (кем дегенде) нұсқадан жауап нұсқасын таңдайды. Сұрақта олардан бір немесе бірнеше жауапты таңдау ұсынылуы мүмкін. Мысалы, жанрды таңдау, мәтіннің негізгі мақсаты немесе тыныс белгілері дұрыс қойылған сөйлемді таңдау.

- *Сәйкестікті табу*: екі түрлі элементтер жиынтығы сәйкес жолдар мен бағандар қиылысатын жерлерді белгілеу үшін түртіп алу арқылы салыстырылады немесе байланысады. Мысалы, оқылған мәтін негізінде шынайы немесе жалған тұжырымдарды таңдау.

• *Ашылмалы тізім:* мәтіндегі бос орындар бос орынды басу және жауаптардың қажетті тізімінен таңдау арқылы толтырылады. Сұрақ бір сөйлемдегі бір сөзден немесе абзацтағы бірнеше сөзден тұруы мүмкін. Мысалы, мәтіндегі сөздің дұрыс жазылуын таңдау.

Құрылымдық жауабы бар ашық сұрақтар тек қысқа жауаптарды қажет етеді. Мысалы, мәтіндегі бос орындарды толтыру, қателерді түзету арқылы сөйлемді қайта жазу немесе түсініктеме бере отырып, қысқа сөйлем жазу.

«Оқу сауаттылығына» қатысты В бөліміндегі сұрақтар стимулдық (ынталандыру) мәтінмен байланыстырылған. Әр мәтінде соған байланысты 5 сұрақтан құрастырылған. Сұрақтар бір мәтінге негізделгенімен, әр сұрақ бір-бірінен тәуелсіз және мәтіннің әртүрлі аспектілеріне әсер етеді.

Мәтін түрлері:

В бөліміндегі стимулдық мәтіндерге көркем және көркем емес мәтіндер алынады: журналистік мәтіндер кіруі мүмкін (мысалы, мақалалар, сұхбаттар, қысқа эсселер, шолулар); ресми мәтіндер (мысалы, іскери хаттар, жарнамалар, нұсқаулықтар, жарнамалар, резюмелер); ғылыми стильде жазылған мәтіндер (мысалы, есептер, презентациялар) және бейресми немесе жеке мәтіндер (мысалы, хаттар, күнделіктер). Көркем стильдегі мәтіндер (мысалы, әңгімелер, фольклор, өлеңдер) кездеседі. Мәтінде шамамен 200-400 сөз алынады.

9-сынып білім алушыларының білім жетістіктері мониторингісінің нәтижелері

Білім беру ұйымының түрі


2022 жылғы ББЖМ-ге жалпы білім беретін 1 182 мектептен 41 892 оқушы, 171 гимназия мен мектеп-гимназиялардан 7 042, 83 лицей мен мектеп – лицейлерден 3 319 оқушы қатысты.

ББЖМ нәтижелеріне сәйкес жалпы білім беретін орта мектептер пәндер бойынша тереңдетілген дайындықты қамтамасыз ететін мектептерге қарағанда (гимназиялар мен мектеп-гимназиялар – 2,36 балға, лицейлер мен мектеп-лицейлер – 3,57 балға) төменгі нәтижелер көрсетті.

Гимназияларда, мектеп-гимназияларда, лицейлерде және мектеп-лицейлерде қазақ және орыс тілдерінде оқитын оқушылар арасында оқыту тілі бөлінісінде алшақтық іс жүзінде жоқ (алшақтық 1,31 балдан аспайды). Ал жалпы білім беретін мектептерде алшақтық үш есе көп және қазақ тілінде оқытатын оқушылардың пайдасына 3,84 балды құрады.

«Оқу сауаттылығы» бағыты бойынша

Тестілеудің үш бағытының арасында оқушылар оқу сауаттылығы бойынша тапсырмаларды неғұрлым сәтті орындаған (30 ең жоғары балдан 20,87 балл), бұл тест тапсырмаларын орындаудың 69,6% -ына сәйкес келеді (3-сурет).




3-сурет – Оқу сауаттылығы бойынша 2022 жылғы ББЖМ нәтижесі, %

Оқыту тілдері бөлінісінде қазақ тілінде оқытатын әрбір төртінші оқушы жоғары балл (25-30) жинағаны анықталды, ал орыс тілінде білім алушылардың үлесі осындай нәтижелермен тек 15,4% - ды құрады (4-сурет).


Оқыту тілі факторының мәнмәтінінде қазақ тілінде оқитындардың «Оқу сауаттылығы» бағыты бойынша орташа балы орыс тілінде оқитындарға қарағанда 1,8 балға жоғары (тиісінше 21,45 және 19,61).

Өңірлер ішінде қазақ тілінде оқытатын 9-сынып оқушыларының пайдасына оқу сауаттылығы бойынша орташа баллдың ең көп алшақтығы Солтүстік Қазақстан (3,48 балға) және Қостанай (3,3 балға) облыстарында байқалды.



4-сурет – Оқыту тілі бойынша «Оқу сауаттылығы» бағыты бойынша жиналған баллдар бойынша 9-сыныптан ББЖМ-ге қатысушыларды бөлу, %

Үш тілдік блок бойынша тапсырмалардың орындалуын талдау қазақ және орыс тілдерінде оқитын білім алушылар ағылшын тілі бойынша ең аз нәтиже көрсеткен. Осы тілдік блок бойынша қазақ тілінде оқитын оқушылар арасында орташа балл 6,35 балл, орыс тілінде – 6,13 баллды құраған (5-сурет).



5-сурет – «Оқу сауаттылығы» бағыты бойынша тілдік блоктар бөлінісінде 9-сынып ББЖМ орташа балы, %

«Оқу сауаттылығы» бағыты бойынша қалалық және ауылдық білім беру ұйымдары іс жүзінде бірдей нәтиже көрсетті (ауылдық - 20,95 балл, қалалық – 20,81).

Өңірлер ішінде қала мен ауыл арасындағы ең үлкен айырмашылық Қарағанды облысында (қала пайдасына 1,28 балл алшақтық) және Қостанай облысында (ауыл пайдасына 1,25 балл алшақтық) байқалды.

Тапсырмалардың қиындық деңгейлері бойынша жетістіктер

Негізгі нәтижелер

➤ Оқу сауаттылығы бойынша салыстырмалы түрде орындалу пайызы жоғары болғаны байқалды -69,6%;

➤ Қазақ тілінде оқытатын тоғыз сынып оқушыларының орташа балының орыс тілінде оқитындардың көрсеткішінен сәл басымдылығы байқалады (ең жоғары 75 балл кезінде 3 балл алшақтығы);

➤ Атырау, Түркістан және Қарағанды облыстарының қалалық оқушылары Қызылорда, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан облыстарындағы ауылда оқитын құрдастарына қарағанда тестілеудің барлық бағыттары бойынша анағұрлым табысты нәтиже көрсетті;

Өңірлер бөлінісінде мониторингтің әрбір бағыты бойынша орташа баллдың айтарлықтай алшақтығы байқалды. Оқу сауаттылығы бойынша қазақ тілінде оқитындар арасындағы ең жоғары (Алматы қаласы) және төмен (Атырау облысы) көрсеткіштердің арасындағы алшақтық 3,47 баллды, орыс тілінде – 3,79 баллды құрады.

Оқу сауаттылығы бойынша тесттердің құрылымына сәйкес әрбір тест қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі үш мәтіннен тұрады. Тест тапсырмаларының жалпы саны – 30: оның ішінде қазақ тілінде – 10, орыс тілінде – 10, ағылшын тілінде – 10.

Оқу сауаттылығы тестінде ақпаратты түсінуге, мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтауға және негізгі ойды анықтауға, мәтіндердің түрлері мен стильдерін анықтауға, әртүрлі көздерден ақпарат алуға, мәтін мазмұнын салыстырмалы талдауға, мәтінді талдауға және түсіндіруге бағытталған тапсырмалар бар.

«Қазақ тілі» пәнінен оқу сауаттылығы бойынша тест тақырыптары:

«Мәдениет: тіл және қарым-қатынас».

«Тарихи тұлғалар».

«Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері».

«Музыка өнері және қазақтың киелі домбырасы».

«Биоалуантүрлілік. Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер».

«Мәңгілік Ел - мұратым».

«Жаһандану мәселелері».

«Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан».

«Адам құқығы мен бостандығы».

«Отбасы және демографиялық өзгеріс».

«Биотехнология және гендік инженерия келешегі».

«Бұқаралық ақпарат құралдары».

Оқыту мақсаттары:

• мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау;

• мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру;

• мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау;

• мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау;

• публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану;

• мақала, аннотация, презентация, құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату;

• мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру;

• фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану;

• әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау;

• әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау;

• тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау;

• мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастыру;

• перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыру;

• шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау;

• көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау

- автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау;

- әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдау.

Тапсырмалар қиындық деңгейінің артуына қарай: салыстырмалы қарапайымнан күрделіге және неғұрлым күрделі тапсырмаларға дейін орналасқан. Қиындық деңгейіне байланысты тапсырмалар төмендегілерге бағытталған:

Негізгі деңгей – оқушылар мәтіндегі жалпы ақпаратты анықтай білуі керек; анықтама берілген қарапайым мәтінмен жұмыс істеу (ақпаратты қайталау); қарама-қайшы ақпараты жоқ мәтінді түсіндіру; мәтіннің негізгі тақырыбын/ автордың мақсаты мен мақсатты аудиториясын анықтау; мәтіндегі негізгі идеяны тану, мәтін құрылымының өзара байланысын немесе құрылымын түсіну; мәтін құрылымын салыстыру немесе мәтіннің бір ерекшелігіне негізделген контрасттарды анықтаңыз.

Орта деңгей – студенттер мәтіннің кейбір бөліктері арасындағы қатынасты анықтай және талдай білуі керек; мәтіннің бірнеше бөлігін қосу арқылы негізгі идеяны анықтай білу; Мәтінді қарама-қайшылықты ақпаратпен түсіну; белгілі, күнделікті білім негізінде мәтінді түсінуді көрсету; мәтіннің тұтас мазмұнына сәйкес тілдік нюанстарды түсіну.

Жоғары деңгей – оқушылар таныс емес мәтінді түсінуі, түсіндіруі және түсінуі; мәтіннен жауап беру үшін қажетті ақпаратты алуы, оқылған ақпаратқа сүйене отырып қорытынды жасауы; ұсынылған мәтінді басқа мәтінмен немесе мәтіннен үзіндімен салыстыруы тиіс.

Тестке қатысушылардың жауаптарын оқу сауаттылығы бойынша тапсырмалардың қиындық деңгейлері бойынша талдау сәтті орындалған тесттердің ең жоғары үлесі базалық деңгейдегі тапсырмаларда – 79,1% байқалғанын көрсетті. Қиындықтың орташа және жоғары деңгейіне келетін болсақ, мұнда сәтті орындалған тапсырмалардың пайызы 10% - дан төмен (сәйкесінше 68,7% және 57,7%).

Бұл нәтижелер қазақстандық оқушылардың мәтіндегі жалпы ақпаратты анықтай білу, мәтіндегі негізгі идеяны түсіну, өзара байланысты немесе мәтін құрылысының құрылымын түсінуге қатысты тапсырмаларды орындай алатындығын көрсетеді. Сонымен қатар, олар жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындауда қиындықтарға тап болған. Бұл мәтін мен оның элементтерін тереңірек түсінуді, бағалауды, талдауды және түсіндіруді, қорытынды жасау және сұраққа дұрыс жауап беру үшін мәтіннен қажетті ақпарат алуды талап етеді.

Тест тапсырмаларын орындауда білім алушыларда кездескен қиындықтар:

Тапсырманы орындау үшін мәтінді мұқият түсініп оқып, жалпы мәнмәтіннен қажетті ақпаратты тауып, анықтап алу керек, оны ұсынылған бірнеше дистракторлардан дұрысын таңдау үшін пайдалану керек. Оқушылардың көпшілігі мәтінді оқу және талдау, оқығанын түсіндіру және түсіну, әдеби кейіпкердің іс-әрекетінің себебін анықтау қабілеттерін көрсете

отырып, тапсырманы орындаған. Қатысушылардың 22%-ында оқырмандық құзыреттің қалыптаспауынан, оқылған мәтінді талдау негізінде қорытынды жасай алмауынан сұраққа дұрыс жауап бере алмағаны байқалды.

Жаратылыстану сауаттылығы

«Физика» пәнінен жаратылыстану сауаттылығы мониторингісінің нәтижелері

Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім алушылардың білім сапасын жүйелі бақылау болып табылады.

Бастауыш, негізгі орта білім беру ұйымдарында ББЖМ МЖБС талаптарына сәйкес білім алушылардың білім сапасын бағалау мақсатында жүргізіледі.

2021-2022 оқу жылында орта білім беру ұйымдарында 9-сынып білім алушыларының арасында өткізілген білім алушылардың білім жетістіктерінің орташа балына талдау жасалынады.

«Жаратылыстану сауаттылығы» тестілеу бағыты бойынша 9-сыныптың білім алушыларының оқу жетістіктерінің мониторингі орташа балы 3 кестеде берілген.

3 - кесте – 9-сынып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің орташа балы / тестілеу бағыты: «жаратылыстану сауаттылығы».

№ р/с	Аймақ	Жалпы орташа балл	оның ішінде оқыту тілдері бойынша	
			қазақ тілінде	орыс тілінде
1	Ақмола	18,98	18,3	19,79
2	Алматы	18,69	18,89	17,98
3	Ақтөбе	20,76	21,31	18,75
4	Атырау	16,88	17,11	15,79
5	Батыс Қазақстан	18,34	20,33	16,77
6	Маңғыстау	21,88	22,06	20,67
7	Шығыс Қазақстан	20,83	22,58	20,74
8	Жамбыл	20,32	20,55	19,48
9	Қарағанды	16,37	16,62	16,17
10	Қызылорда	21,75	21,76	21,63
11	Түркістан	19,35	19,57	17,11
12	Қостанай	19,67	20,95	19,21
13	Павлодар	18,59	18,26	18,89
14	Солтүстік Қазақстан	21,07	21,49	20,91
15	Астана қ.	16,44	16,49	16,37
16	Алматы қ.	21,43	22,49	20,51
17	Шымкент қ.	18,84	19,35	17,03
100	Барлығы	19,45	19,85	18,56

«Жаратылыстану сауаттылығы» тестілеу бағыты бойынша 9-сыныптың білім алушыларының оқу жетістіктерінің мониторингі орташа балы- 19,45.

Қазақ тіліндегі топтың- 19,85; орыс тіліндегі топтың -18,56 орташа балы.

Ең жоғары нәтижені Маңғыстау және Қызылорда облысы көрсетеді.

Маңғыстау облысы білім алушыларының оқу жетістіктерінің мониторингі орташа балы -21,88. Қазақ тіліндегі топтың- 22; орыс тіліндегі топтың -20,67 орташа балы.

Қызылорда облысы білім алушыларының оқу жетістіктерінің мониторингі орташа балы -21,75. Қазақ тіліндегі топтың- 21,75; орыс тіліндегі топтың -21,63 орташа балы.

Ең төменгі нәтижені Қарағанды облысы көрсетеді, білім алушыларының оқу жетістіктерінің мониторингі орташа балы -16,37. Қазақ тіліндегі топ- 16,62; орыс тіліндегі топ -16,17.

Қазақ сыныптары бойынша 9-сыныптың білім алушыларының «Жаратылыстану сауаттылығы» тестілеу бағыты бойынша оқу жетістіктерінің мониторингі орташа балы 19,85 болса, ең жоғары нәтижеге Шығыс Қазақстан облысының білім алушылары жеткен 22,58, төменгі нәтижені Астана қаласының білім алушыларының орташа балы көрсетеді -16,49.

«Физика» пәнінен жаратылыстану сауаттылығы тестілеу бағыты бойынша 9-сыныптың білім алушыларының оқу жетістіктерінің мониторингі орташа балы 4 кестеде көрсетілген.

4-кесте – 9-сынып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің мониторингі орташа балы / тестілеу бағыты: «жаратылыстану сауаттылығы»– «Физика» (1-8 сұрағы)


№ р/с	Аймақ	Жалпы орташа балл	оның ішінде оқыту тілдері бойынша	
			қазақ тілінде	орыс тілінде
1	Ақмола	4,08	4,42	3,68
2	Алматы	4,07	4,22	3,54
3	Ақтөбе	4,77	4,96	4,09
4	Атырау	3,85	3,9	3,63
5	Батыс Қазақстан	4,26	4,66	3,58
6	Маңғыстау	5,09	5,16	4,63
7	Шығыс Қазақстан	4,88	5,21	4,36
8	Жамбыл	4,74	4,89	4,21
9	Қарағанды	3,58	3,88	3,34
10	Қызылорда	5,08	5,07	5,24
11	Түркістан	4,55	4,65	3,55
12	Қостанай	4,26	4,34	4,24
13	Павлодар	4,31	4,39	4,25
14	Солтүстік Қазақстан	5,04	4,79	5,14
15	Астана қ.	3,05	3,12	2,97
16	Алматы қ.	4,12	4,6	3,7
17	Шымкент қ.	4,21	4,52	3,14
100	Барлығы	4,33	4,56	3,82

«Физика» пәнінен жаратылыстану сауаттылығы тестілеу бағыты бойынша 9-сыныптың білім алушыларының оқу жетістіктерінің мониторингі орташа балы -4,33. Оның ішінде оқыту тілдері бойынша қазақ тілінде-4,56; орыс тілінде-3,82 балл.

Ең жоғары нәтижені Маңғыстау -5,09 және Қызылорда облысы -5,08 балды көрсетеді. Оның ішінде оқыту тілдері бойынша қазақ тілінде Маңғыстау облысы -5,16; орыс тілінде Қызылорда облысы -5,24 балл.

Ең төменгі нәтижені Астана қаласы -3,05 және Қарағанды облысы -3,58 балды көрсетеді. Оның ішінде оқыту тілдері бойынша қазақ тілінде Астана қаласы -3,02; орыс тілінде Астана қаласы -2,97 балл.

«Физика» пәнінен 9-сынып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің мониторингі диаграммасы 6-суретте берілген.



6-сурет – 9-сынып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің мониторингі. «Физика»


«Физика» пәнінен 9-сынып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің мониторингі диаграмасынан оқыту тілдері бойынша қазақ тілінде оқытатын білім алушыларының орташа балының нәтижесі орыс тілінде оқытын сыныптарға қарағанда жоғары екенін көруімізге болады.

2021-2022 оқу жылында көрсетілген білім алушылардың білім жетістіктерін бақылау бойынша «Физика» пәнінің бойынша тапсырмаларын 9 сыныпта дұрыс орындаған нәтижелері базалық, орта және жоғары қиындық деңгейлерінің тақырыптары тұрғысынан 46-кестеде келтірілген.

5-кесте – Базалық, орта және жоғары қиындық деңгейлерінің тақырыптары бойынша «Физика» пәні бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі, %

Аймақ	Тақырыптардың атауы және қиындық деңгейлері (А-базалық, В-орташа, С-жоғары)											
	Физикалық шамалар мен өлшеулер. Физикалық шамалар			Физикалық шамалар мен өлшеулер. Физикалық өлшеулер.			Механика. Кинематика негіздері			Механика. Динамика негіздері		
	А	В	С	А	В	С	А	В	С	А	В	С
Солтүстік Қазақстан	78,7	65,7	62,5	75	74	75,4	64,2	65,6	56,8	69,8	63,7	62,7
Шығыс Қазақстан	77,6	74,2	75,4	64	63,7	64,7	61,1	61,7	49,5	70,6	63,8	51
Маңғыстау	78,1	73,9	79,7	71,9	73,4	72,7	62,4	63,8	47,4	70	66,1	52,6
Ақтөбе	73,2	69,9	70,5	69,1	73,8	70	60	62,8	43,9	68,2	59,7	47,7
Қызылорда	73,1	70,7	72,9	75,6	76,5	75,1	60,9	62,2	46,8	72,7	66,9	56,2
Жамбыл	72,3	67,3	73	59,4	67,1	66,3	56,6	59,7	46,8	67,9	62,3	53,3
Қостанай	73,1	52,8	64,2	64,1	61,5	65,3	52,8	50,2	43	60,8	55,8	49,1
Түркістан	68,8	63,1	67,7	68,9	71,9	67,6	55,9	58,5	45,3	62,7	57,6	45,5
Батыс Қазақстан	64,8	66	63,9	65	68	65	53,8	55,5	44,2	56,2	53,6	43,7
Павлодар	64,5	55,4	54,7	68,8	65,6	66,7	52,1	53	45	62	55,5	44,8
Алматы қ.	65,7	61	52,3	54,7	61,9	58,6	55,5	50,7	41,7	62,2	52,7	37
Шымкент қ.	57,8	55,7	53,8	65,4	63	66,9	52,9	52,3	44	59	55,6	43,4
Ақмола	65,1	61,7	52,3	63,9	63,4	68,3	49,3	50,9	37,7	57,9	54,7	43,9
Алматы	62,1	56,9	57,1	59,6	58,3	61,7	51	49,9	38,9	59,4	53	40,5
Атырау	56	53,5	53,4	58,1	56,4	54,3	49	49,4	37	53,6	49,2	41,5
Қарағанды	60	50,8	52	45,7	47	50,9	43,7	44,1	36,2	50,4	47,2	37,4
Нұр-Сұлтан қ.	45,5	40,7	38,9	46,6	41,8	43	40,7	40,5	28,2	44	36,4	28,9
ҚР	66,7	62,2	63,3	61,7	62,9	63,6	53,9	54,4	42,4	61,5	55,9	44,9

«Физикалық шамалар мен өлшеулер» бөлімі «Физикалық шамалар» бөлімшесі бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі 7-суретте берілген.



7-сурет – «Физикалық шамалар мен өлшеулер» бөлімі «Физикалық шамалар» бөлімшесі бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі, %

«Физикалық шамалар мен өлшеулер» (Физикалық шамалар Физикалық өлшеулер) 7 сыныптың басында оқытылады. Халықаралық бірліктер жүйесі (SI); скаляр және векторлық физикалық шамалар; өлшеулер мен есептеулердің дәлдігі; үлкен және кіші сандарды ықшамдап жазу, сонымен қатар білім алушыларды эксперимент жасап, құбылыстарды өз беттерімен зерттеуге дағдыландыру үшін кіші денелердің өлшемін анықтау, физикалық шамаларды өлшеу, аспап шкаласындағы бөліктің құнын анықтау дағдылары қалыптастырылады. Ол сынып өскен сайын күрделеніп отырады. Бұл тапсырмаларды Нұр-Сұлтан қ. білім алушылары жақсы игере алмаған.


Өлшем бірліктермен білім алушылар бастауыш сыныптан “математика” пәнінен таныс. Үлкен және кіші сандарды ықшамдап жазуда “математика” пәнінде оқытылады. 1-4-сыныптарда «Жаратылыстану» пәнінде білім алушылар эксперимент жасап, құбылыстарды өз беттерімен зерттеу, денелердің өлшемін анықтау, физикалық шамаларды өлшеу, аспап шкаласындағы бөліктің құнын анықтау қарастырылған.

«Физикалық шамалар мен өлшеулер» бөлімі «Физикалық шамалар» бөлімшесі бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі, орташа балы А – деңгейі бойынша 66, 7; В– деңгейі бойынша-62, 2; С – деңгейі бойынша - 63,6.

Ең жоғары нәтижені А – деңгейі бойынша Солтүстік Қазақстан 78,7; В–

деңгейі бойынша Шығыс Қазақстан -74,2; С – деңгейі бойынша Маңғыстау-79,7 баллт көрсетеді. Ең төменгі нәтижені Астана қаласы көрсетеді А – деңгейі бойынша 45,5; В– деңгейі бойынша-41,8; С – деңгейі бойынша- 43 балл.

«Физикалық шамалар мен өлшеулер» бөлімі «Физикалық өлшеулер» бөлімшесі бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі 8-суретте берілген.




8-сурет – «Физикалық шамалар мен өлшеулер» бөлімі «Физикалық өлшеулер» бөлімшесі бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі, %

«Физикалық шамалар мен өлшеулер» бөлімі «Физикалық өлшеулер» бөлімшесі бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі, орташа балы А – деңгейі бойынша -61,7; В– деңгейі бойынша-62, 9; С – деңгейі бойынша - 63,3.

Ең жоғары нәтижені Қызылорда облысы А – деңгейі бойынша 75,6; В– деңгейі бойынша -76,5; С – деңгейі бойынша Солтүстік Қазақстан-75,4 көрсетеді.

Ең төменгі нәтижені көрсетеді Қарағанды облысы А – деңгейі бойынша 45,7; Астана қаласы В– деңгейі бойынша-40,7; С – деңгейі бойынша- 38,9.

«Механика» бөлімі «Кинематика негіздері» бөлімшесі бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі 9-суретте берілген.




9-сурет – «Механика» бөлімі «Кинематика негіздері» бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі, %

«Механика» бөлімі «Кинематика негіздері» бөлімшесі бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі, орташа балы А – деңгейі бойынша -53,9; В– деңгейі бойынша-54, 4; С – деңгейі бойынша - 42,4.

Ең жоғары нәтижені Солтүстік Қазақстан облысы А – деңгейі бойынша 75,6; В– деңгейі бойынша -65,6; С – деңгейі бойынша -56,8 көрсетеді.

Ең төменгі нәтижені Астана қаласы көрсетеді А – деңгейі бойынша 40,7; В– деңгейі бойынша-40,5; С – деңгейі бойынша- 28,9.

«Механика» бөлімі «Динамика негіздері» бөлімшесі бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі 10-суретте берілген.



10-суретте – «Механика» бөлімі «Динамика негіздері» бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі, %

«Механика» бөлімі «Динамика негіздері» бөлімшесі бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі, орташа балы А – деңгейі бойынша -61,5; В– деңгейі бойынша-55, 9; С – деңгейі бойынша - 44,9.

Ең жоғары нәтижені Қызылорда облысы А – деңгейі бойынша 72,7; В– деңгейі бойынша -66,9; С – деңгейі бойынша Солтүстік Қазақстан-62,7 көрсетеді.

Ең төменгі нәтижені Астана қаласы көрсетеді А – деңгейі бойынша 44; В– деңгейі бойынша-36,4; С – деңгейі бойынша- 28,9.

Механика. (Кинематика негіздері Динамика негіздері) 7-9 сыныптарда оқытылады. Бұл бөлімшелердің А деңгейдегі тапсырмаларын Атырау облысы, Қарағанды облысы, Астана қ. білім алушылары жақсы меңгермеген.


Базалық, орта және жоғары қиындық деңгейлерінің тақырыптары бойынша «Физика» пәні бойынша Механика бөлімі Сақталу заңдары, Статика, Тербелістер мен толқындар бөлімшесі; Жылу физикасы бөлімі Молекулалы-кинетикалық теория негіздері бөлімшесіндегі тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі, % 6-кестеде берілген.

6-кесте – Базалық, орта және жоғары қиындық деңгейлерінің тақырыптары бойынша «Физика» пәні бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі, %

Аймақ	Тақырыптардың атауы және қиындық деңгейлері (А-базалық, В-орташа, С-жоғары)											
	Механика. Сақталу заңдары			Механика. Статика			Механика. Тербелістер мен толқындар			Жылу физикасы. Молекулалы-кинетикалық теория негіздері		
	А	В	С	А	В	С	А	В	С	А	В	С
Қызылорда	83,7	55,6	74,3	100	82,1	55,2	63,2	56,4	53,5	78,1	47,3	62,9
Солтүстік Қазақстан	68,3	61,7	56,6	88	60	60	52	56,4	40,8	63,8	58,8	67,3
Шығыс Қазақстан	79,4	57,5	66,9	87,5	43,8	37,1	64,1	53,6	53,1	78,6	44,8	60,9
Маңғыстау	75,7	55,4	48,6	85,5	54	55,1	59,6	58,5	50,5	67,8	49,3	57,8
Ақтөбе	76,7	57,5	60,6	78	54,9	45	56,5	47,8	48,6	69,3	47,1	54,3
Қызылорда	66,9	50	52	74,5	54,5	61,7	46,1	51,6	43,2	61,7	47,5	53,6
Жамбыл	70,2	56,1	57,9	76,5	54,4	52,6	55,4	51,6	50,5	70,3	47,6	58,7
Қостанай	62	57,2	47,6	83,9	50,6	52,8	56,2	48,4	47	62,2	49	58,5
Түркістан	75,6	54	62	66,7	35,7	40,8	55,5	49,9	49,5	67	38,8	55,1
Батыс Қазақстан	64,4	46,5	37,7	86,8	47,3	44,9	54,8	55,4	47,1	59,6	38,6	44
Павлодар	68,5	53,2	49,3	80	44,3	32,3	50,3	47,8	44,5	59,6	43,1	53,7
Алматы қ.	62,1	50,4	53,3	61,2	35,7	42,5	57	47,8	45,4	66,2	43,9	53,4
Шымкент қ.	64	43,5	43,3	82,4	51	48,2	44,7	44,9	41,6	60,4	40,2	52,4
Ақмола	65,6	46,5	50,5	76,1	49,6	41	51,4	45,8	37,4	63,7	40,6	50,2
Алматы	63,3	44,5	54,4	69,2	19,2	31,4	45,9	42,4	42,1	58,3	30	45,7
Атырау	61,3	42,1	43,2	70,7	33,4	40,2	43,5	42,2	40,5	52,4	45,1	49,3
Қарағанды	50,9	38,8	27,5	59,5	29,8	39,7	39,1	39,3	33,6	47,3	29,3	29,1
Астана қ.	68	50,5	49,9	77,8	46,5	45,3	53,4	49,2	45,2	64,3	43,1	52,6
ҚР	83,7	55,6	74,3	100	82,1	55,2	63,2	56,4	53,5	78,1	47,3	62,9

Механика бөлімі, Сақталу заңдары, Статика, Тербелістер мен толқындар бөлімдері 7-9 сыныптарда қарастырылады. Бұл бөлімшелердің А деңгейдегі тапсырмаларын Астана қ. білім алушылары жақсы меңгермеген. Солтүстік Қазақстан облысы жақсы үлгерімге жеткен.

«Механика» бөлімі «Сақталу заңдары» бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі, % 11- суретте көрсетілген.



1-суретте – «Механика» бөлімі «Сақталу заңдары» бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі, %


«Механика» бөлімі «Сақталу заңдары» бөлімшесі бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі, орташа балы А – деңгейі бойынша - 68; В– деңгейі бойынша-50, 5; С – деңгейі бойынша - 49,9.

Ең жоғары нәтижені Қызылорда облысы А – деңгейі бойынша 83,7; Солтүстік Қазақстан облысы В– деңгейі бойынша - 61,7; С – деңгейі бойынша Қызылорда облысы -74,3 көрсетеді.

Ең төменгі нәтижені Қарағанды облысы көрсетеді А – деңгейі бойынша 50,9; В– деңгейі бойынша-38,8; С – деңгейі бойынша- 27,5.

Механика. (Кинематика негіздері Динамика негіздері) 7-9 сыныптарда оқытылады. Бұл бөлімшелердің А деңгейдегі тапсырмаларын Атырау облысы, Қарағанды облысы, Нұр-Сұлтан қ. білім алушылары жақсы меңгермеген.

«Механика» бөлімі «Статика» бөлімшесі бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі, % 12-суретте көрсетілген.



12-сурет – «Механика» бөлімі «Статика» бөлімшесі бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі, %

«Механика» бөлімі «Статика» бөлімшесі бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі, орташа балы А – деңгейі бойынша – 77,8; В– деңгейі бойынша-46, 5; С – деңгейі бойынша - 43,3.

Ең жоғары нәтижені Солтүстік Қазақстан облысы А – деңгейі бойынша 100; В– деңгейі бойынша - 82,1; С – деңгейі бойынша Жамбыл облысы -55,2 көрсетеді.


Ең төменгі нәтижені Астана қаласы А – деңгейі бойынша 59,5; В– деңгейі бойынша-29,8; Атырау облысы С – деңгейі бойынша- 31,4 көрсетеді.

Механика. (Кинематика негіздері Динамика негіздері) 7-9 сыныптарда оқытылады. Бұл бөлімшелердің А деңгейдегі тапсырмаларын Атырау облысы, Қарағанды облысы, Нұр-Сұлтан қ. білім алушылары жақсы меңгермеген.

«Механика» бөлімі «Тербелістер мен толқындар» бөлімшесі бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі, % 13суретте көрсетілген.

«Механика» бөлімі «Тербелістер мен толқындар» бөлімшесі бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі, орташа балы А – деңгейі бойынша 53,4; В– деңгейі бойынша – 49,2, 4; С – деңгейі бойынша-45,2.

Ең жоғары нәтижені А – деңгейі бойынша Маңғыстау облысы – 64,1; В– деңгейі бойынша Солтүстік Қазақстан облысы -74,2; С – деңгейі бойынша Қызыл орда облысы -79,7 балл көрсетеді. Ең төменгі нәтижені Астана қаласы көрсетеді А – деңгейі бойынша 39,1; В– деңгейі бойынша - 39,3; С – деңгейі бойынша – 33,6 балл.




13-сурет – «Механика» бөлімі «Тербелістер мен толқындар» бөлімшесі бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі, %

«Механика» бөлімі «Молекулалы-кинетикалық теория негіздері» бөлімшесі бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі, % 14-суретте көрсетілген.

«Механика» бөлімі «Молекулалы-кинетикалық теория негіздері» бөлімшесі бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі, орташа балы А – деңгейі бойынша 64,3; В– деңгейі бойынша – 43,1; С – деңгейі бойынша - 52,6.

Ең жоғары нәтижені А – деңгейі бойынша Маңғыстау облысы – 64,1; В– деңгейі бойынша Солтүстік Қазақстан облысы -74,2; С – деңгейі бойынша Қызыл орда облысы -79,7 балл көрсетеді. Ең төменгі нәтижені Астана қаласы көрсетеді А – деңгейі бойынша 39,1; В– деңгейі бойынша - 39,3; С – деңгейі бойынша – 33,6 балл.



14-сурет –»Механика» бөлімі «Молекулалы-кинетикалық теория негіздері» бөлімшесі бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі, %

Жылу физикасы бөлімі, Молекулалы-кинетикалық теория негіздері бөлімшесі 8 сыныпта оқытылады. Нұр-Сұлтан қ. басқа білім беру ұйымдарынан басқасы 50 % жоғары деңгейді көрсетеді. Мәліметтері 7-кестеде келтірілген.

7-сыныпта оқушы физика пәнін жақсы оқу үшін математикадан өтілген сабақ мазмұнын жасы білуі қажет.

9-сыныпта “физика” пәнінің білім беру мазмұны толық аяқталады. Сондықтан 10-11 сыныпта білім алушылардың білім жетістігі жоғары болу үшін білім беру ұйымдары олқылықтарды түзету жұмыстарын жоспарлы жүргізуі қажет.

7-кесте – Қиындық деңгейлері

Аймақ	Тақырыптардың атауы және қиындық деңгейлері (А-базалық, В-орташа, С-жоғары)											
	Жылу физикасы. Термодинамика негіздері			Электр және магнетизм. Электростатика негіздері			Электр және магнетизм. Электр тогы			Геометриялық оптика. Геометриялық оптика заңдары		
	А	В	С	А	В	С	А	В	С	А	В	С
Солтүстік Қазақстан	63,8	58,8	67,3	-	77,8	55,6	76	63,4	61,7	61,5	48,1	42,3
Шығыс Қазақстан	67,8	49,3	57,8	-	79,1	32,6	75,1	68,8	50,7	72,2	68,5	58,9
Маңғыстау	78,6	44,8	60,9	-	79,3	25,3	76,4	75,4	55,8	66,8	74,3	63
Ақтөбе	69,3	47,1	54,3	-	74,3	32,4	72	70,5	52,4	65,9	65,9	50,2
Қызылорда	78,1	47,3	62,9	-	70,1	20,7	77,4	73,8	49,6	67,8	68,7	59,6
Жамбыл	70,3	47,6	58,7	-	68,9	18	72,5	68,1	45,6	62,9	63,8	56,8,
Қостанай	62,2	49	58,5	-	50	42,9	63,5	50,4	47	63,4	56,1	46,3
Түркістан	67	38,8	55,1	-	66,1	28,1	67,7	67	45,8	59,7	61,7	47,3
Батыс Қазақстан	59,6	43,1	53,7	-	71,9	56,3	65,2	64	45,6	55,8	57,6	47,7
Павлодар	61,7	47,5	53,6	-	52,6	47,4	67	61	51,3	57	51,9	43
Алматы қ.	59,6	38,6	44	-	66,7	23,5	65,7	60,2	45,4	67,3	52,3	51,5
Шымкент қ.	66,2	43,9	53,4	-	72,3	39,8	62,9	63,1	43,2	53,1	47,6	41,2
Ақмола	50,7	49,4	44,2	-	60,7	25	67,2	58,1	43,8	65,9	55,9	42,4
Алматы	63,7	40,6	50,2	-	53,9	30,4	64,6	60,7	42,2	53,4	49,8	42,7
Атырау	58,3	30	45,7	-	64,9	24,3	58,7	56,4	41,4	50,7	46,8	41,9
Қарағанды	52,4	45,1	49,3	-	47,8	23,9	56,1	47,4	36,8	50	42,8	43,5
Нұр-Сұлтан қ.	47,3	29,3	29,1	-	64	20	46,7	39,7	27,8	47,9	38,8	35,5
ҚР	57,6	45,9	36,5	-	65,7	28,5	66,9	62,5	45,3	59,6	57,2	49

Дереккөз: ҰҒТО деректері

География және жаратылыстану пәндері бойынша мониторинг нәтижелері

Жалпы білім беруде орта білім беруде жаратылыстану және география пәндері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің мониторингі мәселелері қарастырылып, оқушыларды оқыту процесінде қолдану үшін функционалдық сауаттылық бағыттары бойынша жұмыстар жүргізіледі. Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту, «География» және «Жаратылыстану» пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламасын әзірлеу осы үдерістің құрамдас бөлігі. Оқушылардың жаратылыстану ғылымдарының негізін «Жаратылыстану» пәнінен бастайды. Бұл олардың әлем туралы білуге құмарлығын арттырып, дүниетанымын кеңейтуге, қоршаған әлемді ғылыми тұрғыдан түсініп, ол туралы біртұтас көзқарас қалыптасуына, бұл әлемді бағалап, сақтай білуіне, функционалдық сауаттылығын қалыптастыруына көмектеседі. «Жаратылыстану» пәнін оқыту оқушылардың зерттеу, ойлау және коммуникативтік дағдылары мен біліктерінің негіздерін қалыптастыруға бағытталған. Жаратылыстану негізгі орта (7-9-сыныптар) және жалпы орта (10-11-сыныптар) білім деңгейінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы

«Химия», «Биология», «География», «Физика» пәндерін және жалпы орта білім (10-11-сыныптар) деңгейінде қоғамдық гуманитарлық бағыттағы «Жаратылыстану» пәнін зерделеуге арналған ықпалдастырылған курс. Жаратылыстану-ғылыми білімнің құрамдас компоненті ретінде «География» пәні табиғи, қоғамдық, әлеуметтік нысандарды, құбылыстарды, үдерістерді өзара бірлікте қарастыратын маңызды пән болғандықтан оқушыларды түрлі географиялық жағдайларда адамдардың өмір сүру деңгейімен, шаруашылықтың жүргізілуі жайлы деректермен танысу, адамзаттың өмір сүру ортасын кешенді қарастыру, оқушылардың дүниені нақты заңдар бойынша қалыптасатын және дамиды аумақтық табиғи-қоғамдық жүйелер түрінде қабылдауына бағытталған тапсырмалар пайдаланылады. Жаратылыстану мен географиядағы зерттеу тәсілдерімен байланысты ақпаратты өңдеуде ақпараттық технологияларды қолданудың маңызы зор. Оқыту үдерісінде белгілі бір нақты пәнді зерттеу маңызды болғанымен, пәнаралық жұмыстарды жүргізу пәнді анағұрлым сапалы меңгеруге оң ықпалын тигізеді. Карру (Kerry, 2007) тұжырымдағандай, пәнаралық байланысты қолдану білімнің өзара тығыз байланыстылығы туралы Джон Дьюидің еңбектеріне негізделеді. Оқыту мен оқудағы бұл бағытты сындарлы оқыту теориясын жақтаушылар қолдайды, оқушылар бірлескен жұмыс барысында пәнаралық проблемаларды талқылап, өзара пікір алмасады. Оқушылар әртүрлі пәндер бойынша тапсырмалар арқылы білімді ықпалдастыру оқушылар үшін білім беру үдерісінің өзара байланыстылығы мен маңызын арттыруға бағытталған болуы қажет. Көптеген пән мұғалімдері жұмысын қиындатқысы келмейді, бірақ бұл сипаттар керісінше – олардың ой шешімін қамтамасыз ете отырып, сабақтың білімдік – тәрбиелік потенциалын күшейту мақсатындағы пәнаралық ынтымақтастықты арттырады. Оқушылардың физика, химия, биологиядан алған білімдері физикалық география бойынша көптеген мәселелерді тереңірек білуіне септігін тигізеді, себебі өз республикамыздың физикалық географиясымен таныстырып қана қоймай, оқушыларға жаратылыстану ғылымдарының заңдылықтарын үйретеді және оқушылардың географиялық түсініктерін нығайтады, ойлау мен талдау қабілеттерін, іскерліктерін дамытуға көмектеседі. Осылайша, физикалық географияның бастапқы сатысы үшін жаратылыстану ғылымына тән пәндермен байланыстыра отырып түсіндіру маңыздырақ. Пәнаралық байланыстар негізінде құрастырылатын тапсырмалар бірнеше пәндерден алған білімдері негізінде қалыптасады. Қазіргі шиыршық әдісі бойынша мұғалімдер пән аралық негізде тапсырмалар құрастырса ол бір сабақ көлемінде толықтай айтылмай қалған сұрақтарға жауап беруге мүмкіндіктер тудырады. Экономикалық географияның қазіргі заманғы ерекшеліктерін көп жағдайда сол жердің немесе басқа аумақтың тарихи дамуын еске түсірмей түсіндіру мүмкін емес, сондықтан география сабақтарында ғылыми деңгейді көтеру үшін тарихпен пәнаралық байланыс жүргізудің үлкен маңызы бар. Сол сияқты оқушылардың кескін картамен, статистикалық, картографиялық материалдармен жұмыс жүргізе білуге үйрету мен қалыптастыру – оқушылардың математикалық дайындығын жетілдіреді. Біздің пікірімізше математикалық жаратылыстану грамматикалық

сауаттылықты қатар дамыту қажет. Жаратылыстану, математикалық сауаттылықты дамыту тапсырмалар арқылы іске аспақ.

«География» оқу пәні бойынша функционалды сауаттылықтың орнын толтыру мақсатындағы жұмыстар жеткілікті. Жаратылыстану пәні 5-6 сыныпта ал «География» пәнінің мазмұны 7-ден 11-сыныпқа дейін оқытудың қайталанатын тақырыптары мен мақсаттарын күрделендіре және кеңейте отырып, шиыршықтық қағидат бойынша бере аламыз. Шиыршықтық қағидат өткен кезеңге қайталау немесе бекіту үшін бөлімдердің/кіші бөлімдердің тақырыптарын және оқыту мақсаттарын қосуға және ағымдағы жылдың оқу бағдарламасының мазмұнымен біріктіруге мүмкіндік береді.

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру- оқу сапасын арттыру туралы мәліметтермен байланысты. Оқытудың жаңартылған мазмұнына көшумен сүйемелденетін қазақстандық білім беруді жаңғырту оқыту сапасын арттыруға, оқытуда жеке - бағдарлы тәсілдерді арттыруға, нақты пәндерді оқыту кезінде уәждемені күшейтуге бағытталған.

11 – сыныптың «География» пәнін оқытудың мақсаты-оқушылардың функционалдық сауаттылығын, геоэкологиялық, геоэкономикалық, әлеуметтік, геосаяси және жаһандық мәселелерді шешуге бағытталған географиялық білімді дамыту, дағдылар мен іскерліктерді қалыптастыру.

Базалық, орта және жоғары қиындық деңгейлері бойынша «География» пәні бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі, % көрсеткіштер бойынша талдаулар 8-10 кестелерде келтірілген.

«Географиялық зерттеу әдістері», «Физикалық география. Биосфера», «Әлеуметтік география. Халық географиясы « тақырыбында барлық деңгейдегі тапсырмаларды сәтті орындау белгіленді (62% - дан 75,8% - ға дейін). Оның себебі қойылған сұрақтардың тақырып мазмұнын ашуға бағытталағандығын көрсетеді.

Осы тақырыптардың жартысында базалық деңгейдегі тапсырмаларды орындаудың жоғары пайызы (70% - дан жоғары) және сонымен бірге орташа және жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындаудың төмен пайызы байқалады: «физикалық география. Литосфера», « Физикалық география. Гидросфера», «Табиғи-аумақтық кешендер», « Экономикалық география. Табиғи ресурстар», «Әлемдік экономиканың салалық және аумақтық құрылымы», «Саяси географияның негіздерімен, Елтану» сұрақтары қызықты мәселелерге қатысты .

Жоғары қиындық тапсырмаларының арасында оқушылар « Физикалық география. Атмосфера» (48%), «Картография және географиялық мәліметтер базасы» (48,5%) және « Физикалық география. Литосфера» (50,7%). Бұл оқушылар арасында мұхит суының қасиеттеріне әсер ететін факторларды анықтаудағы, құрлық суларының негізгі түрлерінің шаруашылық маңызын түсіндіруде (қазақстандық компонент мысалында); маңызды қазақстандық географиялық объектілердің, процестер мен құбылыстардың картасы бойынша түсініктеме көрсетілімді жүзеге асыру сияқты оқу мақсаттарына қол жеткізудегі қиындықтарды көрсетеді. Әр түрлі континенттерде орналасқан ұқсас Климаттық белдеулерді салыстыру барысында, Қазақстанның климаттық жағдайларын талдау 7-9 сыныптардағы сағат көлемінің аздығын көрсетеді.

8-кесте – Қиындық деңгейлері бойынша тақырыптар атауы

Өңір	Тақырыптардың атауы және қиындық деңгейлері (а-базалық, в-орташа, С-жоғары)											
	Картографиялық зерттеу әдістері			Картография және географиялық мәліметтер базасы			Физикалық география. Литосфера			Физикалық география. Атмосфера		
	А	В	С	А	В	С	А	В	С	А	В	С
Маңғыстау	78,8	75,6	67,6	80,6	72,3	67,2	76,1	71,6	65,7	78,2	69	59,1
Алматы қ.	80,8	81	79,7	75,6	65,3	48,2	78,5	66,5	55,7	72,1	66,2	54,2
Шығыс Қазақстан	78,1	80,3	76,2	73,2	68,7	51,5	79,7	70,3	59,6	76,2	67,5	58
Солтүстік Қазақстан	80	71,3	60	58,6	57,1	50	77,7	63,7	49	75	57,2	51,2
Қызылорда	71,7	73,9	72,2	73,8	68,5	62,5	76,4	70,5	58	74	65,5	55,7
Ақтөбе	74,9	72,2	72,6	79,6	68,4	59,9	74,2	68,9	60,6	71,3	62,9	53,5
Қостанай	68,5	69	68,7	71,1	66,7	50,4	72,8	64,5	52,9	72,2	59,6	50,8
Жамбыл	67,7	66,9	72,9	64,1	57,8	46,1	73,7	61	43,7	75,7	57,9	56,6
Ақмола	64,6	63,4	63,8	66,6	58,1	51,2	66,4	60,4	50,6	64,7	56,1	47
Алматы	67,4	63,3	65,2	62,7	53,5	45,8	67,9	57,2	46,5	63,6	52,9	42,2
Павлодар	73,7	69,6	65,5	57,1	58,6	41,4	71,6	60,6	46,9	65,6	56,5	43,5
Түркістан	66,3	58,5	63,2	69,6	61,4	43,5	64,5	57,3	48,6	61,2	55,4	42,6
Шымкент	69,9	68,2	64,8	58,4	63,3	42,2	71,4	63,9	51,8	71	58,2	52,9
Нұрсұлтан	63,6	60,2	61,7	65,3	62,4	46,6	67,7	59	48	64,3	54,6	42,4
Атырау	73	68,9	63,3	64,5	53,2	30,5	64,3	54,7	38,5	60,9	51,9	41,9
Батыс Қазақстан	64,3	60,3	60,8	60,1	52,7	37	58,1	54	44,1	57,3	48,2	34,6
Қарағанды	62	51,4	50,5	55,1	51,4	37	62,7	50	38,8	56,7	49	39,1
ҚР	69,4	66,8	66,1	67,9	62	48,5	70,3	61,6	50,7	67,5	58,1	48

9-кесте – Қиындық деңгейлері бойынша тақырыптар атауы

Өңір	Тақырыптардың атауы және қиындық деңгейлері (а-базалық, в-орташа, С-жоғары)											
	Физикалық география. Гидросфера			Физикалық география. Биосфера			Табиғи территориялық кешендер			Әлеуметтік экономикалық география. Тұрғындар географиясы		
	А	В	С	А	В	С	А	В	С	А	В	С
Алматы қ.	87,3	71,1	65,2	84,3	71,6	63,4	86,9	69,1	64	68,6	72	70,1
Маңғыстау	86	69,2	71,6	86,4	74,1	81,6	84,2	70,4	57,5	66,6	74,2	73,7
Шығыс Қазақстан	87,8	69,8	69,6	82,6	73,4	70,6	80,8	75,1	61,6	66,4	75,8	74,6
Солтүстік Қазақстан	85,1	67,9	55,9	77,7	64,3	61,4	85,5	73,7	57,9	63	66,6	61,9
Қызылорда	82,4	63,1	66,9	84,3	71,5	76,7	77,5	62,6	59,1	66,9	72,2	75,8
Ақтөбе	85,2	66,6	66,2	73,4	68,6	68,2	79,2	69,7	60,2	66,8	73,2	73,3
Қостанай	89,2	69,4	60,4	73,3	67,1	55,9	78,4	64,3	56,7	65,8	61,8	59,4
Жамбыл	78,9	62,6	60,3	81,4	67,7	66	77,4	58,2	52	65,5	67	65,2
Ақмола	85	66,3	60,4	76,2	69,1	65,8	73,7	62,4	55	62	62,8	61
Алматы	77,4	61,8	54,4	77,2	63	64,1	75,1	59,1	55,2	61,6	63,3	60,4
Павлодар	80,1	64,2	54,3	70,3	56,9	47,2	77,6	71,1	51,3	61,5	62,1	60,9
Түркістан	73,6	58,5	54	74,7	65,7	68,2	70,5	57,8	53,7	59,2	64,5	64,9
қ. Шымкент	74	56,7	52,9	70,8	62,5	58,6	71,2	55,4	51,9	61,8	60,5	63,3
қ. Нұр Сұлтан	76,5	59,9	51,8	69,6	53,2	47,4	70,8	53,3	49,5	64,5	60,5	56,4
Атырау	74,2	57	52,4	70,3	53,2	53,7	58,5	48,6	47,6	55,1	55,3	57,9
Батыс Қазақстан	79,5	61,3	51,9	65,7	52,1	51,1	70,8	58,4	43,8	60,1	58,1	62,4
Қарағанды	76,9	56,9	47,6	66,9	54,7	51,6	66,5	47,4	47,5	57,1	55	51,5
ҚР	80,4	63,1	58,3	75,8	64,2	62	75,2	60,7	54,6	63	65,2	64,4

10-кесте – Қиындық деңгейлері бойынша тақырыптар атауы

Өңір	Тақырыптардың атауы және қиындық деңгейлері (а-базалық, в-орташа, С-жоғары)											
	Экономикалық география. Табиғат ресурстары			Әлеуметтік экономикалық ресурстар			Әлемдік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы			Елтану саяси Географияның негіздерімен		
	А	В	С	А	В	С	А	В	С	А	В	С
Шығыс Қазақстан	74,6	77,6	61,4	65,9	83,8	70,6	89,1	66,6	69,1	86,6	73,4	72,9
Маңғыстау	83,4	74,7	72,9	75,3	86	69,2	86,4	67,6	78,4	84,3	65,2	60,7
Алматы қ.	77,1	72,2	62,3	58,9	87,5	60,2	90,7	63,9	75,5	84,2	68,2	64,7
Қызылорда	81	75,2	65,5	82,4	82,1	63,8	88	64,5	73,9	83,4	58,7	51,4
Солтүстік Қазақстан	78,6	65,3	52,7	45,5	81,8	51,5	73,5	58,8	58,8	88,9	66,7	59,3
Жамбыл	74,3	69,1	57,5	71,5	78,2	59,4	86	60	72,1	81,7	59,3	51
Батыс Қазақстан	73,9	64	56,3	70,2	75	41,3	80,4	53,6	60,8	74,9	59,6	53,5
Павлодар	69,4	67,1	53,1	50,9	75,9	47,3	74,3	58,4	49,5	73,6	55,5	59,2
Ақтөбе	79,7	75,1	64,3	74,2	84	67,6	87,2	63,3	69,7	83,4	65,4	63,2
Шымкент	66,4	64,3	54,6	53,9	67,5	49,2	70,8	51,7	57,9	77,2	53,2	48
Ақмола	71,7	66,5	57,3	61,4	75,4	47,4	82,4	58,8	56,3	82,8	66,7	62,9
Алматы	73	66,5	56,2	66	71,1	46,2	76,3	54,4	63,4	78,4	57,7	47,6
Қостанай	72,5	72,6	54,4	45,2	82,6	41,7	88,9	50	58,6	80,8	64,4	60,8
Түркістан	69,7	65,8	56,4	70,4	71,5	57,7	77,7	59,8	56,8	70	51	44,6
Нұрсұлтан	67,1	62,2	49,5	63,2	72,8	36	86,5	56	57,9	77	54,8	50,9
Қарағанды	62,3	56,7	43,7	50,9	78,1	40,4	73,3	46,2	42,7	70	52,3	48
Атырау	64,9	59,6	43,3	71,6	62,7	42	69,8	44,2	55,4	68,6	53,7	37,2
ҚР	72,9	68	57	65	76,8	53,1	81,1	57,6	63,1	78,7	59,8	54,3

Өңірлер бөлінісінде көптеген тақырыптар бойынша сәтті орындалған тапсырмалардың салыстырмалы түрде жоғары үлесі Маңғыстау, Шығыс Қазақстан облыстарында және Алматы қаласында байқалды. Өз кезегінде, Қарағанды және Атырау облыстарында, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласында барлық тақырыптар бойынша ең төменгі нәтижелер белгіленді. Оның себептері әртүрлі жағдайларға байланысты. Карантин кезінде бастапқы географиялық түсініктердің нашар игерілуіне қатысы бар.

ҰТО (НЦТ) мәліметтері бойынша талдау оқыту барысындағы деңгейлер бойынша қандай география бөлімдері салыстырмалы түрде төменгі көрсеткіштерді беретіндігін сараптадық. Тақырыптардың атауы және қиындық деңгейлері (а-базалық, в-орташа,С-жоғары) бойынша Алматы қ.Маңғыстау, Алматы облысы, Қостанай Қызылорда облыстары көрсеткіштері жеке пән бойынша 68-72 пайыздық көрсеткіштерді көрсетеді. Әсіресе Қарағанды ,Атырау, Батыс Қазақстан облыстары 30-65 пайыз аралығында. Қарағанды облысы оқушылары географияның 80-90 пайыз тақырыптарын толықтай меңгере алмаған. Физикалық география, картография тақырыптары мақсаттарына

байланысты дұрыс қарастырылмаған. Базалық деңгей бойынша 50 пайыздан төмен көрсеткіштер пандемия кезінде қашықтықтан оқытудың салдары.

«Мектептерге арналған әдістемелік ұсынымдар – мұғалімдерге не істеу керектігі туралы қадамдық алгоритм бекітілді. 3 мыңнан астам сабақ алынды. Қашықтықтан білім алуға дайындық қандай болды? Орта білім беруде жеті мыңға жуық мектеп – 3 млн оқушы, 335 мың мұғалім пандемия кезінде теле сабақтар арқылы толықтырды. Сонымен қатар цифрлық платформалар пайдаланылды. Пандемиядан кейінгі жағдайда олқылықтарды жою мақсатында мектептер мен мұғалімдер тарапынан жоспарлы шаралар қолданылды.

Білім беру мекемелері олқылықтарды жою мақсатында өткізіп жатқан іс шаралардан басқа қазіргі таңда мұғалімдерге функционалды сауаттылықты арттыру тапсырмалар жинағын ұсынуымыз қажет.

География бойынша білімді толықтыру бойынша білім беру ұйымдары қызметінің мониторингі

Білім беру мониторингі-бұл кез-келген уақытта оның жағдайын бағалауға және оның дамуын болжауға мүмкіндік беретін, осы жүйені басқаруды ақпараттық қамтамасыз етуге бағытталған білім беру жүйесі немесе оның жеке элементтері туралы ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау және тарату жүйесі. Осыған байланысты республика мектептерінде географияны оқыту сапасын зерттеу бойынша жұмыс жүргізілді.

Мониторинг тапсырмаларының көмегімен біз оқу процесінің жай-күйін үздіксіз бақылау және ол туралы жедел, сенімді ақпарат алу үшін қолданыстағы күнделік бағдарламасын қолдандық.

Географияны оқыту процесінде болып жатқан өзгерістерді және оларды тудыратын факторларды анықтау жүргізілді. Біз білім беру үрдісіндегі жағымсыз үрдістердің алдын алу жолдарын қарастырдық.

Саралау процесінде біз оқушының жеке басының пәнді игеру деңгейіне назар аударамыз. Республика мектептеріндегі қолданыстағы педагогикалық технологиялар олардың психологиялық негіздері мен материалдық-техникалық және әдістемелік қамтамасыз етілуі бөлігінде қаралды.

Талдау барысында келесі қадамға назар аударылды. Оларға-білімді толықтыру бойынша жұмысты жоспарлау және Жоспарды іске асыру жатады.

Педагогтің өзіндік жұмыс нысанын таңдау туралы шешім қабылдауы (өткен кезең ішінде жаңа оқу бағдарламасының мазмұнына білімді толықтыру бойынша тақырыптарды интеграциялау, жаңа оқу материалын кейіннен түсіндіре отырып, консультациялар өткізе отырып, өткен жылғы сабақта тақырыптарды/оқу мақсаттарын бастапқы қайталау және т.б.) ескерілді.

Алдыңғы оқу жылының оқу материалын қоса отырып, оқу тапсырмаларын әзірлеу процесінде оқыту тақырыптарын /мақсаттарын пайдалану, қалыптастырушы бағалауды жүргізу, білім алушылардың білімін толықтыру үшін пән бойынша каникул сабақтарын өткізу ұсынылады. Сонымен қатар, тесттер, тапсырмалар, сауалнамалар, сұхбаттар, оқытудың тиімді нысандары мен технологиялары студенттерді оқуға белсенді қатысуға және білімдерін толықтыруға ынталандыру үшін қолданылғаны анықталды.

Мектеп мұғалімдеріне сұрақтар қойылды. Мектепте өткен оқу жылындағы білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтарды анықтау бойынша диагностикалық бақылау жұмыстары жүргізілді ме?

Олқылықтарды толтыру бойынша жұмыс қандай түрде/түрлерде жүргізілді? (бірнеше түрді атап өтуге болады)

Олқылықтардың орнын толтыру мақсаатында тапсырмалар құруда қандай қиындықтар туындады?

Жұмыс жоспарын құру кезінде сіз нені басшылыққа алдыңыз?

«Химия» пәнінен жаратылыстану сауаттылығы мониторингісінің нәтижелері

Мониторингтің бір түрі – орта білім алушылардың білім жетістіктерін бақылау. «Химия» пәні бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9 сыныпты тестілеу бағыты бойынша нәтижелері базалық, орта және жоғары қиындық деңгейлерінің тақырыптары тұрғысынан 11-13-кестеде келтірілген. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша тестілеудің басқа бағыттарымен салыстырғанда тест тапсырмаларын орындаудың ең аз үлесі-60,8% тіркелген. Республика бойынша ең жоғары 32 баллдан орташа 19,45 баллды құрады.

Тапсырмалардың шамамен 30% – ы қиындықтың базалық деңгейі бойынша, 50% - ы орташа және 20% - ы жоғары деңгейде ұсынылған.

11-кесте – Базалық, орта және жоғары қиындық деңгейлерінің тақырыптары бойынша «Химия» пәні бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі, %

Аймақ	Тақырыптардың атауы және қиындық деңгейлері (а-базалық, в-орташа, С-жоғары)														
	Атомдар, иондар және молекулалар			Атомның құрылымы мен құрамы			Атомдардағы электрондардың таралуы және қозғалысы. Атомдардан иондардың түзілуі			Химиялық байланыс түрлері			Периодтық заң және химиялық элементтердің периодтық кестесі		
	А	В	С	А	В	С	А	В	С	А	В	С	А	В	С
Алматы қаласы	81,5	76,7	74,6	71,9	79,2	68,3	84	72,7	65,9	76,3	63,9	51,9	80,2	72	64
ШҚО	77,2	69,3	66,2	79,2	80,9	71	82,6	66,1	58,6	75,9	59,3	52,4	77,5	68,8	58,4
Қызылорда обл	74,8	64,2	64,5	81,2	73,3	64,6	74,1	58,8	49,5	69,3	52,4	52,9	75,1	65,5	57,7
Маңғыстау обл	73,5	66,9	64,6	81,7	75,8	64,7	79,2	68	54,7	71,9	53,5	53,7	74,9	66,5	56,8
Қостанай обл	70,7	65,5	55,2	60,2	73,8	55,6	87,5	59,7	57,4	68	55,1	40,9	67,8	57,3	52,5
Ақтөбе обл	64,7	57,7	54,1	71	69,7	57,7	72	65,9	45,9	66,5	52	44,1	69,6	58,6	54
Жамбыл обл	69,2	58,8	55,2	70,7	71,8	57	73,6	60,9	45	67,1	50,2	45,5	68,4	61,9	51,1
Түркістан обл	69,1	60,7	59	71	67,7	61,4	66,6	62,1	44,3	64,1	48,2	45,7	66,6	59,5	52,6
СҚО обл	68,3	70,7	65,9	65,5	75,6	53,1	50	55,6	63,2	69,9	63,1	53,8	73,9	66,8	57,8

Шымкент қаласы	62	56,6	48,8	68,6	69,6	54,9	74,3	58,8	44,2	63,6	48,1	43,4	65	59,1	50,8
Алматы обл	63,6	59,2	49,6	70,2	69,5	58,1	69	56,5	41,7	63	45,6	42,8	67	56,9	49,1
БҚО	64,4	52,1	47,9	66,2	62,8	56,6	59,4	56,1	45,7	57,7	44	36,3	61,2	51,2	45,1
Нұр-Сұлтан қаласы	60,3	50,3	51,9	59,7	65,8	43,2	61,2	50	46,5	58,2	45,4	42,8	59,1	53,4	44,5
Павлодар обл	52,3	48,2	42,3	58,1	66,1	56,5	63,1	48,3	50,4	61,4	45,3	36,5	65,6	54,8	47,2
Ақмола обл	62,5	46,7	38,8	68,1	68,1	55,5	62,9	39,8	45,3	62,6	48	41,9	66,5	59,5	52,2
Қарағанды обл	55,9	45,9	42,6	54,9	63,8	46	52,6	44,3	40,6	59,1	43	34,1	57,9	49,3	40,9
Атырау обл	54,9	42,7	45,1	62,2	59,5	47,6	59,1	49	39,7	58,5	40	39,4	54,9	49,3	40,6
РК	66,9	58,8	54,9	68,3	70,2	57,6	70,3	58,7	47,6	65,5	49,9	44,5	67,9	59,4	51,3

12-кесте – Базалық, орта және жоғары қиындық деңгейлерінің тақырыптары бойынша «Химия» пәні бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі, %

Регион	Тақырыптардың атауы және қиындық деңгейлері (а-базалық, в-орташа, С-жоғары)														
	Химиялық реакциялардың жіктелуі			Массаның сақталу заңы			Металл кернеуінің электрохимиялық қатары			Экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар			Химиялық реакциялар жылдамдығы		
	А	В	С	А	В	С	А	В	С	А	В	С	А	В	С
Алматы қ	79,5	79,5	62,3	76,4	70,7	47,5	73,4	70,7	75,6	67,2	77,6	72,4	70,6	62,9	50
СҚО	67,7	67,7	45,3	64,9	59,3	44,3	58,6	78,4	75,9	72,7	68,2	68,2	73,1	58,7	34,6
ШҚО	70,2	72,2	56,5	72,8	70	59,4	72,5	71,2	70,8	64,4	73,1	76	62,9	60,7	47,8
Маңғыстау обл	66,7	73,4	59,9	75,6	67,8	51,7	72,6	66	65,6	77,6	78,6	70,2	73,9	59,1	47,2
Қызылорда обл	67,2	69,8	60,1	72,8	61,8	53,8	71,6	66	66,3	69,6	76,9	73,8	74,2	63,7	53,2
Жамбыл обл	63,6	65,7	56	67,1	57,6	45,9	63,7	60,5	61,6	58,2	64,3	57,5	71,5	55,7	46,8
Ақтөбе обл	63,4	64,6	52,8	67	57,2	38,4	68,3	62,1	59,2	66,1	67,8	50,3	71,2	51,2	42
Қостанай обл	57,7	64,3	45,7	55,4	54,6	45,3	53,1	54,4	56,5	81,3	75	68,8	74	53,1	32,3
Түркістан обл	64,4	63,4	51,8	65,6	59	50	68,1	60,4	62,7	60,5	64,2	64	79,3	57,8	51,3
Шымкент қаласы	70	66,2	49,5	63,7	54,7	33,8	65,6	58,8	59,2	64,7	66,5	58,1	64,8	52,7	40,1
Алматы обл	63,3	63,4	51,5	60,9	50,5	37,3	62,9	61,9	58,9	57,9	59,9	59,9	70,1	52,5	41,4
БҚО	54,4	56,3	43,3	55,6	51	32,4	65,2	49,6	53,6	61,5	67,3	61,5	63,7	44,6	28,4
Ақмола обл	66,8	67,4	51,8	59,1	49,2	36	52,1	50,9	52,1	45,9	43,9	60,8	53	52,2	33,9
Павлодар обл	60,1	65	43,5	48,1	49,1	34,4	50	59,5	54,8	45,1	51	47,1	52,3	46,3	35,5
Атырау обл	49,1	50	41,1	50,1	48,9	41,3	51,5	52,5	51,5	46,8	47,6	52,4	61,3	40,9	38

Нұр-Сұлтан қаласы	54,1	53,4	47,3	49,5	46,7	28,7	44,5	49,1	49,4	47,4	47,4	55,1	60,1	44,4	28
Қарағанды обл	53,3	52,2	37,9	47,3	42,1	32,6	48,8	47,4	52,2	53,2	44,8	45,5	52,7	36,9	28,4
РК	63,3	64,3	50,9	63,1	55,9	42,4	62,8	60	60,5	60,9	63,8	61	67,8	53	41,8

13-кесте – Базалық, орта және жоғары қиындық деңгейлерінің тақырыптары бойынша «Химия» пәні бойынша тапсырмаларды дұрыс орындаған 9-сынып оқушыларының үлесі, %

Регион	Тақырыптардың атауы және қиындық деңгейлері (а-базалық, в-орташа, С-жоғары)											
	Химиялық тепе-теңдік			Қышқылдар мен негіздер теориясы			Заттардың жіктелуі			Жер химиясы		
	А	В	С	А	В	С	А	В	С	А	В	С
Алматы қаласы	58,6	59,2	55,7	83,8	81	73,7	77	72,8	61,8	76,8	72,7	68
Қызылорда обл	55,4	45,4	44,3	78,5	73,7	65	67,9	67,3	55,4	80,2	70	64
ШҚО	50,3	54,7	51,9	76,5	74	67,9	71,5	69,4	52,6	73,4	67,6	65,6
Маңғыстау обл	40,1	45,9	43,2	73	69,8	62,2	65,3	69	58,1	78,8	71,8	63,6
Ақтөбе обл	42,7	37,1	40,4	68,9	68,7	58,4	60,4	63,5	41,9	72,1	60,7	55,3
Жамбыл обл	41,7	36,9	40,9	72,9	70,7	59,4	61,6	64,1	47,3	68	59,4	52,1
Шымкент қаласы	39,7	43,6	47	69,2	66,4	56,6	60	64,2	44,7	68,7	57,9	54,9
Алматы обл	42	45,8	40,8	69	65,1	55	61,8	61,1	46,6	69,3	59,1	50,8
Түркістан обл	39,5	40,7	39,5	65,8	66,4	59	64,1	66,2	49	70,1	60,2	56,6
БҚО	57	49,5	23	57,4	60,1	49,5	56,9	56,2	45	59,4	51,2	48,5
СҚО	54,5	31,8	27,3	73,5	77,7	66,3	60,7	70	56,6	66,5	66,5	62
Қостанай обл	42,1	28,1	33,3	60	66,7	51,3	60,2	59,2	50,4	61,3	58,9	55,1
Ақмола обл	38,2	30,4	28,4	63,2	68,5	54	57,9	59,4	46,3	65,1	55,7	47,2
Атырау обл	42,5	25,5	26,3	60,1	59,9	52,7	48,1	51	40,8	58,7	47,6	50
Қарағанды обл	35,7	25,7	40,2	54,2	56,3	45,6	49,9	49,6	41,2	52,6	46,1	41
Павлодар обл	24,6	37,7	33,3	57,2	56,3	43,3	41,2	51,2	41,2	61,7	50,2	47,5
Нұр-Сұлтан қаласы	27,6	32,4	27,6	61	54,9	53,8	49,3	47,7	44,6	53,4	45,2	44,4
РК	43,1	41,1	40,4	68,5	67,1	57,8	61,4	62	48,3	67,8	59,2	54,2

Дерек көзі: ҰТО мәліметтері

ҰТО деректерінің нәтижелері бойынша «Химиялық байланыс түрлері», «Химиялық элементтердің периодтық заңы және периодтық кестесі»,

«Массаның сақталу заңы» және «Химиялық реакциялар жылдамдығы» тақырыптары бойынша оқушыларда салыстырмалы түрде төмен нәтижелер байқалады.

Алайда, бақылаулардың көлемі мен уақыты кез-келген толыққанды тұжырымдар мен сенімді болжамдар жасау үшін тым шектеулі, дегенмен пандемиядан кейінгі әлемдегі білім беру жүйелерінің жай-күйін талдау және олардың даму нұсқаларын болжау тек академиялық қана емес, сонымен бірге терең практикалық қызығушылық тудырады. Біздің ойымызша, қазір әлемнің білім беру жүйелері (реттеушілер басқарған) бүгінде болашақ даму сценарийлерін таңдайды деп айтуға болады. Көптеген онжылдықтар бойы бұл таңдау білім беру қатынастарының дамуын ғана емес, жалпы қоғамды да анықтайды.

Жаңа оқу жылында мұғалімдерге білім сапасын арттыру үшін педагогикалық жағдайларды қамтамасыз ету ұсынылады:

- химия пәні бойынша оқытудың жоғары сапасына қол жеткізуге бағытталған педагогикалық жүйені жетілдіру;

- субъект-субъектілік, жүйелік іс-әрекет, жеке, сараланған тәсілдерді көздейтін жеке тұлғаға бағытталған педагогикалық технологияларды қолдану;

- оқушыларда жоғары деңгейде оқуға, өз оқуының сапасын тұрақты арттыруға оң уәждемені дамыту;

- оқу үшін қолайлы психологиялық атмосфераны құру;

- оқытудың төмен нәтижелерінің себептерін анықтау және оқушылардың білім деңгейіне әсер ететін маңызды психологиялық-педагогикалық факторларды анықтау бойынша аналитикалық қызметті жүйелі түрде жүзеге асыру;

- жетілдіру, кәсіби біліктілігін жүзеге асыру мәселелері қазіргі заманғы тәсілдерді оқушылардың білімі;

- дарынды балаларды анықтау және қолдау жүйесін жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру.


- оқу жылының қорытындысы бойынша бір «4» немесе бір «3» бар білім алушылармен жеке жұмыс жасау есебінен білім сапасын арттырудың қолда бар резервтерін пайдалану;

- әр оқушының әлеуетін мойындау.


«Биология» пәнінен жаратылыстану сауаттылығы мониторингісінің нәтижелері

«Биология» пәні бойынша жалпы республика бойынша сапа көрсеткіштерінің салыстырмалы талдауын жасап көрейік.

15-16 суреттердегі диаграммадағы мәліметтерді ала отырып, 2018-2019 оқу жылындағы 8-сыныптар мен 2019-2020 оқу жылындағы 9-сыныптардың білім сапасының салыстырмалы кестесін (14-кесте) жасап көреміз.



15-сурет – 2019 жылғы 8-сыныптағы білім сапасының көрсеткіштері




16-сурет – 2020 жылғы 9-сыныптағы білім сапасының көрсеткіштері

14-кесте – 2018-2019 оқу жылындағы 8-сыныптар мен 2019-2020 оқу жылындағы 9-сыныптардың білім сапасы көрсеткіші

Облыстар	2018-2019 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы	Динамикалық айырма көрсеткіші
	8-сынып	9-сынып	
Ақмола облысы	70%	79%	+9
Ақтөбе облысы	59%	68%	+9
Алматы облысы	78%	72%	-6
Алматы қаласы	75%	77%	+2
Атырау облысы	66%	69%	+3
ШҚО	71%	74%	+3
Жамбыл облысы	84%	70%	-14
БҚО	73%	71%	-2
Қостанай облысы	76%	66%	-10
Қызылорда облысы	80%	77%	-3
Нұр-Сұлтан қаласы	80%	77%	-3
Павлодар облысы	71%	75%	+4
СҚО	65%	69%	+4

Түркістан облысы	67%	68%	+1
Шымкент қаласы		65%	
Орташа	73%	72%	-1

14-кестеде берілген мәліметтерге қарап, республика бойынша «Биология» пәнінен білім сапасы 2018-2019 жылы 73% болып, 2019-2020 оқу жылында 72% болғанын, 1%-ға төмендегенін байқаймыз. Бұл айтарлықтай төмен нәтиже емес. Осы көріністің диаграммасы келесі 17-суретте берілген.



17-сурет – 2018-2019 оқу жылындағы 8-сыныптар мен 2019-2020 оқу жылындағы 9-сыныптағы білім сапасының көрсеткіштері

«Биология» оқу пәні бойынша ұсыныстар

«Биология» пәнінен өңірлер бойынша 2018-2019 оқу жылында 8-сынып білім алушыларының білім сапасы 73% көрсетсе, 2019-2020 оқу жылындағы 9-сынып бітірушілері 72% сапа көрсеткен. Бұл жерде тұрақтылық сақталған деуге болады. Білім алушылардың оқу жетістіктерін анықтау кезінде жас және жеке ерекшеліктеріне баса назар аудару қажет. Сыныптағы білім алушылардың бөлімді немесе тақырыпты меңгеруін қамтамасыз етуді басты мақсат ете отырып, деңгейлік тапсырмалар құрастыру қажет.

Жалпы білім сапасы екі оқу жылында бойынша пәннен айтарлықтай төмендеу болмаса да, жоғарылау да байқалмайды.

Педагогтер білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау білімдегі сапаны көтеру мақсатында жүргізілетінін есте ұстау керек.

Бөлім бойынша және тоқсан бойынша бағалау жақсы нәтижеге жеткізу үшін қалыптастырушы бағалау жұмысын нәтижелі болатындай жүргізу қажет. Ол үшін тапсырмалар қызықты және мазмұнды болу керек.

Енді әрі қарай білім сапасы мәліметтерінің негізінде «Биология» пәні бойынша 2021 жылғы қорытындысы бойынша сапа көрсеткіштеріне жасалған талдау нәтижелері 15-кестеде берілген.

15-кесте – 2020-2021 оқу жылындағы 7-сынып білім алушыларының білім сапасы

Облыстар	2020-2021 оқу жылы		
	7-сыныптар		
	Білім алушылар саны	«4» пен «5» саны	Білім сапасы
Ақмола	6365	3876	60%
Ақтөбе	4057	2164	53%
Алматы	6770	2929	43%
Алматы қ.	7924	5563	70%
Атырау	6985	4441	63%
ШҚО	5641	3853	68%
Жамбыл	7633	4975	65%
БҚО	7565	5055	67%
Қостанай	6889	4410	64%
Қызылорда	7479	5202	69%
Нұр-Сұлтан қ.	7799	4783	61%
Павлодар	6881	4537	66%
СҚО	5597	3674	65%
Түркістан.	7412	4316	58%
Шымкент	7507	4525	60%
Барлығы	102504	64303	63%

Қашықтан оқу кезінде 7-сыныптар арасында «Биология» пәнінен білім сапасы бойынша ең жоғары көрсеткен өңір Алматы қаласы екені кестеден көрініп тұр. Ал төменгі көрсеткішті Алматы облысынан байқаймыз. Жалпы 7-сынып білім алушылары пандемия кезінде 63% сапаны көрсетіп отыр.

Төменде 8-сынып білім алушыларының «Биология» пәні бойынша пандемия кезіндегі білім сапасының көрсеткіші 16-кестеде берілген.

16-кесте – 2020-2021 оқу жылындағы 8-сынып білім алушыларының білім сапасы

Облыстар	2020-2021 оқу жылы		
	8-сыныптар		
	Білім алушылар саны	«4» пен «5»	Білім сапасы
Ақмола	6697	3843	57%
Ақтөбе	6931	3972	57%
Алматы	7463	4883	65%
Алматы қ.	7455	5019	67%
Атырау	4916	4299	87%
ШҚО	5516	3710	67%
Жамбыл	6912	4338	63%
БҚО	6807	4382	64%
Қостанай	6396	3380	53%
Қызылорда	6259	4276	68%

Нұр-Сұлтан қ.	7692	4368	57%
Павлодар	6600	4150	63%
СҚО	5166	3009	58%
Түркістан.	7123	4315	61%
Шымкент	7706	4170	54%
Барлығы	91333	57944	63%

8-сыныптар арасында «Биология» пәнінен білім сапасы бойынша ең жоғары көрсеткен өңір Атырау облысы екені кестеден көрініп тұр. Ал төменгі көрсеткішті Шымкент қаласынан байқаймыз. Жалпы 8-сынып білім алушылары пандемия кезінде 63% сапаны көрсетіп отыр.

Әрі қарай 9-сынып білім алушыларының «Биология» пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші беріледі.

17-кесте – 2020-2021 оқу жылындағы 9-сынып білім алушыларының білім сапасы

Облыстар	2020-2021 оқу жылы		
	9-сыныптар		
	Білім алушылар саны	«4» пен «5» саны	Білім сапасы
Ақмола	7280	4385	60%
Ақтөбе	6465	3596	56%
Алматы	7192	4821	67%
Алматы қ.	6721	4629	69%
Атырау	5200	2600	50%
ШҚО	5329	3685	69%
Жамбыл	6233	4003	64%
БҚО	6134	3956	64%
Қостанай	5868	3609	61%
Қызылорда	5529	3876	70%
Нұр-Сұлтан қ.	6484	3317	51%
Павлодар	5762	3817	66%
СҚО	4561	2865	62%
Түркістан.	7860	4210	54%
Шымкент	6824	3795	55%
Барлығы	93442	57164	61%

Кестеден көрініп тұрғандай «Биология» пәні бойынша 2020-2021 оқу жылындағы білім сапасы бойынша 9-сыныптар арасында ең жоғары көрсеткен өңір Қызылорда облысы екені кестеден көрініп тұр. Ал төменгі көрсеткішті Нұр-Сұлтан қаласынан байқаймыз. Жалпы 9-сынып білім алушылары пандемия кезінде 61% сапаны көрсетіп отыр.

Енді «Биология» пәні бойынша пандемиядан бұрынғы 2019 жылғы білім сапасы мен 2021 жылғы яғни пандемия кезіндегі білім сапасына талдау жасап көрейік. «Биология» пәнінен негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9 сыныптары бойынша білім сапасының көрсеткіштері келесі кестелерде берілген.

18-кесте – «Биология» пәні бойынша 2019-2020 оқу жылындағы 8-сыныптар мен және 2020-2021 оқу жылындағы 9-сынып білім алушыларының білім сапасы

Облыстар	2019-2020 оқу жылы			2020-2021 оқу жылы		
	8-сыныптар			9-сыныптар		
	Барлығы	4 пен 5 саны	Сапа көрсеткіші	Барлығы	4 пен 5 саны	Сапа көрсеткіші
Ақмола	6139	4631	75%	7280	4385	60%
Ақтөбе	4891	3353	69%	6465	3596	56%
Алматы	4685	3354	72%	7192	4821	67%
Алматы қ.	4875	3874	79%	6721	4629	69%
Атырау	3874	2551	66%	5200	2600	50%
ШҚО	5067	3744	74%	5329	3685	69%
Жамбыл	7692	6594	86%	6233	4003	64%
БҚО	5773	4490	78%	6134	3956	64%
Қостанай	7400	5856	79%	5868	3609	61%
Қызылорда	7489	6163	82%	5529	3876	70%
Нұр-Сұлтан	6715	5632	84%	6484	3317	51%
Павлодар	6778	5030	74%	5762	3817	66%
СҚО	3410	2315	68%	4561	2865	62%
Түркістан	7695	5932	77%	7860	4210	54%
Шымкент қ.				6824	3795	55%
Барлығы	82483	63519	76%	93442	57164	61%

«Биология» пәні бойынша білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі нәтижесіне талдау жасасақ, 9-сыныптар арасында «Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері» бөлімшесі бойынша «С» деңгейіне берілген тапсырмалардан Қызылорда облысы ең төменгі көрсеткішті 28,8 %-ды көрсетіп отыр. Ал Солтүстік Қазақстан облысы керісінше ең жоғары нәтижеге қол жеткізіп, 71,4 %-ды көрсеткен.

Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингіне арналған «Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық» бағыты бойынша тест спецификациясы негізінде «Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері» бөлімшесі бойынша 13 оқу мақсаты қамтылған. Онда парниктік эффектінің тірі ағзаларға әсері, озон қабатының бұзылуының себептері мен салдарын түсіндіру; Қазақстан аумағындағы экологиялық проблемалардың туындау себептері мен оларды шешу жолдары, пайдалы қазбалар өндірудің және қайта өңдеудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру адам мен экожүйе арасындағы қарым-қатынастар, ерекше қорғалатын Қазақстан Республикасының табиғи аймақтарының өсімдіктері мен жануарларын сипаттау секілді географиямен байланысты ұғымдар қарастырылған.

Аталған бөлімшеден республика бойынша көрсеткіш 47% болған. «Адам

қызметінің қоршаған ортаға әсері» бөлімшесі бойынша базалық (А) деңгейі тапсырмаларын орындау көрсеткіші 80%-ды, орташа деңгейдегі тест тапсырмаларынан 63,3%-ды көрсеткен.

9-сыныпқа арналған тест спецификациясы негізінде берілген тапсырмаларды бөлімдер бойынша талдайтын болсақ, республика бойынша нәтижелер төмендегідей болды:

«Жасушалық биология» бөлімшесі бойынша «А» деңгейінде ең жоғары көрсеткіш Солтүстік Қазақстан облысы 85,4% болса, ең төменгі көрсеткіш Қарағанды облысы 60,6% көрсеткен, ал республика бойынша 72% болып отыр.

Базалық (А) деңгейі тапсырмаларын орындауда ең төменгі көрсеткіш «Қоректену» бөлімшесіне тиесілі екенін (67,3%)кестеден байқаймыз.

«Қоректену» бөлімі базалық (А) деңгейі тапсырмаларын орындауда ең төменгі көрсеткіш көрсетудің себеп-салдарлары мен білім сапасын көтеру туралы ұсыныстарға тоқталайық.

7-сынып білім алушыларының 5-сыныптан бастап жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасымен оқып келе жатқанын ескеру қажет. Яғни білім алушылар жаратылыстану бағытындағы пәндердің бастапқы түсініктерін қалыптастыратын пропедевтикалық курс болып саналатын «Жаратылыстану» пәнін оқыды. «Жаратылыстану» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі 6-сыныпта аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды. Ал бағдарламаға сәйкес тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптарына арналған «Жаратылыстану» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында қоректену туралы тақырыптар қарастырылған. «Биология» пәні бойынша 2019-2020 оқу жылындағы 8-сыныптар 76% мен 2020-2021 оқу жылындағы 9-сынып білім алушыларының білім сапасы 61%-ды көрсеткен. Пандемия кезінде қашықтан оқу арқылы білім сапасы 15%-ға төмендегені байқалды. Білім алудағы олқылықтардың орнын толтыру үшін белсенді оқыту әдістерін қолдану ұсынылады.

2. ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША ОҚУ ТАПСЫРМАЛАРЫ (МОДБ)

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

Бастауыш сыныптағы «Қазақ тілі» пәні бойынша тест тапсырмаларының құрылымы:

Оқу сауаттылығы бойынша тесттердің құрылымы бойынша әрбір тест екі мәтіннен тұрды: бірінші мәтін 4 тест тапсырмасынан, мәтіндегі сөз саны 130 сөзден аспайды, екінші мәтін 6 тест тапсырмасынан, мәтіндегі сөз саны 200 сөзден аспайды.

Тестте барлығы оқу мақсатының үш деңгейіне сәйкес 10 тапсырма берілген. «Қолдану» деңгейі бойынша 3 тапсырма, «Талдау» деңгейі бойынша 5 тапсырма және «Жинақтау» деңгейі бойынша 2 тапсырма бар.

Оқу мақсаттарының әрбір деңгейі оқушылардың келесі дағдыларын анықтауға бағытталған:

- ✓ «Қолдану» деңгейінде - мәтіннің формасы мен тілінің кейбір ерекшеліктерін пайдалана отырып, мәтіннен ақпаратты таба алады, соның негізінде қорытынды жасай алады;
- ✓ «Талдау» деңгейінде - олар мәтіннен ақпаратты нақты түрде алады және оны өзгертуі мүмкін; мәтін формасы мен тілінің кейбір ерекшеліктерін пайдалана отырып, мәтіннен ақпаратты таба алады, соның негізінде қорытынды жасай алады;
- ✓ «Жинақтау» деңгейінде - мәтіннің маңызды хабарларын түсінеді, мәтін бойынша өз бетінше қорытынды жасай алады, мәтіннің мазмұнына да, формасына да баға береді, мәтіннің кейбір тілдік ерекшеліктеріне назар аударады.

1-4 сыныптағы «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу сауаттылығын дамытуға арналған тест тапсырмалары

№ 1-тапсырма

Мәтінді оқып, 1-3 сұрақтарға жауап беріңіз.

Бірде шаштаразда байқалған жайдың ұшақ жасау ісінде үлкен табыспен пайдаға асқаны туралы білесіңдер ме? Бұл бір-ғибрат аларлық тамаша тарих! Сіз сондай істі өз басыңыздан өткермеген болсаңыз, өмір тәжірибесі кез келген жағдайда кәдеге асатынын ұмытпағайсыз. Айналаңыздағы ортаны бақылап үйреніңіз, көңіл аударуға тұратынын байқап қалуға тырысыңыз.

Ұшақ кабинасындағы шуылды азайтудың әдісін іздестіру кезінде осы жағдай авиаконструкторлардың есіне түсе кетті.

Мықты матаға желім жағып, оны күшті электр өрісіне енгізді, содан кейін жоғары жағынан бірдей етіп тілінген шыны талшықтарын септі. Шыны талшықтардың бір ұшы желімдеген матаға жабысты да, екінші жағы жоғары қарап тұрды. Ал оның үстіне желім жағылған матаның екінші қабаты түсті. Бұдан кеуекті резеңке тәрізді материал пайда болды. Ол дыбысты екінші жаққа өткізбеді, ешқандай шу да естілмейтін болды.

1. Мәтінде қандай қасиеттен үлгі алуға болатынын анықтаңыз.

- a) байқампаздық пен өнертапқыштық
- b) ойшылдық пен оқымыстылық
- c) есте сақау мен қайта жаңғырту
- d) қиялдау мен мақсатқа ұмтылыс

2) Шуылды азайту әдісінде төмендегілердің қайсысын қолданбады

- a) мата b) желім c) шыны талшықтары d) резеңге

3) Мәтіндегі оқиға желісін реттілігі бойынша белгілеңіз.

- 1) Ұшақ жасау ісінде табысқа жету
- 2) Шаштараздағы оқиғаның еске түсуі
- 3) Ұшақтағы шуылдың азайтудың жолын іздеу
- 4) Шаштараздағы байқағыштық

- a) 1, 2, 3, 4
- b) 4, 3, 2, 1
- c) 2, 1, 3, 4
- d) 4, 3, 1, 2

4) Жоспар құрыңыз.

Жоспар

- 1. _____
- 2. _____
- 3. _____

№ 2-тапсырма

Мәтінді оқып, 5-7 сұрақтарға жауап беріңіз.

Бозарал! Аспаны әнге, жері ұяға толы Бозарал! Дүниедегі әнші, әдемі құстардың көктемде бас қосатын жері-Бозарал!

Алтыбақан құрып, қой күзеткен ауыл алдындағы жазық, биік жардың құм қабырғасын үңгіп аққан өзен, көктайғақ мұзына доп ойнап, сырғанақ тепкен қара су сезімді шымшымай қоймайды. Машинаның кідіруін пайдаланып жерге түсесің, әрбір жапырақ жаудырап қарай қалады. Оларда манағы бір әзірде жауып өткен жаңбырдың меруерт тамшылары мөлтілдейді. Дүниедегі ең таза тамшылар туған жердің жапырағында тұрғанына жүрек баладай қуанады, іш анадай елжіреді. Қанша үнілгенімен, құмар қанар ма? Қайсыбіріне ғана қарасың, қайсыбірін ғана аларсың. Бір уыс жалбызды жұлып аласың. «Мен де қалмаймын» дегендей, буылдықтың бір тал сабағы да қолыңа іліне кетеді. Жалбызды иіскейсің-ұзақ иіскейсің. Оның қандай жерге өскенін көргің келіп, аяғыңның астына үнілесің. Бір шөкім топырақ аласың.

5) Мәтін не туралы екенін анықтаңыз.

- a) Көктем мезгілі
- b) Табиғат тамашасы
- c) Жастық шаққа саяхат
- d) Туған жер

б) Автордың баладай қуанып, анадай елжіреуіне не себеп болды?

Ойыңызды жазыңыз.

Жауабы: _____

7) Төмендегі сезімдердің қайсысы автордың мәтіндегі көңіл-күйі бола алмайды?

- a) Туған жерге деген қимастық сезім
- b) Туған жерге деген сағыныш сезімі
- c) Туған жерге деген мақтаныш сезімі
- d) Туған жерге деген қамқорлық сезімі

№ 3-тапсырма

Мәтінді оқып, 8-10 сұрақтарға жауап беріңіз.

Данышпанның бірі былай депті: «Ішімдік адамды торт күйге түсіреді. Ә дегенде адам тотыға ұқсайды да, жұрт көзіне түсуге тырысады. Содан соң ол маймылдың қылығын шығарады да, елдің бәрімен қалжыңдасып, қылжақтай береді. Одан кейін арыстан кейпіне кіреді де, тәкаппар, паң, күшіне сенген өркөкірекке айналады. Ақыр аяғында ол шошқаға ұқсайды да, батпаққа аунап Кете барады». Олай болса, адам мұндай күйге түсуден сақ болу керек.

8) Мәтінде қандай тәсіл қолданғанын көрсетіңіз.

- a) байланыс құру
- b) салыстыру
- c) анықтама беру
- d) мысал келтіру

9) Төменде берілген әрекеттердің қайсысы мәтіндегі жануарлар кейпіндегі адамдардың әрекетіне сәйкес келеді?

- a) Шошқаны жақсы көріп кетеді.
- b) Әркімге көмектесе береді.
- c) Ешкімге ырық бермей, өзін ғана күшті сезіну.
- d) Өндетіп, құлап, жығылып жүреді.

10) Мәтіндегі арыстан адамға тән қасиетті көрсетіңіз.

- a) Қылжақбас
- b) Менмен
- c) кішіпейіл
- d) әлсіз

№ 4-тапсырма

Мәтінді оқып, 11-13 сұрақтарға жауап беріңіз.

Бала кезімнен естіген, үйренген, білген сөздерімнің ішінен бір сөз көкейімнен ерекше орын алады. Өйткені ол сөзді әжем де, анам де, әкем де мен үшін тілдерімен емес, жүректерімен айтып отыратындай сезілетін. Кейде әжем сол сөзді маған арнап айтқанда, мейірлене кеудесіне қысып, маңдайыма ыстық лебің тигізе иіскейтін. Сондықтан ол сөз маған барлық сөздерден де құдіретті сезілетін. Ол сөз «Айналайын!» деген сөз еді. Осы сөз әжемнің мейірімді кеудесінен шыққан сайын, мен іштей қайталаймын, есейе келе, өзімнен кішілерді мен де «Айналайын» дейтін болдым.

11) Мәтін мазмұнына лайық мақалды анықтаңыз.

- a) Жылы-жылы сөйлесең,
Жылан інінен шығады.
- b) Кішілерді көріп, қартайғаныңды білесің.
- c) Жақсы сөз-жан азығы.
- d) Бала балдан тәтті,

Немере жаннан тәтті.

12) Мәтінде асты сызылған сөздің мағынасын табыңыз.

- a) бетін b) алақанын c) маңдайын d) демін

13) Мәтінге сай келмейтін қатарды белгілеңіз.

- a) Жақсы сөз санада жатталып қалады.
b) «Айналайын» сөзі кейінгі кезде қолданыстан шығып бара жатыр.
c) Айналып, еркелеткен-адамның мейірімділігін танытады.
d) Жақсы сөз тілден емес, жүректен шығады.

№ 5-тапсырма

Мәтінді оқып, 14-16 сұрақтарға жауап беріңіз

Жетіген – қазақ халқының өте ерте заманнан келе жатқан жеті ішекті шертпелі музыкалық аспабы. Аспап ағаштан құрастырылып жасалады. Құрылысы өте қарапайым. Жетіген аспабы талай жүздеген жылдар өтсе де, аяғы қарапайым күйінде. Жетілдірілген түрінде он үш ішек байланып, арнайы тиектер қойылған. Аспаптың үні өте нәзік, құлаққа жағымды. Ел арасында аспаптың шығуы жайында көптеген аңыздар айтылады. Сол бір аңыздың бірінде: «өткен заманда өмір сүрген бір қарияның жеті баласынан айырылған қасіретті қайғысынан туындаған» деседі. Бізге «жетіген» деген атау осылай жеткен. Қазіргі кезде жетіген аспабы көптеген ансамбльде ойналып, кеңінен насихатталып келеді.

14) Жетіген аспабы неден жасалады?

- a) ағаштан b) алтыннан c) қағаздан d) ішектен

15) Мәтінде жауабы жоқ сұрақты табыңыз

- a) Жетіген қандай аспап?
b) Жетіген аспабында неше ішек бар?
c) Жетіген аспабы туралы ақты қанша ағыз бар?
d) Жетіген аспабының үні қандай?

16) Музыкалық аспапқа қатысты не айтылмаған?

- a) аспаптың дыбысы
b) аспаптың құрылысы
c) аспап атауы туралы аңыз
d) аспапты кімдердің дайындайтыны

Қорытынды.

Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі білім беру ұйымдарынан тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (бұдан әрі – МЖБС) сәйкес білім алушылардың білім сапасын жүйелі бақылау болып табылады. ББЖМ кейін әдістемелік көмек көрсете отырып және білім беру сапасын қамтамасыз ету жөнінде ұсынымдар әзірлей отырып, тестілеу нәтижелерін дайындауды және жүргізуді, өңдеуді және жүйелі талдауды қамтиды.

Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингін бақылауға дайындық жұмыстарында:

педагогке:

- білім алушының үлгермеу себептерін, оның оқу жетістіктерінің деңгейін және біліміндегі олқылықтарды анықтау;
- жеке қолдау көрсету үшін білім алушының қажеттіліктерін зерделеу;
- жеке тапсырмаларды таңдай отырып, оқытудың жеке жоспарын әзірлеу;
- жүйелі кері байланысты ұйымдастыру ұсынылады.

Педагог оқушылардың білім алу қажеттіліктерін және жеке даму жолын ескере отырып, пән бойынша білім алушылардың білімін толықтыру алгоритмін дербес әзірлеу ұсынылады. Мысалы:

- өткен және ағымдағы оқу жылдарындағы оқу пәні сабақтарының тақырыптарын, оқу мақсаттарын кіріктіру;
- пәндер бойынша өткен оқу жылының материалдарын жаңа оқу жылының барлық кезеңіне бөлу;
- жаңа тақырыптарды және оқу мақсаттарын меңгертуге дейін бұрынғы оқу материалдарын қайталау;
- білім алушыларға қиындық тудырған тақырыптар бойынша қосымша сабақтар өткізу;
- білім алушыларға күрделі тақырыптар/оқу мақсаттары бойынша жеке және топпен консультациялар өткізу;
- өткен оқу материалы бойынша оқу пәнінен олимпиадалар ұйымдастыру;
- каникулдық сабақтарды және жазғы мектепті ұйымдастыру;
- формативті бағалауда өткен оқу жылындағы оқу бағдарламасы бойынша тапсырмалар әзірлеу және енгізу;
- өткен оқу жылындағы материалдар бойынша зерттеу және жобалау жұмыстарын ұйымдастыру;
- білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру сабақтары үшін Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентінің сағаттарын пайдалану;
- білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында қосымша білім беру ұйымдарының мүмкіндігін барынша пайдалану;
- білім беру платформаларын қолдану.

«Қазақ тілі» пәні бойынша 5-11 сыныптар үшін оқу сауаттылығын дамыту тапсырмалары

Білім беру мазмұны аясында грамматиканы оқыту өзекті мәселе болып отырғаны белгілі. Грамматиканы оқыту – білім алушыны толық коммуникативтік байланысқа түсірудің методикалық құралы, қазақ тілін оқытудың мақсаты мен заңдылықтары. Бірақ қазақ тілі сабақтарындағы тек грамматикалық жүйе туралы білім, ережелер, категориялар, ұғымдар туралы білімдер сол тілді меңгергендіктің көрсеткіші бола алмайды. Оқушылар ережелерді есте сақтап, жатқа айта алады. Дегенмен сабақ барысында ережені құр жаттатудан гөрі, сол алынған білімді білім алушының өмірде қолдана алуына, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуге, идеялар тудырып және оны іске асыруға, өзінің көзқарасын негіздей білуге қалыптастырған жөн. Қазақ тілінен оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері дегенде, ең алдымен, оқушылар меңгеруі тиіс деп танылған қазақ тілінен берілетін білім мазмұны, ана тілінде оқуы арқылы өзін-өзі тануы, тілдік

санасы жетіліп, жеке тұлға ретінде қалыптасуына игі ықпал ететін заңдылықтар қарастырылады.


Қазақ тілі жүйесінен білім алу, тіл мәдениеті мен сөйлеу сауаттылығын қалыптастыру және дамыту арқылы тұлға қалыптастыру – қазақ тілін оқыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың басты мақсаты. Оқу сауаттылығын дамытуда стиль мен стилистика, шешендік өнер, орфография мен пунктуация бойынша практикалық мәні үлкен тіл салаларын меңгертудің маңызы зор. Күнделікті қазақ тілі сабағында ережені айту, жаттату, талдаулар жүргізумен ғана шектелмей, шынайы өмірде керек болатын білім мазмұнын теориялық және практикалық бағытта ұйымдастыру қажет. Қазақ тілі сабағында функционалдық сауаттылық тапсырмалары тілдік ережелерді түсіну – тілдік нормаларды сақтау – іс-әрекет тәсілдерін меңгеру деген желі бойынша құрылады.

Білім мазмұны аясында қазақ тілінен грамматикаға негізделген халықаралық зерттеулер (TIMSS, PISA) форматындағы тапсырмалар сөздерді синонимімен алмастыру, сөйлемдерді перифразалау, сұраққа өз көзқарасын білдіріп жауап жазу, дәйексөзге түсіндірме жазу, т.б. қамтиды.

ТЫҢДАЛЫМ

«21 жылда Нұр-Сұлтан қаласы алып мегаполиске айналды» (<https://www.youtube.com/watch?v=YNxj8qEaLTg>) бейнежазбасын көріп, төмендегі тапсырмаларды орында.

№ 1-тапсырма. Нұр-Сұлтан қаласы халқының саны туралы графикалық мәтіндегі мәліметтермен танысып, неологизмді қатыстырып 2-3 сөйлем жазыңдар. Жазған сөйлемдерінде тыныс белгілерін қандай заңдылыққа сүйеніп қойғаныңды айтып көр. Алдыңғы сыныптарда тыныс белгілерінен алған біліміңді еске түсір.



№ 2-тапсырма. Жұппен жұмыс. 1-жұп бейнежазбадағы Нұр-Сұлтан қаласында 21 жылда салынған білім ордалары туралы сандық деректерді, 2-жұп салынған пәтерлер туралы сандық деректерді графикалық мәтінге (кесте, диаграмма) түсіріңдер. Графикалық мәтіндерің бойынша неологизм, термин сөздерді қатыстырып, 3-4 сөйлем жазыңдар.

Елорда туралы қызықты деректер

1998 жылы Ақмола Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланған соң, қала атауы Астана деп өзгертілді. Қала Сарыарқаның солтүстігінде, Есіл өзенінің бойында орналасқан. Еуропа мен Азияны байланыстыратын тарихи орталық. 2019 жылы қала атауы Нұр-Сұлтан деп өзгертілді.

Халық саны: 1 078 362 адам (2019)

Халық санының тығыздығы: 1299 адам/шаршы шақырым

Аумағы: 72,2 мың гектар: «Алматы» ауданы – 21,4 мың гектар, «Сарыарқа» ауданы - 19,6 мың гектар, «Есіл» ауданы – 31,2 мың гектар.

Телефон коды: Қазақстан бойынша қалааралық код – 7172; халықаралық код – 107 – 7172.

Климаты: Континентальды. Қыс мезгілі өте суық, ұзақ, қатты. Жаз мезгілі құрғақ, шілде айының орташа температурасы +20 С.

1998 жылы ЮНЕСКО шешімі Нұр-Сұлтан қаласын «Бейбітшілік қаласы» деген атауға сай деп танып, медальмен марапаттады. Бразилияда өткен дүниежүзілік байқауда әлем бойынша 12 жас қаланың ішінен Астана жоғары атақты иеленді.

Нұр-Сұлтан – Азия елдерінің ішіндегі солтүстікте орналасқан қала.

Нұр-Сұлтан – әлемдегі суық астаналардың қатарында. Ұлан-Батор қаласынан жылырақ, ал Оттавадан суық.

Әлемдегі екі елдің астанасы Солтүстік Мұзды мұхит бассейнінде орналасқан. Моңғолия астанасы Ұлан-Батор қаласы Енисей, ал Нұр-Сұлтан Есіл өзенінде орналасқан.

Қала жобасымен атақты жапон сәулетшісі Кисе Курокава айналысты. (https://massaget.kz/mangilik_el/kozayyim/19767/)

ОҚЫЛЫМ

«Елорда туралы қызықты деректер» мәтіні арқылы алдыңғы сыныпта, алдыңғы сабақтарда алған білімдерін пайдалануға негізделген тапсырмалар орындатуға болады. Тапсырма оқушылардың білімі мен дағдылары қайталанып, одан әрі дамытылып отыратын спиральді оқу бағдарламасы моделіне негізделеді. Бұл білім алушының меңгерген материалын қайталау арқылы есте сақтауына, оны жете меңгеруіне көмектеседі.

№ 1-тапсырма. Берілген сөздердің синонимін мәтіннен тауып жаз.
ауданы; ауа райы ; әлемдік; белгілі

№ 2-тапсырма. Мәтіндегі бірге, бөлек, дефис арқылы жазылатын сөздерді үш бағанға бөліп жазыңдар. Алдыңғы білімдеріңді еске түсіріңдер.

№ 3-тапсырма. Мәтіннен неологизмдер мен термин сөздерді теріп жаз. Термин сөздердің қай ғылым саласына тән екенін анықта.

Қашықтықтан оқыту жағдайында халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырмаларды әзірлеп, Google Форм, Microsoft Teams, Online Мектеп, Күнделік арқылы орындатуға болады. Мысалы: 5-сыныпта қазақ тілінен I тоқсанда әдеби тіл нормалары бойынша берілген оқу мақсаты: 5.4.3.1 тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздер көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану, ал II тоқсанда «Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі. Лексика» бөлімінде 5.4.3.1 омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай

қолдану. Әдебиеттен «Тәрбиенің қайнар бұлағы» бөліміндегі Ы.Алтынсариннің «Қыпшақ Сейітқұл», «Атымтай жомарт», «Дүние қалай етсең табылады?» әңгімелерін өткенде «Анализ және интерпретация» бөлімінде көркем шығарманың тілі бойынша оқу мақсаты: 5.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау бағытында жұмыс жүргіземіз. Осы оқу мақсаттарына сүйене отырып, пәнаралық байланысқа негізделген тапсырмалар әзірлеуге болады. Бұл оқушылардың қазақ тілі пәнінің аясында меңгерген теориялық білімдерін әдебиет пәнінде пайдалана алуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар бір пәннен үйренген іскерліктері екінші пәнді терең, жан-жақты меңгеруіне ықпал етеді. Мысалы: «Атымтай жомарт» әңгімесі негізінде жоғарыда аталған білім платформалары арқылы білімдерді ықпалдастыруға негізделген жабық және ашық тапсырмалар әзірлеп, оқушы жетістігін бағалауға болады.

Ы.Алтынсариннің «Атымтай Жомарт» әңгімесін оқып, төмендегі тапсырмаларды орында.

1- тапсырма. Бір таңдауы бар сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтіндегі жомарт сөзінің антонимі. А) Сараң В) Қонақжай С) Қолы ашық Д) Кеңпейіл

2. Мәтіндегі ауыспалы мағынадағы сөздер қатарын анықта.

А) күн сайын, бір мезгіл В) отын кесіп, жұмыс қылады екен

С) бір-екі пұлға, өзім ішіп-жеп Д) көңілге жел кіргізеді, терезесі төмен

3. « ...Екіншісі: бар бола тұра, мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер әбірет алсын деймін», - деген үзіндідегі асты сызылған сөздің синонимдік қатарын белгіле.

А) үлгі, өнеге, ғибрат, тағылым В) бай, дәулетті С) жарлы, бейшара, кем-кетік Д) әдемі ат, асыл киім

2- тапсырма. Мәтіндегі сөздердің антонимін жаз.

Жомарт -; бай -; аш -; жақын -; жарлы -; бейнет -

3- тапсырма. «...Құдай тағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын», - деген Атымтай жомарттың сөзін шынайы өмірмен байланыстырып, 3-4 сөйлеммен тұжырымдап жаз. Сөйлемдерінде мәндес сөздерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдан. Орфографиялық нормаға сай жаз.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында орындалатын оқу тапсырмаларына сыныптар бойынша тоқталайық.

5 сынып

Қазақтың ұлттық тағамдары

Қазақ халқы асты өте жоғары бағалаған, әрі қастерлей білген. Қазақ дастарқанына көбінесе ұннан, сүттен, еттен жасалған тағамдар қояды. Қазақ

халқы еттен түрлі тағамдар жасаған. Ет тағамдары: шұжық, түйемеш, шыж-мыж, бұжы, сырбаз, сірне, қуырдақ, сүр ет т.б. Ұлт тағамдарының негізі – сүт тағамдары. Сүт тағамдарын халық бір сөзбен «ақ» деп атайды. Сүт тағамдарының қоректік қасиеті мол, әрі денсаулыққа пайдалы. Сүттен қымыз, шұбат, қатық, май, ірімшік, құрт, сүзбе, қаймақ, айран, уыз сияқты тағамдар жасаған. Ұннан жасалатын тағамдар: бауырсақ, шелпек, құймақ, таба нан, жайма, күлше т.б. Бұл тағамдардың барлығын ысырап етпей пайдалана білген жөн.

Мақсаты: ұсынылған мәтін білім алушыларды жалпыадамзаттық құндылықтарға баулиды. Ұлттық тағамдарымызға деген құрмет, барды бағалау, ысырапшылдыққа жол бермеу, ғасырлар бойы құнын жоғалтпаған байлығымызды жеткіншектер бойына сіңіру.

Тапсырмалар:

№ 1. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақ халқы асты қалай бағалаған?
2. Ет тағамдарын ата.
3. Сүт тағамдарын ата.
4. Ұн тағамдарын ата.
5. Сен қандай тағамдарды ұнатасың?


1. Ет, сүт, ұн тағамдарын топқа бөліп жаз.

2. Тірек сөздерді пайдаланып, мәтін құрастыр.

Тірек сөздер: дәмді, пайдалы, дәрумен, айран, сүт, қымыз, шұбат, ағза, адам.

4. «Пайдалы сусындар» тақырыбына мәтін құрастыр.

5. Сызба бойынша сөйлемдер құрастыр.



№ 2. Сөйлемнің дұрыс, бұрыстығын анықта.

Сөйлемдер	Дұрыс	Бұрыс
Шұбат – биенің сүті		
Қазақ халқының ұлттық тағамдарының пайдасы зор		
Сүт тағамдары денсаулыққа пайдалы.		
Ет тағамдары- бауырсақ, қымыз, құрт		

№3. Мақалды толықтыр.
Ас атасы- ...
Нан бар жерде ... бар.
Ас- адамның ...
Ас тұрған жерде ... тұрмайды.

Түйінді ой. Қазақ халқының тұрмысынан хабар беретін ұлттық тағамдардың құндылығы. Асты қадірлеу. Қанағатшыл болу.

Критерий:

- мәтін мазмұнын түсініп, сұрақтарға жауап беру;
- тағамдарды топтастыра білу;
- ұсынылған тірек сөздерді қолданып, мәтін құрастыру;
- сызба бойынша сөйлемдер құрастыру;
- мәтін мазмұны бойынша ақпараттың дұрыстығын ажырату;
- осыған дейінгі біліміне сүйене отырып, мақалды толықтыру;

Дескриптор:

- мәтін мазмұнын түсініп, сұрақтарға жауап береді;
- тағамдарды топтастырады;
- ұсынылған тірек сөздерді қолданып, мәтін құрастырады;
- сызба бойынша сөйлемдер құрастырады;
- мәтін мазмұны бойынша дұрыс ақпаратты ажыратады;
- осыған дейінгі біліміне сүйеніп, мақалды толықтырады;

5 сынып

... Соның бәрін де шамалап қарап, ақыр бір қиялға түсіп, Сейітқұл әуелі мекен еткендей бір орын іздеді. Көп жерлерді кезіп жүріп, ақырында Торғай тересіндегі Қабырға деген өзен-судың бойына тоқтады. Мына жақта Үргеніш, Қоқаннан, мына жақта қалмақтан шетірек және жаманшылық болса, қалың Қыпшақ деген руға жақынырақ екен деп, сол жерді ұнатып қайтқан соң, қысты өткізіп, жаздың жылы уақытында кедейлерді жалаңаш-жалпы көшіріп, Қабырға бойына алып келді. Сейітқұлдың бір ағасы бар еді, жол жүріп, ұрлық, барымтаны әдет еткен. Інісінің қанша айтқан ақылына болмай, үш-төрт үймен жалғыз-ақ сол көшпей, ескі орны Түркістан жағында қалды.

Қабырғаның бойына келген соң Сейітқұл қолына кетпен алып, отыз үйлі кедейіне де кетпен беріп, жер тегістеп, егін егуге кірісті. Түркістан жағында көрген үлгісімен судан арық қазып шығарып, егінге су жіберді. Егіні піскен соң орып, жиып алып, артығын төңірегіндегі көшпелі елге сатып, мал етті. Жаңа мекен еткен жеріне орныққан соң, Сейітқұл егінді жылдан жылға күшейтіп, арық басына шығыр салып, суды шығырмен айдап, астықтың (ол күнде бидай, тары, арпа егеді) артығын төңіректегі елге малға айырбас етумен, бұлардың малдары көбейіп, бай болды. Мұны көріп, әрбір көшпелі елдегі жарлы-жақыбайлар да келіп, Сейітқұлға қосылып, бес-алты жылда Сейітқұл елі деген төрт жүз үйге таянды дейді.....

Мақсаты: ұсынылған мәтін білім алушыларды құндылыққа бағдарланған білім беру мақсаты бойынша еңбек етуге баулиды. «Еңбек – бәрін де жеңбек». Оқушылар адамды адам еткен еңбек екенін түсінеді.

Тапсырмалар:

№ 1. Оқиғалар картасы бойынша шығарманың мазмұн реттілігін анықта.

1.Қабырға өзенінің бойына қоныс тепті.

2. Кетпен алып, жер жыртты.

3. Егін егіп, мол өнім алды.

4. Егінді қолмен суарды, игерді.

5.Өнімін сатуды үйренді.

6.Табысына мал алып өсірді.

7. Адал еңбекпен мұратына жетті.

№ 2. Берілген тіркестерді пайдаланып, Сейітқұлдың арманын жазыңыз.

Отыз үйлі кедейді байыту, ел қатарына қосу, жайлы қоныс табуды, елінің аман болуын.

№ 3. Ұйқас бойынша өлең жолдарын құра.

.....болыпты

.....армандапты

.....жүріп

.....көшіріпті

№ 4. Мақалдардың сыңарларын табыңдар.

Еңбек етпей елге өкпелеме, ... (өнерге бастан).

Еңбек ерлікке жеткізер, ... (ерінбесең жеңерсің).

Еңбек адамның ... (ерлік елдікке жеткізер)

Еңбек – ата, ... (жер – ана)

Еңбекке жастан, ... (егін екпей жерге өкпелеме).

Еңбек етсең емерсің, ... (екінші анасы).

Түйінді ой. Еңбекқорлық арқылы үлкен табысқа жетуге болатынын түсіну. «Бірлігі бар ел озар», - демекші, бірлікпен ғана мақсаттың биік шыңына жете аласын. Бірлік пен еңбектің ұштасуы біздің өмірімізге керекті ең құнды қасиет.

Критерий:

- шығарманың мазмұн реттілігін анықтау;
- Сейітқұлдың арманын анықтау;
- ұсынылған ұйқас бойынша өлең жолдарын құрастыру;
- мақалдардың сыңарларын табу;

Дескриптор:

- шығарманың мазмұнын аша алады;
- Сейітқұлдың арманын анықтай алады;

- ұсынылған ұйқас бойынша өлең жолдарын құрастырады;
- мақалдардың сыңарларын табады;

6-сынып

... Жетілмей келе жатқан тісі ғана. Көксерек арлан еді. Сондықтан бұның бойы биіктене берді. Әлі тұрқы шығып ұзарған жоқ. Барлық жүні қара көк, жотасы күдірейіп, ауыз омыртқа мен құйрығына шейін түп-тұтас болып, күлдіреуіштей бүгіледі». Атылып келе жатқан садақ оғындай үңілген, сүйірленген бір бітімі бар.

Өзі ешкімге ізденіп соқтықпайды. Ит баласына заты қастай, жібімейді. Әлі күнге бір рет жадырап ойнап көрген емес. Татулық жоқ, суық. Жалғыз-ақ атын біледі. Құрмаш пен әжесі шақырса – келеді. Онда да жүгіріп келмей, құйрығын сөлектетіп, бүкеңдеп қана келеді. Бұны да ашыққан уақытында істейді. Әйтпесе көбінесе анадай жерде қырыстанып, көзінің астымен жалт-жұлт қарап жатып алады. Барып түрткілеп, орнынан тұрғызып жіберген соң ғана үйге жүреді. Өскен сайын сызданып, суықтанып келеді. Сол мінезін байқаған үлкендер:

- Енді бұны өлтіріп, терісін алу керек, осы кәпір түбінде ел болмайды, – дейтін де болып еді. Бірақ Құрмаш көнбеді.

Осымен тағы біраз жүргенде бір күні Көксерек қара ала төбетке майдан берді. Қара ала төбеттің иесі Жұмаш бала жаз бойы Құрмашқа:

- Қасқырың болса қайтейін, менің қара ала төбетім бір-ақ бұрап соғады. Арашаламасаң, алдақашан өлтіріп тастар еді, — дей беретін.

Мақсаты: оқушыларды отбасылық құндылықтарға баули отырып, жауапкершілік, мейірімділікке бағыттау. Мәтін арқылы табиғат-адам қатынасын ғана емес, сонымен бірге әке мен баланың арасындағы текетірестің де, қас пен дұшпан арасындағы араздық та адамзаттың қас, жауы екенін түсіндіру. Адам мен табиғат арасындағы байланысты, тепе-теңдікті сақтау маңызды екенін түсіндіре отырып, адамгершілікке тәрбиелеу.

Тапсырмалар:

№1. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Ауыл адамдары Көксеректі неге жек көрді?
2. Неге Көксерек адамдар ортасына үйреніп кете алмады?
3. Көксеректі жауыздыққа, соншама өшпенділікке баулыған нәрсе не?

№ 2. Ұсынылған сөздермен жинақы мәтін құра.

Қасқыр, жыртқыш, комағай, ұлиды, шабуылдайды, жортуылдайды, қасқыр-түз тағысы, перзенті, бөрі, көкжал, аңшы, қырағы, сақ.

№3. «Семантикалық карта» әдісі арқылы қай кейіпкердің сөзі екеніндігіне тоқталып, талдаңыз.

№	Кейіпкер сөзі	Ауыл адамдары	Жұмаш	Құрмаш
---	---------------	---------------	-------	--------

1	- Енді бұны өлтіріп, терісін алу керек, осы кәпір түбінде ел болмайды.			
2	- Арашаламасаң, алдақашан өлтіріп тастар еді.			
3	- Қасқырың болса қайтейін, менің қара ала төбетім бір-ақ бұрап соғады.			

№4. Мақалдардың сыңарларын табындар.

Қасқырды қанша асырасаң да, (бөрі келгенде бірігеді).

Қасқырдың аузы жесе де қан, (бөрінің тәңірісі бар).

Ауыл иті болса да, (тоғайға қарап ұлуын қоймайды).

Иттің иесі болса, (жемесе де қан).

Түйінді ой. Жер бетіндегі тіршілікті татулыққа шақыру. Табиғатқа қиянат жасау, оның тыныштығын бұзу мәселесі - қауіпті мәселе. Қасқырлар жыртқыш да болса тіршілік иесі. Адамдар осыны түсіну керек еді. Ал қасқыр апанын бұзу, бөлтіріктерін өлтіру - адамның табиғатқа жасаған қиянаты.

Критерий:

- мәтін мазмұнын түсініп, сұрақтарға жауап беру;
- ұсынылған сөздермен жинақы мәтін құру;
- қай кейіпкердің сөзі екеніндігін анықтау;
- мақалдардың сыңарларын табу;

Дескриптор:

- мәтін мазмұнын түсініп, сұрақтарға жауап береді;
- ұсынылған сөздермен жинақы мәтін құрады;
- қай кейіпкердің сөзі екеніндігін анықтайды;
- мақалдардың сыңарларын табады;

8-сынып

Телефонды қалай пайдалану керек?

Қонақ үйде болғанда, нөмірден нөмірге телефон соғу үшін бөлменің нөмірін, егер ол төрт нөмірден тұрса, тікелей теріңіз. Егер бөлменің нөмірі үш цифрдан тұрса, басында «0»-ді содан кейін бөлменің нөмірін теріңіз.

Қонақ үйден тыс нөмірге байланыс жасау үшін (сыртқы байланыс жолы) «8»-ді теріңіз. Түркияның ішінде қалааралық телефон соғу үшін жергілікті кодты және абоненттің нөмірін теріңіз.

Түркиядан басқа елге халықаралық телефон соғу үшін ең алдымен «07»-ні теріңіздер де, халықаралық байланыс желісімен байланыстың сигналы – ұзақ гудок болғанша 1 секунд күтіңдер. Содан кейін телефон соғып отырған елдің халықаралық кодын, ары қарай ондағы қаланың кодын (бірінші «0»-сіз) және ақырында абоненттің нөмірін теріңдер.

Түркияның кез келген ауданы бойынша ақпарат алу үшін «0»- ді, содан соң қажет ауданның жергілікті кодын теріңіз.

Мақсаты: ұсынылған мәтін білім алушыларды жалпыадамзаттық құндылықтарға, оның ішінде ашықтыққа, креативті ойлау мен коммуникативті құзіреттіліктерін дамытуға баулиды. Ұсынылған мәтін үзінділерін жағдаяттық тапсырмаларда қолданып, креативті жазу, ақпаратқа сүйене отырып шешім шығара білуге дағдыландыру.

Тапсырмалар:

№1. Тест тапсырмаларымен жұмыс.

Жәния отбасымен Түркияға демалуға барды. Қонақүйге анасымен бір нөмірге орналасты. Таңғы асқа түсу үшін ағасына телефон соқты. Ағасы 614-нөмірге орналасқан болатын.

1. Жәния қандай нөмірді теру керек?

А) 614

Ә) 0 ді басу

Б) 0614

С) 614 санынан кейін 0 ді теру

2. Қаладағы мұражайға қоңырау шалып, билеттер құнын білу үшін бірінші қандай санды теру керек?

А) 0

Ә) 8

Б) 7

С) 1

3. Жәния Стамбулдағы өзінің қонақ үйіндегі нөмірінен Қазақстанға телефон соғуға дайындалды. Қазақстанға қоңырау шалу үшін Жәния ең алдымен қандай нөмірді теруі керек?

А) 08

Ә) 8

Б) 07

С) 7

4. Қалай ойлайсыз, Жәния телефонды қалай пайдалану керектігін қалай есте сақтауы мүмкін?

Жауабыңызды көрсетіп жазыңыз.

5. Бұл мақала кімдерге арналған?

А) Қала қонақтарына

Б) Қонақ үй жұмысшыларына

С) Тұтынушыларға

Д) Қонақ үй иелеріне

Түйінді ой. Тұлғаның өмір бойы білім алуға дайын болуы оны ашықтыққа баулиды. Кез-келген ортада өз-өзін ұстай білу, қажет ақпаратты қолдана білу, икемділік жаңашылдыққа бастайды.

Критерий:

- мәтін мазмұнына сүйеніп, қажет санды табу;
- қалалық нөмірге қоңырау шалу реттілігін білу;
- жүйелілікті сақтау;
- ойын жинақы жазу;
- қажетті аудиторияны анықтау;

Дескриптор:

- мәтін мазмұнына сүйеніп, қажет санды табады;
- қалалық нөмірге қоңырау шалу реттілігін біледі;
- жүйелілікті сақтайды;
- ойын жинақы жазады;
- қажетті аудиторияны анықтайды;

8-сынып

... Бала жатыр төсекте, албыраған,
Әке жатыр еденде, қалжыраған.
Түн күзетіп ана отыр, қос жанары
Шарасыздан шаршаған, жаудыраған.
Түні мынау - тамыздың маужыраған,
Тауың анау - шымылдық салбыраған.
Биік барып жаралған жер бетінен,
Сол байырғы «Жетім көл» келбетімен.
Айдынында аққулар ұйықтап жатыр,
Сайдан соққан самалмен тербетілген.
Жер бетінде тыныштық, көл бетінде,
Қауышыпты қара орман, көл де, түн де.
Бала жатыр төсекте күйіп-жанып,
Баласының ана отыр күйін бағып.
Қайдағы бір қатыгез, сұрқай ойлар,
Миын қарып барады, миын қарып.
«Сарқытындай өлімнің қалған қарға,
Екеу болса, дүние-ай, арман бар ма!...»
Аракідік назарын аударады,
Төрт бүктеліп еденде қалған жарға.
Қауіптеніп түндерге, таңдарға да,
Үн шығармай іш құса, зарлауда ана.
«Мана, күндіз, тәуіп шал не деп кетті?!
Әлде өтірік, әлде шын демеп кетті...
-Аққуменен баланы аластаңдар,
Деді-дағы жәйімен жөнесп кетті...»

-Тұрсаңшы, таяу қалды таң атуға,
Неткен жансың санасыз жаратылған?!
Манағы тәуіп шалдың айтқан сөзі,
Ұмытылып кетті ме санатыңнан?
...Айналайын аққудың қанатынан,
Қайтеміз, ол да адамға бола туған...
(Мұқағали Мақатаев)

Мақсаты: үзінді білім алушыларды жалпыадамзаттық құндылықтарға, оның ішінде жауапкершілік, махаббат, отбасын сақтауды қалыптастыруға баулиды. Шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, ойын білдіруге, ашықтыққа бағыттау. Поэманың негізгі кейіпкері ана бейнесі арқылы көл еркесі аққуға жасалған қиянаттың қайғылы оқиғаға ұрындыру себебін таныту, қоршаған орта заңдылықтарына қарсы келмеу қажеттігін нақты дәлелдермен түсіндіру.

Тапсырмалар:

№1. Ақынның поэмасына арқау болған тақырып?

- А) Сұлулық
- Ә) Махаббат
- Б) Зұлымдық

№2. Ананың психологиялық жай-күйін ақын қалай берген? Үзіндіні пайдалана отырып, ойыңызды дәлелдеп жазыңыз.

№3. Ананы қасиетті аққуға оқ атуға итермелеген не?

- А) ашыққандық
- Ә) баласының ауруы
- Б) қатігездік

№4. Бала жатыр төсекте күйіп-жанып,

Баласының ана отыр күйін бағып –деген өлең жолындағы «күй» сөзінің мағыналарын түсіндір. Жауабыңызды көрсетіп жазыңыз.

№5. Шығармадағы оқиғаға байланысты мәселені шешудің бірнеше оңтайлы жолдарын немесе себептерін айқын көрсетіп, оған өзіңнің көзқарасыңды білдіріп дискуссивті эссе жазыңыз.

Түйінді ой. Ананың балаға деген махаббаты бәрінен де күштірек. Дегенмен, адам – табиғат перзенті. Дүниеде екі ана бар. Бірі – тіршіліктің анасы табиғат анасы, екіншісі адам анасы. Екеуі де мейірімді. Осы екі анаға да қаталдық көрсетуге, жанын жаралауға болмайды.

Критерий:

- поэма тақырыбын анықтау;
- басты кейіпкер әрекетіне баға беру;
- кейіпкердің қатігез әрекетке бару себебін анықтау;
- сөз мағынасын анықтау;
- өз көзқарасын білдіріп жазба жұмысын жазу;

Дескриптор:

- поэма тақырыбын анықтайды;
- басты кейіпкер әрекетіне баға береді;
- кейіпкердің қатігез әрекетке бару себебін анықтайды;
- сөз мағынасын анықтайды;
- өз көзқарасын білдіріп жазба жұмысын жазады;

8 сынып

Киіз үй – көшпенді тұрмыстың төл туындысы. Халқымыздың шебер үйшілері, шаңырақшылары, үйдің ағаш мүкәммалын, ағаш ыдыс-аяғын жасайтын ағаш шеберлерінің өнері өзіндік ұлттық ерекшелігі мен бүгінге жетті. Киіз үй мал шаруашылығы саласында қазір де пайдаланылуда. Киіз үй көшпенді тұрмыстың символы тәрізді болғандықтан, мал өсіруші қазақ, қырғыз, тәжік, өзбек, моңғол т.б. ұлттар «киіз туырлықтылар» атанды.

Грек тарихшысы Геродот б.з.д. V ғасыр да арғы ата-бабаларымыз – сақтардың киіз үйлерде отыратындығын жазған. Сол кезден бері сан мыңдаған шеберлердің қолынан шыққан 6 қанаттан 10, 12, 18 қанатқа дейін тігілген ақ ордаларды халқымыз қазіргі дәуірге дейін жеткізді.

Тарихта 30 қанатқа дейінгі алтын орданы хандар тіккен. Оның уық, кереге, шаңырақтары алтындалып жасалған. Алтын ордаларда хан-қағандар, бектер мен билер, төрелер мен уандар, болыс-билер отырып, билік жүргізіп, ел басқарды. Ел ішіндегі істерге кесім айтты.

Қазақ халқы киіз үй салтанатының бірін – торқалы тойында, бірін топырақты өлімінде көрсетті. Той өткізілетін яки ас берілетін жерге жүздеп үй тігіледі. Тойда үйлер шеңбер немесе бірнеше түзу сызық бойына қатарлап, көшелеп тігіледі.

(Әлима Ысқақ)

Мақсаты: патриотизм мен азаматтық жауапкершілікке баулу. Ұлттық құндылықтарды дәріптей отырып, ақпаратты өздігінен табу, оны қолдана білуге дағдыландыру.

Тапсырмалар:

№1. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

- Киіз үйдің қазақтың басқа да ұлттарда болуынан нені аңғардыңдар ?
- Грек тарихшысы Геродоттың зерттеулерінен қандай ой түйдіңдер ?
- Орта ғасырда мемлекеттердің Алтын орда, Ақ орда, Көк орда аталуы нені аңғартады?
- Қазақстан Республикасы Президенті резиденциясының Ақорда аталуының себебі неде?

№2. Мәтінге сәйкес дұрыс немесе дұрыс емес жауапты белгілеңіз:

Деректер	Дұрыс	Дұрыс емес
Киіз үй мал шаруашылығы саласында қазірде пайдаланылуда.		
Хандар тіккен киіз үйдің бөліктері: кереге, уық, шаңырақтары ағаштан жазалған.		
Геродот V ғасырда ата-бабаларымыз-сақтардың киіз үйлерде отырғанын жазған.		
Киіз үй - сәулет өнерінің туындысына жатпайды.		
Қазақ халқы салтанатты киіз үйлерді күнделікті өмірде қолданған.		

№3. «FILA» кестесін толтырыңдар.

FACTS /фактілер, деректер/	IDEAS /пікір не идея/	LEARNING ISSUES /сұрақтар/	ACTION PLAN /іс-әрекет не жоспар/

Толтырылған кестені сыныпқа таныстырып, жұмыстарыңды қорғаңдар.

№4. «Киіз үй – ата-бабадан қалған ұлттық құндылық» тақырыбындағы мақаланың тезисін жазыңдар.

Түйінді ой. Тұлғаның өмір бойы білім алуға дайын болуы оны ашықтыққа баулиды. Кез-келген ортада өз-өзін ұстай білу, қажет ақпаратты қолдана білу, икемділік жаңашылдыққа бастайды.

Критерий:

- мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру;
- мәтінге сәйкес ақпаратты анықтау;
- мәліметті пайдаланып, кестені толтыру;
- мақала тезисін жазу;

Дескриптор:

- мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;
- мәтінге сәйкес ақпаратты анықтайды;
- мәліметті пайдаланып, кестені толтырады;
- мақала тезисін жазады;

9 сынып

Бата

– Балам, мені үйге апаршы,– дейді екен. Өз үйінде болса да, солай айтады екен.

Сосын баласы әкесінің айтқанын екі етпей көлігіне отырғызып алып, көшені бір айналдырып келіп:

– Әке, әні, үйге келдік,– деп өз үйіне қайта әкеп қояды екен.

Әкесі сонда:

– Рахмет, балам, бәрібір өз үйіңе жетпейді ғой, – деп баласына мәз болады екен. Күніге осылай қайталады екен.

Бір күні Фазыл бір себептермен жұмысынан шығып қалып, көлігін де сатып жібереді. Әкесі күндегі әдетінен жаңылмай:

– Балам мені үйге апар, – дейді екен. Көлігінен айырылған баласы бір арбаның үстіне көрпе төсеп, әкесін соған отырғызып, ыңылдап машинаның дауысын салып ауланы бір айналдырып кеп:

– Әке, әне, үйге келдік, – дейді екен. Әкесі мәз болады екен. Бір күні әкесі:

– Балам, қолыңды жай, мен бүгін саған жақсылап бата берейінші, дұға етейін, – депті. Сосын былай дұға еткен екен:

– Балам, бүкіл әлемнің патшалары сенің соңыңнан ерсін! – деп бетін сипап, бата беріпті. Ал, ұлы болса:

– Қалай бүкіл әлемнің ел билеушілері маған қалай ереді? Мен оқымасам, үлкен жұмыста істемесем? – деп таңырқапты. Мейлі, әкемнің ақылы бүтін емес қой, – деп күліп, үндемей қоя салған екен.

Арадан біраз жылдар өтеді. Баласы үлкен оқу оқи алмай, тек медресе білімімен шектеліп Фазыл Имам атанады. Сол жылдары Самарқанның бір кесенесі ашылған ба, мешіт соғылған ба, әйтеуір, бір үлкен жиын болыпты. Оған барлық көрші қазақ, қырғыз, т.б. мұсылман елдерінің президенттері келіпті. Сол

жиынға Өзбекстанның бұрынғы басшысы Ислам Каримов осы Фазыл Имамды шақыртып, айтыпты:

– Сіз алға түсіңіз, бізге жол бастаңыз, – деп алдына өткізіп жіберіпті. Сонда алда келе жатып Фазыл ебіл-себіл жылаған екен. Жанындағылар таң қалып;

– Неге жылайсыз? Артыңызда ел билеген патшалар келе жатыр. Жыламаңыз,- депті. Фазыл сонда әкесінің берген батасын есіне алып, және оның қабыл болғанын айтып берген екен.

Ата-ананың батасы қашанда қабыл болады екен. Қандай жағдайда болса да көңіліне қарап құрметтеп өтейік.

Мақсаты: жеткіншектерді отбасы құндылықтарын құрметтеуге, ата-ана берген тәрбие мен үлгі-өнегені өмірде қолдануға, шығармадағы эпизодтар арқылы ой тастау. Отбасы құндылықтары – үлкенді сыйлау, құрмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. «Жақсы сөз – жарым ырыс». Ойды әдемі жеткізе білуге, шығармадан алған үлгі-өнегені өмірде қолдануға дағдыландыру.

Тапсырмалар:

№1. Мәтіндегі ақпаратты қолданып, кестені толтыр.

Тілдік қолданыстар	Мәтіннен бірнеше мысалдар тауып жаз
Тақырыптық тірек сөздер (2-3 сөз)	
Автордың көзқарасын білдіретін сөз тіркестері немесе сөйлемдер	
Эмоцияны білдіретін сөздер (2-3 сөздер немесе сөз тіркестері)	
Қорытынды ойды білдіретін сөздер	

№2. Мәтіндегі айтылған ой жүйесі бойынша бірнеше абзацқа бөл.

Мәтін құрылымы	Абзацтың бастапқы сөзі	Абзацтағы негізгі ақпарат
1-абзац		
2-абзац		
3-абзац		

№3. Қалай ойлайсыз, Фазыл Имамның әкесі өз үйінде бола тұра неге «мені үйге апаршы» деп өтініш жасады.

Жауабыңызды көрсетіп жазыңыз.

Түйінді ой. «Баталы сөз-балаға азық». Адамның амандығын тілеуіне, пейіліне қарап өлшейтін қазақ баласы айтылған сөзге, тілеген тілекке, берілген батаға ерекше мән берген. Үлкендердің ризашылықпен берген ақ батасы адамға рух беріп, жігерлендіріп отырған.

Критерий:

- мәтіндегі ақпаратты қолданып кестені толтыру;
- мәтіндегі айтылған ой жүйесі бойынша бірнеше абзацқа бөлу;
- мәтінге сүйеніп, өз ойын жазу;

Дескриптор:

- мәтіндегі ақпаратты қолданып кестені толтырады;
- мәтіндегі айтылған ой жүйесі бойынша бірнеше абзацқа бөледі;
- мәтінге сүйеніп, өз ойын жазады;

9 сынып

Піл мен қанден (И. А. Крыловтан)

Көшеде піл жетелеп біреу жүрді, кім көріпті хайуанды мұндай түрлі.
Көрсеткелі ап жүрген жануарды, тамашалап, артынан жұрт боп ерді.
Көшеде кез боп бір қанден, ұмтылды пілге шаптығып.
Шаңқылдап үрді ерленіп, тартынбай ұрысар жан шығып.
Қанденге бір ит кездей боп, деді: «Әліңді білсеңші,
Пілмен ұрысар сиқың жоқ, мазақ болмай, қой, көрші!
Қырқылдап қалдың, не бітті? әуре болмай, қой!- деді.
Сен бұлқындың, ол кетті, жан деген жоқ ол сені».
Деді сонда қанденің : «Мен де соны білемін, сондықтан ер боп келемін.
Ұрыс, соғыс қылмай-ақ, ер атанып көремін.
Жұрт мұнымды көрмей ме? батыр атақ бермей ме?
Қой, бұл қанден – ер шіркін, пілге де үрген демей ме?»
(аударған Абай Құнанбайұлы)

Мақсаты: әдеби шығармадан алған үлгі-өнегені өмірде қолдануға дағдыландыру Кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы өмірде өз орнын білуге баулу.

Тапсырмалар:

№1. «Концептуалды кесте» әдісі арқылы кестені толтыр.

Кейіпкер	Кейіпкер тілі	Сіздер не айтасыздар? (әр сұраққа 2-3 тұжырым жазу)
Піл	Мысалда үндемейді	
Канден	Жұрт мұнымды көрмей ме? Батыр атақ бермей ме? Қой, бұл қанден – ер шіркін, пілге де үрген демей ме?	
Ит	«Әліңді білсеңші, Пілмен ұрысар сиқың жоқ, мазақ болмай, қой көрші!	

№2. «Әлін білмеген әлек». Сендер келісесіңдер ме?

«Иә» немесе «Жоқ» сөзін айналдыра қоршап сызыңыз. Өз жауабыңызды негіздеу үшін мәтінді пайдаланыңыз.

«Иә» «Жоқ»

№3. Автор осы мысал арқылы не айтқысы келді?

Түйінді ой. Мысал арқылы ұрпаққа үлгі-өнеге беру. Әрбір жан иесі өз орнын білуі табиғаттағы тепе-теңдікті сақтауға негіз болады.

Критерий:

- мәтін мазмұнына сүйеніп, кестені толтыру;
- мәтінді пайдаланып, өз жауабын негіздеу;
- түйінді ойды анықтау;

Дескриптор:

- мәтін мазмұнына сүйеніп, кестені толтырады;
- мәтінді пайдаланып, өз жауабын негіздейді;
- түйінді ойды анықтайды;

9-сынып

Адалдық

Шілде айының шуақты күндерінің бірі еді. Жайлау етегіндегі шұрат-шұраттан шапқан шөбін баулап, жинап болып, көңілі көншіген бұрынғы мектеп мұғалімі, қазіргі қатардағы зейнеткер Атабек мотоцикліне екі баланы мінгестіріп, қайдасың ауыл деп зырлап келе жатқан. Кенет көзі жол шетіндегі әлденеге түсті. Күміс түймедей күнге шағылысып, жылт-жылт етеді. Мотоциклді тоқтатып, әлгі затты алды. Әмиян екен. Жемге тойған құстың бөтегесіндей бұлтиып, қомақты көрінеді. Әрі құмартып, әрі қызыға қарап қалған екі баланың көзінше санады. Екі мың төрт жүз теңге екен. Атабек екі балаға қарап күліп қойды да, мотоциклді от алдырды.

Кенет ұстазға бір ой келді. Осы тауып алған ақшаны желеу етіп, екі баланы сынап көрсе қайтеді. Екеуі де жасты, бірақ адалдығы қандай екен?

– Балалар, - деді үнсіз отырған Атабек ойлы пішінмен, - сонымен біз ақша тауып алдық. Енді сол ақшаны не істеуіміз керек? Қане, өз ойларыңды айтыңдаршы.

Әрқашан саспай, салмақпен сөйлейтін Сатай ұстаздың өзіне қайыра сұрақ қойды.

– Өзіңіз қандай шешімге келдіңіз, әуелі сіз айтыңыз?

– Жоқ, сендер айтыңдар.

– Онда мен айтайын, - деді мотоциклдің қобдишасында шыдамы кетіп отырған Қойшыбек, - тең бөліп алалық.

Сатай дауласа кетті.

– Тапқан екенсің тең бөлгенді.

– Енді не істейміз?

– Оны Атабек ағай біледі.

– Тауып алдық, ұрлағанымыз жоқ. Енді бөліп алмағанда қайтеміз.

– Бұл біреудің табан ақы, маңдай терімен тапқан ақшасы. Иесіне қайтаруымыз керек.

– Айталық, осы ақша басқа емес, өзіңнің жақын туысқаның, не болмаса досыңдікі болса қайтер едің? Бала не дерін білмей күмілжіп қалды.

– Оны қойшы, – деді күлмен қағып, –мына ақша бізге бұйырған. Бөліп алу керек.

– Осыны айтып ол ұстазға қараған. Ол үндемеді. Өйткені ол ренжулі еді. «Дүние үшін туған бәтшағар екенсің-ау» деп түйді ішінен.

Бұлар ауылға таяп қалғанда алдарынан бір салт атты көрінді. Жақындай келе үшеуі де тани кетті. Қойшыбектің апасы – Күлзипа екен. Бұлар жамырай амандасты. Әйел сәлемді селсоқ, салқын қабалдады. Қабағы қатыңқы, көңілсіздеу екен.

– Иә, деніңіз сау ма?– деді Атабек қайталай амандасып,– Қоржыныңызды толтырып қайтқан боларсыз.

– Қоржын құрысын,– деді әйел жасық үнмен,– әмиянымды жоғалтып алдым.

– Қашан?

– Бүгін. Бағана осы жолмен келе жаттым. Өзеннен өткенде бар еді. Содан дүкеннен зат алып, енді ақшасын төлейін десем жоқ.

– Табылып қалар, - деді Атабек, - Бұйырған дүние жоғалмас.

Қойшыбектің екі беті ду ете түсті...

Әйел қош айтысып, жүріп кетті. Атабек ештеме болмағандай мотоциклді от алдыра бастағанда Қойшыбектің көзі бағжаң ете түсті.

«Шынымен- ақ кеткені ме, міне, кетіп те барады». Сәл жүрген соң шыдамы таусылған Қойшыбек:

– Ағай, мен түсіп қалайыншы, - деді.

– Неге?

– Тәтеме барам.

– Ым, қалай екен адалдық пен арамдық? - деді ұстаз көлігін кері бұрып жатып, – Ақшаны бөліп алайық па?

– Қойшыбектікі дұрыс, бөліп алайық,– деді Сатай кекетіп.

–Кешіріңіздер,– деген сөзді ол зорға айтты.

Ұстаз бен серіктес досының алдында ұяттан жерге кіріп кете жаздады.

– Адалдық керек, балалар,– деді ұстаз әйелдің алдын орай тоқтаған мотоциклден табылған әмиянды иесіне бергелі түсіп жатып, – қашанда адал болыңдар.

– Адалдық,-деп Қойшыбек осы сөзді іштей өзінше бір қайталады. Сөйтті де үнсіз қалды...

(Дәнеш Ахметұлы).

Мақсаты: Мәтін арқылы оқушыларды адамзаттың асыл қасиеттерін меңгеруге, адалдыққа жетелеу. Айлакерлік пен қулықтың өрге баспайтын іс екенін түсіндіру.

Тапсырмалар:

№1. Мәтін мазмұнын түсініп оқу.

№2. Мәтіндегі Атабек ағайдың тапқырлығына қандай баға беруге болады?

№3. Мәтінде екі дос Қойшыбек пен Сатай бір-біріне қарама-қайшы рөлде берілген. Олардың орнында өзің болсаң қандай әрекет істер едің?

Түйінді ой:

Ағайдың тапқырлығы. Сатайдың адалдығы. Дүниеқоңыздыққа салыну. Өз қателігін мойындау.

Критерий:

-мәтінге қатысты өз ойларын білдіру;

-мәтіндегі кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз істерін саралау;

-мәтін арқылы адалдықтың қадірін түсіну;

-мәтіндегі қажетті өнегені бойына сіңіру.

Дескриптор:

1.Мәтінге қатысты өз көзқарастарын білдіреді.

2. Мәтіндегі кейіпкерлер жайында толық ақпарат біледі.

3. Мәтін арқылы адалдық пен жауапкершіліктің қадірін түсінеді.

4. Мәтіндегі кейіпкерлер арқылы үлгі-өнеге алады.

11 сынып

Қазақ қуыршақ театры

Қуыршақ театры – қуыршақтар арқылы сахналық ойын көрсететін ұлттық өнер ұжымы. Ертеден келе жатқан «Ортеке» ойыны – осының дәлелі. Ағаштан жонылып жасалған киік пен ат мүсіншесін сылдырмақпен жіп тағып, домбыра тартқанда жіптің бір ұшын ішекті шертер саусаққа іліп, билететін болған. Өлкелік қуыршақ театры Алматы қаласында 1939 жылы 10 қазанда ҚазАКСР ХАК-ның бұйрығымен балалар арасындағы мәдени жұмысты жақсарту мақсатымен құрылған. 1939 жылы театрға республикалық қуыршақ театры дәрежесі берілді. Театрдың қалыптасуына Қ.Бадыров, С.Телғараев, В.О.Гасюк, Ю.Г.Рутковский, т.б. театр қайраткерлері көп еңбек сіңірді.

Әр жылдары театр сахнасында Н.Гернеттің «Аладдиннің сиқырлы шамы», Ш.Құсайыновтың «Алдаркөсе мен Шығайбай», О.Әубәкіровтің «Қожанасыр - чемпион», «Тарқамайды тойымыз» спектакльдері мен музыкалық концерттік бағдарлама «Қуыршақтар шоуы» қойылды. Бүгінде театр репертуарында 30-ға тарта спектакль бар. Елімізде қуыршақ театрлары Ақтөбе мен Жезқазғанда, Ақтауда, Шымкентте және Қостанай мен Петропавлда ашылды.

Театр – 1969 жылы Ташкент пен Бішкек қаласында өткен Қазақстан мен Орта Азия республикалық қуыршақ театры фестивалінің, Ташкенттегі халықтар фестивалінің лауреаты.

2002 жылы Алматы қаласында өткен қазақ қуыршақ театрының Бірінші фестивалінде Алматы, Ақтау, Ақтөбе, Қостанай, Петропавл және Шымкент қуыршақ театрлары өнер көрсетті.

Мақсаты: ғасырлар бойы қордаланған ұлттық құндылықтарды жас жеткіншектер бойына сіңіру. Жеткіншектерді отансүйгіштікке, патриотизмге тәрбиелеу. Ұлттық мәдениет пен әдеби мұраларға құрмет, өз ата-бабаларының жетістіктеріне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру.

Тапсырмалар:

№1. Мәтіннен 1 негізгі және оны толықтыратын 2 қосымша ақпаратты анықтап, кестеге түсіріңіз.

Негізгі ақпарат	
Қосымша ақпарат	
Қосымша ақпарат	

№2. Мәтіннен 1 факті мен автор көзқарасы берілген 1 сөйлемді анықтаңыз.

Факт	
Көзқарас	

№3. Мәтіннің жанрын анықтап, жанрлық ерекшелігін дәлелдейтін 2 аспектіні анықтаңыз.

Мәтіннің жанры		
Жанрлық ерекшелігін дәлелдейтін аспектілер	1.	2.

Түйінді ой. Патриотизм, өз Отанына деген мақтаныш, адамның қоғам мен мемлекетке, елдің тарихы мен дәстүрлеріне деген құрметі қуыршақ театрының тарихымен танысу арқылы қалыптасады.

Критерий:

- мәтіннен 1 негізгі, 2 қосымша ақпаратты анықтап, кестеге түсіру;
- мәтіннен факті мен көзқарасты анықтау;
- мәтіннің жанрлық ерекшелігін анықтап, 2 аспектімен дәлелдеу;

Дескриптор:

- мәтіннен 1 негізгі, 2 қосымша ақпаратты анықтап, кестеге түсіреді;
- мәтіннен факті мен көзқарасты анықтайды;
- мәтіннің жанрлық ерекшелігін анықтап, 2 аспектімен дәлелдейді;

11 сынып

Апорт

Алматы апортының өзіндік тарихы бар. Өткен ғасырдың орта шамасында Алматыға Орал уезінен Редько деген шаруа көшіп келді. Ол от-арбамен Алматыға бір жыл жол жүріп жеткен екен. Ол Оралда апорт алмасын өсірген. Соның бір жаз бұтағын құмыраға отырғызып, баптап-күтіп ала келеді. Алматы жеріне отырғызады.

Әлгі бұтақ аз жыл ішінде үлкен алма ағашына айналып, жеміс береді. Бір ғажабы, жаңа қонысында біл апорт көлемі мен дәмі жағынан өзінің ата-мекеніндегі күйінен әлдеқайда асып түседі. Сөйтіп, ойда жоқта апорттың жаңа сорты пайда болып, көбейтілді. Жер шарында Алматыдан басқа жерде мұндай апорт түрі өспейді.

Апорттың бір ерекшелігі, ол басқа алмалардай кез келген жерде өспейді. Тек қана топырағы шұрайлы тау беткейінде, теңіз деңгейінен 900 – 1200 метр биіктікте жақсы өседі. Мұны бау-бақша зерттеуші ғалымдар дәлелдеп те отыр. Тіпті тарихтан белгілі бір жайт, СОКП Орталық Комитетінің бас хатшысы Леонид Брежнев өзі билік құрған жылдары Алматыдан Кремльге апорт алмасының үздіксіз жеткізіліп тұруын күн бұлжытпай орындайтын тапсырма ретінде өзінің көмекшілеріне жүктеген көрінеді. Міне, мұның өзі Алматы апортының маңызы қаншалықты болғандығын көрсетсе керек.

Мақсаты: туған жерге сүйіспеншілік және оны бағалай білу құндылықтары қалыптасады.

Тапсырмалар:

№1. Мәтіннің стилі мен жанрын, жанрға тән тілдік ерекшеліктерді анықтап, мәтіннің құрылымын талдаңыз.

Талдау аспектілері	Жауап
Мәтіннің стилі	
Мәтіннің жанры	
Жанрға тән тілдік ерекшеліктер	1. 2.
Мәтіннің құрылымы	

№2. Кестені толтырыңыз. Сөйлемді толық жазудың қажеті жоқ.

негізгі ақпарат	қосымша ақпарат	факт	көзқарас	идея

№3. «Алматы апортының қазіргі жағдайы» тақырыбында шағын мақала жазыңыз.

Түйінді ой. Еңбек арқылы барлық жетістіктерге жетуге болады. Еңбек – шешуші ұлттық фактор. Адам еңбегін бағалай білудің өзі ерлік. Әлемнің әміршісі – еңбек.

Критерий:

- мәтіннің стилі мен жанрын, жанрға тән тілдік ерекшеліктерді анықтап, мәтіннің құрылымын талдау;
- мәтін мазмұны бойынша кестені толтыру;
- тақырып бойынша шағын мақала жазу;

Дескриптор:

- мәтіннің стилі мен жанрын, жанрға тән тілдік ерекшеліктерді анықтап, мәтіннің құрылымын талдайды;
- мәтін мазмұны бойынша кестені толтырады;
- тақырып бойынша шағын мақала жазады;

Алынған мәтіндер оқушының ой өрісін, зейін қабілетін жетілдіруге және функционалдық сауаттылығын арттыруға көмегі тиетіндей деңгейде болуы қажет екендігін естен шығармаған жөн.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқылым тапсырмаларының үлгілері:

Білім беру жүйесін жаңартуға әсер еткен басты факторлардың бірі – функционалдық сауаттылықты қалыптастыру. Мектепте білім беру бағдарламаларындағы басымдық білім алушылардың өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамытуға бағытталған.

Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Бұл тәсілдеме пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

Оқу бағдарламалары функционалдық-коммуникативтік бағытқа негізделіп құрастырылды және оқушылардың пән туралы түсініктерін тереңдетіп, ұлттық мәдениет пен әлемдік мәдениеттің маңыздылығы туралы түсініктерін кеңейтеді.

Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, тұлғаның мектепте алған білімі, білігі мен дағдысын адамзат қызметінің әртүрлі саласында, сонымен бірге тұлғааралық қатынастар мен әлеуметтік байланыстарда кездесетін тіршілік міндеттерін жан-жақты шеше білу қабілеті ретінде түсіндіріледі.

Экономикадағы заманауи инновациялар, еңбек нарығындағы өзгерістер оқушылардың күрделі міндеттерді шешу үшін немесе оларды шешудің жаңа тәсілдерін табу үшін жағдаятқа, идеялар мен ақпараттарға талдау жасау және бағалауға, алған білімі мен тәжірибесін жаңа идея мен ақпаратты жинақтау үшін шығармашылық қолдануға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығын меңгеру қажеттілігіне себепші болады. Жігерлілік, алғырлық, өзгерістерге дайындығы, байланысқа бейімділігі сияқты тұлғалық қасиеттер өзекті болып отыр.

Нақты пән бойынша күнделікті білім беру үдерісінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және оқушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларын кез келген оқу үдерісінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану даярлылығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізуде қажырлылықты дамытуға бағытталған, өмір бойы білім алуға ынталандырады.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары білім алушыларды креативті ойлауға, өз ойын дәлелдер келтіре отырып, еркін жеткізуге қолдау көрсетіп, білім алушылардың гуманистік көзқарасын қалыптастыруға бағытталған. Мысалы, «7.1.2.1. Әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау» деген мақсатты алып қарастырайық. Бұл мақсатты жүзеге асыру барысында, ең алдымен, оқушылардың ойын гуманизмге аудартамыз. Гуманизм деген не? Сол туралы анықтама беріп өтеміз. Гуманизм – адамның кісілік қадір-қасиетін, адамның еркіндігін, адамның бақытқа құштарлығы мен талпынысын, адамның құқы мен жауапкершілігін, арын, намысын, мейірбандығы мен қайсарлығын, адамның жасампаздығын - яғни адамның барша адами қасиеттерін ұлықтайтын, даралығы мен дамуын

дәріптейтін идея. Содан кейін, яғни оқушы гуманизмнің не екенін түсінгеннен кейін кейіпкердің тұлғалық болмысын талдатамыз. Білім алушылар «тұлғалық болмыс» дегеннің өзін түсінбеуі мүмкін, сондықтан бұл туралы да айтып кеткен жөн. Тұлға – жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым. Адамның әлеуметтік қасиеттерінің жиынтығы, қоғамның даму жемісі және белсенді қызмет ету мен қарым-қатынас орнату арқылы жеке адамды әлеуметтік қатынастар жүйесіне енгізудің жемісі. Болмыс – бүкіл әлемнің тұтастығын, дүние мен адамның бірлігін, тіршіліктің мәнін білдіретін философиялық категория. Оқушы толық түсінік алғаннан кейін тапсырма беруге көшу керек.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқылым тапсырмаларының үлгілері:

- медиақұралдардағы материалдарды оқу арқылы ақпараттар мен дәлелдемелерді түсіну, түрлі көзқарастарды талдау және салыстыру;
- күрделі және көлемді шығармалардағы кейіпкерлердің психологиялық көңіл-күй өзгерісіне автордың көзқарасы мен себебін оқу және дәлелдеу;
- шығарманың бөлімдерін түсініп оқу, ақпаратты зерттеу және синтездеу;
- жоспарлар, тезис, конспект, қысқаша мазмұндау, сұхбат, репортаж, эсселерді сын тұрғысынан оқу, жазу және редакциялау;
- ақпараттық ресурстарды қолдана отырып, әлем әдебиетінің құндылықтары туралы зерттеу жүргізу және сыни тұрғысынан ойлау арқылы сын пікірлер айта білу;
- әдеби шығармаларды, БАҚ материалдарын және интернетті өз бетімен оқу және түсіну.

Түсіну және жауап беру дағдысы бойынша «6.1.1.1 әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау» деген оқу мақсатын игертуде оқушыға ең алдымен жанр, фабула, сюжет ұғымдарын түсіндіріп, әдеби-теориялық түсінік беріп өткен жөн. Сәйкестендіру тәсілімен оқыған білімдерін еске түсіріп, ұғымдарды қайталап өтсе, оқу мақсатын игеруге арналған негізгі тапсырмаларды түсініп, жасай алары сөзсіз.

Үлгі ретінде ұсынылатын тапсырмалар:

5-сынып

Сабақ тақырыбы: «Қобыланды батыр» жыры.

Оқыту мақсаттары:

Т/Ж4. көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту;

А/И1 әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу;

Т/Ж3 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу.

Тапсырмалармен жұмыс

1-тапсырма

Жыр мазмұнын өз түсінігің бойынша проза жанрына айналдырып, дәптерге жазып шық.

2-тапсырма

“Тату көршілер” әдісі арқылы жыр мазмұнын жұпта әңгімеле.

3-тапсырма

Тыңда. Өзіңе ұнаған бөлігін жатқа айт.

4-тапсырма

Сен өзің Қобыланды батырға қай мінезінді ұқсатар едің? Таразылап көр.

5-тапсырма

Жырды әсірелеу үшін қандай әдістер қолданылған?

Сонда Бурыл гуледі,

Табаны жерге тимеді, Көлденең жатқан көк тасты

Тіктеп тиген тұяғы Саз балшықтай

иледі.....

...Арандай аузын ашады, Аяғын топ-топ басады,

Бір төбенің тозаңын Бір төбеге қосады.

6-тапсырма

Жырда өзіңе ерекше әсер қалдырған кейіпкерге мінездеме бер. Өзіңнің елестетуің бойынша суретін сал.

Сабақ тақырыбы: Ы. Алтынсарин «Атымтай Жомарт» әңгімесі.

Оқыту мақсаты:

5.Т/ЖЗ. көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу;

5.А/И1. әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу.

1-тапсырма

Өмірмен және шығармамен байланыстырып, сараңдық пен жомарттық туралы өз ойыңды жеткіз.

2-тапсырма

Атымтай Жомарт өзі есепсіз бай бола тұра, үстіне ескі-құсқы киіп, отын кесіп, жұмыс жасауын түсінбей сұрағандарға Атымтай Жомарттың берген жауабы қандай? Саралап шық.

«Төрт түрлі себебі бар:

1. Біріншіден, _____
2. Екіншіден, _____
3. Үшіншіден, _____
4. Төртіншіден, _____».

3-тапсырма

Сенің айналанда бас кейіпкердің мінезіне ұқсайтын адамдар бар ма? Егер бар болса, Атымтай Жомартпен салыстыра отырып әңгімелеп бер.

4-тапсырма

Атымтай Жомарттың жасап жүрген іс-әрекеттерімен келісесің бе? Неліктен?

5-тапсырма

Шығармадағы негізгі ойды қорытындылайтын 4 жолды өлең шығар.

6-тапсырма

Шығарма желісі бойынша рөлдерге бөлініп, қойылым қойыңдар.

Сабақ тақырыбы: Ы.Алтынсарин «Дүние қалай етсең табылады?»

Оқыту мақсаттары:

5.Т/Ж3. Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу;

5.А/И4. Көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу.

1-тапсырма

Тыңдалған материал бойынша оқиғалар тізбегін құра.

2-тапсырма

Жолай кездескен досы қалай байыған екен? Оған оңай болды ма? Тыңдаған мәтінің бойынша көзқарасыңды дәлелдейтін кем дегенде екі дәлел келтір.

3-тапсырма

Әңгіменің желісіне сүйеніп, Антонды кедей еткен және бай еткен не нәрсе екендігін екі бағанға бөліп жаз.

Кедей еткен	Бай еткен

4-тапсырма

Антонның сөзі мен іс-әрекетінен оған қандай мінездеме берер едің?

5-тапсырма

«Қандай?» деген сұраққа жауап бере отырып салыстыр

Антон	Бейтаныс адам
-------	---------------

6-тапсырма

Егер кейіпкер еңбек жолын таңдамағанда, нәтижесі қалай аяқталар еді деп ойлайсың? Ойыңды жеткіз.

7-тапсырма

Болашақ кәсібің туралы ой қозға.

«Алуан - алуан кәсіп бар, таңдай біл де талап қыл!»

9-тапсырма

Шығармадан алған әсерің бойынша авторға хат жаз. Хат мазмұнында келесі сұрақтарға жауап бер: шығарманың қай тұсы саған ерекше әсер етті, шығармадан қандай өмірлік сабақ алдың, еңбекқорлықтың пайдасы бар ма?

Сабақтың тақырыбы: «Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы

Оқыту мақсаты:

5.Т/Ж2. Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау;

5.А/И2. Эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау;

5.Б/С2. Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау;

5.Б/С1. Шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау.

1-тапсырма

Асан қайғының Жерұйықты іздеуінің себебі неде? Шығарманың тақырыбы мен идеясы туралы ой қозға.

2-тапсырма

Асан қайғының әр өлкені қалай сипаттағанын жаз. Мұғаліммен бірігіп, шығармадағы эпизодтар бойынша тарихи құндылығына баға бер.

Маңғыстау –

Жетісу –
Меркі –
Баянауыл –
Жуалы –
Жезқазған –
Шыңғырлау өзені –

3-тапсырма

Бұл тапсырманы топ болып орындаған ыңғайлы
Асан қайғыны сомдап, қазіргі Қазақстанның әрбір қаласының
артықшылықтарын айтып көр.

Нұр-Сұлтан _____
Алматы _____

Шымкент _____
Қарағанды _____
Ақтөбе _____
Ақтау _____
Қызылорда _____

4-тапсырма

Өзіңнің қиялыңдағы Жерұйықтың суретін сал

5-тапсырма

Асан қайғының іс-әрекетіне қарап, оған қандай баға беруге болады?
Шынайы өмірде ондай адамдар бар ма?

6-тапсырма

Keң қазақ жеріне арналған қандай әндер мен өлеңдер білесің? Тізіп шық.
He сыныптың алдында шырқап көр, не өзің бір-екі шумақ өлеңді ойдан құрастыр.

6-сынып

Сабақ тақырыбы: Абай Құнанбайұлының «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңі.

Оқыту мақсаты: 6.1.3.1 әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау.

Сабақ мақсаты: - шығармадағы кейіпкерлердің бейнесін ашу;
- кейіпкерлердің бейнесін тек тұрғысынан сипаттау.

Бағалау критерийлері (күтілетін нәтиже):

- ✓ шығармадағы кейіпкерлердің бейнесін ашады;
- ✓ кейіпкерлердің бейнесін тек тұрғысынан сипаттайды.

Оқушы әрекеті:

1. Өлең үзіндісін мұқият тыңдайды.

2. Өлеңнің идеясы мен сабақ тақырыбын байланыстырады.

3. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын мұқият тыңдап, түсініп алулары күтіледі.

1. Ойтүрткі сұрақтары арқылы оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға жетелейді.

Ойтүрткі

1. Шығарманың кейіпкерлері бар ма?
2. Олар кімдер?
3. Абай Құнанбайұлының «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» шығармасы кімге арналған деп ойлайсыздар?



1. Өлең үзінділерін оқып, мазмұнын еске түсіреді.

2. Өлеңнің кейіпкерлерін анықтайды.

1-тапсырма

Өлең мазмұнын еске түсіріп, кейіпкерлерді анықтаңыз.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.

Өлеңі бар өнерлі інім, сізге
Жалынамын, мұндай сөз айтпа бізге.
Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,
Есіл өнер қор болып кетер түзге.
Сәнқой, даңғой, ойнасшы, керім-кербез,
Қанша қызық болады өзіңізге?




1. Өлең мәтінімен жұмыс жасайды.

2. Лирикалық тұлғаның бейнесін ашып, тек тұрғысынан сипаттайды.

3. Тапсырманы мұқият, дұрыс орындалуы күтіледі.

3-тапсырма

Өлең жолдарын пайдалана отырып, кейіпкер типін тек тұрғысынан сипаттаңыз.



Лирикалық тұлғаның бейнесін ашып, тек тұрғысынан сипаттайды. Әр кейіпкерге 1 тезис жазып, оны 3 дәлел келтіре отырып талдайды.

4-тапсырма

Кейіпкерлердің бейнесін зерделей отырып, «1 тезис, 3 дәлел» кестесін толтырыңыз.

Лирикалық тұлға			
Тезис	Дәлелдер		
	1-дәлел	2-дәлел	3-дәлел

Ақын інілері			
Тезис	Дәлелдер		
	1-дәлел	2-дәлел	3-дәлел

Сабақ барысында жасаған жұмыстарын еске түсіре отырып, сөйлемдердің адасқан сыңарларын тауып, өз білімдерін қорытады.

Ақпараттарды Wordwall тақтасындағы «Адасқан сыңарларын тап» ойын түрінде берілген тапсырма арқылы ұсынады.



1-қосымша

https://youtu.be/59q_w5Tjq5I (4.12-5.04 минуттар аралығы)

Хабар арнасының KhabarTANYM оның ішінде «Тарих.Тағдыр.Тұлға» айдарының білім беру саласына орасан зор пайдасы бар. Бұл бейнероликтер, документалды фильмдер тиімді ресурстардың бірі.

2-қосымша. <https://wordwall.net/ru/resource/34969515>

Wordwall тақтасы сабақ соңында шаршаған оқушылар үшін ойын түрінде өткізуге ыңғайлы әрі қызықты. Сабақты бекіту мақсатында қолдануға болады.

Сабақтың тақырыбы: Қалмақан Әбдіқадыров. «Қажымұқан». Көркем бейне.

Оқыту мақсаты: 6.1.1.1 әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау.

Бағалау критерийлері (күтілетін нәтиже):


- ✓ шығарманың жанрын анықтайды;
- ✓ фабуласы мен сюжетін саралайды.

Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын оқушылар тауып, болжап көрулеріне жағымды орта туғызылады.



Композиция, жанр, сюжет, фабула ұғымдарын еске түсіртіп, ой қозғап, сәйкестендіру тапсырмасын орындайды.


Әдеби-теориялық ұғымдарды еске түсіріп, сәйкестендіріңіз!



Ұғым-түсініктерді қайталап өткеннен соң негізгі тапсырмаға көшпес бұрын шығарманың жанрлық ерекшелігіне тоқталып өткен жөн. 6-сынып оқушылары әдебиеттің жанрлық (тек, түр) ерекшеліктерін әлі де толық түсіне бермесі анық. Сондықтан, мұғалімнің қолдауымен шығарманың жанрына ауызша талдау жүргізілсе оқушылар үшін келесі тапсырмаларды орындау жеңіл болады. Ілгері оқу тәсілі бойынша оқушыларға шығарма мазмұнымен танысу бір сабақ бұрын берілуі тиіс. Шығарма мазмұнын (фабуласын) білетін оқушы тапсырманы оңай орындап, сабақ үстінде талдаулар жүргізе алады.

Тапсырма. Оқиғаларды даму ретімен орналастырады.

Тапсырма
Шығармадағы оқиғалар тізбегін даму ретімен орналастырыңыз.



1. Мұғалім ұсынған кестемен жұмыс жасайды.
2. Үзінділердегі оқиғаларды еске түсіріп, сюжеттерді анықтайды.

Мәселен, Қ.Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» повесінен берілген үзіндімен оқушы таныс болып, мазмұнын біліп тұрса, оқиғалар тізбегін ауыстырып ұсынып, оны өзінің даму ретімен орналастыртуға болады. Осылайша шығарма сюжеттері еске түсіріліп, композициясына да талдау жүргізе алады. Сонымен қатар, мәтін бөліктері бойынша да жұмыс жасатып, нақты үзінділер арқылы сюжеттерді анықтауға болады.

Тапсырма

Үзінділердегі оқиғаларды еске түсіріп, сюжетін анықтаңыз.

Повестен үзінді	Сюжеті
<p>Бала, қарын күреп болып, тиынын алған соң, Масликов қойын дәптерін алып, балаға жымия қарап, әңгімеге кірісті.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бала, сен қайдан келдің, ә?.. Мен білем, сен Қызылжардікі емес. Қай болыс, қай ауылдікі? - Ақмола облысы, Сарытерек болысы, Құрама ауылынан. - Әкеңнің аты кім? - Мұңайтпас Ернақов. - Өз атың кім? - Мұқан. Оны қайтесің? 	
<p>- Осындай мейірімдерің болмаса, ел деп кім айтар еді... – деді бір қарт. Ақшаны қолына ұстаған біреу Масликовтың қолына санап беріп, аттың төленгеніне тілхат алды.</p>	

Повесь мәтінінен бірнеше үзінділер бере отырып сюжетті анықтаса, оқушының есте сақтау қабілетінің деңгейін де, шығарма мазмұнымен қаншалықты таныс болғандығын да көре аламыз. Сондай-ақ, шығарма мазмұнында көрініс тапқан бір эпизодты еске түсіру үшін тақырыпқа сай суретті ұсынып, оқиғаны көз алдына визуалды түрде елестуге ықпал ете аламыз.

1. Оқушыларға мұғалім арнайы дыбыссыз мультфильм көрсетеді.
2. Олар мультфильмдегі оқиғаны еске түсіріп, мазмұнын жазады.

Тапсырма

Берілген суреттен қандай оқиғаны көруге болады? Мазмұнын еске түсіріңіз!



Суретке қарап, оқушы оқиғаны анықтап, мазмұнын жеткізе алады. Сол арқылы оқу мақсатын игеріп, өз білімін толықтыра түседі. Бұл тапсырмалардың барлығы оқу мақсатын толық меңгеруге ықпал ете алады.

Сабақтан алған білімдерін саралау мақсатында бекіту тапсырмасын ұсынады.

Берілген ақпараттардың дұрыс не бұрыс екендігін ажыратады.

4-тапсырма
Берілген тұжырымдардың дұрыс не бұрыс екенін ажыратыңыз.

Тұжырым	Дұрыс	Бұрыс
Қажымұқан Мұңғайтпасұлы Ұлы Отан соғысына қатысты.		✗
Ол әлемнің 28 мемлекетін аралып, 56 медальді еншілеген.	✓	
Ол қара Мұстафа деген лақап атпен күресті.	✓	
Қажымұқан Балуан Шолақпен кездеспеді.		✗
Балуан жас кезінде Масликовтың үйінде жалшы болып жұмыс істеді.	✓	

Сабақ тақырыбы: Тәуелсіздік – қасиет тұнған ұлы ұғым. Ерлан Жүніс «Менің атым -Тәуелсіздік» өлеңі.

Оқыту мақсаты: Т/Ж. 6.1.2.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру.

Бағалау критерийлері (күтілетін нәтиже):

- ✓ өлеңдегі көтерілген мәселені анықтайды;
- ✓ анықталған мәселені идеясы арқылы түсіндіреді.

1. Оқушылар бейнежазбаны мұқият көреді.
2. Оқулықтағы өлең мәтінін топқа бөлініп оқып шығады.
3. Мәтіннен түсініксіз сөздерді тауып іріктейді.
4. Сөздікпен жұмыс жасайды.

Сөздікпен жұмыс

Торығу – адамның жабырқауы, жабығуы, мұңаюы, сарыуайымға түсуі

Бодан – бағынышты, тәуелді, бір елдің отары деген мағынада

Бұғау – еркі, құқы жоқтық, құлдық, басыбайлық

Кездік – мүйізбен сапталған пышақ. Кездік былғарыдан, қайыстан немесе көннен жасалатын болған. Ертеректе жауынгерлер, аңшылар мен малшылар ұстаған



5. Оқулықтағы өлең мәтінінен «алып» сөзімен тіркесетін сөздерді тауып, санамалап жазады.


1-тапсырма
Өлеңнен «алып» сөзімен байланысты сөздерді толықтырыңыз.


Алып >	...
Алып >	...
Алып >	...
Алып >	...
Алып >	...
Алып >	...
Алып >	...
Алып >	...
Алып >	...
Алып >	...
Алып >	...
Алып >	...
Алып >	...
Алып >	...
Алып >	...
Алып >	...
Алып >	...
Алып >	...
Алып >	...




6. Үзінділерді мұқият оқып көтерілген мәселені топтасып анықтайды.

2-тапсырма
Өлеңде көтерілген мәселелерді анықтаңыз.

 Ерлікті айтқан, үйретпеді ол ездікті,
Ұстатқан қалам, ұстатпады ол кездікті.
«Құлыным, сенің тарихың басқа» деген тек,
Көп сөйлеген жоқ. Сөз бітті.

 Деген де шығар «бодандық жайлы білмесін»:
Сен түсін, дәуір, сонау бір қанды жыл кешір!

 Көзінің жасы сөйлеген түнді ұқпасам да,
Аңыз ұнаған
Жаралған күннен ұл жайлы!

Кестемен жұмыс жасау дағдысын дамыту мақсатында көтерілген мәселе арқылы өлең идеясын түсіндіріп жазады.

3-тапсырма
Көтерілген мәселелер арқылы өлеңнің идеясын түсіндіріңіз.

Мәселелер	Идеясы	Менің ойым
Өр рух және шындық		
Бодандық		
Елбасы және тәуелсіздік		

Сабақтан алған білімдерін саралау мақсатында бекіту тапсырмасын сұрақ-жауап түрінде ұсынады.

Сұрақ-жауап

- Өлеңде қандай мәселе көтерілген?
- Автор неліктен алты жасымда деген сөздерді жиі қайталайды?
- Ақынның айтпақ болған негізгі идеясын өз сөзіңізбен түсіндіріңіз.



Сабақтың тақырыбы: Р.Ғамзатов «Менің Дағыстаным» әңгімесі.

Оқыту мақсаты: Т/Ж.6.1.1.1 әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау;

А/И.6.2.1.1 шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау.


Бағалау критерийлері (күтілетін нәтиже):

- ✓ шығарманың жанрын анықтайды;
- ✓ фабуласы мен сюжетін саралайды.
- ✓ шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодқа негіздеме жасайды.

1. Оқушылар повест үзіндісіне арнайы жасалған анимацияны көреді, шығарманың мазмұнымен танысады.

2. Мұғалім сабақ мақсатына сай шығарманың жанрын анықтауға арналған тапсырма ұсынады.

1-тапсырма
Шығарманың жанрын анықтаңыз.



3. Шығарманың композициялық құрылымына талдау жасайды.

2-тапсырма
Шығарманың композициялық құрылымын сәйкестендіріңіз.

Шығарманың композициялық құрылымы			
Сюжеттің басталуы	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	Тұман және суретші
Сюжеттің байланысы	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	Аварлардың көне аңызы
Сюжеттің дамуы	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	Париждегі кездесу
Сюжеттің шиеленісуі	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	Жазушы өтініші
Сюжеттің шарықтау шегі	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	Ананың сөзі
Сюжеттің шешімі	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	Суретшінің туған-туысқандарын тапқан жазушы

4. Топтасып, бірлесіп жұмыс жасау арқылы берілген суреттер бойынша шығарманың сюжеттерін анықтайды. Бұл тапсырманы орындауда өз ойларын дәлелді, тұжырымды жеткізу күтіледі.

3-тапсырма
Берілген суреттер арқылы шығарманың сюжетін анықтаңыз.

5. Берілген эпизодқа негіздеме жазады (мұғалім ұсынады).

4-тапсырма
Берілген эпизодтың шығармада алатын маңызына негіздеме жасаңыз.

– Сен қателестің, Расул, менің ұлым баяғыда өліп қалған. Сенің көргенің – менің ұлым емес. Менің ұлым өзім үйреткен, авар анасы үйреткен тілді ұмытуға тиіс емес.




Сабақтан алған білімдерін саралау мақсатында Kahoot! ойын түрінде берілетін бекіту тапсырмасын ұсынылады.



«Бағалау және салыстыру дағдысы» бойынша «Б/С.6.3.1.1 шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру» деген оқу мақсатын игертуде оқушыларға құндылық ұғымын жан-жақты түсіндіріп, өмірден мысал келтіріп, сәйкестендіру арқылы екі ұғымның анықтамасын беруге болады. Оқушылар анықтаманы оқи отырып, шығарма кейіпкерлерін еске түсіріп, құндылығын анықтауға ден қояды.

Еске түсіріп, сәйкестендіріңіз!



Кейіпкерлер жүйесіне талдау жүргізетін арнайы оқу мақсаты бар болғандықтан, жоғарыда аталған оқу мақсатында шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтауға ерекше ден қойған дұрыс. Мәселен, оқушыларға дайын кесте мен керекті сөздерді ұсынып бағалау жүргізуге болады. Мысалы, Е.Жүністің «Менің атым – Тәуелсіздік» өлеңінде аталған оқу мақсаты бойынша мынадай тапсырма ұсынған жөн.

Тапсырма

Өлеңнің тарихи және көркемдік құндылығы неде? Өз ойыңызды білдіре отырып баға беріңіз.

Кейіпкер	Құндылық	
	Тарихи	Көркемдік

Өлеңнің тарихи және көркемдік құндылығын бағалауда берілген тірек сөздерді қолданыңыз:

- аса құнды, замана шындығы, тарихи кезең, тәуелсіздік тұғыры;
- айшықтау түрі, бейнелі көркемдегіш сөздер, көркемдік қуаты, эстетикалық әсері.

Берілген кесте арқылы оқушылар тірек сөздерді қолдана отырып, өз ойларын саралап жинақтай алады. Бұл тапсырма оқу мақсатын игеруге арналған

негізгі тапсырма болады. Ал, жинақтаған білімді игеру үшін мынадай бекіту тапсырмасын ұсынуға болады.

Тапсырма

Дұрыс жауаптармен сәйкестендіріңіз.

Көркем шығармада көтерілген мәселенің бір заманнан екінші заманға өтіп, әрбір заманда да өзекті, маңызды болуы	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	көркемдік құндылығын
Сыршыл өлең-жырлардағы ақынның бейнесі	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	тарихи құндылық
Өлең жолдарындағы әрбір ой ағымында қайталанатын сөздер оқырманға эстетикалық әсер береді. Бұл шығарманың ... арттырады.	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	лирикалық образ

Сабақ барысында талқыланған, талданған ұғым-түсініктерді сәйкестендіру немесе дұрыс/бұрыс жауаптарды беру арқылы жинақталған білімді бекіткен жөн. Аталған тапсырмалардың барлығы оқу мақсатын оқушыларға икемдеп, дұрыс меңгертіп, тез түсінуіне ықпал етері анық.

Сабақтың тақырыбы: Ақтамберді жырау «Күлдір- күлдір кісінетіп» толғауы.

Оқыту мақсаты: Т/Ж2. Әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу.

Бағалау критерийлері: Әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан түсіндіре алады.

1-тапсырма. Оқушылар «Жанды суреттер» әдісі бойынша саяхатқа шығады. Суреттерді шығармамен байланыстыра салыстырып, толғаудың идеясы мен пафосын анықтайды.

2-тапсырма. «Керемет пікірталас» әдісін қолданып, «Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауының нұсқасы таратылып, толғаудың мазмұны бойынша бір-біріне сұрақ қойып, пікір алмасады. «Толғаудағы көрініс тапқан ұлттық мүдде қандай? 3

3-тапсырма. Оқушылар «Төрт сөйлем» әдісі арқылы өз ойларын нақты жеткізіп айтады.

Пікір. Ақтамберді жырау толғауларында қазақ жеріндегі заман бейнесін көрсете алған.

Дәлел.

Мысал.....

Қорытынды.....» деген сұраққа сыныппен жауап береді.

Дескриптор:

- пікірге дәлел келтіреді;

- мысал келтіреді;

- өз ойын қорытындылай алады.

4-тапсырма. Салыстыру. «Автор орындығы» әдісімен Ақтамберді толғауының маңызын түсіндір.

Мен үшін маңызы
 Жастар үшін маңызы
 Адамзат үшін маңызы

7-сынып

Сабақ тақырыбы: «Қыз Жібек» жырындағы ұлттық салт-дәстүр көрінісі.

Оқыту мақсаты: 7.3.1.1 кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру.

Сабақтың мақсаты:

- жырдағы салт-дәстүрлерді, олардың қолданылу мақсатын айқындау;
- оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға, өзіндік пікірлерін ортаға салуға, талдай білу дағдыларын қалыптастыруға ұмтылу;
- жырдағы салт-дәстүр туралы әдебиеттерді, теориялық материалдарды табу, өз пікірлерін айту, пікір алмасу.

Осы жерде «А» критерийі туралы айтып өту немесе тақтадан көрсету, бүгін осы критериймен жұмыс істейтінімізді ескерту (А - ііі. мысалдар және толық түсініктемелерді қолданып, пікірлер мен идеяларға детальді негіздеме береді, терминологияны дәл қолданады).

Тапсырма

Дәстүр	Мағынасы	Жырдағы оқиға
Қыз көру		
Құдаласу		
Неке қию		
Отқа май құю		
Құрбандық шалу		
Қарғыс		
Бата		

Тақырып: САНСЫЗБАЙ САРҒАСҚАЕВТЫҢ «ТӘМШІ ҚАРА» ПОВЕСІ

Оқу мақсаттары:

7.1.2.1. Әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау;

7.2.1.1. Шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салыстыру.

Тапсырма: Үзінділерден Шаншатайдың тұлғалық болмысын анықтаңыз.

Үзінділер
– Шай ішпедің ғой, шырағым, – деді әжем. Шаншатай рақметін жаудырды тағы да. Сосын: – Ертеңгі ас қой, дәм ауыз тиейін, – деп ақырын басып, дастарқанның жанына келді де, өте бір инабатпен иіліп үстел үстінде жамырап жатқан әжемнің қызыл бүйір жүгерісінен бір-екеуін алып аузына салды. – Уыстап ал, балам, – деді атам. – Көп рақмет. Мазаларыңызды алғаным кешіріңіздер! – Қарап тұрсам, шетімізден сайдың тасындай шып-шымыр жігіт екенбіз, – деді...

<p>Оның сөзін күлкі араластыра жамырай сөйлеп іліп әкеттік. Шаншатай жай ғана күліп қойды. Сонан соң: – Олай болса, жігіт адамның лайықты орны бар, - деп өз байламын айтты. Енді қиқаңдап көр. Жіпсіз байлағаны емес пе бұлтартпай.</p>	
Кейіпкердің тұлғалық болмысы	Тұжырым

Бұл тапсырманы орындау арқылы білім алушы бірінші үзіндіде кейіпкердің әдептілігін, кішіпейілділігін талдаса, екінші үзіндіде Шаншатайдың еңбексүйгіштік және ұйымдастырушылық қабілетін түсіндіреді. Мұғалім бұл тапсырма арқылы оқушы бойында әдептілік, кішіпейілділік, еңбексүйгіштік қасиеттері мен ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастыруға тырысады.

Екінші тапсырма:

Мінездемеге сәйкес келетін эпизодты табыңыз.

Кейіпкерге мінездеме	Эпизод
<p>Шаншатай – ақылды, әділ бала. Бұған Шаншатайдың: «Бұлай етуге болмайды. Бейсекүл жалқау емес. Кіп-кішкентай боп алып масақты қалай тереді», - дегені дәлел бола алады. Ол Ертайдың суретшілік өнерін қалай бағаласа, Бейсекүлдің еңбексүйгіштігіне де солай қарайды. Міне, сондықтан Ертайдың пікірімен келіспей, оның әрекеті бұрыс екенін түсіндіріп, досын дұрыс жолға бағыттап, мақтаншақтық жаман әдет екендігін ұғындырды.</p>	

Жауабы: ...Сөзге тоқтауы жоқ Бейсекүлге пысқырып қарар емеспін. Тіптен, оның да суретін салып іліп қоймақ ойым бар. «Бәлем, бір шыж-быж болсын!».

Бірақ мұныма Шаншатай тоқтау айтты:

– Бұлай етуге болмайды. Бейсекүл жалқау емес. Кіп-кішкентай боп алып масақты қалай тереді...

Бұл тапсырма арқылы мұғалім білім алушыларға кейіпкердің тұлғалық болмысын гуманистік тұрғыдан талдап көрсетеді. Кез келген мәселені ақылға салып, әділ шешуге, адамгершілікті болуға шақырып, өзімшілдіктен аулақ болуға жетелейді.

Үшінші тапсырма:

Эпизодтарды салыстырып, түсінік беріңіз.

<p>...Сен ана Келдібайдың інісімен дос болдың ғой, ә? Соны соққыға жыққан Иманбек. Осында екі-үш жігітті ұйымдастырып, молаға алдап апарып соқты. Оны мен мына көзіммен көрдім. Неге ұрды дейсің бе? Онысын</p>	<p>Содан бастап, күнде ертеңгісін Ержандарды шұбыртып, сап түзеп, өлең айтып, көшемен өтетін болдық. Өзін ересек санамай, саптың алдында сорайып Иманбек тұратын болды. Ол Мешітбайдың үйінің қасынан</p>
---	---

<p>білмеймін. Бірақ Иманбекті біреу әдейі айдап салып отыр. Иманбек маған бір уыс ақша көрсетті. Тентіреген немеге оны кім берді? Көрдің бе?! Иманбекке сенбе. Ол қу, сұм, нағыз алаяқтың өзі. Сен де сақ бол. Саған да тісін қайрап жүр. Ұқтың ба?</p>	<p>өткенімізде: Байлар мен молданы Қойдай қу қамшымен! - дегенді қаттырақ айтады. Біздің газет шығаратынымызды естігенде Иманбек: – Мешітбайды жазыңдар. Бар бәленің ұйытқысы сол, - деп қылқылдап қоймай қойды.</p>
<p>Тұжырым</p>	

Білім алушы берілген эпизодтарды салыстыра отырып, кейіпкердің тұлғалық болмысын гуманистік тұрғыдан талдайды. Әрине, мұғалім әр оқушының ойын тыңдап, қажет болған жағдайда толықтырып отырады. Барлық оқушыны тыңдап болғаннан кейін мұғалім өз жауабын ұсынса, тапсырма тиімдірек болады. Оқушы өз жауабын салыстырып, өзін-өзі бағалайды. Мәселен, үшінші тапсырманың жауабына тоқталайық.

Шаншатай ауылға келгенде Иманбек тек жүрмейтін, балаларды шағыстырып, төбелестіріп жүретін тентек бала еді. Ол өзінен жасы кішілерге күш көрсетіп, үнемі өзінің тентектігімен ерекшеленіп жүретін. Иманбек Мешітбайдың айтуымен Шаншатайды соққыға жығып, бұзықтық жасады. Ал Шаншатай болған іске Иманбекті кінәламай, оның өз қателігін түсініп, түзелуіне мүмкіндік берді. Шаншатайдың бұл әрекетінен кейін Иманбек өз қатесін түсініп, үлгілі бала болуға тырысты. Мешітбайдың әрекеті дұрыс емес екендігіне көз жеткізіп, оны әшкерелеп, ұялтқысы келді. Шаншатай Иманбектің үлгілі балалардың қатарына қосылғанына риза болды. Шаншатайдың жасаған әр ісі осылайша ауыл балаларына үлгі болды.

Білім алушылар бұл тапсырмаларды орындау ақылы Шаншатайдың бойындағы бар игі қасиеттерді үлгі етеді.

Сабактың тақырыбы: Сүйінбай Аронұлы «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері»

Оқыту мақсаты:

Т/Ж4. шығарма үзінділерімен жұмыс;

7.Т/Ж4. көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін (айтыскер) ашып, үзінділерді жатқа айту.

1-тапсырма

Кесте құрып, жақсы мен жаман қасиеттерді екі бағанға бөліп жаз. Өз ойыңды білдіріп, салыстыру жаса.

Жақсы адамның қасиеттері	Жаман адамның қасиеттері

2-тапсырма

Жақсы, жаман адамның қасиеттерін сипаттауда С.Аронұлының қолданған суреттеу құралдары қандай?

Жамандар - өтірікші, өсегі көп,
Ел-жұрттың іріткі салар арасына - ай.
Жалған сөзбен бықсытар ел арасын,
Жанбай қалған ағаштың шаласындай.
Соқтығып әркімге бір ұрынады,
Сиырдың тентек болған танасындай.
Сондай жанның ешкімге сүйкімі жоқ,
Жылқының қотыр болған аласындай.
Жақсы адам елдің басшы серкесіндей,
Жұғымды болар елге еркесіндей.
Жақсының жүзі жылы, сөзі майда,
Халқымның қалың жүнді көрпесіндей

Сабактың тақырыбы: М.Жұмабаев «Батыр Баян» поэмасы.

Оқыту мақсаты:

Т/Ж2. Әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау;

Б/С1. Кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру;

Б/С3. Шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.

1-тапсырма

Поэзия жанрында берілген шығарманы прозаға айналдырып көр. Яғни, шығарманың сюжеттік желісін сақтай отырып, қара сөзбен қысқаша баяндап бер.

2-тапсырма

Шығармаға композициялық жоспар құра.

3-тапсырма

Егер сен Баянның орнында болсаң, қалай жасар едің? Өз нұсқанды ұсын.

4-тапсырма

Шығарманың шарықтау шегі мен шешімі сюжетіне сахналық көрініс құраңдар.

5-тапсырма

Өзіңе ұнаған кейіпкердің суретін сал.

10-тапсырма

Оқиғаның трагедиялық аяқталуына кім кінәлі? Осы сұраққа жауап іздеу мақсатында топқа бөлініп, диспут жүргізіңдер.

1-топ, “Ел намысын ер сақтар” дей отырып, Баянды жақтайды;

2-топ, “Жастық - жалын” дей отырып, Ноянды жақтайды;

3-топ, “Қыз назы” дей отырып, қалмақ қызын жақтайды;

4-топ, сарапшы топ топтардың уәжін тыңдап, Отансүйгіштікті алға тартып, шығармаға ұлттық құндылық тұрғысында баға береді.

6-тапсырма

Шығарманың тарихи құндылығына, тәрбиелік мәніне баға бере отырып, “Батыр Баян - халқының қамын жеген намысты ұл” тақырыбында әдеби эссе жаз.

Сабақтың тақырыбы: М.Шаханов «Нарынқұм зауалы»

Оқыту мақсаты:

Т/Ж1. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні;

Б/С1. Тарихи және көркемдік құндылығы.

1-тапсырма

Шығармаға композициялық жоспар құра.

2-тапсырма

Әке мен бала арасындағы диалогке сахналық көрініс құраңдар.

3-тапсырма

Әке үкімі қатал болды ма? Өз ойыңды білдір.

4-тапсырма

Шығарманың қалай аяқталғанын қалар едің? Өз нұсқанды ұсын.

8-сынып

Сабақтың тақырыбы: Ш.Құдайбердіұлы «Еңлік-Кебек» дастаны.

Оқыту мақсаты:

8.2.4.1 Шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу;

8.1.4.1 Көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану;

8.3.3.1 Шығарманың көркемдік- идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу.

1-тапсырма

Сызба түрінде оқиғалар тізбегін құра.

2-тапсырма

Дастанда кездескен үш қайшылықты айқында:

-идеялар арасындағы қайшылық;

-кейіпкерлер арасындағы қайшылық;

-оқиғалар арасындағы қайшылық.

3-тапсырма

Неліктен Еңлік пен Кебек қосыла алмады? Сұрақтың жауабын бер.

Себебі _____

Себебі _____

Себебі _____

Себебі _____.

4-тапсырма

Дастанда кездесетін ұғымдардың бірін таңдап ал: жақсылық, жамандық, адалдық, жауыздық, махаббат, надандық. Сен үшін бұл ұғымның мағынасы қандай? Дастанда кездесетін қайшылықтарға қалай әсер етті?

5-тапсырма

Шығарманың қалай аяқталғанын қалар едің? Өз нұсқанды ұсын.

7-тапсырма

Егер сен Кебектің орнында болсаң, қалай жасар едің?

8-тапсырма

Қазақ күйлерінен осы шығармада кездесетін оқиғалардың мазмұнын ашуға мүмкіндік беретін саундтрек таңдап көр.

Сабактың тақырыбы: Ж. Баласағұн «Құтты білік» дастаны.

Оқыту мақсаты:

8.1.2.1. Әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу;

8.1.4.1. Көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану.

1-тапсырма

Әңгімеге композициялық жоспар құра.

2-тапсырма

Қалай ойлайсың, Естемістің көптен бері жалғасын таба алмай жүрген күйді аяқ астынан шығаруына себеп болған қандай оқиға? Ойыңды жеткіз.

3-тапсырма

Жаңыл қыздың “Өнерлеріңді бірдей салыңдар!” деген сөзінің астарында не жатыр деп ойлайсың?

4-тапсырма

Естеміс шәкірті Оразымбетке «Естіп келе жатқан күйлеріңді үлгі етіп келе жатқаның дұрыс, ал менің өмірімді үлгі етпеуге тырыс» деп неліктен айтты деп ойлайсың?

5-тапсырма

Кез-келген күйді тыңдап, алған әсеріңмен бөліс. Күй арқылы күйшінің айтпақ болған ойын, көңіл күйін тануға болады дегенге келісесің бе?

6-тапсырма

Шабыт деген не? Ол қай кезде келеді? Өзіңнің бойыңда осы сезім кездеседі ме? “Менің өнерім” тақырыбында ойтолғау жаз.

Сабақтың тақырыбы: М.Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда».

Оқыту мақсаты:

8.1.1.1 Әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтерді анықтау;

8.1.4.1 Көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану;

8.2.3.1 Шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау.

1-тапсырма

Шығарма бойынша оқиғалар тізбегін құра.

2-тапсырма

Поэзия жанрында жазылған поэманы сюжеттік желісін үзбестен, өз сөзіңмен қысқаша жазып шық.

3-тапсырма

Ана мен шалдың арасындағы диалогке сахналық көрініс құраңдар.

6-тапсырма

Егер сен ананың орнында болғаныңда, бауыр етің балаңды құтқару үшін тәуіптің айтқанын істер ме едің? Өз ойыңды білдір.

7-тапсырма

Оқиғаның қалай аяқталғанын қалар едің. Өз нұсқанды ұсын.

9-сынып

Сабақтың тақырыбы: Ж. Баласағұн «Құтты білік» дастаны.

Оқыту мақсаты: 9.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау.

Бағалау критерийлері:

- шығарманың идеясын түсіне отырып, сұрақтарға жауап береді;
- өз ойын шынайы өмірмен байланыстырып, кейіпкерлер жүйесіне талдау жасайды.

1. Мәтіналды тапсырма.

«Сіз білесіз бе?». Шығарма негізінде «білімді» және «білімсіз» адамды салыстырып, осыған қатысты өз пікіріңізді білдіріңіз.

«Бір минуттық әңгіме» әдісі бойынша оқушылар бір бірімен әңгімелесу арқылы өз ойларын ортаға салады. Білімді мен білімсіз адамның ара жігін нақтылайды. Сұрақтарға жауап береді.

1-топ.

Қалай ойлайсыз, ел басқаратын патша қандай болу керек?

Күнту патша

Іс әрекеті	Нәтижесі

2-топ.

Бақ дәулет мәселесін қалай суреттер едіңіз.

Айтолды

Іс әрекеті	Нәтижесі

3-топ.

Ақыл, парасат мәселелері кім арқылы сипат алады?

Өгділміш (уәзірдің баласы)

Іс әрекеті	Нәтижесі

4-топ. Ақын дәруішті неліктен кейіпкер ретінде алған?

Одғұрмыш (уәзірдің туысы, дәруіш)

Іс әрекеті	Нәтижесі

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша функционалдық сауаттылықты қалыптастыру бойынша оқу тапсырмалары

Әлемде болып жатқан өзгерістердің кез-келгенін алып қарайтын болсақ, өте аз уақыт аралығында үлкен жетістіктерге қол жетіп отырғанын байқауға болады. Атап айтқанда ғылымның ғарыштық жылдамдықпен дамуы, ХХ ғасырдың бірінші жартысында адам ойының өнімі ретінде қаралатын соңғы жаналықтар т.с.с Дәл осындай қарқынмен дамып жатқан әлемдік білім саласының маңызды екі мәселесі: «ХХІ ғасырда нені оқыту керек?»

1. Жалпы орта білім беруде оқушылардың сапалы көрсеткіштерін жақсарту мақсатында соңғы әлемдік педагогикалық әдіс-тәсілдерді мектептің жоспарына енгізуі.

2. Оқушының тақырыпты меңгеруіне ізденіс арттырудың тиімді тәсілдерін қалыптастыру.

Оқушылардың алған білімдерін игеріп ғана қоймай, оларды орынды жерінде дұрыс қолдана білуіне басты назар аударылып отыр.

Сабақты жаңашыл үрдіспен өткізу оқушылардың білім сапасын арттырып, олардың шығармашылық және ойлау қабілеттерін дамытып отырады, ал педагогтар үшін кәсіби шеберліктерінің өсуіне жәрдемдеседі. Мектепте жұмыс атқаратын әрбір мұғалімнің алдына қазіргі таңда қойылатын талап өте үлкен. Мұғалім өзінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырып, оны меңгеріп жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру және өз тәжірибесінде қолдану барысында әрбір мұғалім өз сабағын нәтижелі даму жағынан көре алады.

Жас ұрпақтың саналы да, сапалы білім алуының бірден-бір шарты: мұғалімнің ізденімпаз болуы. Сондықтан сабақты жаңаша құрып, инновациялық түрлі тәсілдерді, білімдерді жетілдіре отырып оны дер кезінде қабылдап өңдеп нәтижелі пайдалана білу әрбір мұғалімнің міндеті болуы керек.

Функционалдық сауаттылықтың мақсаты - оқушылардың білімдерін өмірде тиімді қолдануға үйрету. Функционалдық сауаттылық дегеніміз - адамдардың әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы бүгінгі жаһандану дәуірінде, заман ағымына қарамай ілесіп отыруы, үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Оқушыға халықтың қоғамдық өмірін, арман мүддесін таныту, оларға идеялық - саяси рухани-адамгершілік, этикалық - эстетикалық тәрбие беру, дүниеге көзқарасын, мінезін жалпы мәдениетін қалыптастыру тарих пәнінің басты міндеті болып табылады.

Тарих сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру тетіктерін зерделеу арқылы оқытудың озық технологияларын тиімді пайдаланып, сапалы білім беру, өмірге бейім тұлға тәрбиелеу. Сын тұрғысынан ойлауды дамытуды тарих пәнін оқытуда қолдану және оқушы білімін тереңдету мен сабақты шығармашылық ізденіспен меңгеруге әсерін тигізеді. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді.

Бірінші кезең - қызығушылықты ояту кезеңі. Бұл кезеңде оқушының тақырып туралы білетіндігі анықталады, белсенділігі артады, оқушыларды сабаққа технологиялық тұрғыдан дайындай отырып қызығушылық тарын ояту стратегияларының бірін қолданып сабаққа тарту.

Екінші кезең - мағынаны ашу кезеңі. Оқушы жаңа ақпараты бұрынғы білімімен ұштастыра түседі. Бұл кезеңді іске асыру үшін бірнеше тәсілдер бар. Олар - болжау кестесі, ойлан, жұптас, ортаға сал, сұрақ қоя білу, өзара оқыту т.б. осы тәсілдерді қолдану кезеңінде ең тамаша кезеңге, яғни оқушының өздігінен білім алу, шығармашылық іс-әрекетінің оянуы, бір сөзбен айтқанда өзіндік еңбек ету кезеңіне айналдырады.

Үшінші кезең - ой-толғаныс яғни рефлексия білім алудың қорытындылау кезеңі. Оқушылар сабақ бойы алған білімдерін, түсініктерін өз сөздерімен баяндап бере алатын, жаңа білімдерін көрсете алатын кезең. Күнделікті оқыту үрдісінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне басқаға сын көзбен қарау, баға беру назардан тыс қалып жатады. Бұл кезеңде оқушыларға «Тарихи диктант», «Венн диаграммасы», «Даталар сөйлейді» т.б. осы сияқты стратегиялар әр бірімен ой алмастыруын қамтамасыз етеді. Әр оқушы өз шығармашылығын көрсете алады. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы қолданылған сабақтың нәтижесі төмендегідей болады.

Мұғалімнің мақсаты	Сабақтың нәтижелілігі
Оқушыға жаңа сабақты өз бетінше меңгерту	Қосымша әдебиеттермен жұмыс жасау
Топпен жұмыс жасауға үйрету	Қарым-қатынас үйренуі
Бір-бірін шынайы бағалауға тәрбиелеу	Басқаларды тыңдай білуі
Сабақтың тәрбиелік әсерін жеткізу	Белсенділігің артуы
Өз көзқарасын қалыптастыру	Өз ойын тұжырымдай білуі

XXI ғасырдың жан-жақты, зерделі, дарынды адамдарын қалыптастыруда білім беру мәселесі, оның оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, жаңа талаптар қойылуда. Соған орай ұстаздардың алдында тұрған міндет: табысты және әрекетке дайын қабілетті, әлеуметтік рөлін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Ол үшін баланы субъект ретінде қарап, оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу керек. Мақсатқа жету оқушының өзі арқылы жүзеге асады. Жоғарыда айтып кеткендей, мұғалім бағыт беруші, ұйымдастырушы. Осы мақсатқа мен өз сабағымда Блум таксономиясы бір ізбен реттелген мақсаттар жүйесі арқылы оқушылардың білім деңгейлерін жетілдіріп, шығармашылық деңгейге жетуді ұсынады.

Мақсаттар жүйесі	Оқушылардың когнитивтік іс-әрекеті
Білу	Оқушы меңгеретін және берілетін білім негіздері
Түсіну	Оқушы білімді қабылдайды, түсінеді, түсіндіреді
Қолдану	Алған білімді қолданады
Талдау	Білімді жай қабылдамайды, талдамайды, саралайды, салыстырады
Жинақтау	Алған білімнен жаңа өнім жасап шығарады

Бағалау (сыни өзіндік пікір)	Өз пікірін білдіреді, сынайды, жоққа шығарады, не мақұлдамайды
------------------------------	--

Біліктілігі	Оқушының іс-әрекеті
Білу	Тәуке хан қай ханның баласы, қай жылдары билік етті? Жеті жарғы дегеніміз не?
Түсіну	Сызбаға Тәуке хан жайлы білгенінді жаз. Берілген мәтінді түсініп оқы.
Қолдану	Мәтін бойынша тапсырмаларды орындау (топпен жұмыс) Тәуке хан тұсындағы ішкі және сыртқы саяси жағдай қандай болды?
Талдау	Сөздікпен жұмыс: «хандық кеңес», «жеті жарғы» т.б.
Жинақтау	Тәуке ханның суреті бойынша әңгіме жүргізу. Постер қорғау.
Бағалау	Шағын эссе жазу

Қайталау сабақтарында оқушылардың өткен тақырыпты толық меңгергенін білу үшін оқушыларды баяндаушы, сынаушы, талдаушы, сұрақ құрастырушы деп бөліп тапсырмалар беремін. Оқушылар өздері талдап, өздері бір-бірін бағалауға мүмкіндік алады. Баяндаушы әңгімені мазмұндайды, сынаушы баяндаушының жіберілген қателерін айтады, талдаушы баяндаушының жақсы жақтарын айтып, қорғап шығу керек, сұрақ құрастырушы сұрақтар даярлайды.

Мектепте тарих пәндерін оқытудың әлемдік тәжірибесін зерделеу көптеген елдерде дағдыларды дамытуға, оқушылардың оқу, зерттеу және практикаға бағдарланаған дағдыларын қалыптастыруға (зерттеу, мәселелерді шешу, сыни ойлау, өз бетінше оқу, ынтымақтастық, ақпаратты өңдеу, креативтілік, практикалық дағдылар) басымдық берілетінін көрсетеді. Ұлыбританияның, Америка Құрама Штаттарының және Сингапур елдерінің тәжірибесіне сәйкес, тарихты зерделеуде әрбір тақырып үшін тиісті тарихи түсінік (концепт) таңдалып алынады. Бұл сабақты белгілі бір дағдыларды дамытуға бағыттауға, оқушылардың осы концептілерді түсінуін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Аталған тәсіл оқушылардың қызығушылығын, ынтасын арттырады, бұл өз кезегінде пәндік білімді меңгерудің негізі болып табылады.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім алушылардың тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи түсініктерге (концептілерге) негізделеді:

1) өзгеріс және сабақтастық (мысалы, белгілі тарихи кезеңде қоғам қаншалықты өзгеріске ұшырады)

2) себеп-салдар (мысалы, белгілі тарихи кезеңде қандай маңызды факторлар саяси үдерістерге әсер етті);

3) дәйек (белгілі тарихи кезеңнің өнері бізге құндылықтар, наным-сенімдер мен технологиялар туралы қандай мәлімет бере алады);

4) ұқсастық пен айырмашылық (мысалы, XIII-XV ғғ. Қазақстан территориясындағы мемлекеттердің саяси құрылысындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар);

5) маңыздылық (мысалы, Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызы неде);

б) интерпретация (мысалы, белгілі бір тарихи оқиғаны түрлі зерттеушілер қалай сипаттайды).

Зерттеу барысында тарихи түсініктер негізінде оқыту тарихи оқиғалардың мағыналары мен маңыздылығын, үдерістер мен оқиғаларды «тез түсінуге» бағытталатыны анықталды.

Сондықтан оқушылардың *базалық тарихи ойлау дағдыларын*: тарихи деректердің интерпретациясы, уақыт пен кеңістікте бағдарлану, тарихи талдау және түсіндіруді қалыптастыруға бағытталған оқу тапсырмаларын қолдану ұсынылады.

Пәні бойынша оқытуды жоспарлау және ұйымдастыруда тарихи концептілерді қолдану жолдары.

<i>Оқушыларда білім мен дағдыларды қалыптастыратын тарихи зерттеуге тарту</i>			
<i>Әрқашан оқушылар жаңа білім алу үшін жағдай жасалады. Тарихи фактілер зерттеудің басты объектілері болып табылады</i>	Тарихи зерттеу		<p>Әр тақырыпқа сәйкесінше тарихи концепт (түсініктер) анықталады.</p> <p>Бұл өз кезегінде зерттеу мен тану процесін нақтылайды және тарихи ойлау дағдыларын нақты оқу материалдары негізінде дамытуға мүмкіндік береді</p>
	<i>Білім:</i>	<i>Тарихи түсініктер:</i>	
	<ul style="list-style-type: none"> • Тарихи тұлғалар, оқиғалар мен процестер • хронология және оқиға/үдеріс/құбылыстардың ерекшеліктері • Тарихи терминдер 	<ul style="list-style-type: none"> • дәлел • себеп пен салдар • өзгеріс пен сабақтастық • ұқсастық пен айырмашылық • маңыздылық • интерпретация 	
Коммуникация			
<i>Міндетті талап – өз зерттеулерінің нәтижелерін тиімді түрде көрсете білу</i>			

Негізгі орта білім беру деңгейінде тарихты оқу барысында оқушылар тарихи дәйектерді қолдана отырып, бүкіл тарих курсы зерделеу барысында қарапайым сипаттама беруден шындыққа ұқсас тарихи дәлелдерді құруда қолданылатын қарама-қайшы тарихи деректерді бағалауға қарай алға бағытталуы тиіс. Мысалы, 8-сыныпта Қазақстандағы ұжымдастыру тақырыбын оқытуда оқушылардан фактілерді ескере отырып, аштықтың себептері туралы дәйекті дәлелдер келтіруге тапсырма беруге болады. Себеп-салдар байланыстарын анықтау үшін дәлелдерді қолдану оқушылардың өткен кезеңдерге терең көңіл бөлуіне ықпал етеді және нақты

дәлелдемелермен дәйекті қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың дайын тұжырымдалған материалдарды зерделеуге қарағанда іздену арқылы өздерінің жеке тұжырым жасауы, зерттеушілікке деген қызығушылығын арттырады. Оқу пәндерін тарихи концептілер негізінде оқытуда оқушылар өздерінің зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдыларын дамытады және тарихи үдерістер мен оқиғаларды түсінуді үйренеді.

Білім алушылар:

- болжамдарды ұсынады;
- зерттеуге арналған сұрақтарды құрастырады;
- тарихи зерттеуді жоспарлайды және жүзеге асырады;
- тарихи фактілерді зерттейді және бағалайды;

- тарихи зерттеудің нәтижесін талқылайды, дәйектерді нақтылайды және қорытынды шығару үшін пайдаланады. Сондықтан әр сабақты жоспарлауда тақырыпқа сәйкес тарихи концептілерді таңдай білу, оны оқу тапсырмаларын әзірлеуде қолдана білу қажет.

Оқу пәні бойынша тапсырмаларда білім алушының өз бетімен орындауына мүмкіндік беретін тапсырма түрлері ұсынылған.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және дамыту үшін оқу тапсырмалары кешенін құру бойынша әдістемелік ұсынымдама

Негізгі орта білім беру деңгейінде тарихты оқу барысында оқушылар тарихи дәйектерді қолдана отырып, бүкіл тарих курсы зерделеу барысында қарапайым сипаттама беруден шындыққа ұқсас тарихи дәлелдерді құруда қолданылатын қарама-қайшы тарихи деректерді бағалауға қарай алға бағытталуы тиіс. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және дамыту үшін мәтінмен жұмыс жасағанда келесідей жасырын саралау тапсырмаларын беруге болады:

1 топ- мәтін мазмұнын 5 сөйлеммен мазмұндап беріңіз;

2-топ- мәтіндегі 15 түйінді сөзді атаңыз;

3-топ- мәтін негізінде 10 жалған тұжырымдарды жазып, басқа топқа олардағы қателерді анықтауға тапсырма беріңіз;

4-топ-мәтін бойынша 4 жіңішке және 4 жуан сұрақтар құрастырыңыз.

Қабілетті жоғары оқушылар әрдайым берілген тапсырмадан көп орындайды.

Сәйкестік аймағындағы карточкалармен жұмыс бойынша тапсырмаларды саралауда:

- ең маңызды тапсырмаларды анықтау;
- маңызды емес тапсырмаларды анықтау;
- бір-бірімен байланысты тапсырмаларды анықтау;
- әр карточкадағы түйінді сөзді белгілеу;
- карточкадағы ақпаратты екі есе қысқарту;
- жетпейтін карточкаларды құрастыруға арналған тапсырмалар беруге

болады. Оқушылардың дайын тұжырымдалған материалдарды зерделеуге қарағанда іздену арқылы өздерінің жеке тұжырым жасауы, зерттеушілікке

деген қызығушылығын арттырады. Оқу пәндерін тарихи концептілер негізінде оқытуда оқушылар өздерінің зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдыларын дамытады және тарихи үдерістер мен оқиғаларды түсінуді үйренеді.

Білім алушылар:

- болжамдарды ұсынады;
- зерттеуге арналған сұрақтарды құрастырады;
- тарихи зерттеуді жоспарлайды және жүзеге асырады;
- тарихи фактілерді зерттейді және бағалайды;
- тарихи зерттеудің нәтижесін талқылайды, дәйектерді нақтылайды және

қорытынды шығару үшін пайдаланады. Сондықтан әр сабақты жоспарлауда тақырыпқа сәйкес тарихи концептілерді таңдай білу, оны оқу тапсырмаларын әзірлеуде қолдана білу қажет.

Қазақстан тарихы 5-сынып

1-тапсырма.

(Қазақстан тарихы. 5-сыныпқа арналған оқулық. Б.Е.Көмеков.- Алматы: Атамұра, 2017) оқулығындағы 45-46 параграф, 115-119 беттердегі мәтінді оқып, «Ғұндардың көрші мемлекеттермен қарым-қатынастары» бойынша кестені толтырыңыздар.

Мемлекет /тайпалық одақ	Қарым-қатынас сипаты	Нәтиже

Жауап үлгісі

Мемлекет /тайпалық одақ	Қарым-қатынас сипаты	Нәтиже
Дунху	әскери	Мөде шаньюй дунхуларды талқандады
Қытай	әскери	«Тыныштық пен туыстық туралы шарт» деп аталатын бейбіт келісім жасалды
Юечжи	әскери	Юечжи жеңіліске ұшырап, Солтүстік Үндістан мен Ауғанстанға қашуға мәжбүр болды.

2.Тақырып: «Ғұндардың Батысқа қоныс аударуы, Аттила және оның жаулаушылық жорықтары»

Керекті сөздерді пайдаланып сөйлемдерді толықтыруға арналған тапсырма үлгісі.

1. Ғұн мемлекеті өзара ішкі талас-тартыстар мен сыртқы қысымдардың әсерінен күйреуге ұшырап _____ және _____ болып екіге бөлінді.

2.Мемлекеттің оңтүстік бөлігін _____ солтүстік бөлігін _____ басқарды.

Керекті сөздер: Б.з.б.55 жылы; солтүстік; оңтүстік, Хуханье; Чжи-Чжи

6-сынып

«Қазақстан тарихы» оқу пәні «Жәңгір хан тұсындағы қазақ-жоңғар қарсылығы» тақырыбы бойынша 6-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқулығының «Жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес. Жәңгір хан» атты 47-параграфын (185-188бб.) оқып, «Орбұлақ шайқасы әлемдік әскери өнер тарихында ерекше орын алады» тақырыбында эссе жазу тапсырмасы
Тапсырма: «Орбұлақ шайқасы әлемдік әскери өнер тарихында ерекше орын алады»

«ПТМС формула» әдісі бойынша эссе жазу.

Позиция – мен солай ойлаймын.....

Түсіндіру – себебі.....

Мынадай дәлелдер келтіремін

Салдары– айтылған ақпараттар бойынша мынадай қорытынды жасаймын.....

«ПТМС формула» әдісі бойынша эссе жазу критерийлері.

№	Өзін-өзі бағалау критерийлері	Белгі (V)
1	Орбұлақ шайқасына қатысты ойымды білдірдім.	
2	Себебін түсіндірдім.	
3	Тарихи оқиғаға қатысты екі дәлел келтірдім.	
4	Оқиғаның тарихи маңызын анықтап, 3-5 сөйлеммен қорытынды шығардым.	

Тақырып: Қазақ хандығының әлеуметтік құрылымы

Қазақ хандығындағы әлеуметтік топтардың орнын анықтау, қызметтерін сипаттауға арналған тапсырмалар.

1-тапсырма. Қазақ хандығындағы әлеуметтік топтарын анықтамаларымен сәйкестендіріңіз

Керекті сөздер: Қожалар, бай, ақын, құл, батыр, ақсүйек, хан, қарасүйек, би.

	Қазақ қоғамындағы мемлекет басшысы.
	Ислам дінін насихаттаумен, оқу-ағарту ісімен айналысты
	Шыңғысханнан тараған ұрпақтар төрелер жатты.
	Қазақ қоғамының негізгі және көп санды бөлігі
	Олардың ешқандай құқығы да еркі де болмаған.
	Ру мен тайпа басшылары, әкімшілік және сот істерін атқарған лауазым иесі
	Ірі малдарының көптігімен ерекшеленді.

	Атақ ретінде қаһарманның есіміне қосылып айтылды.
	Поэзиялық туындыларды ауызша айтып не жазып шығаратын суырып салма сөз шебері

Дұрыс жауап

Хан	Қазақ қоғамындағы мемлекет басшысы.
Қожа	Ислам дінін насихаттаумен, оқу-ағарту ісімен айналысты
Ақсүйек	Шыңғысханнан тараған ұрпақтар төрелер жатты.
Қарасүйек, бұқара	Қазақ қоғамының негізгі және көп санды бөлігі
Құл	Олардың ешқандай құқығы да еркі де болмаған.
Би	Ру мен тайпа басшылары, әкімшілік және сот істерін атқарған лауазым иесі
Бай	Ірі малдарының көптігімен ерекшеленді.
Батыр	Атақ ретінде қаһарманның есіміне қосылып айтылды.
Ақын	Поэзиялық туындыларды ауызша айтып не жазып шығаратын суырып салма сөз шебері

2-тапсырма: Картаны пайдаланып, үш жүздің территориясын анықтаңыз.



- Ұлы жүз –
- Орта жүз –
- Кіші жүз -
- Орталық, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан аумағы
- Қазіргі Батыс Қазақстан аумағы
- Оңтүстік Қазақстан және Жетісу аймағы

Дұрыс жауап

Ұлы жүз – Оңтүстік Қазақстан және Жетісу аймағы
 Орта жүз – Орталық, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан аумағы
 Кіші жүз - Қазіргі Батыс Қазақстан аумағы

Тақырып: XVI-XVII ғасырлардағы қазақтардың рухани және материалдық мәдениеті

1-тапсырма: Рухани және материалдық мәдениеттерге тән белгілерді ажыратыңыз.

Рухани мәдениет	Материалдық мәдениет

Керекті сөздер: тұрғын үй, киім-кешек, наным-сенім, діл, құрал-сайман, дін, тағамдар, тіл, қару-жарақтар, ой, көзқарас, ер-тұрмандар, білім, әшекей бұйымдар.

Дұрыс жауап

Рухани мәдениет	Материалдық мәдениет
наным-сенім	тұрғын үй
діл	киім-кешек
дін	құрал-сайман
тіл	тағамдар
ой	қару-жарақтар
көзқарас	ер-тұрмандар
білім	Әшекей бұйымдар

2-тапсырма: Берілген тарихшылар еңбектерінің негізгі тақырыптарын анықтаңыз

XVII ғасырдағы тарихшылар және олардың еңбектері
А. Осман Кухистани. «Тарих-и Әбілқайыرخани»
Ә. Өтеміс қажы. «Шыңғыснама»
Б. Әбілғазы Баһадүр. «Шежре-и түрк»
В. Мұхаммед Хайдар. «Тарих-и-Рашиди»
Г. Қадырғали Жалаири. «Жәмиғ-ат-тауарих»

Тақырыптар
1. Әбілқайыр хан билік еткен кезеңдегі «көшпелі өзбектер» тарихы
2. XV-XVII ғғ. қазақтар тарихы, қазақ хандары мен сұлтандарының шежіресі туралы деректер
3. Шыңғысхан әулетінің тарихы, қазақ халқының құрамына енген түркі тайпалары туралы деректер
4. XIV-XVI ғғ. Моғолстан мен Қазақ хандығы тарихы
5. XIII-XV ғғ. саяси тарих, Жошы әулеті, Алтын Орда хандары туралы

А-	Ә-	Б-	В-	Г-

Дұрыс жауап

XVII ғасырдағы тарихшылар және олардың еңбектері
А. Осман Кухистани. «Тарих-и Әбілқайыرخани»
Ә. Өтеміс қажы. «Шыңғыснама»
Б. Әбілғазы Баһадүр. «Шежре-и түрк»
В. Мұхаммед Хайдар. «Тарих-и-Рашиди»
Г. Қадырғали Жалаири. «Жәмиғ-ат-тауарих»

Тақырыптар
XIV-XVI ғғ. Моғолстан мен Қазақ хандығы тарихы
2. XV-XVII ғғ. қазақтар тарихы, қазақ хандары мен сұлтандарының шежіресі туралы деректер
Шыңғысхан әулетінің тарихы, қазақ халқының құрамына енген түркі тайпалары туралы деректер
Әбілқайыр хан билік еткен кезеңдегі «көшпелі өзбектер» тарихы
XIII-XV ғғ. саяси тарих, Жошы әулеті, Алтын Орда хандары туралы

А-4	Ә-5	Б-3	В-1	Г-2
-----	-----	-----	-----	-----

3-тапсырма. Бос орынға қазақтардың ұлттық киімдерінің атауларын жазыңыз

Қазақ халқы ұлттық киімдерін шұғадан, жүн және жібек маталарынан, киізден аң терісінен тікті. Ер адам мен әйелдің негізгі киімімен болды. Көктем мен күзде қазақтар көбінесе аң терісімен жиектелген дөңгелеккиді. Қысқы бас киім.....деп аталды. Әйел баскиімдерінің ішінде ең құнды той киімі.....болды. Сәбиі дүниеге келісімен жас келіншек ақ матадан тігілген.....киді. Жазғы ұлттық киімдерден қазақ әйелдері шәйі көйлек,, қамзол, ер кісілер жұқа шапан, көйлек,т.б киген.

Бөрік

Кимешек

Сәукеле

Шапан

Тымақ

Қамзол

Желек

Жарғақ шалбар


Дұрыс жауап

Қазақ халқы ұлттық киімдерін шұғадан, жүн және жібек маталарынан, киізден аң терісінен тікті. Ер адам мен әйелдің негізгі киімі шапан мен қамзол болды. Көктем мен күзде қазақтар көбінесе аң терісімен жиектелген дөңгелек бөрік киді. Қысқы бас киім тымақ деп аталды. Әйел баскиімдерінің ішінде ең құнды той киімі сәукеле болды. Сәбиі дүниеге келісімен жас келіншек ақ матадан тігілген кимешек киді. Жазғы ұлттық киімдерден қазақ әйелдері шәйі көйлек, желек, қамзол, ер кісілер жұқа шапан, көйлек, жарғақ шалбар т.б киген.

4-тапсырма. Киіз үй жиһаздарының атауларын суретпен сәйкестендіріңіз.

Киіз үй жиһаздары

1. Ағаш төсек. Жату үшін пайдаланылатын үй жиһазы.
2. Адалбақан. Киім және тағы басқа үй мүліктерін ілуге арналған жиһаз.
3. Асадал. Тамақ пен ыдыс – аяқ сақтауға арналған үй жиһазы
4. Жұқаяқ. Жүк астына қоятын төрт аяқты бұйым.
5. Кебеже. Ас, тағам салуға арналып, ағаштан жасалған үлкен сандық.
6. Сандық. Әр түрлі бұйым салуға арналып, ағаштан, металдан жасалатын үй жиһазы.



Дұрыс жауап
Киіз үй жиһаздары:




Ағаш төсек. Кебеже.

Жату үшін пайдаланылатын үй жиһазы ағаштан жасалған үлкен сандық арналып, ағаштан,

Сандық.

ас, тағам салуға арналып, әртүрлі бұйым салуға

металдан жасалатын үй жиһазы



Жүкаяқ. Адалбақан. Асадал.

Жүк астына қоятын Киім және тағы басқа Тамақ пен ыдыс-аяқ
Төрт аяқты бұйым үй мүліктерін ілуге сақтауға арналған
арналған жиһаз үй жиһазы

6-сынып Жәңгір хан тұсындағы қазақ-жоңғар қарсылығы

Орбұлақ шайқасындағы қазақ жасағының әскери өнердегі ерлігі мен шеберлігін бағалау; Орбұлақ шайқасының тарихи маңызын түсінуге арналған тапсырмалар.

1-тапсырма: Ашық түрдегі тест тапсырмалары

Алғаш рет қазақ билеушілері _____ ғасырдың бірінші жартысында қалмақтар мен (ойраттармен) соғысты, бұл күрес _____ ғасырдың ортасына дейін жалғасты. 1.2. 1635 жылы құрылған _____ хандығы тек Қазақ мемлекетіне ғана емес, _____ мен _____ мемлекеттерінің шекаралық аудандарына да қауіп төндірді. 1.3. 1643–1644 жылдары жоңғарлар мен қазақтар арасындағы соғыста _____ жеңіске жетті. 1.4. 1652 жылы шайқастардың бірінде _____ хан қаза болып, _____ жерленді.

Дұрыс жауап

Алғаш рет қазақ билеушілері **XVI** ғасырдың бірінші жартысында қалмақтар мен (ойраттармен) соғысты, бұл күрес **XVIII** ғасырдың ортасына дейін жалғасты. 1635 жылы құрылған **Жоңғар** хандығы тек Қазақ мемлекетіне ғана емес, **Қытай** мен **Ресей** мемлекеттерінің шекаралық аудандарына да қауіп төндірді. 1643–1644 жылдары жоңғарлар мен қазақтар арасындағы соғыста **қазақтар** жеңіске жетті. 1.4. 1652 жылы шайқастардың бірінде **Жәңгір** хан қаза болып, **Түркістанда** жерленді.

2-тапсырма: Алған біліміңізді пайдаланып, қазақтардың Орбұлақ шайқасында жеңіске жетуінің 6 себептерін көрсетіңіз.



Қосымша көмек дер кезінде келіп жетті	Қазақ батырларының жанкешті, ұлтжанды екенін көрсетті.
Жауды жан-жақтан қоршап, тырп еткізбеді.	Қазақтардың күші жауға қарағанда басым болды.
Жердің географиялық жағдайын шебер пайдаланды.	Қазақ қолбасшыларының мықты стратег екенін дәлелдеді.
Соғысқа сақадай сай дайын тұрды.	Сарбаздарын білтелі мылтықпен түгелге жуық қаруландырды.
Ор қаздырып, әскерін дұрыс орналастырды	Жоңғарларға күтпеген жерден соғыс басталды

Дұрыс жауап

Қосымша көмек дер кезінде келіп жетті	Қазақ батырларының жанкешті, ұлтжанды екенін көрсетті.
Жауды жан-жақтан қоршап, тырп еткізбеді.	Қазақтардың күші жауға қарағанда басым болды.
Жердің географиялық жағдайын шебер пайдаланды.	Қазақ қолбасшыларының мықты стратег екенін дәлелдеді.
Соғысқа сақадай сай дайын тұрды.	Сарбаздарын білтелі мылтықпен түгелге жуық қаруландырды.
Ор қаздырып, әскерін дұрыс орналастырды	Жоңғарларға күтпеген жерден соғыс басталды

3-тапсырма: Аңызға айналған Орбұлақ және Фермопиль шайқастарын салыстыра отырып, тиісті деректермен толықтырыңыз

	Орбұлақ шайқасы	Фермопиль шайқасы
Қай уақытта болды?		
Қай жерде болды?		
Кімдер арасында болды?		
Басшылары кімдер?		
Шайқасқа қатысқан адамдар саны қанша?		
Нәтижесі немен аяқталды?		

Деректер: Жоңғар – 50 мың, парсы патшасы Ксеркс арасында, грек-парсы арасында, екі таудың ортасындағы терең сайда өтті, гректерде – 300 әскер, Спарта

патшасы Леонид, қазақ ханы Жәңгір, жоңғар қонтайшысы Батыр арасында, қазақтар – 600 жауынгер, Парсылардың қоршауына түскен 300 спарталық соңғы жауынгеріне дейін ерлікпен соғысып асқан ерлігі адамзат тарихында әскери құрбандық болу мен әскери антқа адалдықтың естен шықпас үлгісі ретінде қалды, 1643 жылы, Бір жағын теңіз, екінші жағын тау қоршаған тар жерде болды, парсыларда – 80 мың, ойраттар бұл ұрыста он мыңдай адамынан айырылғаннан соң кейін шегінді, б.з.д. 480 жылы, қазақ-жоңғар арасында, Жәңгір ханның 600 қолы жоңғардың 50 мың әскерін жанкештілікпен Орбұлақ тұсында тоқтатып, бестен бір бөлігін жойып жіберген.

Дұрыс жауабы

	Орбұлақ шайқасы	Фермопиль шайқасы
Қай уақытта болды?	1643 жылы	Б.з.д. 480 жылы
Шайқастар өткен жердің географиялық жағдайы қандай болды?	Екі таудың ортасындағы терең сайда өтті.	Бір жағын теңіз, екінші жағын тау қоршаған тар жерде болды.
Кімдер арасында болды?	Қазақ-жоңғар арасында	Грек-парсы арасында
Басшылары кімдер?	Қазақ ханы Жәңгір - жоңғар қонтайшысы Батыр арасында	Спарта патшасы Леонид – парсы патшасы Ксеркс арасында
Шайқасқа қатысқан адамдар саны қанша?	Қазақтар – 600 жауынгер, Жоңғар – 50 мың	Гректерде – 300 әскер, Парсы – 80 мың
Нәтижесі немен аяқталды?	Жәңгір ханның 600 қолы жоңғардың 50 мың әскерін жанкештілікпен Орбұлақ тұсында тоқтатып, бестен бір бөлігін жойып жіберген. Ойраттар бұл ұрыста он мыңдай адамынан айырылғаннан соң кейін шегінді.	Парсылардың қоршауына түскен 300 спарталық соңғы жауынгеріне дейін ерлікпен соғысып асқан ерлігі адамзат тарихында әскери құрбандық болу мен әскери антқа адалдықтың естен шықпас үлгісі ретінде қалды.

Тақырып: Есім хан билігі кезіндегі Қазақ хандығы бірлігінің нығаюы

1-тапсырма: Ақпараттардың дұрыстығын анықтаңыз.

№	Ақпарат	Иә	Жоқ
1	Түркістан өңіріндегі қарақалпақ тайпасы бас көтерді.		
2	1613 жылы Ташкент билеушісі Тұрсын Есім ханға қарсы шықты.		
3	Бұхар ханы Ташкент, Сайрам, Әндіжан қалаларын қайтарып алу үшін жорыққа шықты.		
4	Іс жүзінде оңтүстікті екі хан билік етті.		
5	Тұрсын хан Түркістанды басып алды.		
6	Есім хан Сайрамсу өзенінің бойында Тұрсын хан әскерін талқандады.		
7	Есім хан Моғолстанмен арақатынасты әулеттік некелесу арқылы реттеді.		
8	1603 жылы Айғыржарда бірінші қазақ-бұхар соғысы болды.		

9	1611 жылы Ташкент түбіндегі екінші қазақ-бұхар шайқасында Есім хан әскері жеңіске жетті.		
10	Бұхар ханы Иманқұли Ташкент пен оның төңірегіндегі жерлердің қазақтарға тиесілі екенін ресми түрде мойындады.		

Дұрыс жауап

№	Ақпарат	Иә	Жоқ
1	Есім хан 1598-1628 жылдары билік етті.	✓	
2	XVII ғасырдың басында қазақ жеріне шабуыл жасаған ойраттармен болған шайқастарда Есім хан жеңіліс тапты.		
3	1613 жылы Ташкент билеушісі Тұрсын Есім ханға қарсы шықты.	✓	
4	XVII ғасырдың басында қазақ жері үш шаруашылық аймақтық-бірлестік – ұлысқа бөлінді.		
5	Сырдария қалалары үшін күресте Орта Азия билеушілермен шайқаста Есім хан жеңіске жетті.	✓	
6	Есім хан Ташкент маңында Тұрсын хан әскерін талқандады.	✓	
7	Осы уақытта Сарайшық қаласы Қазақ хандығының тұрақты ордасына айналды.		
8	Батыр, ұзын бойлы, қарулы адам болғандықтан, халық оны «Еңгезердей ер Есім» деп атады.		
9	Есім хан тұсындағы дала заңы «Есім ханның ескі жолы» деп аталды.	✓	
10	1628 жылы дүниеден өткен Есім хан Сығанақтағы Көккесененің жанында жерленген.		

2-тапсырма: *Бос орынға керекті сөздерді орналастырыңыз.*

Керекті сөздер: Ойрат, Тұрсын хан, Құрылтай, Шығай, Ташкент, Шыңғысхан, Түркістан.

.....ханның ұлы Есім хан халық жадында өзінің белсенді сыртқы саясатымен есте қалды. Сырдария бойы аумағы үшін күрес нәтижесінде Қазақ хандығына..... және.....қалалары өтті. XVII ғасырдың басында қазақ жерінетайпалары шабуыл жасайды. 1627 жылы жорықтан қайтып келе жатқан Есім хан Ташкент маңында бәсекелесі.....жеңеді. Есім хан мемлекеттің саяси жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізіп,ұрпақтарының саяси құқықтары шектеліп, тайпалар мен ру көсемдерінің құқықтары кеңейтілді.заң шығаратын билік орны болды.

Дұрыс жауап:

Шығай ханның ұлы Есім хан халық жадында өзінің белсенді сыртқы саясатымен есте қалды. Сырдария бойы аумағы үшін күрес нәтижесінде Қазақ хандығына **Түркістан** және **Ташкент** қалалары өтті. XVII ғасырдың басында қазақ жеріне **ойрат** тайпалары шабуыл жасайды. 1627 жылы жорықтан қайтып келе жатқан Есім хан Ташкент маңында бәсекелесі **Тұрсын ханды** жеңеді. Есім

хан мемлекеттің саяси жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізіп, **Шыңғысхан** ұрпақтарының саяси құқықтары шектеліп, тайпалар мен ру көсемдерінің құқытары кеңейтілді. **Құрылтай** заң шығаратын билік орны болды.

3-тапсырма: «Қасым ханның қасқа жолы» және «Есім ханның ескі жолы» құқық жинақтарының бөлімдерін сәйкестендіріңіз

«Қасым ханның қасқа жолы»	«Есім ханның ескі жолы»
1.	1.
2.	2.
3.	3.
4.	4.
5.	5.

Жұртшылық заң	Қылмыстық іс туралы заң	Мүліктік заң	Әскери заң	Әйелдердің қоғамдағы жағдайы
Малға байланысты ережелер	Қылмыстық заң	Әскери міндеттілік туралы заң	Жерге қатысты заңдар	Елшілік салт ережесі

Қажетті ақпараттар

Дұрыс жауап

«Қасым ханның қасқа жолы»	«Есім ханның ескі жолы»
1. Мүліктік заң	1. Жерге қатысты заңдар
2. Қылмыстық заң	2. Малға байланысты ережелер
3. Әскери заң	3. Қылмыстық іс туралы заң
4. Елшілік салт ережесі	4. Әйелдердің қоғамдағы жағдайы
5. Жұртшылық заңы	5. Әскери міндеттілік туралы заң

Тақырып: Қазақ-жоңғар соғыстары

1-тапсырма. Берілген деректердің «ақиқат» немесе «жалған» екендігін анықтаңыз.

№	Деректер	ақиқат	жалған
А	« Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама » жылдарында қазақтар қырғыннан аман қалу үшін елдің батыс аймақтарына қарай жылжып, Жайық бойына дейін жетті	✓	
В	Ш. Құдайбердіұлының дерегінде 1723-1727 жылдары қазақ халқының 3/2-сі қырғынға ұшырады	✓	
С	Орта жүз руларының көпшілігі Сырдария өзенінен өтіп, Самарқан қаласының төңірегіне жылжыды		

2-тапсырма. Қазақ халқының негізгі шаруашылығына «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдарының тигізген зардабын көрсетіңіз.

- А. гүлденген қалалардың қиратылуы сауданы тоқтатты
- В. тау-кен өндірістерінде кен өндіру тоқтады

- C. суармалы егіншілік аудандарында шаруашылық күйреді
- D. сыртқы елдерге баратын сауда жолдары жұмысын тоқтатты
- E. халық шұрайлы мал жайылымдарынан айрылып, мал басы кеміді**

Тапсырма әзірлеуде «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып «Фотосуреттермен жұмыс» тәсілін қолдануға болады.

Фотосуреттер – тарих сабағындағы қызықты дереккөздердің бірі болып табылады. Олар ұзақ әрі күрделі жазбаша дереккөздерге қарағанда түсінікті және қызықты болады. Ал, фотосуреттерді қарапайым әрі түсінікті етіп ұсыну қажет. Мұқият талдаусыз ұсынылған ең қызықты деген фотосурет те оқушыға түсініксіз болуы мүмкін. Ең бастысы, оқушыларға визуалды дереккөздерді зерттеуге бағыттайтын сұрақтар мен тапсырмалар беру ұсынылады. Оқушылар фотосуреттерді визуалды дереккөзді-мәтінге және жазбаша деректерге қарағанда оңай қабылдайды. Визуалды дереккөздерді талдау бойынша тапсырма беру үшін, оқушыларды зерттеуге бағыттайтын сұрақтар мен тапсырмалар мазмұны түсінікті болуы қажет.

Фотосуретпен жұмыс жасаудың алгоритмі:

- фотосуреттерде көргеніңізді сипаттаңыз. Суретте бейнеленген ұсақ бөлектерге да назар аударыңыз;
- суретте қандай нысан басты назарда? Автордың неге көңіл бөлгісі келгенін анықтаңыз;
- фотосуреттегі адамдар қандай іс-әрекетпен айналысуда?
- ойланыңыз, неліктен суретші осы уақытта және осы оқиғаны фотоға түсіргенін анықтаңыз;
- фото мазмұнында мәтіндік ақпарат, плакат, жарнама, қолтаңба көрініс тапқан ба?
- егер фотосуреттің уақыты анық болмаған жағдайда, барлық мүмкіндікті пайдалану арқылы мерзімін анықтауға тырысыңыз;
- әрқашан фотосуреттің т.б деректермен (статистикалық деректер, тарихи оқиғалар, карикатуралар т.б) байланысын анықтаңыз;
- егер тарихи деректер бір-біріне қарама-қайшы келсе, оның себебін анықтаңыз. Қарама-қайшылықтардан тағы да қандай тың деректерді алуға болады? Қайсы дерек неғұрлым шынайы екендігіне көз жеткізіңіз?
- фото мазмұнында қандай оқиға, ақпарат, мәлімет т.б.жеткіліксіз болып тұр? [2].

Фотосуретпен жұмыс жасаудың алгоритміне сәйкес суретті талдауға арналған талдамалық жұмыс парағын қолдану оқушының зерттеу жұмысын жүйелі жүргізіуіне септігін тигізеді.

Суреттің талдамалық жұмыс парағы.

1-қадам. Бақылау	
A	Суретті 2 минут ішінде зерттеңіз. Суреттен алған жалпы әсерді сипаттаңыз, содан кейін оның жеке элементтерін зерттеңіз. Суретті жеке бөліктерге бөліп, оның әр элементін зерттеңіз.
B	Суреттегі адамдар, нысандар және іс-әрекеттерді анықтау үшін төмендегі кестені қолданыңыз.

	Адамдар	Нысандар	Іс-әрекеттер
2-қадам. Қорытынды			
	Өз бақылауларыңыздың негізінде негізгі үш нысанды көрсете отырып, суреттен қорытынды шығарыңыз		
3-қадам. Сұрақтар			
A	Бұл сурет сізде қандай сұрақтар тудырады?		
B	Оларға жауаптарды қайдан таба аласыздар?		

Нәтижесінде оқушылар суреттегі оқиғаларға сәйкес түркілердің әскери өнердегі жетістіктері бойынша қорытынды жасай алады.

8-сынып

Тақырып: XIX ғасыр - XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдениеті

1. Суретті дереккөз ретінде пайдалануға арналған тапсырмалар.

Қазақ халқының өмірі туралы бізге бұл суреттер не айтады? (мал шаруашылығымен айналысты, киіз үйлерде өмір сүрді, ауылдар арасында хат хабар жеткізуші пошта тасушылары - жасауыл болды, т.б.)



Автор: Н.Г. Хлудов



«Гонец», Н.Г. Хлудов



Автор: Н.Г. Хлудов

Автор: Н.Г. Хлудов



2. Екі суретті салыстыруға және талдауға арналған тапсырма:

Хлудовтың суреттеріне қарай отырып, келесі сұрақтарға жауап беріңіз:

- Суретші берілген суреттерде қазақ халқының өмірінің қандай ерекшеліктерін бейнеледі?
- Берілген екі суреттің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтаңыз

1-сурет



2-сурет



3. Ойланыңыз, суретші бұл суреттерге қандай атау берген?
Суреттің атауына өз жауап нұсқаңызды ұсыныңыз.



Подумайте, как художник назвал эти картины?

Попробуйте придумать свой вариант названия картин.



4. Суреттердің тақырыбын анықтауға арналған шығармашылық тапсырма.
Өз жауабыңды түпнұсқамен сәйкестендіріңіз.
Оқушылардың креативті ойлауын дамыту жүзеге асырылады.



Подумайте, как художник назвал эти картины?

Попробуйте придумать свой вариант названия картин.



«Богатое кочевье», Н.Г. Хлудов

«Застигнутые бурей», Н.Г. Хлудов



Суреттерді зерттеу бойынша қорытындылар:

1. XIX ғасырда қазақтар көшпелі мал шаруашылығымен айналысуды жалғастырды. Сондықтан да олар көшіп қонуға ыңғайлы, әрі жеңіл жылжымалы

киіз үйде тұрды. Қазақтарда 4 маусымдық жайылым болды: жазғы– жайлау, күзгі – күзеу, қысқы – қыстау және көктемгі – көктеу.

2. Төрт түлік мал өсірумен қатар, қазақтардың шаруашылық өмірінің дәстүрлі нысандары егіншілік, аңшылық, балық аулау және қолөнер: сәндік қолданбалы өнер (яғни, тұрмыстық заттар мен киім-кешек жасау, оларды безендіру), темір ұсталығы, зергерлік, ағаш ұсталығы, қыш бұйымдар құю болды.

XIX ғасырдағы қазақтардың күнделікті өмірі тек тұрмыстық шаруашылықпен айналысумен ғана емес, ежелгі салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сақтай отырып, мерекелік тойлауды да қамтыды.

Тапсырма Суреттерді қазақтың ұлттық дәстүрлерімен сәйкестендіріңіз
1-мысал



А) Бесікке салу



Б) Бет ашар



В) Бата беру

2-мысал



А) Ерулік



Б) Тұсау кесу



В) Шашу

3-мысал



А) Белкөтерер



Б) Көрімдік



В) Қонақасы

Білім алушылар тапсырманы орындауда дұрыс жауаптардың кілтін қолдана отырып, тексеруіне болады:

Біліміңді тексер!

1-мысал	2-мысал	3-мысал
1-Б	1-Б	1-А
2-В	2-В	2-Б
3-А	3-А	3-В

1»Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша «XIX ғасырдағы білім мен ағарту ісі» тақырыбы бойынша сурет бойынша зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырма үлгісі

Иллюстрацияны қараңыз және сұрақтарға жауап беріңіздер:



Қазақстандағы XIX ғасырдағы мұсылмандық мектептердің күшті және әлсіз тұстары қандай болды?

Күшті:

- Балалар оқи және жаза білді
- Дәстүрлі ислам туралы жүйелі білім алды
- Балаларды табандылыққа, еңбекқорлыққа, білімге деген қызығушылыққа үйретті.

Әлсіз:

- қатаң тәртіп болды,
- оқушыларға Құранның ұзақ сүрелерін жаттауға тура келді,
- оқу араб тілінде жүргізілді,
- молдалардың сол кездегі ең жақсы медреселерде оқуға мүмкіндігі болмады.

Тақырып: XIX ғасырдағы білім беру мен ағарту ісі

Иллюстрацияны қараңыз және сұрақтарға жауап беріңіздер:

Қазақстандағы XIX ғасырдағы мұсылмандық мектептердің жағымды және жағымсыз тұстары қандай болды?

Жағымды:

- Балалар оқи және жаза білді
- Дәстүрлі ислам туралы жүйелі білім алды
- Балаларды табандылыққа, еңбекқорлыққа, білімге деген

қызығушылыққа үйретті.

Жағымсыз:

- қатаң тәртіп болды, молда тыңдамаған оқушыны ұруы мүмкін еді,
- оқушыларға Құранның ұзақ сүрелерін жаттауға тура келді,
- оқу араб тілінде жүргізілді,
- молдалар сол кездегі ең жақсы медреселерде оқымағандықтан, көбінесе

сауатсыз болған.



Иллюстрацияны қараңыз және сұрақтарға жауап беріңіздер:

XIX ғасырда Қазақстанда білім беруді ұйымдастыруда қандай қиындықтар болды?



Жауаптар:

- Арнайы салынған мектептер болған жоқ, балалар киіз үйде немесе табиғаттың қолайлы мезгілінде шөптің үстінде білім алды,
- Оқулықтар, мектеп құралдары жетіспеді,
- Мұғалімдер жетіспеді, ауылдардың барлығында сауатты молдалар болған жоқ
- Ауа райының нашарлауына және көшіп қону мезгілінде балалар білім алуын тоқтатты. Оқу тек күзде және қыста өткізілді.

Иллюстрация бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер:

XIX ғасырда Қазақстанда алғашқы кәсіптік білім берудің қандай түрлері болуы мүмкін?



Жауаптар:

Ағаш өңдеу (ағаштан жасалған бұйымдар мен құралдарды өндіру)
Сәндік-қолданбалы өнер: тоқу, киізден, былғарыдан бұйымдар жасау;
Гурьевтегі теңіз мектебі және т.б.

Тақырып: Ы.Алтынсарин– жаңашыл педагог

1-тапсырма. Білім беру ордаларын орналасқан жерімен сәйкестендіріңіздер:

Білім беру орындары	Орналасқан жері
Шығыстанушы ғалым Григорьев өзінің бай кітапханасын Алтынсаринге еркін пайдалануға рұқсат берді	Ырғызда
Қазақ балаларына арналған мектеп-интернат	Орынборда
Қазақ қыздарын оқытатын мектеп интернат	Торғайда

Дұрыс жауабы:

Білім беру орындары	Орналасқан жері
Шығыстанушы ғалым Григорьев өзінің бай кітапханасын Алтынсаринге еркін пайдалануға рұқсат берді	Орынборда
Қазақ балаларына арналған мектеп-интернат	Торғайда
Қазақ қыздарын оқытатын мектеп интернат	Ырғызда

2-тапсырма. Сәйкестендіріңіздер:

Педагог	Этнограф	Жазушы	Аудармашы
Ол еңбектерінде халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын қарастырады. Оның бірі қайтыс болған адамды жерлеу және оған ас беру, екіншісі құда түсу, қыз ұзату салттары туралы айтылады.	И.А.Крыловтың мысалдарын, Л.Н.Толстойдың әңгімелерін орыс тілінен қазақ тіліне аударған.	Кәсіби мектепте мұғалім атанған тұңғыш қазақ. Қазақ жеріндегі тұңғыш қыздар мектебі, оқу саласында қызмет атқаратын мұғалімдер мектебінің, еңбекке баулитын қолөнер мектептерінің ашылуы да Ы.Алтынсариннің есімімен байланысты.	Ы.Алтынсариннің қаламынан туған аудармалар, өлеңдер, әңгімелер, мысалдар, этнографиялық очерктер мен ертегілер оқырмандар жүрегінен жол тапты.

Дұрыс жауабы:

Педагог	Этнограф	Жазушы	Аудармашы
Кәсіби мектепте мұғалім атанған тұңғыш қазақ. Қазақ жеріндегі тұңғыш қыздар мектебі, оқу саласында қызмет атқаратын мұғалімдер мектебінің, еңбекке	Ол еңбектерінде халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын қарастырады. Оның бірі қайтыс болған адамды жерлеу және оған ас беру, екіншісі құда түсу,	Ы.Алтынсариннің қаламынан туған аудармалар, өлеңдер, әңгімелер, мысалдар, этнографиялық очерктер мен ертегілер оқырмандар жүрегінен жол тапты.	И.А.Крыловтың мысалдарын, Л.Н.Толстойдың әңгімелерін орыс тілінен қазақ тіліне аударған.

баулитын қолөнер мектептерінің ашылуы да Ы.Алтынсариннің есімімен байланысты.	қыз ұзату салттары туралы айтылады.		
---	-------------------------------------	--	--

3-тапсырма. «Ақиқат» немесе «жалған» ақпаратты анықтаңыз.

Ол 1841 жылы қазіргі Торғай облысында туған.

Ыбырай Алтынсарин орыс-қазақ мектептерінің оқушыларына арнап «Қырғыз (қазақ) хрестоматиясы» мен «Қырғыздарға (қазақтарға) орыс тілін үйретуге арналған алғашқы басшылық» атты екі оқу құралын жазды.

1860 жылы облыстық басқарма оған Торғай қаласында қазақ балалары үшін бастауыш мектеп ашуды тапсырды. Өзі сол мектепте инспектор қызметіне тағайындалды.

1869 жылы Ы. Алтынсарин Торғай уездік басқармасына іс жүргізуші ретінде қызметке орналасты. Содан соң уезд бастығының аға көмекшісі және уақытша уездік судья міндеттерін қатар атқарды.

Дұрыс жауаптары:

Ақиқат

Ыбырай Алтынсарин орыс-қазақ мектептерінің оқушыларына арнап «Қырғыз (қазақ) хрестоматиясы» мен «Қырғыздарға (қазақтарға) орыс тілін үйретуге арналған алғашқы басшылық» атты екі оқу құралын жазды.

1869 жылы Ы. Алтынсарин Торғай уездік басқармасына іс жүргізуші ретінде қызметке орналасты. Содан соң уезд бастығының аға көмекшісі және уақытша уездік судья міндеттерін қатар атқарды.

Жалған ақпарат

Ол 1841 жылы қазіргі Торғай облысында туған.

1860 жылы облыстық басқарма оған Торғай қаласында қазақ балалары үшін бастауыш мектеп ашуды тапсырды. Өзі сол мектепте инспектор қызметіне тағайындалды.

4-тапсырма. Ы.Алтынсариннің цитатасымен танысып, тарихи дерекке НІРР әдісімен талдау жасаңыз.

«Қызмет бабы бойынша мен байлармен жиі қақтығысып қаламын. Маған жамандық ойлайтындар, лауазымды адамдар арасында да бар. Олар қорғансыз кедейлерді арсыздықпен талап – тонауда»

- Н - Historical context - Тарихи контекст
- I - Intended audience – Арнаулы аудитория
- P - Point of view (author's) – Автордың ой-пікірі, көзқарасы
- P - Urpose (author's) – Автордың мақсаты

Жауап:




Тарихи контекст – XIX ғасырда да, бүгінгі күні де ұлттың сауаттылығы мәселесі маңызын жойған жоқ.

Арнаулы аудитория – Қазақ халқына арналған.

Автордың ой-пікірі, көзқарасы – Ол әділдікті бетке айтар тұлға, ешқандай қудалауға қарамастан шындықты айта білген.

Автордың мақсаты – Халықты ақпараттандыру, ағарту жолында әділеттіліктен бет бұрмауға шақырды.

1-тапсырма. Ұлттық музыкалық аспаптардың атауын жазып, сипаттаңыз.

<i>Ұлттық музыкалық аспаптар</i>	<i>атауы</i>	<i>сипаттамасы</i>
		
		
		

Дұрыс жауабы:

Сыбызғы
Шаңқобыз
Дауышпаз
Үрмелі аспаптардың ішіндегі халықтың ең сүйікті аспабы

Темірден немесе күмістен жасалған сүйір тілшесі бар көне аспап
Дабыл қағатын барабан

2-тапсырма. Білім беру жүйелеріндегі өзгерістерді сипаттаңыз.

Дәстүрлі діни мектептерді реформалаушылар

--

Жәңгір хан ашқан орыс-қазақ зайырлы мектебі

--

Кәсіптік білім беру мектептері

--

Дұрыс жауабы:

Дәстүрлі діни мектептерді реформалаушылар – жәдитшілдер.
1841 жылы Бөкей ордасында ашылды. Мектепте орыс, араб, парсы тілдері, сонымен қатар математика, география, тарих, дінтану пәндері оқытылды.
Оларды реалдық училищелер деп атады. Онда қолөнер, қолданбалы өнер, теңізде жүзуді, балық аулауды үйрету мектептері болды.

3-тапсырма. Кестені толтырыңыз.

<i>Білім беру орындары</i>	<i>Орналасқан жері</i>
Қазақ балаларына арналған интернаты бар мектеп салтанатты түрде ашылды.	
Алғаш қазақ қыздарын оқытатын мектеп-интернаты ашылды.	
Қазақтарға арналған мұғалімдер мектебі тұңғыш ашылды.	

Дұрыс жауабы:

1864 жылы Торғайда
1888 жылы Ырғызда
1883 жылы Орынбор губерниясының Ор қаласында

4-тапсырма. Зиялылардың тарихи еңбектерінің маңыздылығына сипаттама беріңіз.

Деректерден үзінді	Кімнің деректері	Маңыздылығы
Шежіремен байланысы бар ғылым салалары: тарих, этнография, география, тіл, әдебиет, топонимика. «Бұл қазақ деген кеше мен бүгін қойылған ат емес,		

заман-заманнан айтылып келе жатқан ат. Араб тілінде «ұғызақ» деп жазылған, шағатай түркісінде «хазағ» деп, өзіміздің жуан тілде «қазақ» деп жазылған».		
Жошы үлесінің үлкен ханы тұратын Алтын орданың орны осы күнгі Еділ суының бойында, Астрахан мен Саратов арасындағы Тсариф деген қала еді. Ноғайлар Сарай деп атап, оны орыстар Царив деп кетті. Сол кезде де біздің қазақтың орны осы Сарыарқада еді.		
«Қыпшақтың бір бөлігі – қырғыз-қыпшақтар деп Қашқария маңындағыларын атайды. Екіншісі – қытай-қыпшақтар, Қоқан, Марғұлан, Ош жағында жүргендері. Бұлар тарихта көршілеріне байланысты аталған көне қыпшақтар деп аталады... «Мағынасын байқағанға қыпшақ – адам баласы дегенге саяды, Оғуз хан бектерінің ұрпағы. Дұрысы Орта жүздегі қыпшақ талассыз қазаққа жатады, тек есімі көне қыпшақпен аттас, ал қытай-қыпшақ, қырғыз-қыпшақтар, басқа жерлерге таралып кеткен қыпшақтар бәрі ерте қадым заманнан келе жатқандары».		

Жауабы:

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының: «Қазақ шежіресі»
Қазақ халқының шежіресі жинақталған маңызды еңбек болып табылады
Шәкәрім Құдайбердіұлының тарихи еңбегі: «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі»
Тың тарихи деректерге мол еңбек болып саналады
Құрбанғали Халидтің «Тауарих хамса» («Бес тарих») еңбегінде: Алтын Орданың тарихы
Құрбанғали Халидтің тарихи еңбегінің маңыздылығы: тарихи-этнографиялық мәліметтер мол

5-тапсырма.» Ы.Алтынсарин білім беру саласының негізін қалаушы және ағартушы» тақырыбына эссе жазыңыз.

Кілт сөздер: *педагог, жазушы, этнограф, аудармашы, ағартушы, қоғам қайраткері*

Эссе критерийі: Әр аргумент фактілермен бекітілген болуы керек.

педагог [1]

жазушы[1]

этнограф[1]

аудармашы[1]

ағартушы[1]

қоғам қайраткері[1]

Қорытынды ой жазу[1]

9-сынып

Тақырып: Халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстан

Қазақстанның халықаралық ұйымдармен қарым-қатынастарына талдау жасаңыз

Аймақтық ұйымдар	Қабылдану тарихы	Мақсаты	Іс-әрекеті

Халықаралық ұйымдар	Қабылдану тарихы	Мақсаты	Іс-әрекеті
БҰҰ	1992 ж. 2 наурызында «ҚР-дың БҰҰ-ның мүшелігіне қабылдануы.	Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) — дүние жүзіндегі мемлекеттердің басым көпшілігін біріктіретін, ең ықпалды, әмбебап халықаралық ұйым. Басты мақсаты — халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтып, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту.	1996 ж. Қазақстан бейбітшілікті қолдау операцияларына қатысу үшін БҰҰ-ның резервтік келісімдер жүйесіне қосылды. Қазақстан 2000–2011 жылдарда БҰҰ өткізген барлық басты шараларға белсене қатысты. ҚР-сы БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің 2017–2018 жж. тұрақты емес мүшесінің бірі болып қабылданды.

Тақырып: Қазақстанның 1997 жылдан бастап әлеуметтік- экономикалық дамуы. «Қазақстан – 2030, 2050» стратегиялары.

Тапсырма: Қазақстанның 1997 жылдан бүгінгі күнге дейін әлеуметтік- экономикалық дамуына *PEST-CЭӘТ* талдау жасаңыз.

1. Саяси-құқықтық факторларды талдаймыз
2. Экономикалық факторларды талдаймыз
3. Әлеуметтік-демографиялық факторларды талдаймыз
4. Технологиялық факторларды талдаймыз

Саяси-құқықтық факторлар	Экономикалық факторлар
-	-
-	-
-	-

Әлеуметтік-демографиялық факторлар	Технологиялық факторлар
-	-
-	-
-	-

Жауабы:

<p>Саяси-құқықтық факторлар</p> <p>- Қазақстан 2030-2050 стратегияларын қабылдады</p> <p>-</p> <p>-</p>	<p>Экономикалық факторлар</p> <p>- 2003–2005 жылдары Мемлекеттік агроөнеркәсіптік бағдарламаны жүзеге асыру аяқталды. 2003-2005 жылдары ауылшаруашылығы дағдарыстан толық шығып, 2001 жылмен салыстырғанда жылқы, ірі қара, қой, құс саны өсті.</p> <p>- Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы аясында Қазақстан кластерінің негізі 2005 жылы салынды.</p> <p>-</p>
<p>Әлеуметтік-мәдени факторлар</p> <p>- Н.Ә.Назарбаевтың 2015 жылы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына жолдауында елдегі әлеуметтік саясатқа ерекше көңіл аударуда. Жаңа әлеуметтік саясаттың 5 бағыты анықталды.</p> <p>-</p> <p>-</p>	<p>Технологиялық факторлар</p> <p>- «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы – бұл цифрлық технологияларды қолдану есебінен елдің әрбір азаматының тұрмыс деңгейін арттыруды көздейтін маңызды кешенді бағдарлама.</p> <p>-</p> <p>-</p>

Тақырыбы: Тәуелсіздік жылдарындағы білім мен ғылымның және мәдениеттің дамуы.

Діннің қазіргі Қазақстан қоғамындағы рөлі. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы.

1-тапсырма. Қазіргі заманғы Қазақстан мәдениеті, білім беру, ғылым, дін салаларында болған өзгерістерді және қабылданған маңызды құжаттарды анықтаңыз

діни сала	білім беру саласы
ҒЫЛЫМ	мәдениет

Жауабы:

діни сала	білім беру саласы
1992 жылы қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңға сәйкес діни сенім бостандығы заң аясында жұмыс істейді. Бұл заңға сәйкес барлық діни бірлестік мемлекеттік органға тіркелуі тиіс. Сондай-ақ елімізде бір діннің үстемдік жүргізуіне, діни алауыздық пен өшпенділікті	1999 жылы маусымда «Білім туралы» Заң қабылданып, жалпы білім беретін мектептер үш сатылық білім беруге көшті. Дарынды балаларға арналған «Дарын» мемлекеттік бағдарламасы аясында республиканың облыс

тұтатуға талпынатын діни бірлестіктерді құруға заң бойынша тыйым салынған.	орталықтарында мектеп-интернаттар ашылды. 2004 жылдан бастап мектептерге Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) енгізілді.
Ғылым	мәдениет
Ғылымды дамытудың 2007-2010 жылдарға арналған бағдарламалары бекітіліп, нанотехнология және биотехнология бойынша ірі ұлттық зертханалар, еліміздің ЖОО-лар қасынан инженерлік зертханалар ашылды.	2004 жылы 13 қаңтарда 2004–2006 жж. арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлыққа қол қойды. Бағдарлама аясында 51 ескерткіш қайта жаңғыртылып, ел аумағында 39 қалашық қайта толық зерттелді. Шет елдеріне жасалған ғылыми экспедициялардың арқасында Қазақстан тарихы, этнографиясы, өнері туралы 5000-ға жуық жазбалар мен басылымдар табылған.

Қазақстан тарихы, 10-сынып

Тақырып: Қазақ халқының материалдық мәдениеті.

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. Материалдық мәдениет дегеніміз не?
2. Киіз үй компоненттерін атаңыз
3. Көшпелілер үшін киіз үй баспанадан басқа қандай қызмет атқарды ?

2-тапсырма. («Қазақстан тарихы». 10-сыныпқа арналған оқулық.

З.А.Джандосова.- Алматы: Мектеп, 2019 53 пар.,. 199-201 беттерді оқыңыздар) және тапсырманы орындаңыздар.

Берілген ұғымдарды анықтамасымен сәйкестендіріңіздер

1. Киіз үй	А <u>киіз үйдің</u> ең жоғарғы бөлігі. Оның пішіні <u>күмбез</u> тәріздес, күннің нысанын береді.
2. Шаңырақ	В. қонақтарға арналған құрметті орын
3. Төр	С. Қазақ халқының дәстүрлі баспанасы ғана емес, сондай-ақ материалдық мәдениеттің көрінісі.
4. Киіз	Д. Киіз үйдің ағаш қаңқасы бөлшектенетін торлы қабырғалар
5. Кереге	Е. қойдың жүнінен жасалып, киіз үйдің сыртқы қабырғалары және ішкі жасау-жабдықтары ретінде қолданылған

Жауап нұсқасы:

1. С 2. А 3. В 4. Е 5. Д

Тақырып: Қазақ халқының материалдық мәдениеті.

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. Қолданбалы қолөнерге қандай заттар жатады?
2. Ағаш шебері деген кім?

3. Киіз үйдің іші қанша бөліктен тұрады?

2-тапсырма. («Қазақстан тарихы». 10-сыныпқа арналған оқулық.

З.А.Джандосова.- Алматы: Мектеп, 2019 53 пар.,. 200-203 беттерді оқыңыздар) және тапсырманы орындаңыздар.

Берілген ұғымдарды анықтамасымен сәйкестендіріңіздер

1. Текемет	А.Еденге төсеу үшін пайдаланылады. Оларды ою түріндегі жүнді жаймалап салу немесе киізден кесіліп алынған оюларды басу әдісімен жасайды
2. Сырмақ	В.Киіз қиындыларынан құрастыру және ақ киізге матаны тігу, киізге жіппен кестелеп өрнек салу арқылы жасалады.
3. Қабырға кілемдері	С. Түскиіздер құрастыру, жапсыру және кестелеу тәсілдерімен жасалады
4. Өрнек түрлері	Д. Геометриялық, өсімдіктестес, жануартектес және антропоморфты
5. Әмбебап геометриялық оюлар	Е. Шеңбер, айқыш, шаршы, шиыршық

Жауаптары: 1. А 2. В 3. С 4. Д 5. Е

11-сынып

1-тапсырма. Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға қатысты оқиғаларды ретімен қойыңыз:

1) Қазақстан БҰҰ-ға мүше болып қабылданды. 2) Әлемдік дін басшыларының бірінші съезі. 3) ЕурАзЭО мүше болып қабылданды. 4) Шанхай ынтымақтастығы ұйымына мүше болып қабылданды. 5) ТМД-ға мүше болып қабылданды.

- 1) А) 5,1,2,3,4
- 2) В) 5,1,3,2,4
- 3) С) 5,1,2,4,3
- 4) D) 5,1,4,2,3
- 5) E) 5,2,3,4,1

Дұрыс жауабы:

Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға қатысты оқиғаларды ретімен қойыңыз:

1) Қазақстан БҰҰ-ға мүше болып қабылданды. 2) Әлемдік дін басшыларының бірінші съезі. 3) ЕурАзЭО мүше болып қабылданды. 4) Шанхай ынтымақтастығы ұйымына мүше болып қабылданды. 5) ТМД-ға мүше болып қабылданды.
D) 5,1,4,2,3

2-тапсырма. Сөйлемді толықтырып, бос орындарға дұрыс жауапты қойыңыз

1. Семей сынақ алаңында қалған ең соңғы ядролық заряд жойылды -?
2. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының III съезі өтті – ?

3. 1969 жылғы 25 қыркүйекте Рабатта өткен конференциясында негізі қаланған ұйым- ?

Дұрыс жауаптары:

1. Семей сынақ алаңында қалған ең соңғы ядролық заряд жойылды -1995 жылы 30 мамыр
2. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының III съезі өтті – 2009 жылы 1-2 шілде
3. 1969 жылғы 25 қыркүйекте Рабатта өткен конференциясында негізі қаланған ұйым- ИЫҰ

Тақырыбы: Тәуелсіз Қазақстанның экономикасы

1-тапсырма. Керекті сөздерді орындарына қойып, сөйлемдерді дұрыс құрап шығыңыз.

1992 жылдың басында _____ үкіметінің _____ бағаны босатуы жағдайды қиындата түсті. Нәтижесінде Республика Президенті Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі Президиумының келісімен 1992 жылы _____ ел аумағында бағаны босату туралы Жарлық шықты. Еркін баға енгізілуімен тауарлардың барлық бағасы _____.


Керек сөздер: Ресейде, Егор Гайдар, қымбаттады, 6 қаңтарда,

Дұрыс жауап:

1992 жылдың басында Егор Гайдар үкіметінің Ресейде бағаны босатуы жағдайды қиындата түсті. Нәтижесінде Республика Президенті Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі Президиумының келісімен 1992 жылы 6 қаңтарда ел аумағында бағаны босату туралы Жарлық шықты. Еркін баға енгізілуімен тауарлардың барлық бағасы қымбаттады.

2-тапсырма.

№ 2. Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа Жолдауын сәйкестендіріңіз:.			
2019 ж. 2 қыркүйек	1	A	ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМКАЛЫҚ ЖАҢҒЫРТУ -ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ БАҒЫТЫ
2018 ж. 5 қазан	2	B	СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІҢ НЕГІЗІ
2012 жылғы 27 қаңтар	3	C	ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ



1-тапсырма.

Қазақстан ғылымында қандай кемшіліктер болған? Қандай кемшіліктер шешімін тапты, қайсысы таппады кестеге толтырыңыз

Кемшіліктері		Шешімін таппады
	Қазақстан ғылымы	
Шешімін тапты		Жетістіктері

Жауабы:

1950 ж Қазақ КСР ҒА-ның жүйесінде 50 ғылыми зерттеу мекемесі, 19 институт, 13 сектор, 2 мұражай, обсерватория, 3 ботаникалық бақ, 8 ғылыми база жұмыс жасады. 500-ге жуық аспиранттар білім алды.

1985 ж. 40377 ғылыми қызметкер, 864 ғылым докторы, 650 академиктер, профессорлар жұмыс жасады.

Қоғамдық ғылымдар зардап шекті. Тікелей Мәскеу өзі ғылыми атақтарды беруді шешті. Кеңес билігі тұсындағы ауыр нәубеттердің сырын ашуға бағытталған зерттеулер жүргізуге тыйым салынды.

2-тапсырма. Қазақстанның халықаралық ұйымдарымен байланыстарын талдаңыз

Ұйым	Ұйымға кірген жылы	Байланыстары

Жауабы:

Ұйым

БҰҰ

1992 ж 2 наурызда БҰҰ-на мүше болды

1995 жылы БҰҰ ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойын атап өтті

3-тапсырма. Тарихи тұлғаларды атап, бұл кісілер туралы біліміңізді кестеге толтырыңыз

		
1.	2.	3.
4.	5.	6.

Жауабы:

Е.Бекмаханов
Д.Қонаев
Ж.Ташенов

4-тапсырма. «Қазақстандағы ұлтаралық қатынастар» кестесін толтырыңыз

1960 жылдары құрылған жастар ұйымдары	Кеңес үкіметі органдарымен ашық қатығысқа барған азаматтар	1979 жылғы Целиноградтағы оқиғаның себептері

Жауабы:

Жас тұлпар
Т.Рысқұлбеков
Ақмола оқиғасы

15. «Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміз үшін маңызы» Эссе жазыңыз

- _____
- _____
- _____
- _____

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша сабақты жоспарлауда оқытудың әдіс-тәсілдерін де пән мазмұнына сәйкес анықтау ұсынылады.

Оқытудағы құндылықтарға бағытталған тәсілдер – бұл оқу іс-әрекетін ұйымдастыру мен жүзеге асыру тәсілі, белгілі бір құндылықтар тарапынан оның нәтижелерін алу және қолдану. Құндылықтарға бағытталған оқу процесі оқушының жеке тұлғалық құндылықтар жүйесін мақсатты түрде қалыптастырады. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламасында қолданылатын құндылықтарға бағытталған ұстаным қазақстандық патриотизмді, толеранттық сана, өз елінің тарихи өткеніне, ата-бабалар мәдениеті мен әдет-ғұрыптарына құрмет көрсетуді жүзеге асырудың мүмкіндіктерін көздейді. Оқушылар тарихи даму процесіндегі Қазақстанның халқы адамзаттың ілгеруіне өзіндік бірегей әрі ауқымды үлес қосқандығын

түсінеді. Оған қоса олар тарихи мұрадағы мәселелер мен қарама-қайшылықтардың бар екендігін біледі, тарихи процестердің заңдылықтарын анықтауға және олардың одан әрі дамуын болжауға үйренеді.

Аталған тәсіл оқушының жеке тұлғалық құндылықтар жүйесін мақсатты түрде қалыптастыруға септігін тигізеді. Сондықтан білім алушыларға тарихи талдау және түсіндіру дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін тапсырма беру ұсынылады..

Оқытудағы тұлғаға бағытталған тәсілдер сабақтағы мұғалім мен оқушының субъект-субъектілі қатынастарды, оқушыға деген демократиялық қатынасты, оның жеке тұлғасына құрметін, оқушының оңтайлы моральды-этикалық қасиеттерінің, ықтималды мүмкіндіктерін есепке ала отырып таланттарын айтарлықтай ашу мен қалыптасуын білдіреді. Бұл тәсіл оқушының жеке қызығушылықтары мен қабілеттерін ескеруді, тарихи дамудың күрделі сұрақтарын талқылау барысында өзінің ой-пікірін анықтау мен қорғай білу дағдыларын қалыптастыруды, тарихи оқиғаларға баға беру және өзіндік қорытындыларды шығару, қарастырылып отырған тарихи оқиғалар мен процестерге өзіндік көзқарас пен пікір білдіруді көздейді.

Іс-әрекетке бағытталған тәсілдер білім мен дағдылардың белсенді танымдық іс-әрекет процесінде қалыптасатындығын білдіреді, өз кезегінде бұл тарихи деректер мен басқа да ресурстарды өзіндік іздеу, интерпретациялау, талдау, тұжырымдау мен бағалауды білдіреді. Оқушылар проблемалық сұрақтарды бірлесіп талқылау, рөлдік ойындар мен белсенді оқыту формаларында белсенділік танытып, қатысады. Оқу бағдарламасында жаңа ақпаратты қолдану мен түрлендіру мүмкіндіктерін қолдануға баса назар аударылады, сондықтан ол оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Саралап оқыту тәсілдері оқу процесін оқушылардың әртүрлі топтарына мамандандырылуын, оқушылардың жеке қабілеттіліктерін ескеру мақсатында әртүрлі топтарға түрлі жағдайларды жасауды көздейді. Саралап оқыту тәсілі әртүрлі оқушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерді саралау тәсілдерін кіріктіреді. Күрделілігі, оқу-танымдық қызығушылықтары, мұғалім тарапынан көмек сипатымен ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану – сараланған оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың шарты болып табылады. Тарихты оқытуда саралауды жүзеге асырудың әдіс тәсілдері: оқыту материалының көлемі; күрделілік деңгейі, шығармашылық деңгейі, оқушылардың өздігінен жұмыс жасай алу деңгейіне байланысты және оқушыларға қажетті қолдаушылықтың сипатына қарай іске асырылады. Пәнді оқытуда саралаудың келесі түрлері қолданылады.

Тапсырмаларды саралаудың түрлері

<i>Айқын саралау</i>	<i>Жасырын саралау</i>
1. Жеке жұмысқа арналған күрделілік деңгейіне байланысты тапсырмалар	1. Тапсырмаларды орындау барысында алгоритмдерді, теориялық анықтамаларды, қосымша сұрақтарды қолдану арқылы жүзеге асады

2. Қабілеттері жоғары оқушыларға күрделірек тапсырмалар беріледі	2.Мәтін, кесте, схемалармен жұмыс
3. Түрлі деңгейдегі тапсырмалары бар карточкалар	
4. Әрбір оқушымен жеке жұмыс жасау	
5. Жеке шығармашылық жұмыс	
6. Алдыңғы оқытылатын тақырыптарға алдын ала материалдар дайындау	

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндерін оқыту процесінде оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдысын (ақпаратты табу, құрастыру және басқару, мәліметтер және идеялармен бөлісу, бірлесіп әрекет ету, түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру) дамыту үшін жағдайлар жасалуы қажет.

Пәнді оқыту барысында АКТ-ны қолдану мүмкіндіктері:

- ақпаратты іздеу, сұрыптау және фактілер мен құбылыстар арасындағы байланыстар мен айырмашылықтарды анықтау, салыстыруға байланысты өзіндік жұмыс жасау дағдыларын дамыту;

- оқушылардың білімдерін кеңейту үшін мультимедиялық ресурстарды пайдалану;

- белсенді оқытудың әдіс - тәсілдерін қолдау үшін интерактивті тақталарды пайдалану;

- оқушылардың электронды оқулықтарды пайдалануы;

- компьютерлік презентациялардың түрлерін пайдалана отырып, таңдалған тақырыптар бойынша шығармашылық жобаларды жасау;

- оқушылардың пікір-талас өткізу және тарихи мәселелерді талқылауына игі ықпал ету үшін компьютерлік қарым-қатынас құралдарын (мысалы, онлайн-форумдар, конференциялар) пайдалану болып табылады.

Білім сапасын арттыруда пән мазмұнына сәйкес оқыту әдіс- тәсілдері мен оқу тапсырмалары талаптарын жақсы білу, оқу бағдарламасын меңгеру нәтижелеріне қойылатын талаптарға сәйкес сабақ құра білуге ерекше мән беру қажет.

МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Математика мектептегі ең маңызды пәндердің бірі және адам өмірінің барлық дерлік салаларында өзінің одан әрі күнделікті қолданылуын табады. Математиканы білмей, біз ақша санай алмаймыз, уақытты анықтай алмаймыз, заттарды, қашықтықты салыстыра алмаймыз. Математика оңай және күрделі есептердің шешімін табуға көмектеседі. Математика барлық дерлік кәсіп пен салада да маңызды. Тек экономистер, есепшілер, инженерлер мен сәулетшілер ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және гуманитарлық сала мамандарының да жұмысы есептеу техникасымен байланысты. Бүгінгі күні калькуляторлар мен компьютерлер көмекке келгенімен, қазіргі заманғы адам математиканың қарапайым білімі мен дағдыларынсыз жасай алмайды. Математиканы оқу логикалық ойлау мен пайымдау, қорытынды жасау және негізделген шешім қабылдау қабілетін қалыптастырады.

МОДО сияқты халықаралық зерттеулердің ең маңызды және іргелі элементтері бағаланатын пәннің негізгі аспектілерін сипаттайтын бағалау шеңберлері болып саналады. МОДО циклін бағалау шеңберлері бір-біріне ұқсас. Дегенмен, әрбір жаңа циклде МОДО энциклопедияларында дәстүрлі түрде сипатталған қатысушы елдердің оқу бағдарламаларын, стандарттарын және құрылымдарын жақсырақ көрсету үшін осы құрылымға шағын өзгерістер енгізіледі.

4-сыныптар үшін математиканы бағалау негізіне сәйкес математикалық білім беру сапасы екі өлшеммен анықталады:

- Мазмұн аймағын бағалау
- Когнитивтік аймақты бағалау

Математиканың мазмұндық аймақтары

Математиканың мазмұндық аймақтарының төртінші және тоғызыншы сыныптар үшін әр сыныптағы пән мазмұнының айырмашылығын көрсететін ерекше белгілері бар. Мысалы, төртінші сыныпта сандарға тоғызыншы сыныпқа қарағанда көбірек көңіл бөлінеді. Тоғызыншы сыныпта үш мазмұндық саланың екеуі алгебра мен геометриядан тұрады. Бастауыш мектепте бұл салалар жеке сала ретінде оқытылмайтындықтан, төртінші сыныпта бағаланатын кіріспе немесе алдын ала алгебра пәні сандар бөліміне қосылса, геометрия саласы «Геометриялық пішіндер мен өлшемдер» бөліміне назар аударады. Төртінші сыныптағы «Деректерді визуализациялау» аймағы деректерді оқуға және түсіндіруге бағытталған, ал тоғызыншы сыныпта деректерді және ықтималдық негіздерін түсіндіруге назар аударылады.

МОДО математикадағы аспектілердің кең ауқымын бағалайтынын атап өту маңызды, оның ішінде шамамен үштен екісі оқушылардан білім мен ойды қолдануды талап етеді. Мазмұндық аймақтардан айырмашылығы, когнитивтік аймақтар екі сынып үшін де бірдей, бірақ екпіннің ауысуы бар. Сонымен, төртінші сыныппен салыстырғанда, сегізінші сыныпта «білім» аймағына аз, ал «пайымдау» аймағына көбірек көңіл бөлінеді. 1.1-кесте. МОДО-2015 мазмұнының бағыттары және олардың әрқайсысына арналған тестілеу

уақытының мақсатты пайыздары көрсетілген. Әрбір мазмұндық аймақ тақырыптық бөлімдерден тұрады және әрбір бөлім өз кезегінде бірнеше тақырыпты қамтиды.

МОДО-2019 ұқсас мазмұн аймақтарын пайдаланды, дегенмен жалпы таралу популяциясында мазмұн аймағына көбірек көңіл бөлінді.

«Деректерді визуализациялау». Осылайша, МОДО-2019 деректерін визуализациялау аймағының пайыздық үлесі 20%, геометриялық пішіндер мен өлшемдер-30% құрады.

1.1-кесте. МОДО-2015 математика пәнінің мазмұндық бағыттарының мақсатты пайыздары, төртінші сынып

Мазмұн аймағы	Пайыз
Сандар	50%
Геометриялық пішіндер мен өлшемдер	35%
Деректерді визуализациялау	15%

Сандар

«Сандар» мазмұндық аймағы үш тақырыптық бөлімге қатысты білім мен дағдылардан тұрады:

- Натурал сандар, соның ішінде нөл (25%);
- Бөлшек және ондық бөлшектер (15%);
- Өрнектер, қарапайым теңдеулер және қатынас (10%).

Айта кету керек, МОДО-2019 бағалау жүйесінде «Бөлшек және ондық бөлшектер» тақырыптық бөлімінің пайыздық көрсеткіштері МОДО-2015 бағдарламасындағы 15% орнына 10%, ал «Өрнектер, қарапайым теңдеулер және қатынастар» бөлімі бойынша 10% орнына 15% өзгертілген. Яғни, жаңа бағалау ұяшығындағы «Өрнектер, қарапайым теңдеулер және қатынастар» бөліміне көбірек көңіл бөлінеді.

Натурал сандар сандармен жұмыс істеуге ең оңай кіріспе беретіндіктен, натурал сандармен жұмыс бастауыш мектептегі математиканың негізін құрайды. Осылайша, натурал сандар басым компонент болып табылады және оқушылар натурал сандарды есептей алуы керек, сонымен қатар есептерді шешу үшін есептеулерді қолдана білуі керек. Дегенмен, объектілер мен шамалардан бері көбіне натурал сандар емес, сонымен қатар оқушыларға бөлшектерді көптеген есептеулер үшін негіз ретінде түсіну маңызды. Оқушылар бөлшек пен ондық бөлшектерді салыстыра білуі керек. Төртінші сыныпта алгебраға дейінгі түсініктер де МОДО бағалауының бөлігі болып табылады, оның ішінде қарапайым теңдеулердегі айнымалыны (белгісіз) табу және шамалар арасындағы байланыстарды түсіну.

Сандар: натурал сандар

1. Сандардың цифрларын, оның ішінде санның сөзбен жазылуын, сондай-ақ сөздерді, диаграммаларды немесе белгілерді пайдаланып натурал сандарды анықтаңыз.
2. Натурал сандарды салыстыру, ретке келтіру және дөңгелектеу.
3. Натурал сандарға арифметикалық амалдарды (+, -, ×, ÷) орындау.
4. Өлшемдерге қатысты есептерді шешу.
5. Тақ және жұп сандардың анықтау.

Сандар: бөлшек және ондық бөлшектер

1. Бөлшекті бүтіннің бөлігі, сандар жиынының бөлігі ретінде анықтау, жай бөлшектерді сандар жолында бейнелеу және сөздерді, сандарды немесе үлгілерді пайдаланып бөлшектерді көрсету.
2. Жай бөлшектерді анықтау, бөлшектерді салыстыру және әртүрлі жағдайларда берілген бөлшектерді қосу және алу.
3. Ондық бөлшектерді, сандарды немесе үлгілерді анықтау; ондық бөлшектерді салыстыру, ретке келтіру және дөңгелектеу, ондық бөлшектерді қосу және азайту.

Сандар: өрнектер, қарапайым теңдеулер және қатынас

1. Теңдеуден жетіспейтін санды табу (мысалы, $17 + w = 29$).
2. Мәтіндік есептерді теңдеулерді пайдаланып шешу.
3. Үлгілерді табуға есептер шығару (мысалы, сандар арасындағы байланысты сипаттау).

Геометриялық пішіндер мен өлшемдер

Бізді әртүрлі пішіндер мен өлшемдегі нысандар қоршап тұр, ал геометрия бізге пішіндер мен өлшемдердің арасындағы байланысты визуализациялауға және түсінуге көмектеседі. Бұл тақырыптық бөлім өлшемдерді, координаталық жазықтықты, түзулерді және бұрыштарды түсінуге арналған. Сонымен қатар кеңістіктегі геометриялық пішіндердің бетінің ауданы мен көлемін есептеуді қамтиды. «Геометриялық пішіндер мен өлшемдер» мазмұндық аймағы екі тақырыптық бөлімнен тұрады:

- Нүктелер, түзулер және бұрыштар;
- Екі өлшемді және үш өлшемді фигуралар.

Төртінші сыныпта оқушылар түзулердің, бұрыштардың, әртүрлі геометриялық фигуралардың, соның ішінде екі өлшемді және үш өлшемді пішіндердің қасиеттері мен сипаттамаларын анықтай алуы керек. Кеңістікті білу геометрияны оқытудың құрамдас бөлігі болып табылады және оқушылар әртүрлі геометриялық фигураларды сипаттап, сыза білуі керек. Сондай-ақ олар геометриялық қатынастарды талдай білуі және есептерді шешу үшін сол қатынастарды пайдалана білуі керек. Оқушылар ұзындық, бұрыш, аудан және көлем сияқты физикалық сипаттамаларды өлшеуге арналған құралдарды пайдалана білуі керек, сонымен қатар шаршылар мен тіктөртбұрыштардың

аудандары мен периметрлерін есептеу үшін қарапайым формулаларды қолдана білуі керек.

Геометриялық пішіндер мен өлшемдер: нүктелер, түзулер және бұрыштар

1. Ұзындықты өлшеу және анықтау.
2. Параллель және перпендикуляр түзулерді анықтау және салу.
3. Бұрыштардың әртүрлі түрлерін анықтау, салыстыру және салу (мысалы, сүйір, тік және доғал бұрыштар).
4. Жазықтықтағы нүктенің орнын анықтау үшін координаталар жүйесін қолдану.

Геометриялық пішіндер мен өлшемдер: 2D және 3D пішіндері

1. Типтік 2D және 3D геометриялық фигураларды, соның ішінде осьтік және орталық симметрияны сипаттау және салыстыру үшін қарапайым қасиеттерді пайдалану.
2. Үш өлшемді фигуралардың екі өлшемді бейнелерімен байланысы.
3. Көпбұрыштардың периметрлерін, квадраттарының аудандарын есептеу және төртбұрыштар; геометриялық фигуралардың ауданы мен көлемдерін есептеу, оларды бір текше куб текшелермен толтыру.

Деректерді визуализациялау

Қазіргі ақпараттық қоғамда деректердің барлық жерде болуы сандық ақпараттың көрнекі көріністеріне әкелді. Интернетте, газеттерде, журналдарда, оқулықтарда, анықтамалықтарда және мақалаларда диаграммалар, кестелер және графиктер түрінде ұсынылған мәліметтер бар. Оқушылар графиктер мен диаграммалар ақпаратты немесе санаттарды реттеуге көмектесетінін және деректерді салыстыру жолын қамтамасыз ететінін түсінуі керек.

«Деректерді визуализациялау» бір тақырыптық бөлімнен тұрады:

- Оқу, түсіндіру және көрсету.

Сонымен қатар, МОДО-2019 бағалау жүйесінде бұл сала екі тақырыптық бөлімнен тұрды: «Оқу, түсіндіру және ұсыну» (15%) және «Мәселелерді шешу үшін мәліметтерді қолдану» (5%).

МОДО-2015 құрылымына сәйкес, төртінші сыныпта оқушылар деректерді визуализациялаудың әртүрлі формаларын оқып, тани білуі керек. Қарапайым проблемалық жағдайды және жиналған деректерді ескере отырып, оқушылар деректерді жинауға шабыттандырған сұрақтарға жауап беретін графиктер мен диаграммалардағы деректерді ұйымдастыра және көрсете алуы керек. Оқушылар деректердің сипаттамаларын салыстырып және деректер визуализациясы негізінде қорытынды жасай алуы керек.

Деректерді визуализациялау: оқу, түсіндіру және ұсыну

1. Кестелерден, пиктограммалардан, бағаналы графиктерден, сызықтық және дөңгелек диаграммалардан мәліметтерді оқу, салыстыру және ұсыну.

2. Көрсетілген деректерді жай оқумен шектелмейтін сұрақтарға жауап беру үшін деректердің көрнекі көрінісінен ақпаратты пайдалану.

Математиканың когнитивтік салалары

МОДО тест тапсырмаларына дұрыс жауап беру үшін оқушылар математиканың мазмұнымен таныс болып қана қоймай, сонымен қатар бірқатар танымдық дағдыларды қолдануы керек.

Бірінші танымдық сала – «Білім» – оқушылар білуге тиісті фактілерді, ұғымдарды және процедураларды қамтиды. Екінші бағыт «Қолдану» оқушылардың есептерді шешу немесе сұрақтарға жауап беру үшін білімі мен тұжырымдамалық түсінігін қолдану қабілетіне бағытталған. Үшінші бағыт – «Пайымдау»-бейтаныс жағдайларды, күрделі контексттерді және көп сатылы тапсырмаларды қамту үшін күнделікті есептерді шешу шеңберінен шығады. Сонымен, когнитивтік аймақтар мектеп оқушыларының ойлау қабілетінің кең ауқымын қамтиды.

Білім

Математиканы қолдана білу немесе математикалық есептер туралы ой қорыту қабілеті математикалық ұғымдарды білуге және математикалық дағдыларды еркін меңгеруге байланысты. Оқушының есте сақтау қабілеті неғұрлым өзекті болса және ол түсінетін ұғымдар ауқымы неғұрлым кең болса, соғұрлым кең ауқымды тапсырмаларға қатысу мүмкіндігі артады.

Тілді, негізгі фактілерді, сандық шарттылықты, символдық бейнелеуді және кеңістіктік қатынастарды еске түсіруді жеңілдететін білім базасынсыз оқушының мақсатты математикалық ойлауы мүмкін болмайды. Фактілерге математиканың негізгі тілін қамтамасыз ететін білімдер, сонымен қатар математикалық ойлаудың негізін құрайтын негізгі математикалық ұғымдар мен қасиеттер жатады.

Қолдану

Бұл сала математиканы әртүрлі контексте қолдануды қамтиды. Бұл салада фактілер, тұжырымдамалар мен процедуралар, сонымен қатар проблемалар таныс болуы керек. Осы салаға қатысты кейбір тапсырмаларда оқушылар фактілер, дағдылар және процедуралар туралы математикалық білімдерін қолдануы немесе көрнекі көріністерді жасау үшін математикалық ұғымдарды түсінгенін көрсетуі керек. Идеяларды бейнелеу математикалық ойлау мен коммуникацияның өзегін құрайды, ал баламалы бейнелерді жасау мүмкіндігі осы пәнде табысқа жетудің негізі болып табылады.

Мәселелерді шешу таныс және күнделікті тапсырмаларға баса назар аудара отырып, пайдалану аймағында орталық орын алады. Тапсырмалар нақты өмірлік жағдайларға негізделуі мүмкін немесе тек сандық немесе алгебралық өрнектерге, функцияларға, теңдеулер, геометриялық фигуралар немесе статистикалық деректер жиындарына қатысты сияқты математикалық сұрақтарға қатысты болуы мүмкін.

Пайымдау

Тапсырмалар білім мен дағдыларды жаңа жағдайларда қолдануды қамтиды, ал ой қорыту дағдыларының өзара әрекеті әдетте мұндай тапсырмалардың ерекшелігі болып табылады.

«Пайымдау» аймағында табылған көптеген танымдық дағдылар жаңа немесе күрделі есептер туралы ойлау және шешу үшін пайдаланылуы мүмкін болғанымен, олардың әрқайсысы оқушылардың жалпы ойлауына әсер ету мүмкіндігі бар өз алдына математикалық білім берудің құнды өнімі болып табылады. Мысалы, пайымдау бақылау және болжау қабілетін қамтиды. Ол сондай-ақ нақты болжамдар мен ережелерге негізделген логикалық қорытындылар жасау және нәтижелерді негіздеу мүмкіндігін қамтиды.

Математикадан тест тапсырмалары

Білім

1. Сандар

1)Бес мың жиырма бес саны былай жазылады:

- a)525 b)5025 c)50025 d)500025

2) Ермек әр қатарына 7 ағаштан 6 қатар ағаш отырғызды. Ермек барлығы неше ағаш отырғызды?

- a)13 b)30 c)35 d)42

3) Қан сандардың қосындысы 3-ке бөлінетін сандар жазылады?

- a)6,15,21 b)3,13,23 c)31,32,33 d)9,15,26

4)Қосындының мәнін тап:

$$0,36+1,77=$$

Жауабы: _____

5) Бөлуді орында:

$$148:5=$$

Жауабы: _____

6) Марат сандық тізбекті жаза бастайды: **6, 15, 24, 33, ?**

Ол келесі санды алу үшін бірдей санды қосады. Келесі қандай санды жазуы керек?

Жауабы: _____

7) Амалды орындаңыз:

$$14809-532=$$

Жауабы: _____

8) Мына сандардың ең кішісін тап.

- a)0,2 b)0,03 c)0,23 d)0,3

9) $-87=923$

Бұл теңдік ақиқат болу үшін торкөзге қандай санды қою керек?

- a)64 b)100 c)104 d)1010

10) Төменгі сандардың қайсысы 42093-4136 айырмасының жуық мәні бола алады?

- a)10000 b)40000 c)50000 d)30000

11) Бағдарлы сызық санды тізбектегі қай санды көрсетіп тұр?

Жауабы: _____

12) Қай суретте фигураның $\frac{1}{4}$ бөлігі боянған?

a b c d

5	6			8
---	---	--	--	---

13) Айсұлу тақтаға бір санды жазды. Ал Арман бұл санның 2 цифрын өшіріп тастады. Айсұлу жазған санды 7 ондық бар. Айсұлу қандай сан жазды?

a)5678 b)56008 c)56708 d)56678

14) $1362:32$ өрнегінің жуық мәні

a)400 b)40 c)16 d)4

15) Қара дөңгелектер барлық дөңгелектердің қандай бөлігін алып жатыр?

Жауабы: _____

16) Ең үлкен бөлшекті тап

a) b) c) d)

2. Геометриялық пішіндер мен өлшемдер

17)Марат осы шеңбердің ішіне фигураны сала бастады. Ол 12 және 3, 3 және 6 нүктелерін кесінділермен байланыстырды. 6 және 9, 9 және 12 нүктелерді қосу арқылы осы фигураның құрылысын аяқтаңыз. Қандай фигураны алдыңыз?

a) шеңбер b) бесбұрыш c) шаршы d) үшбұрыш

18) Осы екі үшбұрыш үшін қай тұжырым дұрыс?

- a) Әрбір үшбұрыштың екі бірдей қабырғасы бар
b) Әрбір үшбұрыштың әртүрлі ұзындықтағы үш қабырғасы бар.
c) Әрбір үшбұрыштың тік бұрыштан үлкен бұрышы бар.
d) Әрбір үшбұрыштың тік бұрышы бар.

19) Суретте текше көрсетілген. Оның қанша қабырғасы бар?

a) 9 b) 10 c) 11 d) 12

20) Бұл фигураның неше симметрия осі бар?

a) 1 b) 2 c) 3 d) 4

21) Төменде тіктөртбұрыш туралы бірнеше мәлімдемелер берілген. Берілген мәлімдеменің ақиқат немесе жалған екенін көрсету үшін сәйкес ұяшыққа \checkmark белгісін қойыңыз.

		Ақиқат	Жалған
a	Тіктөртбұрыштың 4 қабырғасы бар		
b	Барлық қабырғаларының ұзындығы бірдей болуы керек.		
c	Оның барлық бұрыштары тік		

d	Оның екі жұп параллель жақтары бар		
---	------------------------------------	--	--

22) Әрбір сөйлемнің мм, см, м немесе км арқылы өлшем бірліктерін жазыңыз.

Баланың бойы 590_____

Орман арқылы өтетін жолдың ұзындығы 5_____

Көліктің ұзындығы 6_____

23) Қанша бала сүйікті балмұздағын ванильді деп айтты?

Балмұздақ	Бала саны
Ванильді балмұздақ	
Шоколадты балмұздақ	
Құлпынай балмұздағы	
Лимон балмұздағы	

-4 бала

Жауабы: _____

24) Қай суретте сызылған түзуге қатысты симметриялы емес фигуралар көрсетілген?

3. Деректерді визуализациялау

25) Айгүлдің сыныбының бірнеше оқушысы мектептегі кеште қораптағы печенье сатып жүрген.

Төмендегі кестеде осы оқушылардың әрқайсысы қанша қорап сатқаны көрсетілген.

Аты-жөні	Айгүл	Мұрат	Ерлан	Көркем	Берік	Исмаил
Сатылған жәшіктер саны	18	6	7	12	15	10

Неше оқушы 10 қораптан артық печенье сатты?

Жауабы: _____

26) Кестеде әр сыныптағы оқушылар саны көрсетілген.

Мектептің әрбір кабинеті 30 оқушыға арналған. Мектеп әлі де қанша оқушы қабылдай алады?

a)20

b)25 c)30

d)35

27) Триатлон жарысында спортшылар алдымен жүзеді, содан кейін велосипедпен жүреді, содан кейін жүгіреді. Кестеде Әйгерім, Бибігүл, Сәнияның нәтижелері көрсетілген.

Триатлон нәтижелері (минутпен)

	Айгерім	Бибігүл	Сәния
Жүзу	35	25	50
Велосипедпен жүру	80	90	85
Жүгіру	135	130	120
Барлығы	250		

Жарысты ең аз минутта аяқтаған адам жеңімпаз болады. Қай қыз триатлонда жеңіске жетті? Оған қанша уақыт кетті?

Жауабы: _____ минут

Қолдану

4. Сандар

28) ЕРЕЖЕ: В бағанындағы санды есептеу үшін А бағанындағы санды 5-ке көбейтіп, 2-ді қосыңыз.

Осы ережені пайдаланып, кестені толтыр

А бағаны	В бағаны
3	
8	

29) Теңдік дұрыс шығатындай үшбұрыштың орнына санды қой.

$$16+15= +10$$

a)11 b)21 c)25 d)31

30) Маржанның 50 теңгесі бар. Ол әрқайсысы 12 теңге тұратын неше кітап сатып ала алады?

Жауабы: _____

31) Пойыз Шымкенттен 6:29-де шығып, сол күні 10:07-да Сарыағашқа жетеді. Бұл сапар қанша уақытқа созылады?

Жауабы: _____ сағ _____ мин

32) Думанда 20 теңге болды. Ол 3теңге 65 тиынына кітап, 2 теңге 70 тиынына журнал сатып алды. Думанда неше теңге қалды?

a)6,35 тг b)13,65 тг c)14,65 тг d)16,35 тг

33) Қандай сан 300-ге жақын?

a)275 b)291 c)307 d)320

Қарақшылар кемесі

Қазына кемесі

34)

Суретте қарақшылар кемесі қазына кемесін қуып бара жатқаны бейнеленген. Қарақшы кемесінің алдыңғы жағы мен қазына кемесінің артқы

жағы арасында біраз қашықтық қалды. Осы қашықтық неше кемең ұзындығына тең болады?

- a)3 b)4 c)5 d)6

35) Санжар 45 жаста. Ол Жанардан жас үлкен. Мына өрнектердің қайсысы Жанардың жасын көрсетеді?

- a)45- b) +45 c) -45 d)45·

35) Кестедегі сандарды қараңыз:

А бағаны	В бағаны
1	2
2	5
3	10
4	17

В бағанында жазылған сандарды алуға қандай ереже мүмкіндік береді?

- a) А бағанындағы санды өзіне көбейтіп, 1-ді қосыңыз
b) А бағанындағы санды 3-ке көбейтіңіз, содан кейін 1-ді алыңыз
c) А бағанындағы санды өзіне көбейтіп, 1-ді шегеріңіз
d) А бағанындағы санды 2-ге көбейтіңіз

«Өмірдегі арифметикалық прогрессия».

1.Қайық

Қайық көл жағасынан алғашқы секундта 0,7 метрге қозғалды да, ары қарай әр секунд сайын 0,2 метр қашықтық қосылып отырды.

Сұрақ 1: Қайық

Қайық 8 секундтан кейін жағадан қанша қашықтықта болады?

Шешуі: $a_8 = a_1 + 7d$

$$a_8 = 0,7 + 7 \cdot 0,2 = 0,7 + 1,4 = 2,1$$

Жауабы: 2,1 м

Сұрақ 2: Қайық

Қайық 1,5 минуттан кейін жағадан қанша қашықтықта болады?

Шешуі: $a_{90} = a_1 + 89d$

$$A_{90} = 0,7 + 89 \cdot 0,2 = 0,7 + 17,8 = 18,5$$

Жауабы: 18,5 м

2.Ерзаттың қорасында



Ерзаттың қорасында жылқы, сиыр, ешкі, қой, қаз, тауықтар бар. Олардың саны арифметикалық прогрессия құрайды.

Сұрақ 1: Келесі гистограммалардың қайсысы Ерзаттың қорасындағы малдар мен құстардың санын көрсетуі мүмкін?

A. 20 қой, 7 жылқы B. 7 сиыр, 11 қой C. 50 қаз, 10 жылқы D. 12 сиыр, 10 ешкі

Сұрақ 2: Бірінші сұрақтың жауабына сәйкес гистограмма бойынша Ерзаттың қорасында жылқы, қаз және тауық саны қанша?

Шешуі: $a_1 + d = 7$

$$a_1 + 3d = 11$$

$$d = 2, \quad a_1 = 5, \quad a_5 = 13, \quad a_6 = 15.$$

Жауабы: Жылқы-5, қаз-13, тауық-15.

Ағаш көшеттерін отырғызу

Мектеп оқушылары көктемде алма, өрік, қараөрік, шынар, шырша, қарағай, қайың, қарағаш, терек ағаштарының көшеттерін отырғызды. Олардың саны өспелі арифметикалық прогрессия құрайды. Қараөрік көшеттерінің саны 16, ал қайың көшеттерінің саны 24.

Сұрақ 1: Ағаш көшеттерін отырғызу

Оқушылар қанша жеміс ағаштарының көшетін отырғызды?

Жауабы: 3

Сұрақ 2: Ағаш көшеттерін отырғызу

Оқушылар қанша алма және терек ағаштардың көшетін отырғызды?

Шешуі: $a_1 + 2d = 16,$

$$a_1 + 6d = 24$$

$$d = 2, \quad a_1 = 12, \quad a_9 = 28$$

Жауабы: Алма саны-12, терек саны -28

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САУАТТЫЛЫҒЫ

Оқушылар өздері және өмір сүріп жатқан әлемнің саналы шешім қабылдауға қабілетті азамат болу үшін қазіргі әлемдегі ғылым туралы түсінікті дамыту өте маңызды. Олар күн сайын ақпараттың үлкен ағынымен және фактіні көркем әдебиеттен ажырату және маңызды әлеуметтік, экономикалық және экологиялық мәселелердің ғылыми негіздерін түсіну қабілетімен бетпе-бет келеді. Бұл олардың қажетті білімдері болған жағдайда мүмкін болады. Бастауыш сынып оқушылары әлемге және ондағы өз орнына деген қызығушылықтарын байқауға болады. Сондықтан, олар ғылымды ерте жастан үйрене бастауы керек, әсіресе олар бұл білімді өз денсаулығы мен тамақтануын жақсарту үшін пайдалана алады. Олар ересек болған кезде және әртүрлі жағдайларға тап болған кезде (ауруды емдеу, климаттың өзгеруі және технологияны қолдану сияқты) ғылыми негізде түсіне алу керек.

Жаратылыстану пәнінің мазмұндық бағыттары төртінші және тоғызыншы сыныптар үшін әр сыныптағы бағыттың ерекшеліктері мен күрделілігіне қарай ерекшеленеді. Демек, тоғызыншы сыныпқа қарағанда төртінші сыныпта биологияға көбірек көңіл бөлінеді. Тоғызыншы сыныпта физика мен химия жеке мазмұндық сала ретінде бағаланады және төртінші сыныпқа қарағанда біртұтас сала (физика) ретінде бағаланады. Үш когнитивтік аймақ екі сыныпта да бірдей және ғылыми тұжырымдамаларды меңгеруге және сол білімді қолдану мен растауға қатысатын когнитивтік процестердің ауқымын қамтиды.

Математикамен қатар жаратылыстану пәндері «Тіршілік туралы ғылым», «Физика» және «Жер туралы ғылым» сияқты үш мазмұндық бағыт бойынша бағаланады. Жаратылыстану ғылымының әрбір мазмұндық аймағы да тақырыптық бөлімдерден тұрады және әрбір бөлім өз кезегінде бірнеше тақырыпты қамтиды.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

Жаратылыстану пәні бойынша тест тапсырмалары.

1. Тұқымның маңызы қандай?

- a) олардан жаңа өсімдіктер өседі
- b) оларда өсімдіктер үшін қоректік заттар түзіледі
- c) өсімдіктер үшін суды үнемдейді
- d) олар өсімдіктерді тозандандыруға көмектеседі.

2) Дене жаттығуларын орындаған кезде Самат жиі тыныс ала бастағанын байқады. Бұл оның денесіне көбірек қажет болғандықтан болды...

- a) көмірқышқыл газы
- b) сутегі
- c) су
- d) оттегі

3) Егер адам терісін қорғамай, күйіп тұрған күн астында көп уақыт өткізсе, не болуы мүмкін?

Жауабы: _____

4) Төмендегі тағамдардың қайсысында ақуыз көп?

a) балық b) нан c) жеміс-жидектер d) жасыл көгөністер

5) Мектепке жетудің төменде келтірілген жолдарының қайсысы ауаны азырақ ластайды?

- a) Бензинмен жүретін автобус
b) Бензинмен жүретін жеңіл көлік
c) электр қуатымен жұмыс жасайтын көлік
d) маймен жүретін пойыз

б) Ақ аюлар мен морждар бірдей емес, бірақ олар қатты суықта аман қалады. Ақ аюдың жылуды ұстап тұратын қалың тон бар. Морждардың жүні жоқ. Морждарға жылынуға не көмектеседі?

- a) май қабаты b) тістері c) мұрттары d) қанаттары

7) Айдана жүгіргеннен кейін бірден денесінде кейбір өзгерістерді байқады. Өзгерістердің бірі - ол өте қызып кетті. Айдана байқаған тағы екі өзгерісті жазыңыз.

1. _____

2. _____

8) Ас қорыту мүшесін тап.

- a) өкпеде b) жүректе c) бүйректе d) асқазанда

9) Айгүлдің екі магниті (А және В) және бірдей екі шегесі бар. Ол А магнитін үстелдің бойымен магнитке тартылғанша шегеге дейін жылжытты. Ал В магнитін үстелдің бойымен магнитке тартылғанша шегеге дейін жылжытты.

Б

магниттер шегелер

Айгүл А магнитінің шегені 15 см қашықтықта тартатынын анықтады, ал В магнит 10 см қашықтықтан шегені тартты. Серік екі магниттің де күші бірдей екенін айтты. Сен Серікпен келісесің бе? Жауабыңды түсіндір.

Жауабы: _____

10) Жануарлардың денесінде әртүрлі қорғаныс жабыны бар. Бауырымен жорғалаушылардың қандай қорғаныс қабығы бар?

- a) шаш b) тері c) жүн d) қабыршақ

11) Қай жануар сүтқоректілерге жатады?

- a) егеуқұйрық b) бақа c) акула d) кесіртке

12) Дәрия бақшада бірнеше құмырадағы гүлдерді суарып жатыр.

Анасы шыбын-шіркейлер жиналмау үшін науада қалған суды тазалауды өтінді. Төмендегі тұжырымдардың қайсысы анасының бұлай айтқанын түсіндіреді?

- a) масалар су ішеді
- b) масалар кішкентай су өсімдіктерімен қоректенеді
- c) масалар суға жұмыртқа салады
- d) масалар суда тығылады

13) Гүлді өсімдіктер көбею үшін тозаңды қажет етеді. Тозаңның гүлден гүлге таралуының екі түрлі жолын сипаттаңыз.

Жауабы: 1) _____

2) _____

14) Адамдар тістерін шіруден сақтау үшін тіс щеткасымен жуады. Адамдар тістерін қорғау үшін тағы не істей алады?

Жауабы: _____

15) Суретте төрт жануар бейнеленген.

Табиғи аймақтардың әрқайсысының жанындағы кестеге сол жерде өмір сүретін жануардың атын жазыңыз.

Табиғи аймақ	Жануарлар
Тропикалық ормандар	
Шөл	
Мұхит	
Саванна	

2.2. Физика

16) Қандай үрдіс нәтижесінде әртүрлі қасиеттері бар жаңа зат түзіледі?

- a) шам жағу
- b) қағаз кесу
- c) стаканға су құю
- d) ағашқа шеге қағу

17) Неліктен көптеген электр сымдары металдан жасалған?

Жауабы: _____

18) Қандай зат жылуды жақсы өткізеді?

- a) ағаш
- b) металл
- c) шыны
- d) пластик

19) Төмендегі суреттегі заттардың қайсысы электр тогын өткізеді? Әр элементтің жанына бір шеңберді белгілеңіз.

	Тоқты өткізеді	
	Иә	Жоқ
ағаш қасық	a	a
пластик тарақ	a	a
күміс алқа	a	a

резеңке доп	а	а
темір кілт	а	а

20) Марат мәрмәр шарды суретте көрсетілгендей еңіс шұңқырдың үстіне қойды. Доп шұңқырдан төмен түсті.

Допты қозғалтқан күш _____

21) Адамдар энергияны әртүрлі тәсілдермен пайдаланады. Энергия әртүрлі көздерден алынады. Төмендегілердің қайсысы энергия көзі болып табылады?

Әр қатарда бір шеңберді белгілеңіз.

	энергия көзі	
	иә	жоқ
бетон	а	а
жел	а	а
күн	а	а
құм	а	а
су	а	а

22) Су сұйық, қатты немесе газ болуы мүмкін. Төмендегілердің қайсысы қатты денеге жатады?

- а) бу б) мұз с) бұлт d) жаңбыр тамшысы

2.3. Жер туралы ғылым

23) Ғалымдар миллиондаған жылдар бұрын жер бетінде қазір жоқ жануарлардың көптеген түрлері болғанына сенімді. Бұл сенімнің ең жақсы дәлелі қандай?

- а) жануарлар жеген тамақ қалдықтары
 б) ежелгі адамдар салған суреттер
 с) ормандарда кездесетін жануарлардың саңылаулары
 d) тау жыныстарында тасталған жануарлар қалдықтары

24) Бұл шөл далада кездесетін табиғи тау жынысы. Бұл тастың пішінін жел қалай өзгертеді?

- а) жел тау жынысын суытады, ол құлап кетеді
 б) жел тау жынысын өшіретін құм түйірлерін әкеледі
 с) шөлдегі жел ыстық, ол тау жынысын ерітеді
 d) жел тау жынысын шайып кететін ылғал тасиды

25) Неліктен жұлдыздар күндіз көрінбейді?


Жауабы: _____

«Физика» пәні бойынша функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға арналған тапсырмалар

Тапсырма 1. Дене қозғалысы 9 сынып.

Нұсқаулық: Сізге мәтін мәнмен танысып, бір дұрыс жауапты таңдау арқылы тест тапсырмаларын орындау ұсынылады.

Жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графигі берілген



1. Жылдамдықтың уақытқа тәуелділігінің графигі бойынша $t = 4 \text{ с}$ уақыт кезіндегі дененің бастапқы және соңғы жылдамдығын анықтаңыз.

- А) $v_0 = 2 \text{ м/с}$; $v = 3 \text{ м/с}$
- В) $v_0 = 1 \text{ м/с}$; $v = 3 \text{ м/с}$
- С) $v_0 = 2 \text{ м/с}$; $v = 3 \text{ м/с}$
- Д) $v_0 = 2 \text{ м/с}$; $v = 3 \text{ м/с}$
- Е) $v_0 = 2 \text{ м/с}$; $v = 3 \text{ м/с}$

2. Жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графигіне сәйкес дененің үдеуін уақыт $t = 2 \text{ с}$ кезінде анықтаңыз

- А) $0,5 \text{ м/с}^2$
- В) $0,1 \text{ м/с}^2$
- С) $0,4 \text{ м/с}^2$
- Д) $1,5 \text{ м/с}^2$
- Е) 5 м/с^2

3. Жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графигіне сәйкес дененің қозғалыс түрін және қозғалысын 2 с анықтаңыз.

- А) бірқалыпты үдемелі; 4 м
- В) бірқалыпты баяу; 3 м
- С) бірқалыптысыз; 5 м
- Д) бірқалыпты үдемелі; 3 м
- Е) бірқалыпты баяу, 6 м

4. График бойынша $t = 2$ с уақыт сәтінде дененің қозғалыс жылдамдығының теңдеуін анықтаңыз

- A) $v = 1+5t$
- B) $v = 0,5t$
- C) $v = 2+0,5t$
- D) $v = 1-0,5t$
- E) $v = 1+0,5t$

Тапсырма 2. Қазақстандағы велоспорт символы, 9 сынып

Нұсқаулық: Сізге мәтінменмен танысып, бір дұрыс жауапты таңдау арқылы тест тапсырмаларын орындау ұсынылады.



Александр Винокуров-Қазақстандағы велоспорттың символы. Оның жолы кішкентай ауыл бөлімінде басталып, спортшыны олимпиадалық тұғырға жеткізді. Спортшы екі рет Олимпиада ойындарының тұғырына шықты. Алғаш рет Олимпиада 2000 жылы Австралияның Сиднейінде жеңіске жетті. Тас жолдағы топтық жарыста ол мәреге екінші болып келді және күміс медаль алды. Спортшы 2012 жылы Лондонда өткен Олимпиада ойындарының екінші алтынын жеңіп алып, 5 сағат 45 минут 57 секундта 250 км қашықтықты бағындырып, тас жолдағы топтық жарыстың жеңімпазы атанды.

1. ХБЖ-ға 5 сағат 45 мин 57 сек уақытты есептеңіз

- A) 21757 с
- B) 20757 с
- C) 20756 с
- D) 21750 с
- E) 20857 с

2. Александр Лондонда 2012 жылғы Олимпиада ойындарының алтын медалін жеңіп алып, 250 км қашықтықты 5 сағат 45 минут 57 секундта бағындырды. Жылдамдықты анықтаңыз.

- A) $\approx 1,8$ м/с

- В) $\approx 2,2$ м/с
- С) $\approx 2,5$ м/с
- Д) $\approx 1,2$ м/с
- Е) ≈ 1 м/с

3. Александр велосипедпен 20 м радиустағы жолдың бойымен жүреді, үдеуді есептеңіз? ($g = 10$ м / с²)

- А) 0,72 м/с²
- В) 0,0072 м/с²
- С) 1,72 м/с²
- Д) 1,072 м/с²
- Е) 0,072 м/с²

4. Массасы 70 кг болатын Александр 250 км қашықтықты өту кезінде дамытатын қуат ($g = 10$ м/с²)

- А) ≈ 8431 Вт
- В) ≈ 9431 Вт
- С) ≈ 8722 Вт
- Д) ≈ 8700 Вт
- Е) ≈ 9731 Вт

Нұсқаулық: Сізге мәтінменмен танысып, бір дұрыс жауапты таңдау арқылы тест тапсырмаларын орындау ұсынылады.

2- тапсырма. Ньютон заңдары



Бұл заңда барлық материалдық объектілерге ортақ қасиет – тыныштық күйін немесе бірқалыпты түзу сызықты қозғалысын сақтау туралы айтылады. Яғни, кез келген дене өзінің тыныштық күйін немесе бірқалыпты және түзу сызықты қозғалысын басқа денелер әсер еткенге дейін сақтайды. Егер қозғалысты санақ

жүйесімен байланыстыратын болсақ, онда қозғалушы дене әсер етуші күштен бөлек және санақ жүйесімен байланысты бірқалыпты және түзу

СЫЗЫҚТЫ ҚОЗҒАЛЫСТА БОЛАДЫ.

Сұрақ 1. Жүгі бар арбаны аққу аспанға, шортан суға, шаян алға тартады. Арба орнынан қозғала ма? Тең әсерлі күш неге тең?

- А. Қозғалмайды, $F_R=0$
- В. Қозғалады, $F_R=F_1+F_2+F_3$
- С. Қозғалмайды, $F_R=F_1+F_2-F_3$

Сұрақ 2.



1-сурет

Берілген суреттерден алынған тұжырым:

Сұрақ 3.

Ньютонның механика заңдары мына денелерге қолдануға келмейді.	Иә немесе жоқ
Микроәлем нысандарына (атом, молекула, элементар бөлшектер)	Иә/жоқ
Жылдамдығы біртіндеп өзгертін денелерге	Иә/жоқ
Жарық жылдамдығына жуық жылдамдықпен қозғалған денелерге	Иә/жоқ

Тапсырма 3. Тербелмелі қозғалыс, 9 сынып

Бізді қоршаған көптеген денелер қайталанатын қозғалыстар жасайды. Уақыт өте келе қайталанатын қозғалыс тербелмелі қозғалыс деп аталады.

Тербелмелі нүктенің уақытқа тәуелділігінің графигіне сәйкес анықтаңыз

1. Тербеліс амплитудасы

- А) 0,8 м
- В) 8 см
- С) 0,08 см
- Д) 0,008 м
- Е) 0,08 м

2. Тербелістердің периоды және циклдік жиілігі

- A) 8 с және $\pi/4$ рад/с
- B) 0,8 с және $\pi/2$ рад/с
- C) 4 с және π рад/с
- Д) 2 с және $\pi/8$ рад/с
- Е) 6 с және $\pi/3$ рад/с

3. Жүктің максималды жылдамдығы және үдеуі /Максимальную скорость и ускорение, которую имеет груз

- A) $\pi/40$ м/с және $0,5$ м/с²
- B) $\pi/30$ м/с және $0,005$ м/с²
- C) $\pi/500$ м/с және $0,5$ м/с²
- Д) $\pi/50$ м/с және $0,05$ м/с²
- Е) $\pi/5$ м/с және $0,5$ м/с²

4. Жылдамдықтың уақытқа тәуелділігі теңдеуі

- A) $v(t) = \pi/20 \cos(\pi/3t)$
- B) $v(t) = (\pi)/40 \cos(\pi)/4t$
- C) $v(t) = \pi/50 \cos(\pi)/4t$
- Д) $v(t) = \pi/60 \cos(\pi)/2t$
- Е) $v(t) = \pi/10 \cos(\pi)/6t$

Тапсырма 4. Ляпко аппликаторы, 8 сынып

Нұсқаулық: Сізге мәтінмен танысып, бір дұрыс жауапты таңдау арқылы тест тапсырмаларын орындау ұсынылады.



Ляпко Николай Григорьевичтің аппликаторы-бұл арнайы таңдалған металдардан жасалған инелермен бекітілген әр түрлі пішінді пластиналар түріндегі табиғи медициналық резеңкеден жасалған өнім: Fe-темір, Cu - мыс, Zn - мырыш, Ni - никель, Ag - күміс.

Аппликаторлардың әрекеті дәстүрлі қытайлық акупунктура қағидаттарына негізделген, оның әртүрлілігі — беттік акупунктура. Оған Үстірт бірнеше акупунктура (рефлекторлық реакция) және массаж (механикалық әсер) кіреді. Аппликатор инелерінің бетіндегі терімен жанасқанда тұрақты токтың әсеріне байланысты көптеген физика-химиялық реакциялар жүреді.

Беткі бірнеше акупунктура кезінде инелердің рефлекторлық әсері арналардың белсенді нүктелеріне (рецепторларға) түседі, нәтижесінде инелерде тотықты пленкалар пайда болады және тіндерге биоэлектрлік әсер етуде көрінетін гальванизация әсері пайда болады.

Көптеген аппликатор инелерінің әсер ету орнында әртүрлі металдардан жасалған инелер арасында айырмашылық бар

1. Ляпко аппликаторының инелері арнайы таңдалған металдардан жасалған

- A) кремний, темір, магний, хром, қорғасын
- B) мыс, қалайы, магний, никель, вольфрам
- C) мыс, темір, мырыш, никель, күміс**
- D) стронций, темір, магний, алюминий, қорғасын
- E) мыс, темір, магний, никель, қорғасын

2 Аппликатор инелерінің бетіндегі терімен жанасқанда, әсерге байланысты көптеген физика-химиялық реакциялар жүреді.

- A) кедергісін
- B) ток қуаты
- C) қысқа тұйықталу
- D) тұрақты ток**
- E) айнымалы ток

3. Нәтижесінде инелерде тотықты пленкалар пайда болады және гальванизация әсері пайда болады


- А) химиялық электрлік әсер
- В) биоэлектрлік әсер**
- С) магнитоэлектрлік әсер
- Д) жылу әсері
- Е) электролиттік әсер

4. Әр түрлі металдардан жасалған инелер арасында көптеген аппликатор инелерінің әсерінен пайда болады

- А) потенциалдар айырмасы**
- В) кедергісі
- С) қуат
- Д) асқын өткізгіштік
- Е) қысқа тұйықталу

Тапсырма 5. «Денелердің өзара әрекеттесуі». (7 сынып)

Нұсқаулық: Сізге мәтінмен танысып, бір дұрыс жауапты таңдау арқылы тест тапсырмаларын орындау ұсынылады.



Бір дененің екіншісіне өзара әрекеттесуі бір жақты болуы мүмкін емес, яғни екі дене де бір-біріне әсер етеді. Денелердің өзара әрекеттесуі—бұл денелердің бір-біріне әсер етуі, нәтижесінде екі дене де жылдамдығын және көлемін және бағытын өзгерте алады. Массасы бірдей денелерде жылдамдық бірдей өзгереді, ал әртүрлі денелерде әр түрлі болады: массивті дене жылдамдығын жеңіл денеге қарағанда баяу өзгертеді. Егер дене басқа денемен әрекеттескенде жылдамдықты аз өзгертсе, онда олар инертті дейді. Бұл әр дененің қазіргі күйінің өзгеруіне қарсы тұру қасиеті бар екенін білдіреді.

Екі арбаша әрекеттескенде олардың жылдамдығы 30 см/с және 60 см/с-ке өзгерді. Үлкен арбашаның массасы 0,8 кг. Кіші арбаның массасы неге тең?

1. Денелер жылдамдығының өзара әрекеттесуі нәтижесінде.

- A) дұрыс жауабы жоқ/нет правильного ответа
- B) өзгереді /изменяются
- C) өзгертілмейді /не изменяются
- D) 0
- E) біржақты

2. SI бірліктер жүйесінде 30 см/с және 60 см/с жылдамдықты білдіріңіз.

- A) 0,2 м/с; 0,6 см/с
- B) 0,3 м/с; 6 см/с
- C) 0,2 м/с; 6 см/с
- D) 0,3 м/с; 0,6 м/с
- E) 0,3 м/с; 60 м/с

3. Әр түрлі денелердің инерттілігін сандық салыстыру үшін физикалық шаманы қолданыңыз.

- A) көлем
- B) жылдамдық
- C) уақыт
- D) орын ауыстыру
- E) масса

4. Өзара әрекеттесу кезінде дененің массасы мен жылдамдығының байланысы:

A) $m_2 v_2 = m_2 v_1$

B) $\frac{m_1}{m_2} = \frac{v_1}{v_2}$

C) $\frac{m_1}{m_2} = \frac{v_2}{v_1}$

D) $m_1 v_2 = m_2 v_1$

E) $\frac{m_2}{m_1} = \frac{v_2}{v_1}$

5. Кіші арбаның массасы қандай?

- A) 0,4 кг
- B) 4 кг
- C) 0,04 кг
- D) 40 кг
- E) дұрыс жауабы жоқ

Тапсырма 6. Архимед күші

Нұсқаулық: Сізге мәтінменмен танысып, бір дұрыс жауапты таңдау арқылы тест тапсырмаларын орындау ұсынылады.

Ұзындығы 400 см, ені 30 см және биіктігі 0,25 м темірбетон плитасы көлемінің жартысына суға батырылған.

1. Темірбетон плитасының көлемін есептеңіз.

- A) 0,03 м³
- B) 0,3 м³
- C) 3 м³
- D) 0,4 м³
- E) 30 м³

2. Архимед күшінің бағытын көрсетіңіз.

- A) жоғары
- B) төмен
- C) жоғары және төмен
- D) бағыт жоқ
- E) 0

3. Архимед күшінің формуласы /Формула силы Архимеда

- A) $F = mg$
- B) $F = kx$
- C) $F_A = \rho gh$
- D) $F_A = \rho gV$
- E) $F_A = \rho g$

4. Архимедтің темірбетон плитасына әсер ететін күшін есептеңіз, егер ол оның көлемінің жартысына дейін суға батырылса?

- A) 3 Н
- B) 330 Н
- C) 3000 Н
- D) 300 Н
- E) 0,3 Н

3-тапсырма. Тұрақты магниттер




Магнит тарихы екі жарым мың жылдан бері жалғасуда. Көне қытай ғалымдары б. дәуірімізге дейінгі VI ғ. өзіне темір заттарды тартатын минералды тапқан. Қытайда оны “чу-ши” демек, “сүйгіш тас” деп атаған. “Магнит” атауын көне грек драматургі Еврипид (б.д. дейінгі V ғ.) тауып, өзінің бір шығармасында оның қасиеттерін сипаттаған. Мұндай атау бұл минерал Магнессия қаласының маңында табылғанымен байланысты.

Магнит - «Магнессия тасы» дегенді білдіреді. Ерте заманда магнит қасиеттерін оның “тірі жаны” бар деп түсінді. Ерте заман адамдары ит етке қалай ұмтылса магнит те темірге солай “ұмтылады” деп ойлайды. Қазір біз мәселе магнит тудыратын ерекше өрісте екенін білеміз. Кез-келген магниттің айналасында магнит өрісі болады. Осы өрісте темірді магнитке тартады. Қазіргі кезде табиғи магнит FeO (31%) және Fe₂O₃(61%) тұратын магниттік темір кесектері екендігі белгілі морт қара минерал.

- Сұрақ 1.** Бұл қара минералдың тығыздығы неге тең? А. 2000 кг/м³.
 В. 5000 кг/м³.
 С. 1000 кг/м³.
 Д. 3000 кг/м³.

Сұрақ 2.



Магнит өрісі — материяның ерекше түрі, ол заттардан ерекше және магниттелген денелер айналасында болады. Магниттің магниттік қасиеттері аса күшті емес, қазіргі кезде магнит өрісі өте күшті жасанды магниттер алынды. Оларды сыртқы магнит өрісінде магниттеп, жеке тұрақты магниттер ретінде қолдануға болады. Жасанды магниттер әр түрлі формада жасалды.

Жасанды магниттер жасау үшін құрамында қандай металдары бар құйма қолданылады?

Иә немесе жоқ

Темір

Иә/ Жоқ

Никель

Иә/ Жоқ

Сұрақ 3:

Бағдаршы түрінде жасалған магнит компаста қолданылады. Бұл керемет құрал шамамен екі мың жыл бұрын ойлап табылған. Алғашқы (ерте қытай) компас 1-суретте көрсетілген. Ол оңтүстікті көрсеткіш деп аталған. Қазіргі заманғы (қарапайым) компас 2-суретте көрсетілген. 1-сурет пен 2-суреттердің магниттік бағдаршаның (компас бағдаршысы) басқа да магниттер сияқты екі полюсі бар


Олардың бірі географиялық солтүстікті көрсетеді, ол солтүстік полюсі (N), екінші ұшы — оңтүстік полюс (S) деп аталады. Осы символдар (атауларымен бірге) кез-келген магниттердің полюстерін белгілеу үшін қолданылады. Екі магниттік бағдаршаны бір-біріне жақындатып, әртекті магнит полюстері бір-біріне тартылатынын біртектес полюстері тебілетінін анықтауға болады. Осы заңдылық кез-келген магниттер үшін дұрыс. Екі магниттік компастың айырмашылығы неде?

Сұрақ 4: Тұрақты магниттер

Магниттердің қолдану аясы өте кең. Олар тек қана компастарда емес, электр, радиотехникада, роботтық техникада және т.б. қолданылады. Сіздер магниттерді электрқозғалтқыштардан, дыбыс зорайтқыштардан, телефондарда, амперметрлерде, вольтметрлерде және басқа құралдар ішінен таба аласыздар.

Медицинада магниттер қолданыла ма?

7-тапсырма. Еркін түсу



Пиза қаласындағы биік көлбеу мұнараның құрылысы 1173 ж. басталған болатын. Осы ғимарат сол қисайыңқыраған кезде, 1360 ж. салынып бітті. Әрине, бұл ғимарат өзінің осы ерекшелігімен қоса, Галилей ашқан заңның арқасында Пиза қаласыныңдаңқын бүкіл әлемге ғасырдан-ғасырға паш етіп келеді. Сөйтіп, ол мұнара төңірегіне жиналған пизандықтарды таңғалдырды. Мұндай тәжірибелерді Галилей пішіндері мен өлшемдері әртүрлі денелермен, олардың түрлі орталардағы түсуін бақылай отырып, сан мәрте қайталады. Міне, осылайша өз тұжырымдарының дұрыстығына тәжірибе арқылы кез жеткізе отырып, Галилей ауасыз кеңістікте барлық денелер бірдей уақытта түседі деп ұйғарды. Галилей ашқан бұл заңның маңызы өте зор болды.


Сұрақ 1. Тәжірибе жасалған көлбеу Пиза мұнарасының биіктігі қаншаға тең?

- A. 60м
- B. 58м
- C. 57м
- D. 52м

Сұрақ 2. Галилей өз ұйғарымын денелерді ауасыз кеңістікте түсіріп тексере алмады. Өйткені Галилей өмір сүрген XVII ғасырда ауа соратын арнайы құралдар, сорғылар әлі жоқ еді. Ол жүргізген тәжірибе Галилей гипотезасының дұрыс екенін дәлелдеді.

Оны тек 80 жыл өткеннен соң жүзеге асырған ғалым. А. Ньютон В. Торричели С. Архимед Д. Кеплер

Сұрақ 3. Алайда күнделікті бақылау денелердің қалыпты жағдайда түрліше құлайтынын көрсетеді. Мәселен, ауыр шар тез құлап түседі, ал жұқа қағаз парағы біртіндеп, күрделі траектория бойымен калықтап түседі.



Құлайтын денелердің жылдамдығы мен үдеуі, қалыпты жағдайда қандай шамаларға тәуелді?	Иә немесе жоқ
Дененің ауырлығына	Иә/жоқ
Өлшемдер мен пішініне	Иә/жоқ
Тығыздығына	Иә/жоқ

Сұрақ 4. Неғұрлым дәл есептеулер еркін түсу үдеуінің сандық мәні Жер шарының әртүрлі нүктесінде аздап өзгеше болатынын көрсетеді. Мысалы жергілікті жердегі ендікке байланысты ол қалай өзгереді?

4-тапсырма. Зат алмасу

Заттың және энергияның алмасуы – өзара байланысты үдерістер, бұл үдерістің бір де біреуіөз алдына жеке болмайды.

Нәрлізаттардың құрамындағы химиялық байланыстар энергиясының қышқылдануы барысында, организмнен бөлініп шығады және қолданылады. Ағзаның өмір сүру қызметтерінің бәрі энергияның бір түрінің екінші түрге өтуі есебінен қамтамасыз етіледі. Алайда энергияның жалпы саны өзгермейді.

Сұрақ 1. Зат алмасу

Әр түрлі мамандық иелерінің мамандығына байланысты іс-әрекеттерінде жұмсайтын энергия мөлшері де әр түрлі болады. Мысалы, интеллектуалдық еңбекпен айналысатын адам, күніне 3000 килокалория жұмсайды. Ауыр дене еңбегімен айналысатын адам, күніне 2 есе кем энергия жұмсайды. Дене күшін талап ететін еңбекпен айналысу барысында жұмсалатын энергия мөлшері пайдалы әрекет коэффициенті (ПӘК) деп анықталады. Оның орташа мөлшері – 20-25%, спортшыларда ПӘК жоғары болады. Қышқылдану барысында 1 г ақуыз – 4,1 ккал, 1 г май – 9,3 ккал, 1 г көмірсу – 4,1 ккал бөлетіні анықталған. Тағамдық азық-түліктердегі ақуыздардың, майлардың және көмірсулардың өлшерін білген жағдайда, олардың құнарлылығын немесе энергиялық құнын анықтауға болады.

Тәулігіне 3000 ккал жұмсайтын адам, өз ағзасының энергиялық қажеттілігін толығымен қанағаттандыруы үшін тәулігіне қанша мөлшерді қабылдауы керек?

A. 732 грамм көмірсу. B. 732 грамм май.

C. 150 грамм ақуыз.

D. 732 грамм ақуыз және 732 грамм көмірсу.

Сұрақ 2: Зат алмасу

Бұлшық ет қызметі, белсенді қозғалыс, дене шынықтыру жаттығулары және спорт энергияны көп жұмсауды талап етеді. Нәрлі заттардың құндылығын ескере отырып, оларды ауыстыруға болады. 6-кестедегі пайымдаулар дұрыс па?

6-кесте – Зат алмасу

Р/с	Пайымдаулар	Иә/жоқ
1	Энергиялық құндылық тұрғысынан 1 г көмірсу 1 г ақуызға тең	Иә/жоқ

2	Егер тағамға ақуызды көп пайдаланатын болса, онда артық салмақ болмайды	Иә/жоқ
3	Ағза үшін тағамның жалпы құндылығы ғана маңызды	Иә/жоқ
4	Тағам мөлшерін құрастыру барысында қарқынды және ауқымды жаттығу күндері спортшылардың энергия жұмсауының ұлғаюын есепке алу қажет	Иә/жоқ

Жүйке жүйесі, жүрек, тыныс алу бұлшықеттері, бүйрек, бауыр және басқа да ағзалар үздіксіз қызмет жасайды және энергияның белгілі мөлшерін тұтынады. Мысалы, жүрек үлкен жұмыс атқарады. Ол әр сағат сайын қолқаға 300 л шамасында қан лақтырып отырады. Бұл жұмыс қышқылдану үдерісі қарқынды жүріп жатқан жүрек бұлшықеттерінің жиырылуы есебінен жүзеге асырылады. Босаған энергияның нәтижесінде бұлшық еттердің механикалық жиырылуы қамтамасыз етіледі де соңында барлық энергия жылу энергиясына ауысады, ол ағзаға тарайды және қоршаған кеңістікке беріледі. Ұқсас үдерістер адам денесінің әр органында жүреді. Әр жағдайдың ең соңында электр, механикалық және химиялық басқа да энергия түрлері жылу энергиясына ауысады және сыртқы ортаға шығады.

Сұрақ 3: Зат алмасу

Энергия сыйымды, яғни жұмыс істеуіне көп энергия жұмсалатын органдарға жүрек пен бүйрек жатады. Сонымен бірге бұл органдардың салмағы онша үлкен емес.


А. Энергияны көп жұмсайтын органдардың тізімін жазыңыздар. В. Энергия жұмсамайтын орган деп санауға болатын органдарды көрсетіңіздер.

Неліктен _____

«Биология» пәні бойынша функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға арналған тапсырмалар

№1 тапсырма

Аралар өмір сүру үшін бал жасайды. Олар үшін бұл басты тамақ. Егер омартада 60,000-ға жуық ара болса, олардың үштен бір бөлігі шірне жинайды, ал одан омартадағы аралар бал жасайды. Аралардың шағын мөлшері жинаушы немесе іздеуші ретінде жұмыс жасайды. Олар шірненің көзін іздейді, одан кейін омартасына қайтып, ол туралы басқа араларға айтады. Жинаушылар би арқылы басқа араларға шірненің көзі орналасқан жер туралы білуге көмектеседі, сол би арқылы аралар ұшып өтетін бағыт пен қашықтықты түсінеді. Осы би кезінде аралар, суретте көрсетілгендей, іштерімен бір жақтан екінші жаққа қарай қозғалып, шеңбер болып айналады. Бидің реті тура келесі суреттегідей болады.



Суретте бал ұясының тік жағында омартаның ішіндегі аралардың биі көрсетілген. Егер суреттің ортаңғы бөлігі жоғары қарай нұсқаса, онда бұл аралар күн жаққа қарай ұшса, тамағын таба алады дегенді білдіреді. Егер суреттің ортаңғы бөлігі оң жақты нұсқаса, онда тамақ күннен оңға қарай орналасқан дегенді білдіреді. Аралар іштерімен қозғалатын уақыттың ұзақтығы тамақтың омартадан бастап орналасқан қашықтықты көрсетеді. Егер тамақ жақын жерде болмаса, онда ара гүлдің ішін біраз уақыт қозғайды.

Сұрақ: Аралар биі не үшін қажет?


Жауабы: Жинаушылар тапқан тамақтың қайда екенін көрсету үшін.

2 тапсырма

Реттемелі көзілдірік деп аталған жаңа технология адамдарға окулистке жүгінбей-ақ, өз көру қабілетін түзетуге көмектесу үшін әзірленді. Бұл әйнектердің линзаларында сұйықтық болады. Линзадағы сұйықтық реттелетіндіктен, линзалардың пішіндері өзгереді.



Реттемелі көзілдірік идеясы жаңа идея емес. Адамның көзінде реттемелі жанарлар да бар.



Линзалар

Сұрақ: Көз жанарының пішіні бұлшықет қызметімен реттеледі. Көз жанары үшін не себепті пішінін өзгерту маңызды болып табылады?

- o Айқындылығы әр түрлі заттарды көруді жеңілдету үшін
- o Түсі әр түрлі заттарды көруді жеңілдету үшін
- o Әр түрлі қашықтықта орналасқан заттарды көруді жеңілдету үшін
- o Өлшемдері әр түрлі заттарды көруді жеңілдету үшін

Жауабы: Оқушылар әртүрлі қашықтықтағы заттарды көруді жеңілдету үшін, көз жанары пішінін өзгертуі тиіс деген үшінші нұсқаны дұрыс көрсетуі үшін, мазмұн білімін пайдалануы керек.

3 тапсырма

Аспазшы нан пісіру үшін қамыр даярлағанда оған ұн, су, тұз және ашытқыны араластырады. Одан кейін қамырды бір ыдысқа салып бірнеше сағатқа ашытуға қояды. Ашу барысында қамырда химиялық процесстер жүреді: ашытқы (дара жасушалы саңырауқұлақ) ұнның құрамындағы крахмал мен қантты көмірқышқыл газ бен спиртке айналдырады.




Сұрақ: Ашыту нәтижесінде қамыр көтеріледі. Қамыр неліктен көтеріледі?

Жауабы: Өйткені қамырда көмірқышқыл газ пайда болады.

4 тапсырма

Тістеріңізді ұзағырақ және күш салып тазалағаннан олар тазарақ бола ма? Британ зерттеушілері олай емес дейді. Іс жүзінде тіс тазалаудың көптеген әр түрлі әдістерін байқап көріп, олар ақыр аяғында, ең тиімді нәтиже беретін жолын тапты. Артық күш салмай, кәдімгі мәсуекпен екі минуттық тазалау ең жақсы нәтиже беретінін анықтады. Егер мәсуекке қатты күш салса, онда тісті тамақтың қалдықтары мен тіс қонуларынан арылта алмай, тістің эмалі мен қызыл иекке зақым келтіруге болады. Тіс тазалау маманы Бенте Хансен: «Қарындашты қалай ұстасаңыздар, тіс мәсуегін де солай ұстаған дұрыс», – дейді. Ол: «Бір жағынан бастаңыздар да, тістің бүкіл қатары бойы мәсуекпен (мисуак) тазалап шығыңыздар», - деп кеңес береді. «Тілдеріңізді де тазалауды ұмытпаңыздар! Онда ауыздан жаман иіс шығаратын көптеген бактериялар болуы мүмкін».



«Сіздер тістеріңізді қалай тазалайсыздар» – бұл норвегиялық журналдан алынған мақала. Мына сұрақтарға жауап беру үшін, мақаланың мәтінін пайдаланыңдар.

Сұрақ: Сіздер тістеріңізді қалай тазалайсыздар? Бенте Хансен кеңес бергендей, неге тілді де тазалау керек?

Жауабы: Бактериялар немесе ауыздан шығатын жаман иіс туралы немесе екеуі де туралы айтылады. Өзінше айту немесе мәтіннен тікелей дәйексөз берілуі мүмкін.

- Бактериялардан құтылу үшін.
- Тілде бактериялар болуы мүмкін.
- Бактериялар.
- Осылай ауыздан шығатын жаман иістен құтылуға болады.
- Жаман иіс.
- Бактерияларды жою және сонымен ауыздан шығатын жаман иістен құтылу үшін (екі себеп те).
- Онда жаман иіс туғызатын бактериялар көп болуы мүмкін (екі себеп те).
- Ауыздан жаман иіс шығуы бактериялардан болады.

5 тапсырма

Эритроциттердің немесе қызыл қан түйіршіктерінің негізгі қызметі – дене жасушаларына оттегіні тасымалдау. Бұл оның құрамындағы гемоглобин деп аталатын, оттегіні байланыстыра және босата алу қабілеті бар нәруыздың арқасында мүмкін болады. Эритроциттер – бұлар қандағы ең көп мөлшердегі жасуша компоненттері. Қаның бір текше миллиметрінде 3.5-тен 5.5 млн-ға дейін эритроциттер бар. Бұл олардың қан көлемінің жартысын дерлігін құрайтындығын білдіреді. Эритроциттердің ядросы болмайды, сол себепті олар бөлінуге қабілетті емес. Олардың тіршілік ету ұзақтығы 120 күнге созылады.

Лейкоциттер немесе ақ қан түйіршіктері сүйек кемігінде түзіледі және одан кейін лимфа түйіндері мен көкбауырда пісіп жетіледі. Олардың рөлі – ағзаны ауру тудыратын микроағзалардан қорғау. Қанның бір текше миллиметрінде 4.5-11 мың лейкоцитке дейін болады.




Тромбоциттер қан ұю үдерісіне қатысады. Қанның бір текше миллиметрінде 150-450 мың тромбоцит болады. Олар – қанның ең кішкентай қан пластинкалары және эритроциттер сияқты олардың да ядросы болмайды.

Берілген суреттерде қан элементтері белгіленген.

	тромбоциттер / эритроциттер / лейкоциттер – <input type="text"/>
	тромбоциттер / эритроциттер / лейкоциттер – <input type="text"/>
	тромбоциттер / эритроциттер / лейкоциттер – <input type="text"/>

Сұрақ: Қан элементтерінің қай түрі бейнеленгендігін және олардың қандай қызмет атқаратындығын анықтаңыз?

Жауабы:

	тромбоциттер / эритроциттер / лейкоциттер – оттегіні тасымалдау
	тромбоциттер / эритроциттер / лейкоциттер – ағзаны қорғау
	тромбоциттер / эритроциттер / лейкоциттер – қанның ұюы

6 тапсырма

Санаторилер қылқан жапырақты ормандардың ортасына салынады.

Сұрақ: Неліктен?

Жауабы: Бұл өсімдіктер ауаға микробтарды өлтіретін фитонцид бөлгендіктен ауасы шипалы болады.

7 тапсырма

Гормондар – дене жасушаларымен өңделетін және дененің басқа бөліктерінің жасушаларына әсер ететін сигналды бөлшектер. Гормондар қанға шашылады да, тек компетентті жасушалар деп аталатын таңдалған нысана-жасушаларға ғана әсер етеді. Олар берілген гормонмен арнайы рецептор арқылы реакцияға түседі. Химиялық құрылымы бойынша гормондарды 3 топқа бөлеміз: нәруыздық-пептидтік гормондар, мысалы, гипофиз және ұйқы безі;

амин қышқылдарының туындылары, оларға қалқанша безінің гормондары жатады; стероидты гормондар, оларға бүйрек үсті безі, жыныстық гормондар жатады.

Гормондар дәрілік заттар ретінде

Гормон бөлшектерінің химиялық құрылымына байланысты науқастарға енгізілетін пішініде өзгереді. Пептидтік гормондар және амин қышқылдарының туындылары әрқашан күретамырға енгізіледі. Егер олар таблеткалар түрінде енгізілсе, олар ас қорыту жолында амин қышқылдарына дейін ыдырайды да, өзінің ерекше құрылымдарын және функциясын жоғалтады.

Сұрақ: Тізімдегі бос орындарды сөздермен толықтырыңыз:

Стероидты гормондар – қосылыстар болып табылады және жасуша мембранасы . Олар рецепторлармен байланысады және жетеді. Олар онда байланысады және белсендіреді.

Жауабы:

Стероидты гормондар – майда еритін қосылыстар болып табылады және жасуша мембранасы арқылы өтеді. Олар рецепторлармен байланысады және жетеді. Олар онда ДНҚ-мен байланысады және белсендіреді.

8 тапсырма

Теріде көп мөлшерде рецепторлар орналасқан. Олар арқылы біз жанасуды, қысымды, ұлпалардың зақымдануын, бізді қоршаған ортаның температурасын және ұстаған затты сеземіз.



Жалаңаш жүйке ұштары тек теріде ғана емес, сонымен қатар дәнекер ұлпасының барлық түрлерінде кездеседі.

«Сипап сезу менискі» деп аталатын Меркель жасушалары сипап сезу және қысым рецепторлары болып табылады. Олар эпидермисте, әсіресе, шаш жоқ жерлерде орналасқан. Негізінен, саусақтың ұшында кездесіп, жылдам түйсіну тітіркендіргіштерін әр түрлі қарқынмен қабылдайды.

Майсснер денешіктері, яғни сипап сезу денешіктері, нәзік жанасуды қабылдайды. Олар сипап сезу тітіркендіргіштерін дәл орналасуына және заттың пішінін анықтауға жауап береді. Олар қолдың, табанның, қабақтың, еріннің, емшектің және сыртқы жыныс мүшелерінің нағыз тері (дерма) дөңестерінде орналасқан.

Руффини ұштары жылу рецепторлары болып табылады. Олар көбінесе еріннің, беттің және шынтақтың терісінде орналасқан. Краузе түйіндері суық рецепторлары болып табылады. Олар бүкіл дененің нағыз тері (дерма) дөңестерінде орналасқан. Әсіресе, ауыз қуысы мен көздің шырышты қабығында және бет пен саусақ терісінде көп кездеседі.

Пиччини денешіктері, яғни қатпарлы капсулалы жүйке ұштары, қысым мен тербелістің өзгерісіне жауап береді. Нәтижесінде болып жатқан деформациялар жайында хабар береді. Олар тері асты ұлпаларында, әсіресе, саусақтарда, қуық қабырғасында, буындар мен бұлшық ет маңайында орналасқан.

Сұрақ: Ауырсынуға жауап беру жолын көрсететін дене мүшелерін жоғарыдан төмен қарай рет-ретімен қойыңыз.

Тері **Барорецептор** **Мойын омыртқасының ішкі бөлігі** **Жүйке** **Мойын омыртқасының сыртқы бөлігі**

Ми **Жұлын**

Жауабы:


Барорецептор
Тері
Жүйке
Мойын омыртқасының сыртқы бөлігі
Мойын омыртқасының ішкі бөлігі
Жұлын
Ми

Тері **Барорецептор** **Мойын омыртқасының ішкі бөлігі** **Жүйке** **Мойын омыртқасының сыртқы бөлігі**

Ми **Жұлын**

9 тапсырма

Сұрақ: Дененің термореттелуінің анағұрлым суретке сәйкес келетін түрлерін таңдаңыз.



Қарқынды тер бөліну


Терідегі қан тамырларының кеңеюі

Бұлшық еттің жиырылуы

Термогенез (жылу түзілу)

Терідегі қан тамырларының тарылуы

Жауабы:



Қарқынды тер бөліну

Терідегі қан тамырларының кеңеюі

Бұлшық еттің жиырылуы

Термогенез (жылу түзілу)

Терідегі қан тамырларының тарылуы

10 тапсырма

Өкпедегі және ұлпадағы газ алмасу

Тыныс алудың түрлері

Тыныс алу — ағза мен сыртқы орта арасындағы газ алмасудың үздіксіз биологиялық үдерісі. Тыныс алу үдерісі барысында атмосфералық оттегі қанға өтеді, ал ағзада түзілген көмір қышқыл газы дем шығару арқылы сыртқа шығарылады. Тыныс алу сыртқы (өкпемен тыныс алу) және ішкі (ұлпалық тыныс

алу) болып бөлінеді. Олардың арасында аралық түйін — газдың қанмен тасымалдануы жүреді.

Сыртқы тыныс алу(өкпемен тыныс алу)

Оттегінің өкпеге түсуі және альвеолалар ауасы мен кіші айналым шеңберінің қаны арасындағы газ алмасу.

Ішкі тыныс алу (ұлпалық тыныс алу)

Оттегінің ұлпаларда пайдалануы немесе оның тотығу–тотықсыздану реакцияларына қатысуы.

Жасушалық тыныс алу

Бұл энергия өндіру үшін органикалық қосылыстардың тотығуының көп кезенді үдерісі. Бұл энергияның бір бөлігі жоғары энергетикалық байланыстар түрінде АТФ-да сақталады, ал қалған бөлігі жылу ретінде таралады.


Ағзадағы газ алмасу тәртібі

Газ алмасу — ағза мен оның айналасындағылар арасындағы газдардың алмасу үдерісі. Оттегі қылтамырлардың жұқа қабырғалары арқылы ауадан қанға, ал көмірқышқыл газы қаннан ауаға өтеді. Газдар диффузиясы оның қандағы және ауадағы концентрациясының әр түрлі болуы нәтижесінде жүзеге асады. Нәтижесінде газ оттегі диффузиясы жолымен алмасып, ағзаға таралады да, көміртектің қос тотығы шығарылады.

Ішкі және сыртқы газ алмасу

Газ алмасудың өкпеде өтуінің себебі, эритроциттердегі гемоглобинге оттегінің берілуі және көмір қышқыл газының қаннан шығарылуының нәтижесінде жүреді.

Қан оттегіні барлық мүшелерге тасымалдағаннан кейін, қылтамырлар торында газ алмасудың басқа түрі өтеді. Оттегі эритроциттердің гемоглобинінен дененің жасушаларына беріледі, ал олар өз кезегінде қанға көмірқышқыл газын береді. Бұл — ішкі газ алмасу немесе ішкі тыныс алу деп аталады.



Сұрақ: Анықтамалардың қайсысы жасушалық тыныс алуды, ішкі газ алмасуды, сыртқы газ алмасуды сипаттайтын анықтаңыз.

- өкпе мен қан арасындағы оттегі мен көмірқышқыл газының алмасуы.
- ұлпалар мен қан арасындағы оттегі мен көмірқышқыл газының алмасуы.
- органикалық қосылыстардың көп кезеңді тотығуының экзотермиялық үдерістері.

Жауабы:

- Сыртқы газ алмасу** — өкпе мен қан арасындағы оттегі мен көмірқышқыл газының алмасуы.
- Ішкі газ алмасу** — ұлпалар мен қан арасындағы оттегі мен көмірқышқыл газының алмасуы.
- Жасушалық тыныс алу** — органикалық қосылыстардың көп кезеңді тотығуының экзотермиялық үдерістері.

11 тапсырма

Фотосинтез дегеніміз көмірқышқыл газы (CO_2), су және күн жарығы арасындағы реакция. Фотосинтез тек құрамында күн сәулесін жұтатын өсімдіктің жасыл пигменті - хлорофиллі бар жасушаларда ғана өтеді, нәтижесінде қант (глюкоза) түзіледі.

Жапырақ – фотосинтез үдерісі жүретін өсімдік мүшесі

Фотосинтез өсімдіктің жасыл мүшелерінде: жапырағы мен сабақтарында, піспеген жас жемістерінде және лептесік жасушаларында жүзеге асады.

Хлоропластар және фотосинтез



Строма - құрамында бірнеше ферменттер, пластидтік ДНҚ және рибосомалары бар хлоропласт мембраналары мен тилакоидтарының арасындағы кеңістікті толтыратын сұйық зат.


Граналар – тилакоидтар қатпарларынан түзілген арнайы құрылымдар.

Сыртқы мембрана - нәруыз бен майдан тұратын жақсы өткізгіш.

Тилакоид - дөңес ішкі мембранадан түзілген стромада орналасқан қатпарлар.

Ішкі мембрана - нәруыз бен майдан тұратын шала өткізгіш, «строма» деп аталатын сұйықтыққа толы.

Сұрақ: Жапырақ ұлпаларын қызметтеріне қарай сәйкестендіріңдер.



Жауабы:



12 тапсырма

Ақбөкен – бөкендер тұқымдасынан шыққан жұптұяқты сүтқоректі. Бүгінгі таңда бұл жойылып кету қаупі бар түр деп саналады, сондықтан қорғауға алынған және халықаралық Қызыл кітапқа енгізілген. 2005 жылы ақбөкендерді атуға мораторий енгізілді, ол 2021 жылға дейін күшінде болады. Ақбөкендер – үлкен арақашықтықты еңсеретін, көшіп-қонып жүретін жануарлар. Олар Қазақстанның жазықтары мен жартылай шөлдерінде, Еділ-Орал құмдарында, Үстірт және Бетпақдалада мекендейді. Олар дала өсімдіктерімен, жусанмен, кейде гүлдер мен қыналармен қоректенеді.



Ақбөкен – сыртқы келбетін ежелден өзгертпей сақтап қалған ерекше жануар. Ақбөкендерді терісі мен еті үшін аулайды. Жануардың мүйізі өте құнды. Мүйізін майда етіп ұнтақтап, Қытайдың дәстүрлі медицинасында кеңінен қолданады.

Сұрақ: Қай жануар ақбөкендердің табиғи жауы екенін көрсетіңіз?

Жауабы: Қасқыр

- Ақбөкендердің мекендейтін жерін қарастырыңыз.
- Осы тіршілік ету ортасына тән жыртқыштарды еске түсіріңіз.
- Дала үшін тән жыртқыш қасқыр болып табылады.
- Аюлар ыстықтан қашып, таудың жоғарғы жағына жасырынады.
- Қазақстан тауларында сілеусін орта белдеуде тұрады: жапырақты ормандардан шыршалы немесе қарағайлы орманның жоғарғы шегінде жүреді.
- Борсық қорек талғамайды. Ол кеміргіштермен, бақалармен, кесірткелермен, құстармен, ұлулармен, құрттармен, сондай-ақ саңырауқұлақтармен, жидектермен, жаңғақтармен және шөптермен қоректенеді. Сондықтан аю, борсық және сілеусін дұрыс жауап бола алмайды.

13 тапсырма

«Шырша майы сығындысы – экологиялық таза өнім».

Сұрақ: Төменде ұсынылған қорытындылардың қайсысы берілген тұжырымды растайды?

А Шыршалар жел мен көлеңкеге төзімді және ылғалсүйгіш.

В Шырша сығындысы шырша сығылғаннан кейін тазартылады.

С Шырша қолайсыз экологиялық жағдайларға бейімделеді.

Д Шырша өнеркәсіптік аудандардан ластану жоқ жерде ғана өседі.

Жауабы:

- «Шыршалар жел мен көлеңкеге төзімді және ылғалсүйгіш» және «Шырша сығындысы шырша сығылғаннан кейін тазартылады» деген дистракторлар дұрыс емес, өйткені студенттер бұрын алған білімдерінен «шырша сығындысы – экологиялық таза өнім» деген тұжырым жасау үшін дұрыс бола алмайды деп болжауы керек.
- «Шырша қолайсыз экологиялық жағдайларға бейімделеді» дистракторы да дұрыс емес, өйткені мәтін мен графикада ластаушы заттардың рұқсат етілген концентрациясы берілгенін ескеру қажет.
- Осылайша, дұрыс жауап: «Шырша өнеркәсіптік аудандардан ластану жоқ жерде ғана өседі».

14 тапсырма

Мектептегі «Жас биолог» үйірмесінің мүшелері мынадай тәжірибені ортаға салды. Кішкене құмыраның түбіне олар өсіп шыққан бұршақ тұқымын қойды. Су қосылды тұқымдар құрғақ емес. Құмыраны қақпақпен мықтап жауып, жылы, қараңғы жерге 3 күн бойы қойды. Бақылау үшін олар жақын жерде тығыз жабылған қақпағы бар бос құмыраны қойды. 3 күннен кейін банктерде оттегінің болуы тексерілді. Бұл үшін олар жануды төмендетті. Әрбір құмырада өз кезегінде сынықтар. Бос құмырадағы сынық жануды жалғастырды.



Тұқым құмырадан тез шығып кетті. Себебі:

- A) Құмырада жоғары ылғалдылық бар;
- B) Оттегі сыртқа шығып үлгерді;
- C) Тұқым барлық тірі организмдер сияқты оттегін сіңіріп, көмірқышқыл газын бөліп тыныс алады.

Сұрақ: Өзіңіз дұрыс деп санайтын қорытындыны таңдаңыз.

Жауабы: Тұқым барлық тірі организмдер сияқты оттегін сіңіріп, көмірқышқыл газын бөліп тыныс алады.

15 тапсырма

«Адам оттегісіз үш минут, сусыз үш күн, ал арасыз төрт жыл ғана өмір сүре алады».

Сұрақ: Пестицид, паразит, климаттың өзгеруі, урбанизация сияқты құбылыстардың әсерінен экожүйедегі маңызды өсімдіктер, жәндіктер мен жануарлардың түрлері жойылып кетуі мүмкін. Әсіресе бал арасының жойылу қаупі басым. Егер осы ара жер бетінен тұтас жойылып кетсе не болар еді?

Жауабы: Олардың адамзат өмірінде соншалықты маңызды екеніне аса сеніңкіремесеңіз, қарапайым бургерді елестетіңіз.



Егер аралар болмаса, оның құрамында пияз, маринадталған қияр, дәмдеуіш қызыл паприка болмас еді. Бұл көкөністерді аралар тозаңдандырмаса, дұрыс пісіп-жетілмейді немесе мүлде өспейді. Бургерде ірімшік те болмас еді. Себебі сүт беретін сиырдың рационына люцерн керек. Ал оны аралар тозаңдандырады. Люцернді басқа шөппен алмастыруға болады, бірақ бұл сиырға кететін шығынды көбейтеді, салдарынан сүт пен сүт тағамдары қымбаттайды. Тіпті картоптан жасалған фрисіз қалуыңыз да мүмкін. Себебі картоптың кейбір сұрпын аралар тозаңдандырады.



Гүлді өсімдіктердің 90%-і тозаңдандырғыштарға тәуелді. Араларсыз олар да жойылып кетеді, демек азық пен жәндіктердің панасы да жойылып, экожүйе тізбегі бұзылады. Сарапшылардың айтуынша, аралар жойылып кетсе, фермерлер тозаңданатын өсімдіктерді өсіруден мүлде бас тартуы мүмкін. Тозаңдану азықтың сапасына да әсер етеді. Бұдан бөлек аралар бал, балауыз, прополис (ара желімі) жасайды. Бұл өнімдер медицина, құрылыс, косметикада пайдаланылады.

«Химия» пәні бойынша функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға арналған тапсырмалар

Тапсырма №1

1. тапсырма ID
2. тапсырма тақырыбы **ҚАЗАҚСТАН ШОКОЛАДЫ**
3. Мазмұндық аясы
4. Контент типі Жеке
5. Тапсырма тексті *Facebook әлеуметтік желісінде жарияланған қысқаша мәтінді оқыңыз.*



Әлеуметтік желіде Жетісу университетінің 21 жастағы білімгері Айна өзінің шоколадтық диета туралы мәлімдеме жасады. Ол өзінің денсаулығында ешқандай өзгеріс жоқ екенін, орташа 50 кг салмақта жүргенін айтты. Айна аптасына 90 тақташалы шоколад тұтынады және басқа тамақ жемейді. Тек 5 күнде бір дұрыс тамақтанады. Бұл мәлімдемені көрген ғалымдар оған ұсыныс жазды: « бұл жайт мені таңқалдырды, себебі бұндай диетата ұстау арқылы қалпты өмір сүруі. Май оған энергия береді, бірақ ол толық қанды қоректік заттарды алмайды. Шоколад құрамында бірнеше минералды заттар бар, дәрумендердің барлығы бар деп айта алмаймыз. Алдағы уақыттарда денсаулығында өзгерістер болуы, ауруларға тап болуы ғажап емес».

Дұрыс тамақтану кітаптарында шоколад туралы келесі мағұліматтар берілген. Егер барлық мәліметтер Айнаның күнделікті тұтынып жүрген шоколад туралы деп қарасақ. Тақталы шоколад салмағы 100г деп алсақ.

100 г шоколадтың құрамы

Кесте

Протеины (г)	Май (г)	Көмір сулар (г)	Минералдар		Дәрумендер	
			Кальций (мг)	Темір (мг)	А	В (мг)
5	32	51	50	4	-	0,20

Компетенция

Құбылыстарды ғылыми түсіндіру

Тапсырма форматы

Ашық түрдегі тапсырмалар

1-сұрақ

Кестеге сүйенсек 100 г шоколадта 32 грамм май бар және 2142 кДж энергия. Биохимик ғалымдар айтады: «Май энергия береді...»

Егер адам 100 грам шоколадты жейтін болса, 32 грам майдан 2142 кДж энергия бөлінеді ма? Жауабыңызды жоғарыдағы кетсеге сүйене отырып ұсыныңыз

Дұрыс жауап

Код 2: жоқ деген жауап жазып өз дәлелдемелерін келтірсе. Жоқ. Себебі энергия тек майдан емес протеиндерден және көміруларданда бөлінеді.

Бағалау

Жауап толық қабылданады

Код 2: жоқ деген жауап жазып өз дәлелдемелерін келтірсе. Жоқ. Себебі энергия тек майдан емес протеиндерден және көміруларданда бөлінеді.

Жартылай жауап қабылданады

Код 1: жоқ деп жауап беріп дәлелдемелер келтірмесе немесе басқа заттар деп нақты аттарын көрсетпесе

Жауап қабылданбайды

Код 0: Ия деп жауап жазса, жауап тақырыпқа сай болмаса, жауап жазылмаса

Күрделілік деңгейі **Орташа, 3**

Компетенция талдау

Тапсырма форматы Көп жауапты қажет ететін сұрақтар

1-сұрақ Ғалымдар Айна толық қанды дәрумендерді алып жүрген жоқ дейді. Шоколадтың құрамында адам ағзасына керек С дәрумені жоқ. Ол өз рационына С дәруменіне бай тағамды қосатын болса онда оның ағзасына толық қанды дәрумендер баратын еді.

Тағамдар тізімі

1. Балық
2. Жеміс - жидектер
3. Күріш
4. Көкөністер

Жоғарыдағы қандай екі тағамды сіз Айнаға ұсынар едіңіз С дәруменін қалпына келтіру үшін?

А. 1 және 2 Ә. 1 және 3 Б. 1 және 4 В. 2 және 3 Г. 2 және 4 Ғ. 3 және 4

Дұрыс жауап Код 1: Г. 2 және 4

Бағалау **Жауап толық қабылданады**

Код 1: Г. 2 және 4

Жауап қабылданбайды

Код 0: басқа нұсқалар

Код 9: ответ отсутствует

Күрделілік деңгейі **Орташа, 2**

Компетенция Интерпретация данных и использование научных доказательств для получения выводов

Тапсырма форматы **Выбор одного верного ответа**

1-сұрақ 100 грам Қазақстан шоколадының құрамындағы минералды заттардың массалық үлесін есептеңіздер

Дұрыс жауап **Код 2:** Кальцийдің және темірдің массалық үлесін толық есептеп өлшем бірліктерін дұрыс жасса. 50 мг = 0,05г
4мг=0,04

$$w(\text{Ca}) = \frac{0.05\text{г}}{100\text{г}} * 100\% = 0,05\% \quad w(\text{Fe}) = \frac{0.004\text{г}}{100\text{г}} * 100\% = 0,004\%$$

Бағалау **Жауап толық қабылданады**

Код 2: Кальцийдің және темірдің массалық үлесін толық есептеп өлшем бірліктерін дұрыс жасса. 50 мг = 0,05г
4мг=0,04

$$w(\text{Ca}) = \frac{0.05\text{г}}{100\text{г}} * 100\% = 0,05\% \quad w(\text{Fe}) = \frac{0.004\text{г}}{100\text{г}} * 100\% = 0,004\%$$

Жартылай жауап қабылданады

Код 1: тек жауабын ғана жасса Кальций 0,05%, Темір 0,004%

Жауап қабылданбайды


Код 0: Басқа жауап болса

Күрделілік деңгейі **жоғары, 5**

Тапсырма №2

- | | |
|-----------------------------|--|
| 1. тапсырма ID | SZ002R |
| 2. тапсырма тақырыбы | Тіс пастасы |
| 3. Мазмұндық аясы | Физикалық жүйелер |
| 4. Контент типі | Жеке |
| 5. Тапсырма тексті | Тіс пастасы - ауыз қуысының гигиенасын сау күйде сақтауға арналған құрал, ол емдік және профилактикалық әсерге ие болуы мүмкін. Микроорганизмдердің тіршілік әрекеті нәтижесінде ауыз қуысында қышқыл орта пайда |

болады, оны тіс пастасы бейтараптандыруы керек, сондықтан бейтарап немесе сәл сілтілі орта тіс пасталары үшін оңтайлы болып саналады. Фторы бар тіс пасталары кариестің алдын алу және эмальды нығайту үшін қолданылады. Фтордың стоматологиялық қасиеттері-оның иондары тістердің бетіне және жарықтарға орналасады, содан кейін кальций мен басқа минералдармен байланысады, қатты қосылыстар түзеді, тістердің реминерализациясы жүреді (эмальды қалпына келтіру, оны минералдармен қанықтыру). Тіс пастасындағы фторидтің мөлшері 1500 ppm (немесе 0,15%), балалар тіс пасталарында - аз.



Компетенция

Құбылыстарды ғылыми түсіндіру

Тапсырма форматы

Бір дұрыс жауапты таңдау

1-сұрақ

pH мәні (сутегі көрсеткіші) әмбебап индикатор қағазымен анықталады. Тіс пастасының pH-ын анықтау үшін әмбебап индикатор қағазын пастаның сулы ерітіндісіне түсіру жеткілікті.



Ауыз қуысының ортасын қалпына келтіру үшін тіс пастасының pH мәні қандай болуы керек?

- A. 6 - 7
- B. 6 - 8
- C. 6,5 – 8,5

	D. 7 - 8
Дұрыс жауап	D. 7 - 8
Бағалау	Жауап толық қабылданады Код 1: D. 7 - 8 Жауап қабылданбайды 0 коды: басқа жауаптар 9-Код: жауап жоқ
Күрделілік деңгейі	Орташа, 3
Компетенция	Ғылыми зерттеулерді бағалау және әзірлеу
Тапсырма форматы	Альтернативті таңдау иә немесе жоқ
2-сұрақ	Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) сарапшыларының ұсынысы бойынша 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалар щеткадағы тіс пастасының ең аз мөлшерін (бұршақ мөлшері), фторид концентрациясы төмен (500 ppm, 0,05%) пайдаланып, ересектердің бақылауымен тістерін тазартуы керек. Балаларға арналған фторидтің тәуліктік дозасы: 1 жастан 8 жасқа дейін – 0,7 - 1 мг. https://cyberleninka.ru/article/n/rekomendatsii-ekspertov-voz2017-goda-po-profilaktike-kariesa-zubov-u-detey-rannego-vozrasta/viewer

Неліктен ДДҰ сарапшылары 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға фторлы тіс пастасын ұсынады?

Әр жауап үшін Иә немесе Жоқ деп белгілеңіз

Неліктен ДДҰ сарапшылары 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға фторлы тіс пастасын ұсынады?
Бұл жастағы балалар көбінесе тіс пастасын жұтып қояды, сондықтан фторидтің мөлшерін арттырады
Бұл жастағы балалардың тістері кариеске аз бейім
Бұл жастағы тістер сүтті, уақыт өте келе олар тұрақты тістерге ауыстырылады

Дұрыс жауап	ИЯ, ЖОҚ, ЖОҚ.
Бағалау	Жауап толық қабылданады Коды 1: ИЯ, ЖОҚ, ЖОҚ. Жауап қабылданбайды 0 коды: басқа жауаптар 9-Код: жауап жоқ
Күрделілік деңгейі	Орташа,4
Компетенция	Деректерді түсіндіру және қорытынды жасау үшін ғылыми дәлелдерді қолдану
Тапсырма форматы	Бір дұрыс жауапты таңдау
3-сұрақ	«Ауыз судағы фтордың әр түрлі құрамымен байланысты аурулар» тақырыбындағы «адам өміріндегі судың рөлі» ғылыми мақаласында әртүрлі елдердің суларындағы фтордың құрамын зерттеу нәтижелері келтірілген. Судағы фтордың шекті рұқсат етілген көрсеткіші - 1,5 мг/л. судағы фтор мөлшері 0,5 мг/л және одан аз болған кезде кариес дамиды, фтор 1,0-1,5 мг/л-ден жоғары концентрацияда флюороздың пайда болуына ықпал етеді.

Кесте. Әр түрлі елдердің су көздеріндегі фтор

Елдің атауы	Фтор мөлшері, мг/л	
	ауыз су	табиғи су
Ресей	0,01	10,5
Украина	0,02	5,6
Белоруссия	0,0	4,0
Қазақстан	0,1	11,0
Өзбекстан	0,1	4,0
Тәжікстан	0,4	3,2
Латвия	0,1	2,2

Эстония	0,1	5,2
Грузия	0,04	0,44
Әзірбайжан	0,4	5,6

<https://arhivinfo.ru/2-108705.html>

Төмендегі мәлімдемелердің қайсысы кестеде келтірілген мәліметтермен расталады?

А. барлық елдерде фторидті тіс пастасын қолдану жоғары

В. барлық елдерде фторидті тіс пастасын қолдану ұсынылмайды

Б. жоғарыда аталған елдердің жартысына жуығы фтор жетіспейді

Д. жоғарыда аталған елдердің екінші бөлігі фтордың артық мөлшерін сезінеді

Дұрыс жауап

Бағалау

А. барлық елдерде фторидті тіс пастасын қолдану жоғары

Жауап толық қабылданады

1 коды: а. барлық елдерде фторидті тіс пастасын қолдану жоғары

Жауап қабылданбайды

0 коды: басқа жауаптар

9-Код: жауап жоқ

Күрделілік деңгейі орташа,4

Тапсырма №3 «Аспан тасы»



Темір күн жүйесінде ең көп тараған элемент. Жер ядросының 90% темір құрайды. Жер мантиясында 12%, жер қыртысында 5% темір бар.

Темірді ертеде «Аспан тасы» деп атаған. Деректерге сүйенсек метеорит құрамында 90% темір бар.

Темір элементінің биологиялық маңызы да өте зор. Егер адам организмінде темір жетіспесе баршаға белгілі қан аздық ауыруы пайда болады.

1-Сұрақ :Таза темірді алу үшін қандай әдістер қолданылады?

Әрбір пайымдауда «иә» немесе «жоқ» жауаптарының бірін көрсетіңіз.

Таза темірді алу үшін қандай әдістер қолданылады?	«иә» немесе «жоқ»
Оксидтерінен темірді тотықсыздандыру арқылы	Иә/жоқ
Темір гидроксидтерінен тотықсыздандыру арқылы	Иә/жоқ
Темір (II) тұздарынан , судағы ертінділерінен электролиздеу арқылы	Иә/жоқ

Жауап:

Дұрыс-1жауап иә Оксидерінен темірді тотықсыздандыру арқылы;

Дұрыс -3 жауап иәТемір (II) тұздарынан судағы ертінділерінен электролиздеу арқылы

2-Сұрақ:Темір табиғатта минералдар түрінде кездеседі.Темірдің маңызды минералдарының химиялық формулаларын сәйкестендіріңіз

Минералдардың атауы	Химиялық формуласы
Магнетит	Fe_2O_3
Гематит	Fe_3O_4
Лимонит	FeS_2
Пирит	$Fe_2O_3 \cdot nH_2O$

Жауап:

Магнетит Fe_3O_4

Гематит Fe_2O_3

Лимонит $Fe_2O_3 \cdot nH_2O$

Пирит FeS_2

3-Сұрақ:

Темір оксиді мен гидроксидінің екідайлы қасиеттері болады. Олардың тотығу дәрежесі артқан сайын негздік қасиеттері әлсізденіп қышқылдық қасиеттері күшейеді.

Fe^{2+} ионына тән қасиет ол ауада тез тотығады.Осы процесс қан плазмасының қызыл түсті болуын көрсетеді. Осы реакцияның жүзеге асырылуын өрнектеп, түсіндіріңіз.

Жауап:



Темір 2+ иондары ауадағы оттегі және су молекулаларымен тотығып, темір 3+ ионына айналады, тотығу процесі жоғарылаған сайын жасыл тат қызылға айнала бастағаны байқалады.

4-Сұрақ:

Темірдің негізгі құймалары шойын мен болат. Суретте шойынды өндіретін домна пеші көрсетілген. Домна пешінің жоғары жағынан біртіндеп шахта : балқытқыш араластырылған темір кенін, соңынан кокс және қайтадан темір кенін салады. Төменгі жағынан оттегімен байытылған ыстық ауа үрленеді, кокс жанады. Экзотермиялық реакция нәтижесінде температура 1850⁰С-қа дейін жетеді. Егер шикізат ретінде қызыл темір тас алынған болса онда, осы процесте жүретін реакция теңдеулерін талдаңыз.



Жауап:

- 1) $\text{C} + \text{O}_2 = \text{CO}_2 + 402 \text{ кДж}$
- 2) $\text{CO}_2 + \text{C} = 2\text{CO}$
- 3) $3\text{Fe}_2\text{O}_3 + \text{CO} = 2\text{Fe}_3\text{O}_4 + \text{CO}_2$
- 4) $\text{Fe}_3\text{O}_4 + \text{CO} = 3\text{FeO} + \text{CO}_2$
- 5) $\text{FeO} + \text{CO} = \text{Fe} + \text{CO}_2$

Көміртек II оксиді осы процесте кокстағы қатты көміртегінің қатысуына қарамастан темірді оксидтерінен тотықсыздандыратын негізгі тотықсыздандырғыш болып табылады. Көміртегі II оксиді темірді біртіндеп тотықсыздандырады.

Тапсырма №4 Ақыл-ой элементі

Бұл элемент- жүйке жасушаларының қызметінде, аралық зат алмасу процесінде маңызды роль атқарады және ақуызы мол ет, сүт өнімдерінде, балық ағзасында өте көп мөлшерде болады. Жұмбақ элементтің үш түрлі түрөзгерісі болған.

Біріншісі-өте белсенді, қараңғыда жарық шығарады және түтінді орта жасауда, әскери қару-жарақтың оқ-дәрілерін жасауда қолданады, қараңғы жерде, су астында сақтаған.

Ал екінші түрөзгерісін шыны ұнтағы мен желімге араластырып, қорапшаның бүйір бетіне жағып, калий хлораты мен күкірті бар сіріңкенің басын қорапшаға үйкегенде тұтанатын қасиетіне қарай сіріңке өндіруде, пиротехникада қолданады.

Үшінші түрөзгерісі болса, жұмсақ, кара сұр өнді, сулы ортаны қаламайды.

Сұрақ:

1. Мәтінде қай элемент жайлы сипатталып айтылған?
2. Жұмбақ элементтің түрөзгерістері қандай жай заттар?
3. Білгісіз элементтің адам ағзасындағы маңызы қандай?

Жауап:

1. Мәтінде сипатталған жұмбақ элемент-фосфор
2. Фосфордың түрөзгерістері-ақ фосфор, қызыл фосфор, кара фосфор
3. Адам қанқасына беріктік қасиет береді, жүйке жасушаларында, зат алмасуда маңызды роль атқарады

2-сұрақ


Жұмбақ элементтің сипаттамасына сәйкес әрбір пайымдауда «Иә» немесе «Жоқ» жауабын таңдаңыз

Белгісіз элементке периодтық жүйедегі орны бойынша сипаттама	Иә	Жоқ
Белгісіз элемент бейметалл және р элементке жатады		
3 период, Y топтың қосымша топшасында орналасқан		
Сутекті қосылысы балық иісті, улы зат		
Тек тотықтырғыш қасиет көрсетеді		

Жауап:

1. Белгісіз элемент бейметалл және р элементке жатады
2. Сутекті қосылысы балық иісті, улы зат

**Тапсырма №5
Металдар**



Тірі организмдегі маңызды процестердің көбісі металдардың қатысуымен өтеді. Металдар адам тіршілігінің барлық саласында пайдаланылады. Алтын мен күмістен тұратын құймалар қаттылығымен ерекшеленеді. Темір иондары қан гемоглабинінде кездессе, кобальт иондары қан түзуге қатысады. Кейбір металдардың жетіспеуі организмде әртүрлі ағзалардың жұмысын нашарлатып, дертке шалдықтырады. Мысалы кальцийдің жетіспеуі қаңқаның дамуын баяулатады. Магний жеткіліксіз болса бұлшықет сіңірі тартылады, темір аз болса қан аздық дамып, имундық жүйе бұзылады.

Дене шынықтыру сабағында Әсеттің бұлшықет сіңірі тартылып қалды.

1-Сұрақ : Оның себебі неде?

- А) магний шамадан тыс артып кеткендіктен
- Б) магний жеткіліксіз болғандықтан
- В) кальций жетіспегендіктен
- Г) кальций мөлшері артық болғандықтан

Жауабы: Б

2-Сұрақ

Кейбір металдардың жетіспеушілігі ағзаның жұмысына әсер ете ме?	Иә немесе Жоқ
Темір аз болса қан аздық болады	Иә/ жоқ
Кальций көп болса қаңқа жақсы дамиды	Иә/жоқ
Гемоглобиннің құрамында темір бар ма?	Иә/жоқ
Кобальт қан түзуге қатыспайды	Иә /жоқ

3-сұрақ. Төмендегі суреттерде сұйық , иілгіш , электрөткізгіш , қатты , оңай балқитын металдар берілген.

VI топтың қосымша (VIB) топшасының қатты элементін анықтаңыз

- А) Hg (сынап)
- Б) Au(алтын)
- В) Ag(күміс)
- Г) Cr(хром)
- Д) Cs(цезий)

Жауабы : Г

Жеңіл , ал қаттылығы жағынан болатқа жақын, авиация және автомобиль өнеркәсібінде қолданылатын құйма.

4-Сұрақ : Бұл қай құйма? Жауабыңызды сәйкестендіріңіз

Жез	Al, Cu, Mn, Mg
Қола	Cu, Zn

Мельхиор	Cu ,Zn, Sn
Дюралиминий	Fe, Mn, Ni, Cu

Жауабы : 4-4

1.Жез	4.Al,Cu, Mn,Mg
2.Қола	1.Cu, Zn
3Мельхиор	2.Cu ,Zn, Sn
4.Дюралиминий	3.Fe, Mn, Ni, Cu

Тапсырма №6

8 сыныпта химия сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағыталған тапсырмалар

Оқу мақсаты: 8.4.2.8 -судың ластануының қауіптілігі мен себебін анықтау, суды тазарту әдістерін түсіндіру

Судың ластануының адамдарға тигізетін зияны

Ластанған судың адам ағзасына тигізетін әсері көптеген қолайсыз факторлардан тұрады: адам ағзасының 70%-80% су. Сондықтан ұзақ уақыт бойы сапасыз су ішу физикалық төзімділіктің табиғи әлсіреуіне және оның пайда болуына әкеледі. Өртүрлі ауруларға шалдығуы сөзсіз. Жиналған ластаушы заттар ағзаның төзгісіз деңгейіне жеткенде, дәрігер қанша ақылды болса да, дәрі қанша тиімді болса да, ол жұмыс істей алмайды. Сондықтан да «су ауырулар патшасы» деген сөз мүлдем жалған емес.

Судың ластануы – қоршаған ортаны ластайтын зиянды химиялық заттардың әсерінен судың пайдалану құнының төмендеуі немесе жоғалуы.

Судың ластануы өнеркәсіптік өндіріске әсер етеді, жабдықтың коррозиясын арттырады, өнім сапасына әсер етеді, тіпті өндірісті мүмкін емес етеді. Судың ластануы да адам өміріне әсер етіп, экологияны бұзады, адам денсаулығына тікелей қауіп төндіреді, ортаға үлкен зиян келтіреді.

(1) Судың эвтрофикациясының қауіптері қалыпты жағдайда оттегінің суда белгілі бір ерігіштігі болады. Ерітілген оттегі су организмдерінің тіршілік етуінің шарты ғана емес, сонымен қатар оттегі ластаушы заттардың трансформациясы мен ыдырауына ықпал ету үшін судағы өртүрлі тотығу-тотықсыздану реакцияларына қатысады, бұл табиғи су объектілерінің өзін-өзі тазарту қабілетінің маңызды себебі болып табылады. Құрамында көп мөлшерде азот, фосфор және калий бар тұрмыстық ағынды сулардың ағуы суда қоректік заттарды шығару үшін ыдырайды, судағы балдырларды дамытады және өсімдіктер жабайы өседі, нәтижесінде су сапасы нашарлайды. Осының салдарынан көптеген су өсімдіктері өліп, су беті қара түске боялып, су айдыны сасық «өлі көлдер», «өлі өзендер» және «өлі теңіздер» пайда болып, өз кезегінде

батпаққа айналады. Бұл құбылыс судың эвтрофикациясы деп аталады. Эвтрофиялық судың иісі күшті, түсі қою, бактериялары көп. Бұл судың сапасы нашар және оны тікелей пайдалануға болмайды. Су үзілгенде көптеген балықтар өледі.

(2) Өнеркәсіптік және ауылшаруашылық өндірісіне зиянды суды ластағаннан кейін өнеркәсіптік су тазарту шығындарын көбірек жұмсауы керек, нәтижесінде ресурстар мен энергия ысырап болады. Тамақ өнеркәсібінің суға қойылатын талаптары қатаңырақ және судың сапасыз сапасы өндірістің тоқтауына әкеледі. Бұл да өнеркәсіптік кәсіпорындардың тиімділігі мен сапасының төмендігінің факторы болып табылады. Ағынды суларды ауыл шаруашылығында пайдалану ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығы мен сапасын төмендетеді, тіпті адамдар мен жануарларға зиянын тигізеді, ауыл шаруашылығы алқаптарының көп бөлігін ластайды, топырақтың сапасын төмендетеді. Теңіздің ластануының салдары да өте ауыр, мысалы, теңіз құстары мен теңіз жануарларын өлтіретін мұнай ластануы.

(3) Ауыз су немесе тамақ тізбегі арқылы адам денсаулығына қауіп төндіретін судың ластануынан кейін ластаушы заттар адам ағзасына еніп, өткір немесе созылмалы улануды тудырады. Мышьяк, хром, аммоний және т.б. да қатерлі ісік тудыруы мүмкін. Паразиттермен, вирустармен немесе басқа патогенді бактериялармен ластанған су әртүрлі жұқпалы және паразиттік ауруларды тудыруы мүмкін. Ауыр металдармен ластанған су адам денсаулығына зиянды. Кадмиймен ластанған су мен тамақ адамдар тамақтанғаннан кейін бүйрек пен сүйекке зақым келтіреді, ал 20 мг кадмий сульфатын жұту өлімге әкеледі. Қорғасынмен улану, анемия, сананың шатасуы. Алты валентті хром өте уытты, тері жарасын тудырады және канцерогендік әсерге ие. Құрамында мышьяк бар ауыз су өткір немесе созылмалы улануды тудыруы мүмкін. Мышьяк көптеген ферменттерді тежейді немесе инактивациялайды, бұл организмдегі метаболикалық бұзылуларды, терінің кератинизациясын және тері ісігін тудырады. Фосфорорганикалық пестицидтер нейроуыттылықты тудыруы мүмкін, ал хлорорганикалық пестицидтер майға жиналып, адам мен жануарлардың эндокриндік, иммундық және репродуктивті функцияларына зиянын тигізеді. Конденсацияланған ароматты көмірсутектердің көпшілігі канцерогенді болып табылады. Цианид те өте улы зат болып табылады. Қанға түскеннен кейін жасушалардың пигментті оксидазасымен қосылып, тыныс алуды тоқтатады, нәтижесінде тыныс алу жеткіліксіздігі және тұншығу пайда болады. Әлемдегі аурулардың 80 пайызы сумен байланысты екенін білеміз. Іш сүзегі, тырысқақ, гастроэнтерит, дизентерия, бауырдың жұқпалы ауруы адам баласының бес негізгі дертіне жатады, олардың барлығы судың ластануынан туындайды.

I. Тест тапсырмалары

1. Судың эвтрофикациясының қауіптері туралы айтқандардың ішінде дұрыс емес жауапты көрсетіңіз

А. Құрамында көп мөлшерде азот, фосфор және калий бар тұрмыстық ағынды сулардың ағуы суда қоректік заттарды шығару үшін ыдырайды

В. Су өсімдіктері өліп, су беті қара түске боялып, су айдыны сасық «өлі көлдер», «өлі өзендер» және «өлі теңіздер» пайда болады

С. Эвтрофиялық судың иісі күшті, түсі қою, бактериялары көп

Д. Өнеркәсіптік өндіріске әсер етеді, жабдықтың коррозиясын арттырады

2. Тері жарасын тудырып және канцерогендік әсер ететін химиялық элементті көрсетіңіз

А. Мышьяк

В. Хром

С. Фосфор

Д. Кадмий

Жауабы : 1.Д ; .2 В

II. Төменде берілген ластану көздерінен судың химиялық жолмен ластануын көрсететін варианттарды таңдаңыз.

Негізгі ластаушы көздер:

(1) тазартылмаған өнеркәсіптік ағынды сулар;

(2) тазартылмаған тұрмыстық ағынды сулар;

(3) химиялық тыңайтқыштарды, пестицидтерді және гербицидтерді кеңінен пайдалану нәтижесінде пайда болатын ауыл шаруашылығы ағынды сулары;

(4) өнеркәсіп қалдықтары мен тұрмыстық қоқыстарды өзен жағасына жинау;

(5) Ормандарды кесу, топырақ эрозиясы;

(6) Шамадан тыс пайдалану салдарынан шахталық ағынды сулар.

Жауап: 1,2,3,4,6

III. Мәтінді оқып кестеде берілген тұжырымдардың «шын» немесе «жалған» екендігін анықтаңыз:

	Мәтінді оқып кестеде берілген тұжырымдардың «шын» немесе «жалған» екендігін анықтаңыз	шын	жалған
1	Құрамында мышьяк бар ауыз су адамды уландыруы мүмкін		
2	Цианид- қанға түскеннен кейін жасушалардың пигментті оксидазасымен қосылып, тыныс алуды тоқтатады		
3	Судағы фосфор және азотты қосылыстар балдыр және өсімдіктердің өсіуін тежейді		
4	Мұнай өндірісіндегі пайдаланылған су теңіз жануарларына зияны жоқ		
5	Өнеркәсіптің пайдаланып шығарылған ағынды суларды ауыл шаруашылығында пайдалану ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығы мен сапасын жақсартады		

Жауап: шын, шын, жалған, жалған , жалған

Сұрақ:

1. Тұрмыстық жағдайда ауыз суының сапасын жақсарту немесе суды тазарту үшін қандай тәсілді пайдалануға болады?

2. Судың ластануы өнеркәсіптік өндіріске әсер етеді, жабдықтың коррозиясын арттырады, өнім сапасына әсер етеді, тіпті өндірісті мүмкін емес етеді... мәтінмен байланыстырып суды қайнатуы аппараттарында көп мөлшерде қас байланудың себебін түсіндіріңіз және химиялық жолмен шешудің бір жолын көрсетіңіз.

Жауап: 1.Қайнату, фильтрлеу

2. Судағы уақытша кермектілік беретін кальцийдің гидрокарбонаты сияқты қосылыстар қас байланудың негізгі көзі болып табылады, оларды жою үшін сода ,эк суы немесе натрий фосфатымен өңдеуге болады.


Тапсырма №7

Сабақ тақырыбы: Галогендер және олардың қосылыстарының қолданылуы

Оқу мақсаты: 10.2.1.8 хлордың суды залалсыздандыруда қолдануын түсіндіру және осы процестің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау;

Суды хлорлау

1900 жылдары хлор қосылыстары суды онда өмір сүретін микроорганизмдерден тазарту үшін алғаш рет қолданылады. Бұл әдістің экономикалық және суды тазартудағы тиімділігі жоғары болу себебінен бұл әдіс барлық жерде қолданылуда.



1- сұрақ: Адамдар суды қоршаған ортадан алады және оны ішуге қауіпсіз ету үшін тазартады. Біздің ешқайсымыз тікелей өзеннен су ішкіміз келмейді, сондықтан біз суды тазарту қондырғыларының бірінде оны тазарту үшін арнайы процесті қолданамыз. Суреттегі процестердің аттарын жазыңыз? (Сізге қажетті сөздер көл бетінде орналасқан).

Жауап: 1-тазалау, 2-араластыру ыдысы, 3-сүзіу, 4-тұндырыу, 5-хлорлау.

балл/

- 2 - Суды хлорлау тәсілінің тиімділігіне жатпайтын жауапты белгілеңіз.
- A. Арзан, қолжетімді
 - B. Таза су ұзақ уақыт қасиетін сақтайды
 - C. Иісті жояды, суды мөлдірлендіреді
 - D. Хлор қосылыстарын сақтау талаптарының жоғарылығы

Жауап: D 1 балл

3 - 2 - Сұрақ Суды тазалау бірнеше кезеңнен және түрлі әдістермен жүреді. Суретте көрсетілген тазарту процесі 5 кезеңнен (1-5 дейін нөмірленген) тұрады. 5-кезеңде бактериялардан тазалау процесі жүреді. Бұл кезеңде суды тазалау қалай жүргізіледі? Химиялық реакция теңдеуін құрастырып және түзілген өнімнен бактериядан залалсыздандырушы ионды атаңыз.

Жауап:

$\text{Cl}_2 + \text{H}_2\text{O} = \text{HClO} + \text{HCl}$, ClO^- - гипохлорид ионы

/3 балл/

Тапсырма №8 Айжанның ойы

Айжан тамақ жасап, қазанның шетіне қолы абайсызда тиіп кеттіп, күіп қалды. Ол дереу қолын тартып алып, пласмассадан жасалған тұтқасынан ұстады. Тұтқа қол күйдіретіндей ыстық емес. Айжан тамақ пісіретін ыдыс толығымен газда отта тұр неге метал жері қолды күйдіреді, неге тұтқасы қолын күйдірмейтіні туралы ойланды. Айжан тұтқаның қатты ысымау себебін білетін еді. Себебі бейметалдар , яғни пласмассалар электр және жылу оқшаулағыш. Сондықтан отқа қойылатын заттардың тұтқалары осындай заттардан жасалады. Оны ойландырған металдан жасалған ыдыстың қатты ысып, қол күйдіретіндігі. Ол үшін Айжан металдық байланыс туралы мектепте алған білімін ретімен еске түсіруді ойлады.



Сұрақ 1. Металдардың физикалық қасиеттерін ата.

Жауап –электр тоғы мен жылу өткізгіштігі жоғары, тапталғыш, иілгіш, металдық жылтыры бар заттар.

Сұрақ 2. Металдық байланыс дегеніміз не?

Жауап- металдық кристалдық тор түйіндеріндегі иондар мен еркін қозғалатын электрондар арасында түзілетін химиялық байланыс металдық байланыс деп аталады.

Сұрақ 4. Металдық байланыстың табиғатының ерекшелігін қалай түсіндіресің?

Ол үшін кестені толтыр.

реті	Металдық байланыстың ерекшеліктерінің металдардың физикалық қасиеттеріне әсері	Физикалық қасиеттері
1	Металдардың жылтырлығын еркін қозғалатын электрондардың болуымен түсіндіруге болады.	
2	Металдар - күшті жылуөткізгіштер, өйткені қозғалғыш электрондар өзінің кинетикалық энергиясын көршілес электрондарға оңай береді. Кристалдық тор бойындағы бос электрондар еркін қозғалады. Электрондар реттелген қозғалысқа /электрон тоғының/да қатысады .	
3	Металл бөлігін балғамен соққан кезде, оң зарядталған иондар қабаты бір-бірі арқылы сырғып өте алады. Металдар сынбайды, себебі жаңа орында олардың катиондары электрондар теңізі арқылы ұсталып тұрады. 1 г алтыннан ұзындығы 3 шақырымға жететін жіңішке сым созуға болады. Ал темірден өте жұқа тақташа соғылады	

Жауап : 1-жылтырлығы, 2 -электрон тоғы мен жылуөткізгіштігі, 3-тапталғыш, иілгіш

Сұрақ 5. Айжан өз ойын тұжырымдау үшін, яғни метал ыдыстың толық ысып, қолының күйу себебін кестені толтыр тапсырмасындағы қай реттегі жауаппен түіне алды?

Жауап-2

ЕБҚ: бұл оқушыларға кесте толық жауабының орындары ауыстырылу арқылы беріледі. Яғни дұрыс сәйкестендіру арқылы сабақ мақсатындағы металдық байланыстың табиғатының ерекшелігін түсіндіреді және металдық байланыстың физикалық қасиеттеріне әсерін тұжырымдайды

Дескриптор

1. металдық байланыстың табиғатының ерекшелігін түсіндіреді
2. Кестедегі мысалдарға сүйеніп, ерекшеліктерінің металдардың физикалық қасиеттеріне әсер етуін өмірде қолданады.

Сұрақ 6. Айжан өз ойын тұжырымдау үшін, яғни метал ыдыстың толық ысып, қолының күйу себебін кестені толтыр тапсырмасындағы қай реттегі жауаппен түіне алды?


Жауап-2

ЕБҚ: бұл оқушыларға кесте толық жауабының орындары ауыстырылу арқылы беріледі. Яғни дұрыс сәйкестендіру арқылы сабақ мақсатындағы металдық байланыстың табиғатының ерекшелігін түсіндіреді және металдық байланыстың физикалық қасиеттеріне әсерін тұжырымдайды


Дескриптор

1. металдық байланыстың табиғатының ерекшелігін түсіндіреді
2. Кестедегі мысалдарға сүйеніп, ерекшеліктерінің металдардың физикалық қасиеттеріне әсер етуін өмірде қолданады.

Сабақ барысында ФС тапсырмаларын пайдалану мысалы

Білім беру ұйымының атауы				
Пәні:		Химия		
Бөлім:		Термодинамика		
Педагогтің аты-жөні:		Наурызбаева Жаудир		
Күні:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Гиббстің бос энергиясы.		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		10.3.1.6 Гиббстің бос энергия өзгерісін түсіндіру және анықтамалық деректер арқылы есептеу; 10.3.1.7 термодинамикалық мәндер бойынша реакцияның өздігінен жүру бағытын болжау:		
Сабақтың мақсаты		<ul style="list-style-type: none"> - Гиббстің бос энергиясының мәнін түсінеді. - Анықтамалық деректер арқылы Гиббстің бос энергиясын есептейді - Термодинамикалық деректер бойынша өздігінен жүретін реакциялардың бағытын болжауды үйренеді; 		
Бағалау критерийі		<ul style="list-style-type: none"> - Гиббстің бос энергия өзгерісін түсіндіреді. - Анықтамалық деректерді қолданып Гиббстің бос энергиясының өзгерісін есептейді. - Термодинамикалық деректер бойынша өздігінен жүретін реакциялардың бағытын болжайды. 		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі//уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру 3 минут	<p>Оқушылармен амандасу, түгелдеу. «Мозайка» әдісі.</p>  	<p>Суреттер қиындысынан энтропия өзгерісі бейнелеген суреттерін құрастырады.</p> <p>1-топ Қатты заттар 2-топ Сұйық заттар 3-топ Газдар.</p> <p>Әр топ өз топтарының (қатты, сұйық, газдар) энтропия өзгерістерін түсіндіреді.</p>	ҚБ: Жарайсың, Керемет Дұрыс	Суреттер интернеттен алынған.

<p>Өткен білімді еске түсіру 3 минут</p>	<div data-bbox="592 152 762 320" data-label="Image"> </div> <p>Топтық жұмыс. «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі.</p> <p>1. $C_{гр} + O_2(г) = CO_2(г)$ Есептеу жүргізбей ақ энтропия өзгерісін анықтаңдар.</p> <p>2. $C_{графит} = C_{алмаз}$ $H = 2 \text{ кДж/моль}$ Неге графиттен алмаз алу қиын? Анықтамалық деректерді қолданып жүйенің энтропиясын, қоршаған энтропиясын және жалпы энтропияны есептеп, дәлелдеңдер.</p> <p>3. Энтропия өзгерісінің химиялық реакциялардың өздігінен жүруіне қандай әсері бар?</p> <p>4. Химиялық реакциялардың өздігінен жүруіне тағы қандай факторлардың әсері бар?</p> <p>«Джонсон үшбұрышы» әдісі арқылы сұрақ-жауап жүргізе отырып Гиббстің бос энергиясымен, Гиббс энергиясын есептеу</p>	<p>Тапсырмаларды орындайды, сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді. Гиббс еркін энергиясымен танысады. Гиббс энергиясының мәні</p>	<p>Дескриптор: -Берілген реакция теңдеудің энтропия өзгерісін анықтайды . - Графиттен алмаз алу процесінің қиын болу себебін түсіндіреді .</p> <p>ҚБ: «Жарайсың» «Ия дұрыс айтасын» «Тамаша»</p>	<p>Анықтамалық деректер Алмаз бен графиттің атом құрылысы Жұмыс дәптері</p>
--	--	---	--	---

<p>Жаңа білім 10 минут</p>	<p>арқылы реакцияның өздігінен жүру мүмкіндіктерімен таныстырады.</p> 	<p>төмендегенде, көтерілгенде және нөлге тең болғанда процестің жүру мүмкіндіктерін талқылайды. Керек мәліметтерді түртіп алу әдісі арқылы жазып</p>		<p>Джонсон үшбұрышы, Гиббс портреті Слайд Фонопроектор, Оқулық. М.Қ.Оспанова.Қ. С.Аухадиева.Т.Г. Белеусова Жұмыс дәптері</p>																				
<p>8 минут</p>	<p>Топтық тапсырма. «Жағдаят» әдісі. Мұғалім оқушыларға процестердің жүру барысында заттардың түзілу энтальпиясы мен энтропиясы қосындылар өзгерісінің бірнеше ықтимал нұсқасы болатынын айты. Көбінесе экзотермиялық реакциялар өздігінен жүретінін, бірақ кейбір эндотермиялық реакциялар да өздігінен жүретінін айтты. Мұғалім оқушыларға мынындай 4 жағдайда Гиббс энергия өзгерісі мен реакцияның өздігінен жүру мүмкіндігін болжайтын кесте құру тапсырмасын берді. 1-жағдай: Экзотермиялық процес</p>	<p>Берілген төрт жағдайды талдап, реакцияның өздігінен жүру мүмкіндіктерін болжайды, кестені толтырады.</p> <table border="1" data-bbox="877 1299 1117 1344"> <thead> <tr> <th></th> <th>H</th> <th>S</th> <th>G</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1-жағ</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>2-жағ</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>3-жағ</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>4-жағ</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>		H	S	G	1-жағ				2-жағ				3-жағ				4-жағ				<p>Дескриптор: -Берілген төрт жағдай үшін энтальпия және энтропия өзгерістерінің мәнін анықтайды. -Әр жағдай үшін Гиббс энергия өзгерісі мәнін болжайды. -Әр жағдай үшін реакцияның өздігінен жүру мүмкіндігін</p>	<p>Кесте, Оқулық.</p>
	H	S	G																					
1-жағ																								
2-жағ																								
3-жағ																								
4-жағ																								

	<p>және энтропия өзгерісі мәні оң болғанда 2-жағдай: Эндотермиялық процес және энтропия өзгерісі мәні теріс болғанда. 3-жағдай: Экзотермиялық процес және энтропия өзгерісі мәні теріс болғанда. 4-жағдай: Эндотермиялық процес және энтропия өзгерісі мәні оң болғанда.</p> <p>«Сәйкестендіру» әдісі ЕБҚ ететін оқушыларға арналған тапсырма: Берілген термин сөздерді сипаттамаларымен сәйкестендіру қажет. Сөйлеуінде кемістігі бар оқушыға беріп, жетелеуші сұрақтар қойып оқушының ауызша да жауап беруіне мүмкіндік жасаймын.</p>	<p>Терминдер</p> <p>Энтальпия</p> <p>Энтропия</p> <p>Гесс заңы</p>	<p>Сипаттамалары</p> <p>кДж/моль</p> <p>Дж/(моль*К)</p> <p>$\Delta G = \Delta H - T \cdot \Delta S$</p> <p>Х.Р жылу эффектісі оның жүру жолына тәуелді емес</p> <p>Ретсіздік</p> <p>Химиялық реакция</p>	<p>болжайды.</p> <p>Дескриптор: -Берілген терминдермен сипаттамаларды сәйкестендіреді.</p>	<p>Жұмыс М.Қ.Оспанова.Қ. С.АухадиеваТ.Г. Белеусова дәптері</p>
--	--	--	---	--	--

<p>5 минут</p>	<p>«Нақты дәлел» әдісі Анықтамалық деректерді қолданып, нақты дәлелмен есептер шығарады. Тапсырма: 1-топқа: Оқулық 134-бет 4-жаттығу. $2C_2H_2 + 5O_2 = 4CO_2 + 2H_2O$ $C_2H_4 + 3O_2 = 2CO_2 + 2H_2O$ $2H_2 + O_2 = 2H_2O$ $Si + H_2O = SiO + H_2$</p> <p>2-топқа: 1-есеп 135-бет. $CO_{2(r)} + H_{2(r)} = CO_{(r)} + H_2O_{(r)}$) Реакцияның Гиббс энергиясының өзгерісін есептендер. Бұл реакция қандай температурада өздігінен жүре алатынын анықтаңдар.</p>	<p>мен қоршаған орта арасындағы жылу алмасу</p> <p>Гиббс энергия</p> <p>Қатты заттарды төмен мәнге ие.</p> <p>Реакцияның өздігінен жүріп жүрмеуін болжайды.</p> <p>Анықтамалық деректерді қолданып, берілген реакциялардан өздігінен жүретін реакцияларды анықтайды</p>	<p>Дескриптор: -Берілген реакция теңдеуі бойынша энтальпиялық, энтропиялық өзгерістерін анықтайды. -Гиббс энергия өзгерісін анықтап реакцияның жүру мүмкіндігін анықтайды. Дескриптор: -Берілген реакцияның Гиббс энергиясы</p>	<p>Сәйкестендіру кестесі</p>
----------------	--	---	---	------------------------------

<p>4 минут</p>	<p>3-топқа: 2-есеп 135-бет. $2\text{H}_2(\text{г}) + \text{O}_2(\text{г}) = 2\text{H}_2\text{O}(\text{с})$ Реакцияның Гиббс энергиясының өзгерісі -474,46кДж-ге тең. Термодинамикалық есептеулер жүргізбей тұрып бұл реакция 298К температурада қандай фактордың әсерінен жүретінін және реакцияның жүруіне температураның артуы қалай әсер ететінін анықтаңдар.</p> <p>Жеке жұмыс «Гиббс энергиясы өзгерісі» диаграммасы</p>  <p>Жұптық жұмыс Функционалдық сауаттылыққа арналған тапсырмалар: «Мұздықтар мұңы». Қазіргі таңда әлемдегі өзекті мәселелердің бірі – климаттың өзгеруі себебінен мәңгілікке мызғымастай көрінетін</p>	<p>Есептеулер жүргізеді.</p> <p>Есептеулер жүргізеді.</p> <p>Берілген диаграмма бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақ: А және Б-суреттер қандай реакциялардың</p>	<p>ның өзгерісін есептейді. -Қандай температурада өздігінен жүре алатынына есептеу жүргізеді.</p> <p>Дескриптор: -Есептеу жүргізбей энтропия өзгерісін анықтайды . - Температураның өзгерісі қалай ісер ететінін анықтайды .</p> <p>Дескриптор: -Берілген диаграмма бойынша сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Оқулық М.Қ.Оспанова.Қ. С.Аухадиева.Т.Г. Белеусова. Жұмыс дәптері Анықта малық деректер Кесте</p>
----------------	---	--	--	--

7 минут	<p>мұздықтардың еруі. Бұдан келер қауіп-қатердің адамзат қоғамына оңай тимесін ғалымдар көптен айтып келуде.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Осы мұздықтардың еруі өздігінен жүретін процеске жата ма? 2. Бұл процеске энтальпиялық және энтропиялық факторлардың әсері қандай? 3. Термодинамика заңдарына сүйеніп түсіндіріңдер. 4. Мұздықтардың еруіне әсер етуші факторларды атаңдар және қандай алдын алу шараларын ұсынар едіңдер? <p>«Жарнама» әдісі Алдын-ала сабаққа қатысты жазылған бір сөзді конверттен таңдайды, сөздің өзін атамай түсіндіреді. Сөзді тапқан бірінші оқушы конверттен келесі сөзді таңдайды және қалғандарына түсіндіреді.</p>	<p>Гиббс энергиясының өзгерісі көрсетілген? Әр процес үшін Гиббс энергиясының өзгерісін мысалмен түсіндіреді.</p> <p>Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап береді, өз ойларымен бөліседі.</p>	<p>Дескриптор: - Мұздықтардың еру процесін түсіндіреді. - Мұздықтардың еру процесін алдын алу шараларын ұсынады.</p>	<p>Диаграмма интернеттен алынған .Оқулық .М.Қ.Оспанова. Қ.С.Аухадиева.Т.Г.Белеусова.Жұмыс дәптері</p>
Бекіту 3 минут		<p>Конверттегі сөздер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Гиббс энергиясы 2. $P=const$, $T=const$ 	<p>Дескриптор: - Конверттегі сөз туралы атын атамай мәліметтер айтады. ҚБ:</p>	

<p>Кері байланыс 2 минут</p>	<p>Google формада кері байланыс алу</p> <p>“Аяқталмаған сөйлемдер” әдісі</p>	<p>3. Кез келген температурада реакция өздігінен жүреді</p> <p>4. Кез келген температурада реакция өздігінен жүрмейді</p> <p>5. Температураның белгілі бір аралығында процес өздігінен жүреді.</p> <p>6. Жай заттардың түзілуінің стандартты Гиббс энергиясы.</p> <p>Конверттегі сөзді алып, сөздің өзін атамай, сол сөз туралы мәліметтерді айтады.</p> <p>* Бүгін мен.....білдім</p> <p>* ҚЫЗЫҚТЫ болды.</p> <p>*ҚИЫН болды. *</p> <p>тапсырманы мен орындадым.</p> <p>* екенін түсіндім.</p> <p>*Мен енді.....білемін.</p>	<p>Жарайсың Тамаша Керемет</p>	<p>Конверт https://forms.gle/Lwx3ngexyteSXZzz7</p>
----------------------------------	---	---	--	--

«Сәйкестендіру» әдісі ЕБҚ ететін оқушыларға арналған тапсырма:Берілген термин сөздерді сипаттамаларымен сәйкестендіру қажет.

Терминдер	Сипаттамалары
А. Энтальпия	1. кДж/моль 2. Дж/ (моль*К)
Ә. Энтропия	3. $\Delta G = \Delta H - T \cdot \Delta S$ 4. Х.Р жылу эффектісі оның жүру жолына тәуелді емес
Б. Гесс заңы	5. Ретсіздік 6. Химиялық реакция мен қоршаған орта арасындағы жылу алмасу
В. Гиббс энергия	7. Қатты заттарды төмен мәнге ие. 8. Реакцияның өздігінен жүріп жүрмеуін болжайды.

Жауабы: А-1; 6 Ә-2;5;7 Б-4; В-3;8

Топтық тапсырма:»Жағдаят» әдісі Мұғалім оқушыларға процестердің жүру барысында заттардың түзілу энтальпиясы мен энтропиясы қосындылар өзгерісінің бірнеше ықтимал нұсқасы болатынын айты. Көбінесе экзотермиялық реакциялар өздігінен жүретінін, бірақ кейбір эндотермиялық реакциялар да өздігінен жүретінін айтты. Мұғалім оқушыларға мынындай 4 жағдайда Гиббс энергия өзгерісі мен реакцияның өздігінен жүру мүмкіндігін болжайтын кесте құру тапсырмасын берді.

1-жағдай: Экзотермиялық процес және энтропия өзгерісі мәні оң болғанда

2-жағдай: Эндотермиялық процес және энтропия өзгерісі мәні теріс болғанда.

3-жағдай: Экзотермиялық процес және энтропия өзгерісі мәні теріс болғанда.

4-жағдай: Эндотермиялық процес және энтропия өзгерісі мәні оң болғанда.

Энтальпия және энтропия өзгерісін және $\Delta G = \Delta H - T \cdot \Delta S$ теңдеуін қолданғандар.

Төрт жағдайда қарастырып, төмендегі кестені кестені толтырындар:

	H өзгерісі	S өзгерісі	G өзгерісі	Реакцияның өздігінен жүру мүмкіндігі
1- жағдай	Нөлден төмен	Нөлден жоғары	Нөлден төмен	Реакция энергиялық жағынан тиімді және өздігінен жүреді.
2- жағдай	Нөлден жоғары	Нөлден төмен	Нөлден жоғары	Реакция энергиялық жағынан тиімсіз болып, реакция өздігінен жүрмейді.
3- жағдай	Нөлден төмен	Нөлден төмен	Жоғарғы температурада Нөлден төмен	Реакция өздігінен жоғарғы температурада жүреді.
4- жағдай	Нөлден жоғары	Нөлден жоғары	Төменгі температурада Нөлден төмен	Реакция өздігінен төменгі температурада жүреді.

Энтальпия өзгерісінің төмендеуі, ал энтропия өзгерісінің артуы өздігінен жүретін реакциялар үшін қолайлы жағдай.

$$\Delta G = \Delta H - T \cdot \Delta S$$

1-жағдай: Экзотермиялық процесте энтальпия өзгерісі теріс мәнге тең болады. Энтальпия өзгерісі нөлден төмен, ал энтропия өзгерісі нөлден жоғары болса Гиббс энергия өзгерісі нөлден кіші болады. Реакция энергиялық жағынан тиімді және өздігінен жүреді.

2-жағдай: Эндотермиялық процесте энтальпия өзгерісі оң мәнге ие болады. Энтальпия өзгерісінің мәні нөлден жоғары, ал энтропия мәні нөлден төмен болса, Гиббс энергия өзгерісі нөлден жоғары болады да, реакция энергиялық жағынан тиімсіз болып, реакция өздігінен жүрмейді.

3-жағдай: Экзотермиялық процес, яғни энтальпия өзгерісі теріс. Энтропия және энтальпия өзгерісінде нөлден төмен болады. Реакция өздігінен жүруі және Гиббс энергия өзгерісі нөлден болу үшін температураны көтеру қажет. Реакция өздігінен жоғарғы температурада жүреді.

4-жағдай: Эндотермиялық процес, энтальпия өзгерісі оң мәнге ие. Энтальпия және энтропия өзгерісі де нөлден жоғары болады. Реакция өздігінен жүруі және Гиббс энергия өзгерісі нөлден болу үшін температураны төмендету қажет. Реакция өздігінен төменгі температурада жүреді.

Қорытынды: Гиббс энергия өзгерісі мәніне және реакцияның өздігінен жүріп жүрмеуіне энтальпиялық және энтропиялық факторлар мен кей жағдайда температура әсер етеді.

Тапсырманың негізгі сипаттамалары:

Тапсырма түрі: Мазмұнды

Контекст: Қоршаған орта

Жағдай: Жаһандық

Таңымдық деңгей: Орта

Тапсырма үлгілері: Стандартты

Тапсырма нысаны: Ашық жауаппен

«Мұздықтар мұңы».

Қазіргі таңда әлемдегі өзекті мәселелердің бірі – климаттың өзгеруі себебінен мәңгілікке мызғымастай көрінетін мұздықтардың еруі. Бұдан келер қауіп-қатердің адамзат қоғамына оңай тимесін ғалымдар көптен айтып келуде. Осы мұздықтардың еруі өздігінен жүретін процеске жата ма? Бұл процеске энтальпиялық және энтропиялық факторлардың әсері қандай? Термодинамика заңдарына сүйеніп түсіндіріңдер. Мұздықтардың еруіне әсер етуші факторларды атаңдар және қандай алдын алу шараларын ұсынар едіңдер?

Жауап: Мұздың еруі: $\text{H}_2\text{O}_{(к)} = \text{H}_2\text{O}_{(т)}$ дельта $H = 6\text{кДж/моль}$. Кейбір эндотермиялық реакциялар да өздігінен жүретін реакция болады. Мысалы мұздың еруі.

Мұздың еруі – судың агрегаттық күйінің қаттыдан сұйыққа күйге ауысуы.
Қатты---Сұйық

Мұздықтардың еруі бұл жағымсыз эндотермиялық реакция.

Мұз еру процесі кезінде сырттан энергия алады, энтальпиялық өзгерісі нөлден жоғары болады. Эндотермиялық реакциялардың өздігінен жүруі энтропияның шамасы ұлғайғанда ғана жүреді. Мұздың еру процесі кезінде энтропияның шамасы ұлғаяды. Себебі, мұз еріген кезде мұздың кристалл торларының тәртібі бұзылып, су молекулаларына бірігеді, су молекулалары мұзға қарағанда үлкен қозғалу еркіндігіне ие болады. Солайша жүйенің энтропиялық өзгерісі артады.


Мұз температура нөл градусқа жеткенше жылуды сіңіреді, бұл температурада оның еруі өздігінен жүреді. Мұздың еру процесі кезінде Гиббс энергиясы төмен болып, процес өздігінен жүреді.

Мұздықтардың еруіне әсер етуші факторлар.

География пәнінен Функционалды сауаттылықты қалыптастыруға арналған тапсырмалар жиынтығы

Тапсырма №1. Жеке жұмыс

9 сыныптың «Қазақстанның географиясы» тақырыптарын қарастырып, Қазақстан Республикасының макроаймақтарының «Редактируемые карты» Қазақстанның онлайн кескін картасына Экономикалық аудандардың шаруашылық салаларының мамандануын топтастырыңыз ?



Дескриптор	балл
Экономикалық аудандардың шаруашылық саласының мамандануын анықтайды	2
Экономикалық аудандардың шаруашылық саласының мамандануын жіктейді	2

Тапсырма №2.

8-сыныпқа арналған География оқулығының «Топырақтың экологиялық проблемалары» тақырыбын мұқият оқып және Қазақстанның топырақ картасын пайдаланып, «Идеялар себеті» әдісі арқылы берілген сұрақтарға жауап беріңіз?



А. Қазақстанның қай облыстарында су және жел эрозиясына ұшыраған жерлердің үлесі жоғары болып табылады? Себебін анықтап, түсіндіріңіздер?-----

В. Өз өңірлеріңізде, яғни жергілікті жерде топырақ эрозиясының қандай түрлері басым болып келеді, себебін түсіндіріп, шешу жолдарын ұсыныңыздар?-----

Дескриптор

Эрозияға ұшыраған облыстарды анықтап, себебін сипаттайды	2
Жергілікті жердегі топырақ эрозиясының түрлерін анықтап, шешу жолдарын ұсынады	2

Тапсырма №3.

«Gismeteo» онлайн платформасын пайдаланып, Алматы қаласының жылдық ауа райының өзгерісін анықтай отырып, «Концептуалды кесте» әдісі кестені толтырыңыз?

Алматы қаласы		
Орташа температура, С	Қаңтар	Шілде
Температура амплитудасы, С		

Жауын – шашынның орташа мөлшері, мм		
Климаттық белдеу:		

Дескриптор	балл
Қаңтар айының орташа температурасын анықтайды	1
Шілде айының орташа температурасын анықтайды	1
Қаңтар айының орташа жауын-шашын мөлшерін анықтайды	1
Қаңтар айының орташа жауын-шашын мөлшерін анықтайды	1

Тапсырма №4.

«Ойлан - жұптас - бөліс» әдісі Жұптық жұмыс

Қоректену – тағам арқылы организмнің энергия мен заттар алу үдерісі.

Барлық тірі организмдер қоректенеді. Бірақ организмдердің қоректену тәсілі әр түрлі болады. Ағзалар қоректену ерекшелігіне қарай

Автотрофты организмдер – бейорганикалық заттар – көмірқышқыл газы, су, минералды тұздардан органикалық заттар түзуге бейім организмдер. Оларға көбінесе өсімдіктер жатады. Өсімдіктер күн сәулесінің энергиясын тұтынады және соның көмегімен бейорганикалық заттардан органикалық заттар түзеді. Қоректенудің мұндай түрі – **автотрофты** деп атайды.


Гетеротрофты организмдер – басқа организмдердің дайын органикалық заттарымен немесе олардың қалдығымен қоректенетін организмдер. Оларға көбінесе жануарлар тән. Тірі организмдердің көпшілігіне қоректенудің **гетеротрофты** түрі тән.

Кейбір организм өсімдіктермен қоректенеді. – оларды **өсімдікқоректілер** деп атайды. Енді бірі – жануарлармен қоректенеді. Оларды – **жыртқыштар** деп атайды.

Сапрофиттер – өсімдік пен жануардың ыдыраған қалдығының органикалық заттарымен қоректенеді. Олар көбіне бактериялар мен вирустар арасында, саңырауқұлақтар арасында кездеседі. Жануарлар әлемінде сапрофиттерге кейбір жәндіктер – жауынқұрт, қоңыз, көптеген шаянтәрізділер жатады.

Басқа тірі организмдердің есебінен тіршілік етіп, қоректенетін және көбіне оларға зиян келтіретін организмдер – **паразит** деп аталады. Кейбір паразит өзге организмнің денесінде өмір сүрсе (мысалы бит, кене), кейбірі олардың ішінде тіршілік етіп, түрлі ауру туғызады. Оларға түрлі вирустар: тұмау вирусы, бактерия, туберкулез таяқшасы, аскаридалар және т.б.

Берілген мәтінмен толықтай танысып, суреттерді анықтай отырып, **«Венн диаграммасын»** толтырыңыз?



Қоректену типі	Автотрофты	Гетеротрофты
Ағзалар		
Ұқсастықтары		
Айырмашылықтары		

Дескриптор:	Балл
Ағзаларды түрлеріне қарай ажыратады	1
Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын сипаттайды	1

Тапсырма №5.

Қоректену – тағам арқылы организмнің энергия мен заттар алу үдерісі.


Барлық тірі организмдер қоректенеді. Бірақ организмдердің қоректену тәсілі әр түрлі болады. Ағзалар қоректену ерекшелігіне қарай

Автотрофты организмдер – бейорганикалық заттар – көмірқышқыл газы, су, минералды тұздардан органикалық заттар түзуге бейім организмдер. Оларға көбінесе өсімдіктер жатады. Өсімдіктер күн сәулесінің энергиясын тұтынады және соның көмегімен бейорганикалық заттардан органикалық заттар түзеді. Қоректенудің мұндай түрі – **автотрофты** деп атайды.

Гетеротрофты организмдер – басқа организмдердің дайын органикалық заттарымен немесе олардың қалдығымен қоректенетін организмдер. Оларға көбінесе жануарлар тән. Тірі организмдердің көпшілігіне қоректенудің **гетеротрофты** түрі тән.

Кейбір организм өсімдіктермен қоректенеді. – оларды **өсімдікқоректілер** деп атайды. Енді бірі – жануарлармен қоректенеді. Оларды – **жыртқыштар** деп атайды.

Берілген мәтінмен толықтай танысып, «Суреттің тілін тап?» әдісі арқылы ағзалардың қоректену типтеріне сипаттама беріңіз?



А. Тірі ағзаларға тән қоректену типтерін атаңыз?-----

Б. Қоректену типтерін сипаттаңыз?-----

Дескриптор:	Балл
1. Тірі ағзалардың қоректену типін атайды	1
2. Ағзалардың қоректену түрлерін сипаттайды	1

Тапсырма №6.

Антропогендік тұрткіжайт дегеніміз – адам қызметінің табиғи ортаның жекелеген компоненттері мен тұтастай геожүйеге әсер етуінің әр түрімен

байланысты түрткіжайттар. Олар техногенездің қалыптасуына байланысты қоршаған табиғи ортаға адамның тікелей немесе жанама әсерінен пайда болады.

Техногенез – адамның әр түрлі техникалық қызметі түрлерінің әсерінен қоршаған ортаны өзгерту процесі.


Антропогендік түрткіжайттар

1. Механикалық
2. Физикалық
3. Химиялық
4. Климаттық
5. Биологиялық
6. Ландшафтылық

деп бөлінеді.

Антропогендік әсер табиғи өзгерістерге алып келеді. Олар жоғары абиотикалық сипаттағы уақыт өзгеруімен, (температура, жарық, су, тұздылық, оттегі, Жердің магнит өрісі, топырақтың ылығалдылығы) т.б. сипатталады.

Берілген мәтінмен толықтай танысып, «Фишбоун» әдісі арқылы, антропогендік түрткіжайттардың қоршаған ортаға әсер етуінің себеп –салдарын сызба түрінде көрсетіңіз?



Дескриптор:	Балл
антропогендік түрткіжайттардың қоршаған ортаға әсер етуінің себеп –салдарын анықтайды	2
антропогендік түрткіжайттардың қоршаған ортаға әсер етуінің себеп –салдарын сипаттайды	2

Тапсырма №7.
«Антропогендік факторлардың үні» әдісі арқылы,

Төменде берілген антропогендік факторларды берілген кестеге топтастырыңыз?

Ағаштарды кесіп алу, жануарларды қыру, жою, батпақтарды құрғату, су қоймаларын улау, жерді жырту, жайылым аудандарын қысқарту, жерді жырту, ортаның ластануы, өзендерге платиналар салу

Тікелей әсер етуші факторлар	Жанама әсер етуші факторлар

Дескриптор:	Балл
Антропогендік түрткіжайттарға тікелей әсер ететін факторларды анықтайды	1
Антропогендік түрткіжайттарға жанама әсер ететін факторларды анықтайды	1

Тапсырма №8.

<https://www.youtube.com/watch?v=CExAQ8tbHGk> берілген бейне материалмен толықтай танысып, «Болашақтың қаласы» суретін мұқият зерттей отырып, өз болжамыңызбен бөлісіңіз?



А. Бұл суретте ғалымдар қандай болашақ жетістіктерінің негізін енгізді?

В. «Болашақ қаласында» өмір сүру сіз үшін қызықты ма? Және қаншалықты қызықты және мәнді?

С. Егер сіз өзіңіз «Болашақтың қаласын» құратын болсаңыз, қандай ғылымның жетістіктеріне негізделетін боласыз? Өз ойыңызды тұжырымдаңыз?

Тапсырма №9.

Берілген мәтінмен толықтай танысып және берілген суретті зерттеп, **Идеялар себеті» әдісі** арқылы сұрақтарға жауап беріңіз?



-Атлант мұхитының Эфиопияға дейінгі , ені 400км болатын Сахараның оңтүстігіндегі кең байтақ табиғи зона. Бұл зона саваннаға ауысатын шөлейтті

ауыспалы зона. Жазғы ылғалды кезең ұзаққа созылмайды, түскен жауын-шашын мөлшері 80-90% буланып кетеді. Құрғақшыдық 8-10 айға созылады. Африка елдеріне “лас” өнеркәсіп орталықтары көшірілуде. Тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін жерлерді өңдеуге, мал санын өсіруге күш салынууда. Ғасырлар бойы негізгі шаруашылықтың түрі көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы болады. Малды ылғалды жыл мезгілінде солтүстігінде, ал құрғақ жыл мезгілінде оңтүстігінде бағады.

А) Берілген мәтінде қандай табиғат зонасы көрсетілген -----

Б) Жерді немқұрайды пайдалану салдарынан қандай экологиялық проблема туындап отыр -----

С) Шөлдену көлемі Жылына 10 км-ге артты- не себепті шөлдену көлемі жылдан –жылға артуда—

Тапсырма №10.

<https://www.youtube.com/watch?v=ZSuPfWr1wIY> берілген сілтеме арқылы бейне материалмен толықтай танысып, «Кестенің тілін тап» әдісі арқылы тапсырманы орындаңыз.

Суреттер	Заттың қасиеті	Сипаттамасы
		
		
		
		
		

Дескриптор	Балл
заттардың қасиеттерін атайды	2
заттардың қасиеттерін сипаттайды	2

Тапсырма №11.

Жарықта жасыл өсімдіктер бейорганикалық заттардан органикалық заттарды шығаруға қабілетті екен. Бұл үдеріс – **фотосинтез** деп аталады.


Фотосинтез үдерісі жүргенде – тірі организмдер тыныс алатын оттегі бөлінеді. Фотосинтез арқылы саңырауқұлақтар, бактериялар, жануарлар және адам қоректенуі үшін үнемі органикалық заттар пайда болады. Атмосферада біздің ғаламшарды зиянды сәуледен қорғаушы озон қабаты пайда болады. Өсімдіктер көмірқышқыл газын жұтып, Жерді қатты қызып кетуден сақтайды.

Орыстың ғалымы Тимирязев жасыл жапырақты - «тіршіліктің ұлы фабрикасы» деп атаған. Оның шикізаты – көмірқышқыл газы мен су, ал қозғалтқышы – жарық. Жасыл өсімдіктер үнемі оттегін шығару арқылы

адамзатқа өмір береді. Сондықтан біз ауаны таза ұстау керектігін естен шығармағынымыз жөн.

«Көршіңе айтып бер» әдісі

а) Суреттегі үдерісті сипаттаңыз?



Үдерістің атауы	
Сіңіретін газ	
Түзілетін газ	
Үдерістің жүретін орны (өсімдіктің бөлігі, органоидтың атауы)	
Түзілетін органикалық зат	

б) Үдерістің өту барысын сипаттаңыз-----

Дескриптор	Балл
үдерістің атауын анықтайды	1
сіңіретін газды анықтайды;	1
түзілетін газды анықтайды;	1
үдерістің жүретін орнын сипаттайды	1
түзілетін органикалық затты анықтайды;	1
жарық фазасын сипаттайды	1
қараңғы фазасын сипаттайды.	1

Тапсырма №12.

сілтемедегі мәліметтермен танысып, «SWOT-талдау» әдісі арқылы тапсырма орындаңыз?

Сен – кәсіпкерсің, SWOT талдауын жүргіз. Саған Алматы қаласы немесе Нарынқол ауылында (немесе өз ауылыңда) жаңа іс бастау ұсынылды.

Қай елді мекенде 10 жылдан кейін үлкен капитал жинай аласың?

	Алматы	Нарынқол
Жақсы жақтары (S)		
Әлсіз жақтары (W)		
Мүмкіндіктері (O)		
Қауіп-қатерлері (T)		

Дескриптор:

1. Географиялық орнының тиімділігіне қарай бизнес түрін анықтайды
2. Бизнес түріне қарай шикізат, өнімдердің түрлерін көбейте алу жолдарын анықтайды;
3. Тұтынушы сұранысының қанағаттандыру жолдарын қарастырады;
4. Бизнесі дамыту барысындағы кедергілерді анықтайды;
5. Капитал жинау мүмкіндіктерін қарастырады;
6. Түскен пайда мен шығын арасындағы тиімділікке баға береді
7. Бизнесінің дамуындағы тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалайды.

Тапсырма №13.

Топырақ эрозиясы – топырақтың беткі ұнтақталған құнарлы қабатының жел күшімен немесе су ағынының шаюы салдарынан құнарының азаюы. Жел эрозиясы кез келген топырақ типінде кездесіп, жел күшімен топырақтың беткі қабатын, кейде өсіп тұрған өсімдігімен бірге басқа жаққа ұшырып әкетеді. Топырақ бетінде өсімдік жақсы өскен алқаптар жел эрозиясына ұшырай бермейді. Өсімдік тамырлары топырақтың беткі қабатын бекітіп ұстап тұрады, өскіндері жауын суының біразын өздеріне сіңіріп, қалғанын жер астына өткізеді, ал екпе ағаштар қар тоқтатуға және олардың топырақ бетінде біркелкі таралуына септігін тигізеді, желдің күшін азайтады, т.б.

Жел эрозиясына жиірек ұшырайтын алқаптар жайылымдық жерлерде, топырағы жұқа шөл белдемдерінде кездеседі. Су эрозиясы қатты нөсерлеп жауған жаңбырдан немесе қыста мол жиналған қардың тез еруі нәтижесінде пайда болады. Мұндай жағдайлар еңіс жері мол таулы беткейлерде жиі кездеседі.

Тау етегіндегі беткей алаптарын су эрозиясынан қорғау үшін бұл жерлерге а. ш. дақылдарын, жеміс ағаштарын отырғызып, қолдан ыңғайлы жер бедерлерін сатылап жасау (террасалау) әдісі де қолданылады.

Берілген мәтінмен және суретті толықтай зерттеп, «Суреттің сыры» әдісі арқылы табиғаттағы тепе-теңдік үдерісін сипаттаңыз?



А. Топырақтың өзгерісі осы теп-теңдіктің өзгерісін туғызады. Сондықтан сіз осы тепе-теңдікті сақтау үшін, топырақтың экологиялық мәселесін қалай шешуге болатынын түсіндіріңіз.

Б. Алдын алу жолдарын ұсыныңыз.

Дескриптор:	Балл
Топырақтың экологиялық мәселелерін сипаттайды.	2
Алдын алу жолдарын ұсынады.	2

ҚОРЫТЫНДЫ

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасындағы өзекті мәселелер, орта білім беру жүйесіндегі қазіргі жағдайы, оқу пәндерінен оқушыға білімді өмірмен сабақтастырып, қарым-қатынас жасауда пайдалы білім мен білік қалыптастыратындай жолдарын іздестіру басты міндетіміз. Бұны пәндердің мазмұнында жүзеге асыру талап етіледі.

Ұсынылып отырған білім алушылардың танымдық қызығушылықтары мен ғылыми-теориялық ойлауын, білім, білік, дағдыларын, логикалық ойлау мен пайымдау, қорытынды жасау және негізделген шешім қабылдау қабілетін қалыптастыруға, оқуда және күнделікті өмірде туындайтын мәселелерді шығармашылықпен шешуге мүмкіндік туғызады.

ББЖМ оқу мақсаттарына негізделген құзыреттіліктер тұрғысынан құрылымдалған. Әрбір құзыреттілік оқушылардың тиісті оқу мақсаттары шеңберінде өз білімдері мен түсініктерін қолдану қабілетіне бағытталған. Қазақ тілі бойынша оқушының функционалдық сауаттылығы, яғни олардың тапсырмаларды орындау арқылы білімі мен түсінігін қолдана білуі, сонымен қатар нақты өмірлік жағдайларға байланысты жоғары деңгейдегі дағдыларды көрсетуі бағаланады. Білім алушылардың алған білімдері мен біліктіліктерін әртүрлі оқу және практикалық жағдайларда қолдануға, білім алушыларды өзіндік шығармашылық еңбекке, өмірге белсенді араласуға дайындауға негіз болады.

Математика мектептегі ең маңызды пәндердің бірі және адам өмірінің барлық дерлік салаларында өзінің одан әрі күнделікті қолданылуын табады. Математиканы білмей, біз ақша санай алмаймыз, уақытты анықтай алмаймыз, заттарды, қашықтықты салыстыра алмаймыз. Математика оңай және күрделі есептердің шешімін табуға көмектеседі. Математика барлық дерлік кәсіп пен салада да маңызды. Тек экономистер, есепшілер, инженерлер мен сәулетшілер ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және гуманитарлық сала мамандарының да жұмысы есептеу техникасымен байланысты. Бүгінгі күні калькуляторлар мен компьютерлер көмекке келгенімен, қазіргі заманғы адам математиканың қарапайым білімі мен дағдыларынсыз жасай алмайды. Математиканы оқу логикалық ойлау мен пайымдау, қорытынды жасау және негізделген шешім қабылдау қабілетін қалыптастырады.

Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, тұлғаның мектепте алған білімі, білігі мен дағдысын адамзат қызметінің әртүрлі саласында, сонымен бірге тұлғааралық қатынастар мен әлеуметтік байланыстарда кездесетін тіршілік міндеттерін жан-жақты шеше білу қабілеті ретінде түсіндіріледі.

Экономикадағы заманауи инновациялар, еңбек нарығындағы өзгерістер оқушылардың күрделі міндеттерді шешу үшін немесе оларды шешудің жаңа тәсілдерін табу үшін жағдаятқа, идеялар мен ақпараттарға талдау жасау және бағалауға, алған білімі мен тәжірибесін жаңа идея мен ақпаратты жинақтау үшін шығармашылық қолдануға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығын меңгеру қажеттілігіне себепші болады. Жігерлілік, алғырлық, өзгерістерге дайындығы, байланысқа бейімділігі сияқты тұлғалық қасиеттер өзекті болып отыр.

Ұсынылып отырған жинақ білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда маңызды болып саналады.

Бірінші бөлімінде орта білім беру пәндері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің мониторингі қорытындысы негізінде білім алушылардың білімін толықтыру бойынша әдістемелік ұсынымдарда білім беру ұйымдарының әкімшілік мүшелеріне, әдістемелік бірлестіктер мен пән мұғалімдеріне арналған білім алушының біліміндегі өткен оқу жылдарында орын алған олқылықтардың орны анықталып, оқу мақсаттарын меңгерудің ұсыныстары келтірілген.

Екінші бөлімінде функционалдық сауаттылық бағыттары бойынша оқу тапсырмалары келтірілген. Келесі қазақ тілі, қазақ әдебиеті, қазақстан тарихы пәндері бойынша оқу сауаттылығын дамыту тапсырмалары, математикалық сауаттылықты дамыту және химия, физика, биология, география пәндері, яғни жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыру тапсырмаларының жинақтары келтірілген.

Әдістемелік құралды әзірлеу нәтижесінде іріктеліп алынған тапсырмалар оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мәселесінің теориялық тұғырларына оқыту сауаттылығын, математикалық сауаттылығын және жаратылыстану сауаттылықтарын дамытуда әдістемелік жүйесіне өзіндік үлесін қоса алады.

Білім беру ұйымдарында білім алушының біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстарын сапалы ұйымдастырғанда заманның жаңаша талаптары мен үрдістеріне сай «Білімді ұлт» сапалы білім беру» қалыптасады

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесінің практикалық негіздері әлі де болса мектеп мұғалімдерінің тәжірибесімен болшақта толығы түсері сөзсіз.

Қортындылай келе, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған білім мазмұнын игерген оқушылардың білімдері мен біліктері өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алынған ақпараттарды сыни тұрғыдан бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсыну және зерттеулер жүргізу, өзінің ойын негіздей білуді; іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтамасыз етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «26» шілдедегі № 334 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен *жаңартылған мазмұндағы* үлгілік оқу бағдарламасы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900019105>.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «7» наурыздағы № 105 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарға арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018382>);

3. Білім мазмұнын жаңарту аясында (5-9 сыныптарда) «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндерін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар, -Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. - 84б.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	3
1.	Орта білім беру пәндері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің мониторингі	5
2.	Функционалдық сауаттылық бағыттары бойынша оқу тапсырмалары (МОДБ)	64
	Қорытынды	239
	Қолданылған әдебиеттер	241